

Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 желтоқсанда № 9934 тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 82-бабының 8-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.06.2024 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі бекітілсін (бұдан әрі - Ереже).

2. Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаментіне (З.А.Ерназарова):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Ереженің 4-тарауының 4-параграфын қоспағанда, қолданысқа енгізіледі.

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

_____ Е. Досаев

2014 жылғы 3 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық банкінің төрағасы

_____ Қ. Келімбетов

2014 жылғы 4 желтоқсан

Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 82-бабының 8-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету тәртібін, мемлекеттік мекемелердің және уәкілетті мемлекеттік органдардың бюджетке түсімдердің түсуін қамтамасыз ету, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, сондай-ақ бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау бойынша іс-қимыл тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.06.2024 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау және жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Қаржыландыру жоспарларының түрлері

2. Бюджеттің атқарылуы үшін қаржыландыру жоспарларының мынадай түрлерін:
мемлекеттік мекемелер - мемлекеттік мекеменің міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарын (бұдан әрі - міндеттемелер бойынша жеке жоспар) және мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарын (бұдан әрі - төлемдер бойынша жеке жоспар);

бюджеттік бағдарламалар әкімшісі - міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарын және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландыру жоспары);

бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімімен- түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын әзірлейді.

Жеке қаржыландыру жоспарлары, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржыландыру жоспарлары, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспары кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға және жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдеріне, кезекті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулыларына, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешіміне, мемлекеттік органдардың даму жоспарларына, бюджеттік бағдарламаларға, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтініміне, Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына (бұдан әрі – ҚР ББС), Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығына (бұдан әрі – Мемлекеттік мекемелердің анықтамалығы) сәйкес және осы Ережеде белгіленген тәртіппен әзірленеді.

Қаржыландырудың жеке жоспарлары бөлшек қалдықтары бар, үтірден кейін бір белгісі бар сандармен мың теңгемен қалыптастырылады, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарлары, бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспары, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бөлшек қалдықсыз бүтін сандармен мың теңгемен қалыптастырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046; 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-параграф. Қаржыландырудың жеке жоспарларын, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын және түсімдер жоспарларын жасау және бекіту тәртібі

3. Бюджеттің атқарылу процесінде қаржыландырудың жеке жоспары мемлекеттік мекеменің негізгі құжаты болып табылады, ол: осы Ереженің 1-6-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамасына сай міндеттемелер бойынша жеке жоспар, төлемдер бойынша жеке жоспар нысанында қалыптастырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

4. Міндеттемелер бойынша жеке жоспар бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іс-шараларын іске асыруға арналған бюджет қаражатының жылдық көлемдері шегінде ақшалай түрдегі мемлекеттік мекеме қабылдаған міндеттемелердің ай сайынғы көлемдерін анықтайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

5. Төлемдер бойынша жеке жоспар қабылданған міндеттемелерді орындау есебінен төлемдерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекемеге қажетті бюджет қаражатының жылдық көлемдері шегінде бюджет қаражатының ай сайынғы көлемін анықтайды.

6. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларының жобаларын шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамасы бойынша мемлекеттік мекемелер мынадай талаптардың:

бюджет комиссиясы мақұлдаған және бюджетті бекіткен немесе бекіту немесе нақтылау кезінде қабылданған шешімдерді ескере отырып пысықталған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімінде (бұдан әрі - бюджеттік өтінім) ұсынылған бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығыстардың есептері;

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мақсатында қабылданған нормативтік құқықтық актілер;

басқа да нормативтік құқықтық актілер;

міндеттемелерді уақтылы қабылдауды және орындауды қамтамасыз ету;

өткен қаржы жылдарында міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларының орындалу серпіні негізінде;

шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің құрылымын ескере отырып әзірлейді.

Экономикалық сыныптама ерекшеліктері тұрғысынан міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарының жылдық сомасын айлар бойынша бөлу міндеттемелерді қабылдау мерзіміне, операциялық жоспарда көзделген іс-шараларды орындау мерзіміне немесе мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық рәсімдерді өткізу мерзіміне, жұмыстарды жүргізу маусымдылығына, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру үшін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау мерзіміне сәйкес келуі тиіс.

Төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарының жылдық сомасын айлар бойынша бөлу әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша тиісті қаржы жылы ішінде іс-шараларды іске асыру мерзіміне сәйкес алынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша төлемдерді жүзеге асыру мерзіміне сәйкес келуі және аванстық төлемдерді төлеудің болжамды мерзімін ескеруі тиіс.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586; 23.02.2018 № 269 бұйрықтарымен.

7. Жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру және бағдарламалық құжаттарда көзделген міндеттерді орындау мақсатында заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын арттыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды іске асыратын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері даму жоспарына немесе мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламасына (кіші бағдарламасына) сәйкес міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын жасайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жеке қаржыландыру жоспарларының жобаларына орталық атқарушы органның аппарат басшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адам), ал мұндайлар болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеменің басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам, мемлекеттік мекеменің оларды жасауға жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ал соңғылары болмаған кезде-тиісті бұйрықтармен міндеттерді орындау жүктелген адамдар қол қояды) және мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөрінің бедерімен расталады, жоғарыда көрсетілген тұлғалар қол қойған жеке қаржыландыру жоспарлары жобаларының ай сайынғы бөлінуінің есептеулері мен негіздемелері жеке қаржыландыру жоспарларының жобаларымен бірге оларды бекіту және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржыландыру жоспарларын әзірлеу үшін белгіленген мерзімдерде бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне беріледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2021 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік мекеме жеке қаржыландыру жоспарлары жобаларының жасалу дұрыстығын, дәйектілігін және олардың тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісіне уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

10. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарлары осы Ереженің 7-10-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамасына сәйкес міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларын жиынтықтау жолымен қалыптастырылады.

Бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісін қаржыландыру жоспарларының жылдық сомасы кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген, мәслихаттың кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешімімен бекітілген сомаларына сәйкес келеді.

Міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарының, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының жылдық сомалары:

бюджеттік бағдарламалар деңгейінде – бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджеттің бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыс сомасына;

бюджеттік кіші бағдарламалар деңгейінде – бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаның бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша шығыс сомасына сәйкес келеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

11. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның республикалық бюджет туралы заңын іске асыру туралы қаулысы немесе кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімі қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдер аппараттарына айларға бөле отырып, жоспарларды айға бөлу негіздемесімен бірге:

бюджеттік бағдарламалар деңгейінде бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландыру жоспарларының жобаларын;

қаржыландырудың жеке жоспарларының жобаларын ұсынады.

Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы трансферттер бойынша, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің бюджеттік кредиттер бойынша қаржыландыру жоспарларының жобаларын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарына тұтастай бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша да, сол сияқты төмен тұрған бюджеттер бойынша да ұсынады. Осы бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша қаржыландыру жоспарларының жобаларына облыс әкімі, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімімен немесе төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы қол қойған әрбір төмен тұрған бюджетті қаржыландыру жоспарлары жобаларының көшірмелері қоса беріледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісін қаржыландыру жоспарларының жобаларын бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкім аппаратымен белгілеген пішімде қағаз және магнит (электрондық) тасығыштарда, қаржыландырудың жеке жоспарларының жобаларын тек магнит (электрондық) тасығыштарда ғана ұсынады.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін қаржыландыру жоспарлары мен қаржыландырудың жеке жоспарлары жобаларының шынайылығын, дұрыс ресімделуін және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкім аппаратына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрығымен.

12. Түсімдер жоспарының жобаларын жасау үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган кірістер бойынша түсімдердің, бюджет кредиттерін өтеудің, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдердің және қарыздардың болжамдық жылдық сомасын бекіту туралы бұйрық, сондай-ақ ерекшеліктер тұрғысында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін, бюджетке түсетін түсімдердің жылдық көлемін бекіту туралы бұйрық (бұдан әрі - бұйрық) әзірлейді. Бюджеттің кіріс бөлігі түсімдерінің болжамдық жылдық сомасын ерекшеліктер бойынша бөлу кірістердің жалпы көлемінен ағымдағы қаржы жылының іс жүзіндегі (күтілетін) түсімдерінің үлес салмағы және бірқатар жылға іс жүзіндегі түсімдер серпіні назарға алына отырып, жүзеге асырылады.

Іс жүзіндегі (күтілетін) түсімдердегі кірістердің үлес салмағы мен серпінін есептеген кезде жоспарланбаған (біржолғы) сипаттағы түсімдер алып тасталады.

Болжамдық жылдық сомасын ерекшеліктер бойынша бөлу кезінде салық және кеден заңнамасына сәйкес салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеу ставкалары мен мерзімдері ескеріледі.

Бюджеттің атқару жөніндегі уәкілетті орган бұйрықты әзірлеген кезде қажет болған жағдайда, салық және бюджетке түсетін басқа да түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті органдардан ерекшеліктер тұрғысынан кірістер түсімдерінің болжамды сомасы бойынша ұсыныс сұратады.

13. Кезекті қаржы жылына арналған түсімдердің жылдық болжам сомасын және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілген бюджетке түсетін түсімдердің жылдық көлемін, кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң және мәслихаттардың жергілікті бюджеттер туралы шешімдері негізінде, оларды қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады және бюджеттік сыныптаманың тиісті кодтары бойынша түсімдер жоспарының жобасын жасау үшін салық және бюджетке түсетін басқа да міндетті түсімдерді, салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатудан түсетін, трансферттерді, бюджет кредиттерін өтеу сомасын, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдерді, қарыздарды өндіріп алуға жауапты уәкілетті органдарға жібереді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

14. Бюджетке түсетін түсімдердің жоспары және ерекшеліктер бойынша бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін бюджетке түсетін түсімдердің жылдық көлемі тиісті бюджет түсімдерінің сомасына және кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңда немесе мәслихаттың кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешімінде бекітілген түсімдердің

санаттары, сыныптары және кіші сыныптары бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілетін бюджетке түсетін түсімдердің көлеміне, ал ерекшеліктер бөлінісінде бюджет атқару жөніндегі уәкілетті органның бұйрығына сәйкес келуі тиіс.

Салықтық, салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттерді, бюджет кредиттерін өтеу сомасын, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдерді, қарыздарды өндіріп алуға жауапты уәкілетті органдар бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға осы Ереженің 11-13-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша айлар бөлінісінде ҚР ББС-ның бюджет түсімдерінің сыныптамасына сәйкес қалыптастырылған түсімдер жоспарларының жобаларын ұсынады.

Осы жобалар бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бұйрығы қабылданғаннан кейін 2 жұмыс күннің ішінде беріледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-1. Ұлттық қорына республикалық бюджетке тартылған кепілдік берілген трансферт бөлігін қайтару:

қаржы жылы көлемінде - жоспарланғаннан артық күтілетін кірістер түсімдері асып түсу шегінде;

жыл қорытындысы бойынша – жылдың басындағы бюджет қаражатының қалдықтары есебінен тиісті бюджетті түзету арқылы, ағымдағы қаржы жылының 1 наурызынан кешіктірілмей, республикалық бюджеттің кірістер бөлігін асыра орындалған кездегі жағдайларда жүзеге асырылады.

Жоспарланғаннан артық күтілетін кірістер түсімдері асып түсу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, кейіннен тиісті заңнамалық және заңға тәуелді актілеріні, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізуімен, Ұлттық қорына республикалық бюджетке тартылған кепілдік берілген трансферт бөлігін қайтару сомасы туралы шешім қабылданады. Қайтару сомасы айқындалғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қорытындыны дайындайды.

Тартылған кепілдік берілген трансферт бөлігін Ұлттық қорына қайтару ҚР ҰБ-дағы Үкіметтің теңгелік шотына бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органымен мемлекеттік кірістер органдарының төлем тапсырмасы негізінде жүргізіледі.

Ескерту. Ереже 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

15. Бюджеттік алымдар түсімдерінің жоспарларын республикалық бюджет туралы заңға немесе кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне сәйкес және осы Ереженің 4-тарауының 10-параграфында анықталатын тәртіппен төмен тұрған бюджеттерден алынатын бюджеттік алымдарды ай сайынғы

аудару мөлшерін және төмен тұрған бюджеттер кірістерінің ай сайынғы болжамдық көлемін қолдана отырып, есеп айырысулар негізінде жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қалыптастырады.

Кірістер түсімдерін, бюджеттік кредиттерді өтеуді, қаржы активтерді сатудан түскен түсімдерді және қарыздарды айлар бойынша бөлуді Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бюджетке төленетін төлемдерді төлеудің белгіленген мерзімдерін, өткен жылдарға бюджетке түсетін түсімдер серпінін, мемлекеттік бағалы қағаздардың кірістілік серпінін және бағалы қағаздар нарығындағы сұраныстар пен ұсыныстар деңгейін талдауды, жасалған кредиттік шарттар, қарыз шарттары, гранттар туралы келісімдер талаптарын негізге ала отырып, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар бойынша жоғары тұрған бюджеттің төмен тұрған бюджетке берілген бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша жоспарлардың жобаларын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган аталған түсімдердің коды бойынша тұтастай және сол сияқты төмен тұрған бюджеттер бойынша жасайды.

3-параграф. Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасаудың және бекітудің тәртібі

16. Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспары жобасының, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша осы Ереженің 14-20-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша, қаржыландыру жоспарларының жобалары негізінде жасалады.

Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары, кіші сыныптары және ерекшеліктері бойынша жасалатын түсімдердің жиынтық жоспарынан және бюджет шығыстары функционалдық сыныптамасының функционалдық топтары, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджеттік бағдарламалар бойынша жасалатын төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарынан тұрады. Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары осы Ереженің 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Бұл ретте міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының жылдық сомалары бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджеттің түсімдері мен шығыстарының сомаларына сәйкес келеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

17. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 85-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысы қабылданғаннан кейін он жұмыс күні ішінде төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы Бюджет кодексінің 85-бабының 1-тармағына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі жергілікті бюджет туралы облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдағаннан кейін сегіз жұмыс күні ішінде төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы Бюджет кодексінің 85-бабының 1-тармағына сәйкес ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкім аппараты жергілікті бюджет туралы аудандық мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты (бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган) Бюджет кодексінің 85-бабының 1-тармағына сәйкес аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің жергілікті бюджет туралы ауданның мәслихат шешімін іске асыру туралы шешімі қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрығымен.

18. Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына енгізу үшін қабылдаған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларының жобаларын жиынтықтау жолымен және мынадай шарттарды ескере отырып жасалады:

1) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларындағы бюджеттік бағдарламалардың жылдық сомасы қабылданған

республикалық бюджет туралы заңға сәйкес келуі тиіс, ал жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша жылдық сома кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне сәйкес келуі тиіс;

2) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарлары шығыстарының жиын сомасы міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларындағы бюджеттік бағдарламалар сомасына сәйкес келуі тиіс;

3) жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілетін трансферттер мен кредиттердің сомасы төмен тұрған бюджеттің түсімдер және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарындағы сияқты дәл сондай көлемде және дәл сол айларда жоғары тұрған бюджеттің қаржыландырудың жиынтық жоспарларында ескеріледі;

4) төмен тұрған бюджеттен жоғары тұрған бюджетке берілетін трансферттер, кредиттерді қайтару сомасы және жоғары тұрған бюджеттен алынған кредиттер бойынша төмен тұрған бюджет төлеген сыйақы сомасы жоғары тұрған бюджеттің түсімдері бойынша жиынтық жоспарындағы сияқты дәл сол көлемде және дәл сол айларда төмен тұрған бюджеттің қаржыландырудың жиынтық жоспарларында ескеріледі;

5) төлемдер бойынша жоспарлардың сомасы жылдың басынан басталған кезеңде сол қаржы жылының кезеңіне міндеттемелер бойынша жоспарлардың сомасынан аспаған кезде міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары арасындағы арақатынастың сақталуы.

Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары теңгерімделуі тиіс, бұл жыл басынан өсу қорытындысымен айлар бойынша түсімдерден шығыстардың артуына жол бермеуді білдіреді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

19. Бастапқы қалыптастырылған және бекітілген жиынтық жоспарлар электрондық дерекқор көшірмесі түрінде қаржы жылының соңына дейін сақталады, оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

20. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерін атқару жөніндегі уәкілетті орган кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Үкіметтің қаулысын бекіткеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде төмен тұрған бюджеттерге трансферттер мен бюджеттік кредиттерді аударуға байланысты бюджеттік бағдарламаларға әкімшілік ететін орталық атқарушы органға айлар бойынша бөлінген оларға көзделген трансферттер мен бюджеттік кредиттер сомасын береді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 04.10.2018 № 885 бұйрығымен.

21. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерін атқару жөніндегі уәкілетті орган облыстық бюджеттер бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде төмен тұрған бюджеттерге нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттерді бөлумен байланысты бюджеттік бағдарламаларға әкімшілік ететін жергілікті атқарушы органға айлар бойынша бөлінген облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттеріне, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінен аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне берілетін трансферттер мен бюджеттік кредиттер сомасын береді.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттері бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде төмен тұрған бюджеттерге нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттерді бөлумен байланысты бюджеттік бағдарламаларға әкімшілік ететін жергілікті атқарушы органға айлар бойынша бөлінген аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінен аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне берілетін трансферттер мен бюджеттік кредиттер сомасын береді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрығымен.

22. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы немесе өзі өкілеттік берген тұлға бекіткен түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, республикалық бюджет бойынша міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, оларды әзірлеуге жауапты бөлімшенің басшысы қол қояды және олардың мөрімен куәландырылады. Жергілікті бюджеттер бойынша - бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органның басшысы немесе өзі өкілеттік берген тұлға бекітеді, оларды әзірлеуге жауапты бөлімшенің басшысы қол қояды және олардың мөрімен куәландырылады. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері бойынша - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімімен, оларды әзірлеу бойынша жауапты бөлімшенің басшысымен қол қойылады және олардың мөрімен рассталады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы немесе өзі өкілеттік берген тұлға және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысы болмаған жағдайда, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары тиісті бұйрықпен олардың міндеттерін атқару жүктелген тұлғалармен бекітіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрықтарымен.

23. Жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде

бюджеттік алулар, жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілген кредиттер мен кредиттерді қайтару бойынша сыйақылар сомасын айлар бойынша бөлуді төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға айлар бойынша бөлінген қаржыландырудың жиынтық жоспарларымен бекітілген міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жылдық сомаларын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің қаперіне жеткізеді.

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшілері міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жоспарларын бекіткеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның және алушы өңірлер бөлінісінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның қаперіне айлар бойынша бөлінген жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер мен кредиттердің сомаларын жеткізеді.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509 бұйрығымен.

24. Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган екі жұмыс күні ішінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға қаржыландырудың жиынтық жоспарымен бекітілген республикалық бюджетке түсетін кірістердің түсімдері жоспарының айлар бойынша бөлінісін жібереді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

25. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қаржыландырудың жиынтық жоспарларымен бекітілген айлар бойынша бөлінген міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жылдық сомасын алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарларын және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларын бекітеді. Жеке қаржыландыру жоспарларын бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ведомстволық бағынысты барлық мемлекеттік мекемелер бойынша бір мезгілде:

республикалық бюджет бойынша өзінің орналасқан орны бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге тіркелген, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жеке қаржыландыру жоспарын жасау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойылған осы Ережеге 3 және 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша электрондық түрлерін;

барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын, қорғалатын тұлғалардың және объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар бойынша, сондай-ақ қорғаныс саласындағы құпиялауға жататын мәліметтер тізбесіне кіретін мемлекеттік мекемелер бойынша өзінің орналасқан орны бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данадағы тізіліммен бірге осы Ережеге 2 және 5-қосымшаларға сәйкес қағаз және магнит тасығыштарында;

жергілікті бюджет бойынша - бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға қағаз және магнит тасығыштарда ұсынады;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері бойынша - тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдері аппараттарына.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін қаржыландыру жоспарларын және қаржыландырудың жеке жоспарларын орталық атқарушы орган аппаратының басшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы орган аппараты басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адам), ал олар болмаған жағдайда – бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы бекітеді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам, орталық атқарушы органның аппарат басшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адам) болмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржыландыру жоспарларын және қаржыландырудың жеке жоспарларын бұйрыққа сәйкес олардың міндеттерін атқаратын адамдар бекітеді.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкім аппараты бюджеттік бағдарлама әкімшісі барлық мемлекеттік мекемелер бойынша бекітілген қаржыландырудың жеке жоспарларын ұсынғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша барлық қаржыландырудың жеке жоспарлары жалпы сомасының ҚР ББС-ның әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша және айлар бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасына сәйкес келуін тексеруді жүргізеді және осы Ережеге 15, 17 және 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының электронды үлгілерімен осы Ережеге 23-қосымшаға сәйкес бекітілген жоспардың электронды үлгісі және осы Ережеге 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге тіркелген, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган басшысының және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның жиынтық жоспарларды жасау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ қол қойылған осы Ережеге 3 және 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жеке қаржыландыру жоспарлары беріледі.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкім аппараты түсімдердің және төлемдер бойынша

қаржыландырудың жиынтық жоспарының, жергілікті бюджет бойынша міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының мемлекеттік мекемелердің барлық қаржыландырудың жеке жоспарлары шығыстарының жиынтық сомасына сәйкес келуін , сондай-ақ олардың аумақтық қазынашылық органына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің орналасқан жері бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері барлық мемлекеттік мекемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларын ұсынғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде барлық мемлекеттік мекемелер бойынша ҚР ББС кодтарына, міндеттемелер мен төлемдер бойынша барлық қаржыландырудың жеке жоспарының жалпы сомасының түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының, ҚР ББС әрбір бағдарламасы бойынша, айлар бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасына сәйкес келуін тексеруді жүргізеді және Қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - ҚБАЖ) енгізеді (жүктейді).

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкім аппараттарымен барлық мемлекеттік мекемелер бойынша ҚР ББС кодтарына қаржыландырудың жеке жоспарларын ұсынғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша барлық қаржыландырудың жеке жоспарының жалпы сомасы түсімдерінің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының, ҚР ББС әрбір бағдарламасы бойынша, айлар бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасына сәйкестігін, төмен тұрған бюджеттердің жиынтық қаржыландыру жоспарларының жоғары тұрған бюджеттің жиынтық қаржыландыру жоспарларына, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жиынтық қаржыландыру жоспарларының төмен тұрған бюджеттерге немесе мемлекеттік органдардың функцияларын берген жағдайда төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге нысаналы трансферттер мен кредиттер бойынша республикалық бюджеттің жиынтық жоспарларына сәйкестігін тексеруді жүргізеді және ҚБАЖ-ға енгізеді (жүктейді).

Орындауға қабылдаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің жауапты орындаушылары жергілікті бюджет бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларының кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдеріне, жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджеттерді іске асыру туралы қаулыларына, кезекті қаржы жылына арналған

жергілікті бюджет туралы аудан (облыстық маңызы бар қала) маслихатының шешімін іске асыру туралы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешімдеріне сәйкестігі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады.

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері белгіленген талаптарды орындамаған кезде жеке қаржыландыру жоспарлары "Қазынашылық-клиент" АЖ (бұдан әрі - "Қазынашылық-клиент" АЖ) бойынша қабылданбайды, барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын, қорғалатын тұлғалардың және объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға, сондай-ақ қорғаныс саласындағы құпиялауға жататын мәліметтер тізбесіне кіретін мемлекеттік мекемелер бойынша - осы Ереженің тиісті тармақтарына сілтеме жасап, себептерін көрсете отырып, түзету үшін қайтарылады. Жеке қаржыландыру жоспарлары кері қайтарылған сәттен бастап, республикалық бюджет бойынша - республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, жергілікті бюджет бойынша - жергілікті уәкілетті орган түзетілгендерін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ("Қазынашылық-клиент" АЖ-да қызмет көрсетілген жағдайда -электрондық нұсқасын) ұсынады.

Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесі арқылы бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар осы Ережеге 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Міндеттемелер/ Төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспары" 3-04-есептерін және осы Ережеге 20-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Міндеттемелер/Төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспары" 3-02-есептерін қалыптастырады, мемлекеттік мекемелер осы Ережеге 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Міндеттемелер/Төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспары" 3-04-есептерін қалыптастырады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2021 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26. Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін төмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті орган 3 жұмыс күні ішінде жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға тиісті бюджеттерге түсетін кірістердің (ерекшеліктер деңгейіне дейін) жоспарының бекітілген айлар бойынша бөлінуін жібереді.

27. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органнан алынған кірістер түсімдерінің жиынтық жоспарларын (ерекшеліктер деңгейіне дейін) 2 (екі) жұмыс күні ішінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төленуін қамтамасыз ету саласында басшылық етуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның қаперіне жеткізеді.

28. Бюджет кодексінің 74 және 75-баптарының 3-тармақтарында белгіленген жағдайларда, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын Ереженің 2-27-тармақтарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде кезекті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттер болжамының төрттен бір бөлігі көлемінде жасайды.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

4-параграф. Қаржыландырудың жеке жоспарына, түсімдердің жиынтық жоспарына және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу тәртібі

29. Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспарына, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарына, қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Бюджет кодексінде айқындалған жағдайларда, сондай-ақ бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлген кезде, республикалық және жергілікті бюджеттердің ай сайынғы түсімдері мен шығыстарын түзетуді және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржыландыру жоспарларындағы және қаржыландырудың жеке жоспарларындағы бір бюджеттік бағдарламаның ішіндегі кіші бағдарлама мен шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері арасында соманы түзетуді талап ететін факторлар пайда болған кезде жүргізіледі.

Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен алынған есепке және өзгерістер негіздемесіне қоса берілетін міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын өзгертуге өтінімдер негізінде және салықтық, кедендік және бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдердің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан алынған есепке және өзгерістер негіздемесіне қоса берілетін кірістер түсімдерінің жоспарларын өзгертуге өтінімдер негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратымен қалыптастыратын түсімдердің жиынтық жоспарына, төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына және міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы

анықтамалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте кіріс түсімдерінің жоспарларын өзгертуге арналған өтінімдер ағымдағы айдың 25-күнінен кейін келесі жұмыс күні беріледі.

Қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мемлекеттік мекемелерден алынған есептемелер және өзгерістер негіздемесі қоса берілген міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарын өзгертуге өтінімдер (бұдан әрі - мемлекеттік мекеннің өтінімі) негізінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қалыптастыратын ҚР ББС-ға сәйкес жасалған қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы анықтамалар арқылы жүзеге асырылады.

Өтінімдер мен анықтамалардағы өзгерістер сомасы мың теңгемен, бөлшек қалдығы бар, үтірден кейін бір белгіден аспайтын санмен көрсетіледі. Өтінімдер мен анықтамалар осы Ереженің 24-40-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша жасалады.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046; 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

30. Мемлекеттік мекемелер мемлекеттік мекеменің өтінімдерін қалыптастыру және оны бекіту үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне жіберу жолымен тиісті бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша қаржыландыру жоспарының бекітілген жылдық сомасы шегінде шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктері жөніндегі соманы кемітуді (арттыруды) талап ететін факторлар туындаған жағдайда, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасына сәйкес өзгерістер енгізе алады.

31. Қаржыландырудың жиынтық жоспарларына, берілетін нысаналы трансферттер мен кредиттер бойынша жоғары тұрған бюджеттің қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу, әлеуметтік төлемдерге (зейнетақылар мен жәрдемақылар), атқарушы құжаттарды орындау, ҚР ББС-ға өзгерістер енгізу, бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлу, сондай-ақ мемлекеттік борышқа қызмет көрсету және өтеу жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына, жеке қаржыландыру жоспарларына шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктеріне қатысты өзгерістер енгізу жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына айына бір реттен асырмай, ал ағымдағы қаржы жылының соңғы айында - ағымдағы айдың жиырмамыншы күнінен кешіктірмей екі реттен асырмай өзгерістер енгізуге жол беріледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың жылдық және ай сайынғы көлемдерін қозғамайтын шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктеріне және бюджеттік бағдарламалардың кіші бағдарламаларына қатысты міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына, қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістерді дербес енгізеді.

Қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер енгізу үшін әкімші осы Ереженің 34 және 36-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша 3 данада анықтама қалыптастырады.

Жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу үшін барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын, қорғалатын тұлғалардың және құпиялауға жататын мәліметтер тізбесіне кіретін объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар осы Ереженің 33 және 35-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша анықтаманы үш данада қалыптастырады.

Анықтамалардағы өзгерістер сомасы үтірден кейін бір белгіден аспайтын бөлшек қалдығы бар сандармен мың теңгемен көрсетіледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

33. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекемелердің өтінімдері негізінде төлемдер мен міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін қаржыландыру жоспарларын өзгертуге анықтама және мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтама (бұдан әрі – қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама) қалыптастырады. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы қалыптастырғанға және мемлекеттік мекеменің өтінімін қарағанға дейін өзі орналасқан жері бойынша аумақтық қазынашылық органына тиісті шығыстарды оқшаулауды жүзеге асыру қажеттілігі туралы хатпен өтініш жасайды. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу жөніндегі рәсімдер аяқталғанға дейін жоспарлы тағайындауларды өзгерту жоспарланған бағдарламалар, кіші бағдарламалар, ерекшеліктер бойынша мемлекеттік мекеменің міндеттемелерін тіркеуді және оның төлемдерін жүргізуді тоқтата тұрады.

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері осы Ережеге 41-қосымшаға сәйкес 4-20 " Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысанын барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын, қорғалатын тұлғалардың және объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға, сондай-ақ қорғаныс саласындағы құпиялауға жататын мәліметтер тізбесіне кіретін мемлекеттік мекемелерге береді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша операцияларды тоқтата тұрған кезде өзінің ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік мекемелерге қаржыландырудың жеке жоспарына жоспарланған өзгерістер енгізу туралы хабарлайды. Бұл ретте мемлекеттік мекемелер шығыстардың бюджеттік сыныптамасының өзгертілетін кодтары бойынша операцияларды қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер енгізу рәсімі аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Мемлекеттік мекеменің өтінімі мыналар ескеріле отырып қалыптастырылады:

ерекшелік сомаларын ағымдағы айдан алдағы айларға және керісінше аударуға тыйым салынады;

жоспарлы тағайындаулар мен жасалған кассалық шығыстардың сомалары арасындағы сәйкестікті сақтауды;

төлемдер бойынша жоспарлардың сомасы жылдың басынан басталған кезеңде сол қаржы жылының кезеңіне міндеттемелер бойынша жоспарлардың сомасынан аспаған кезде міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары арасындағы арақатынастың сақталуы;

қабылданған, бірақ ақы төленбеген міндеттемелерді;

инкассолық өкімдердің болуын;

шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарлы соманы қабылданған міндеттемелерді шегере отырып, жоспарлы тағайындалулардың сомасына азайту жасалады;

жоспарлы соманы бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының бір ерекшеліктері бойынша ұлғайту (азайту) қаржыландыру жоспарында көзделген бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша айдың қорытынды сомасы шегінде басқа ерекшеліктер бойынша жоспарлы соманы азайту (ұлғайту) есебінен, бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жылдық сома шегінде жүзеге асырылады;

бір бюджеттік бағдарлама шегінде бюджеттік кіші бағдарламалар арасындағы қаражатты қайта бөлу бюджеттік бағдарлама бойынша жылдық сомалар шегінде жүргізіледі;

Республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітілген қаулысы бюджеттік даму бағдарламасы бойынша бюджет қаражатының жылдық көлемі шеңберінде үкіметтік сыртқы қарыздар және грант қаражаты есебінен қаржыландырылатын бюджеттік даму бағдарламаларының бюджеттік кіші бағдарламалары арасында бюджет қаражатын қайта бөлу үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік мекеменің өтініміне басшы немесе өзі өкілеттік берген тұлға, оларды жасауға міндетті мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ал соңғысы болмаған кезде – тиісті бұйрықтармен міндеттерді атқару жүктелген тұлғалар

қол қояды және өзгерістерге есептемелер мен бірге олардың негіздемесі ағымдағы айдың 10 күнінен кешіктірілмей тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне беріледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

34. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қоса берілетін өзгерістер бойынша негіздемені және осы Ереженің 32-33-тармақтарында белгіленген шарттардың және мерзімдердің сақталуын тексереді.

Осы Ережеде көзделген шарттар сақталмаған кезде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің өтінімдерін қайтарады.

35. Осы Ережеде көзделген талаптар сақталған кезде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы бекітеді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын, қорғалатын тұлғалардың және объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға, сондай-ақ қорғаныс саласындағы құпиялауға жататын мәліметтер тізбесіне кіретін мемлекеттік мекемелерге 3 данада бекітеді, олардың біреуін мемлекеттік мекемеге, екіншісін өзінің орналасқан жері бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша 2 данадағы тізіліммен бірге жібереді және үшіншісін өзінде қалдырады

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі өзінің орналасқан орны бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 22-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тізіліммен бірге осы Ережеге 34 және 36-қосымшаларға сәйкес жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы бекітілген анықтамалардың электрондық нұсқасын жібереді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 22-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тізіліммен бірге осы Ережеге 34 және 36-қосымшаларға сәйкес жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы бекітілген анықтамалардың электрондық нұсқаларын жібереді, оларға бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жеке қаржыландыру жоспарын жасауға жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ қойылады.

Жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды бюджеттік бағдарламалар әкімшілері аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 34 және 36-қосымшаларына сәйкес "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесі бойынша, ал барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын, қорғалатын

тұлғалардың және объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға, сондай-ақ қорғаныс саласындағы құпиялауға жататын мәліметтер тізбесіне кіретін мемлекеттік мекемелерге қағаз жүзінде мынадай тәртіппен береді:

қаржыландырудың жиынтық жоспарларына енгізілетін өзгерістерге қатысы жоқ өзгерістерді жеке қаржыландыру жоспарларына енгізу туралы анықтамалар айына бір реттен асырмай, ағымдағы айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірмей, ал ағымдағы қаржы жылының соңғы айында - айына екі реттен асырмай, ағымдағы айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірмей беріледі.

қаржыландырудың жиынтық жоспарларына енгізілетін өзгерістерге қатысты емес жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтамалар ағымдағы айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірілмей айына кемінде бір рет, ал ағымдағы қаржы жылының соңғы айында – ағымдағы айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірілмей айына екі реттен асырмай беріледі.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі қаржыландырудың жиынтық жоспарларына енгізілетін өзгерістерге қатысы жоқ өзгерістерді жеке қаржыландыру жоспарларына енгізу туралы анықтамаларды ҚБАЖ-ға жүктегеннен кейін, "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне, сондай-ақ тиісті жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына, соңғысының бюджеттік мониторинг жүргізуі үшін ҚБАЖ-ға аталған анықтамаларды жүктегенін растау туралы хабарлама жіберіледі.

Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер енгізуге арналған анықтамаларды орындауға қабылдау кезінде аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушылары анықтамалар кодтарының ҚР ББС кодтарына сәйкестігін, төмен тұрған бюджеттердің қаржыландыру жоспарларының жоғары тұрған бюджеттен немесе жоғары тұрған бюджетке берілетін нысаналы трансферттер мен кредиттер бойынша жоғары тұрған бюджеттің қаржыландыру жоспарларына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046; 18.04.2024 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

35-1. Төмен тұрған бюджеттердің қаржыландыру жоспарларының нысаналы трансферттер мен республикалық бюджеттен бөлінетін кредиттер, бюджеттік субвенциялар бойынша жоғары тұрған бюджеттің қаржыландыру жоспарларына сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшілері олар бекітілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде бюджетті

атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға алушы өңірлер бөлінісінде төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландыру жоспарларына және міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарларына, сондай-ақ дәлелдеу мәліметтерін қамтитын төлемдер мен міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу анықтама ұсынады.

Ескерту. 35-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы бекіткеннен кейінгі кезеңде мемлекеттік мекеменің міндеттемелерді қабылдауы немесе кассалық шығыстарды жүргізуі себепті жоспарларлы тағайындаулар жетіспеген, ҚР ББС-ға сәйкес келмеген, жоспарлы тағайындаулар дұрыс бөлінбеген, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге анықтамаларды ұсыну мерзімдерін сақтамаған және осы Ереженің 29-тармағының талаптарына сәйкес келмеген кезде, аумақтық қазынашылық бөлімшесі:

1) міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге анықтаманы - бюджеттік бағдарлама әкімшісіне;

2) түсімдердің жиынтық жоспарына, төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына және міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізуге анықтаманы - бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына орындаусыз қайтарады ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша себебін көрсете отырып қайтарады).

Осы Ереженің 33-тармағы үшінші бөлігінің оныншы абзацында көрсетілген нормативтік құқықтық акті болмаған кезде, аумақтық қазынашылық бөлімшесі осы Ереженің тиісті тармақтарына сілтеме жасалып, себептері көрсетіле отырып, бюджеттік бағдарлама әкімшісіне жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы орындамай ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша осы Ереженің тиісті тармақтарына сілтеме жасалып, себептері көрсетіле отырып қайтарылады) қайтарады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша түскен осы Ереженің және пайдаланушы нұсқаулығының талаптарына сәйкес ресімделмеген жоспарлардың/анықтамалардың тізілімі мен электрондық үлгілерін аумақтық қазынашылық бөлімшесі қайтару себептерін көрсете отырып қайтаруға жатады.

Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге берілген анықтамаларды кері қайтарған (қабылдамаған) кезде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі аумақтық қазынашылық бөлімшесінің ескертулерін ескере отырып, түзетілген анықтамаларды кері қайтарған (қабылдамаған) сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынады.

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Ережелерге және пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды ұсынғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде тексереді және жүктейді.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 18.04.2024 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың ай сайынғы көлеміне өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері осы Ереженің 30-тармағының талаптарын сақтай отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарын өзгертуге өтінім (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі) қалыптастырады, оны ол енгізілетін өзгерістердің тиісті негіздемелерімен бірге бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға/аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына жібереді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі өтінімді қалыптастырған кезде осы Ереженің 33-тармағында жазылған ережелерді сақтайды.

Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

38. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың ай сайынғы көлемдеріне өзгерістер енгізу жөніндегі өтінімін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша көзделген сомалар шегінде мемлекеттік мекемелердің өтінімдеріне сәйкес қалыптастырады.

Жоғары тұрған бюджеттен алынатын трансферттер мен кредиттер бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржыландыру жоспарларын өзгертуге өтінім төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жоғары тұрған бюджеттің тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне береді, оның негізінде жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі осы бөлімде белгіленген тәртіппен жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға өтінім ұсынады.

39. Ағымдағы айдың қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге арналған өтінімді бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына ұсынылатын өзгерістердің негіздемелерін қоса бере отырып, мынадай тәртіппен береді:

аумақтық бөлімшелері және ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелері жоқ республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ағымдағы айдың бесінші күніне дейін береді;

аумақтық бөлімшелері және ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелері бар республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ағымдағы айдың он бесінші күніне дейін береді;

жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ағымдағы айдың он бесі күніне дейінгі мерзімде жоғары тұрған бюджеттен алатын нысаналы трансферттердің және бюджеттік кредиттердің қаражаты есебінен іске асырылатын бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың ай сайынғы көлеміне өзгерістер енгізген жағдайда ағымдағы айдың бесі күніне дейінгі мерзімде ұсынылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

40. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жиынтық қаржыландыру жоспарларын өзгертуге арналған өтінім, берілетін нысаналы трансферттер мен кредиттер бойынша, әлеуметтік төлемдер (мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, зейнетақылар және жәрдемақылар) бойынша, мемлекеттік борышқа қызмет көрсету мен оны өтеу бойынша, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу, бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың атқарушылық құжаттарын орындау, сондай-ақ бюджетті нақтылау және түзету кезіндегі және тиісті бюджеттің қолма-қол ақша тапшылығы жағдайларды қоспағанда, айына кем дегенде бір рет ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша, тиісті бюджет комиссиясының шешімі бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарларын өзгертуге, сондай-ақ бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша, мемлекеттік борышқа қызмет көрсету мен оны өтеу бойынша немесе атқарушылық құжаттарды орындау үшін қаражат бөлуге бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі - ағымдағы ай ішінде, ал соңғы айда - ағымдағы қаржы жылының аяқталуына үш жұмыс күні қалғанда қабылданады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына бөлінетін бюджеттік бағдарламаларға байланысты жоспарларды, мемлекеттік борышқа қызмет көрсету мен оны өтеуді, тиісті бюджеттің қолма-қол ақша тапшылығы, форс-мажорлық мән-жайларды, сот талқылауларын, аванс төлемінің мөлшерін азайтуды, бағам айырмасының, баға өзгеруі мен заттай тұтыну көлемі есебінен пайда болған жете пайдаланылмаған қаражат қалдықтарын, бос қызмет орындарының бар болуы, ақысыз демалыстар беру және уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары бойынша төлемдер есебінен қалыптасқан ағымдағы шығындар бойынша үнемдеуді, өткізілген мемлекеттік сатып алу нәтижесінен үнемдеу, сондай-ақ жоспарланғанға қарағанда бюджет қаражатын алушылардың іс жүзіндегі санын азайтумен, кредиттер, қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін өзгертумен, сапарға шығу немесе іс-шараларды өткізу мерзімдерінің ауысуына байланысты іссапарлар кестесінің өзгеруімен байланысты жоспарларды қоспағанда, міндеттемелер мен төлемдер бойынша ағымдағы айдың жоспарларын өзгертуге арналған өтінімді алдағы айларға ауыстыра отырып ұсынуға жол берілмейді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына азайтылатын айларға қатысты айлардың жоспарларын ұлғайту жолымен өткен айлардың жоспарларын ағымдағы және алдағы азайтуға арналған өтінімдер беруге жол беріледі, бұл ретте осы өзгерістер өткен есепті кезеңді қозғамайды. Тиісті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында теріс сальдо болған немесе ағымдағы қолма-қол ақша тапшылығы құрылған жағдайда алдағы айлардың төлемдер бойынша жоспарларын ағымдағы айға және азайтылатын айға қатысты алдындағы айларға көшіруге жол берілмейді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына арттыру жолымен өткен айлардың жоспарларын ағымдағы айдың жоспарларын ұлғайту жолымен алдыңғы айлардың міндеттемелері бойынша жоспарларды азайтуға арналған өтінімдер беруге жол беріледі, бұл ретте осы өзгерістер өткен есепті кезеңді қозғамауы тиіс.

Бюджеттік бағдарламалардың жылдық жоспарлы тағайындауларын азайту бойынша тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі болған жағдайда бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына азайтылатын соманы ағымдағы немесе келесі айлардан ағымдағы жылдың желтоқсан айына көшіру бойынша міндеттемелер мен төлемдер жөніндегі қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге өтінім енгізеді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге өтінімді қағаз және магнит (электрондық) тасығыштармен береді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландыру жоспарларын өзгертуге өтініміне орталық атқарушы органның аппарат басшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адам), ал ондай болмаған жағдайда – бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы және қаржыландыру жоспарын жасауға жауапты бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ал олар болмаған кезеңде – тиісті бұйрықтармен олардың міндеттерін атқару жүктелген адамдар қол қояды және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің мөрімен расталады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің м.а. 07.11.2019 № 1235; 26.03.2021 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

41. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу үшін бюджеттік

бағдарламалар әкімшілерінің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының өтінімдерін қарайды және олар мақұлдаған жағдайда төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтама қалыптастырады.

Анықтаманы қалыптастыру осы Ереженің 33-тармағында көзделген тәртіппен, сондай-ақ мынадай шарттарды ескере отырып жүргізіледі:

осы Ереженің 18-тармағына сәйкес түсімдердің жиынтық жоспарының және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының теңгерімділігін сақтау;

жиынтық жоспардың "Республикалық және жергілікті бюджеттердің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімінде түсімдер мен өтеудің көлемін өзгерту бюджет тапшылығын қаржыландырудың (профицитін пайдаланудың) бекітілген (нақтыланған) көлемін сақтау шартымен ғана жүзеге асырылады.

Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

42. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, төмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдардың, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараттарының өтінімдерін жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган олар түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ұсынылған өзгерістер бойынша негіздемені және осы Ереженің 33-40-тармақтарында белгіленген шарттардың сақталуын тексереді.

Егер бюджеттік бағдарламалар әкімшілері өтінімдерінің сомасы ағымдағы қаржы жылының басынан бастап түзетілетін кезең бойынша төлемдер бойынша шығыстардың бюджетке түсетін түсімдерден асып кетуіне әкеп соқтырса, сондай-ақ бұл ретте осы Ереженің 33-40-тармақтарында айқындалатын басқа да шарттар бұзылса, онда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтінімдерін қабылдамайды.

Өтінімді қабылдамаған кезде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бір жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының ескертулерін есепке ала отырып, түзетілген өтінімді ұсынады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

43. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы бекіткеннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде оны қағаз тасығышта тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаперіне жеткізеді.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

44. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу туралы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органнан немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті атқарушы органнан, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратынан алған анықтаманың негізінде дәл сол күні бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жиынтық қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізеді және қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды бекітеді.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

45. Өзгертілген заңнамалық актілерді іске асыруға қажетті өзгерістерді қоспағанда және Бюджет Кодексінде көзделген бюджет түзетілген жағдайда, өткен айлардағы (қалыптасқан есепті кезең үшін) бекітілген түсімдердің жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

46. Бюджеті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган түсімдердің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы бекітілген анықтамалардың негізінде салық және бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға республикалық бюджет кірістері түсімдерінің жоспарын жібереді.

47. Салықтық және бюджетке түсетін басқа да міндетті түсімдердің, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін сомасының, қарыздардың бюджетке түсетін түсімдерінің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізуді кредиттік шарттарға, қарыз шарттарына, борышты қайта құрылымдау келісіміне енгізілген өзгерістердің негізінде және осы Ереженің 29-тармағында белгіленген тәртіппен мемлекеттің қаржы активтерін сату жоспарын өзгертудің негізінде аталған түсімдер тізбесі бойынша оларға өзара қатынасы бар органдардың өтінімдері бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жүзеге асырады.

Түсімдердің болжамдық жылдық сомасын өзгертуге кезекті қаржы жылына арналған бюджетті нақтылаған кезде ғана жол беріледі.

Түсімдердің жиынтық жоспарына және жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылардың, жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілетін бюджеттік кредиттерді өтеу сомасының жоғары тұрған бюджетке түсетін түсімдер жоспарына өзгерістер енгізуді төмен тұрған бюджеттер кірістерінің жоспарын асыра орындаудың, кредит шарттарының талаптарын өзгерту негізінде және жоғары тұрған бюджет түсімдерінің бірдей ай сайынғы сомасын

және төмен тұрған бюджеттердің тиісті шығыстарының сомасын сақтап қалу мақсатында төмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының өтінімі бойынша жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Ескерту. 47-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431; 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

48. Кірістердің түсімдері, кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдерді, қарыздарды өтеу жоспарларын өзгертуге өтінімдер қабылданбаған кезде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бас тарту себептері мен негіздемесін көрсете отырып, өтінім берген мемлекеттік органға, төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына жоспарларды өзгертуден бас тартатыны туралы хабардар етеді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

49. Жоғары тұрған бюджеттен алынатын трансферттер мен кредиттер бойынша төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы Ереженің осы тарауында белгіленген тәртіппен төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты осы Ереженің 37-40-қосымшаларына сәйкес жоғары тұрған бюджеттің тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ұсынған жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның анықтамасы негізінде қалыптастырады.

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына жоғары тұрған бюджеттен алынатын трансферттер мен кредиттер бойынша жиынтық және жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды бекітілгеннен кейін үш жұмыс күн ішінде береді.

Төмен тұрған бюджеттердің жоғары тұрған бюджеттерге трансферттерді беруіне, борышқа қызмет көрсету мен оны өтеуге байланысты шығыстар бойынша төмен тұрған бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы Ереженің осы тарауында белгіленген тәртіппен және жоғары тұрған бюджеттің уәкілетті органы ұсынған жоғары тұрған бюджет түсімдерінің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама негізінде төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты қалыптастырады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

50. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жергілікті бюджет бойынша

түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтаманың бір данасын оларды бекітілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде бір мезгілде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне берген кезде - осы Ереженің 26, 38 және 40-қосымшаларына сәйкес түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына жергілікті бюджет бойынша міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамалардың электрондық үлгілерін, осы Ереженің 22-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тізілімге тіркейді және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган/ аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты басшысының және жиынтық жоспарларды жасау үшін жауапты бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі /аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты басшысының ЭЦҚ қойылады.

Бюджет нақтыланған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 26, 38 және 40-қосымшаларына сәйкес жиынтық жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтамалардың электронды үлгілері және 42-қосымшасына сәйкес нақтыланған жоспардың осы Ереженің 22-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тізілімге тіркелген электронды үлгісі ұсынылады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

51. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін атқару жөніндегі жергілікті атқарушы орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға электрондық дерекқор түрінде есептіден кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмейтін мерзімде облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша кірістер түсімдерінің нақтыланған жиынтық жоспарын ұсынады. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган салық, және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органға жергілікті бюджеттердің кірістері түсімдерінің нақтыланған жоспарын жібереді.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

52. Республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау кезінде мемлекеттік мекемелер қаржыландырудың жеке жоспарларын, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері - бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін қаржыландыру жоспарларын, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкім аппараттары - бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспарын, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын осы Ереженің 29-66-тармақтарымен және 25-

тармағының тоғызыншы абзацында белгіленген тәртіппен оларға өзгерістер енгізу жолымен нақтылайды.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның республикалық бюджет туралы заңын іске асыру туралы қаулысына немесе мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулыларын қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жылдық жоспарлы сома өзгертілген бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландыру жоспарларын өзгертуге өтінім ұсынады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қосымша бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына осы Ереженің 2-12-тармақтарына сәйкес міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарларының жобаларын тапсырады.

Бюджет нақтыланған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратының кезекті қаржы жылына арналған бюджет түсімдерінің сыныптамасына сәйкес түсімдердің жылдық болжамдық сомаларын бекіту туралы бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң немесе мәслихаттың кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихаттың шешімі қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде бекітіледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрығымен.

53. Бюджет нақтыланғанға дейін кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға және жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бюджеттерді түзетулер негізінде (бұдан әрі - бюджетті түзету) жиынтық жоспарларға енгізілетін түсімдер мен шығыстар сомасының барлық ағымдағы өзгерістері, сондай-ақ оларды ай сайынғы бөлгендегі өзгерістерді бекітілген бюджеттің электрондық дерекқорының қайталама көшірмесінде жүзеге асырылады.

Бекітілген бюджеттің электрондық дерекқорының қайталама көшірмесіне енгізілетін түзетулер нәтижесінде түзетілген бюджет қалыптастырылады.

54. Кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға немесе мәслихаттың шешіміне сәйкес қалыптастырылған, бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлуге байланысты түзетуден басқа, сол сияқты бюджетті

нақтылауға дейін жүргізілген түзетуді де ескеретін түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары ағымдағы қаржы жылына арналған нақтыланған бюджетке сәйкес келеді.

Нақтыланған бюджет бойынша жиынтық жоспарларды қалыптастыру бюджеттің нақтыланған көрсеткіштері бойынша бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлуге байланысты түзетулерді қоспағанда, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізуге анықтамалар енгізу арқылы түзетілген бюджеттік электрондық дерекқорында жүзеге асырылады.

55. Бюджет кодексінің 111-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына және 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша бюджетте бекітілген бюджеттік бағдарламаның қаражатын түрлі бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында бөлу туралы шешім қабылданған кезде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 4-тарауының 2-параграфында белгіленген тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қалыптастыратын түсімдердің және төлем бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамалардың негізінде түсімдердің және төлем бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен түзетілген бюджетте осы өзгерістерді көрсетеді.

56. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізілген бюджеттік мониторинг негізінде тоқсанына бір реттен асырмай тоқсанның бірінші айының 25-і күніне дейін, төртінші тоқсанда ағымдағы қаржы жылының 1-қазанынан кешіктірмей Бюджет кодексінің 111-бабының 2-тармағы 3-1) тармақшасында көзделген жағдайларда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға республикалық бюджет бағдарламасының бір әкімшісінің өзінің мазмұны жағынан біртектес бюджеттік даму бағдарламалары арасында қаражатты қайта бөлу бойынша ұсыныстар енгізеді:

1) бюджет шығыстарының құрылымын өзгертпей, Республикалық бюджет комиссиясында қарастырмай-ақ ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің бес пайызынан аспайтын көлемде.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік даму бағдарламаларының инвестициялық жобалары тізбесімен ұсыныстарын 10 жұмыс күні ішінде қарайды және ұсынылып отырған өзгерістер осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда

белгіленген тәртіпте республикалық бюджетке түзету туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы жобасын дайындайды.

Қабылданған нормативтік құқықтық актінің және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 4-тарауының 2-параграфында айқындалған тәртіппен төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді.

2) бюджет шығыстарының құрылымын өзгертпей ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің бес пайызынан он пайызына дейінгі көлемде.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын 10 жұмыс күні ішінде қарайды және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде оларды қайта бөлу бойынша ұсыныспен белгіленген тәртіпте бюджеттік даму бағдарламаларының инвестициялық жобалары тізбесін Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Республикалық бюджет комиссиясының оң шешімінің негізінде республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі республикалық бюджетті түзету туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы жобасын белгіленген тәртіпте әзірлейді.

Қабылданған нормативтік құқықтық актінің және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 2-тарауының 4-параграфында айқындалған тәртіппен төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

56-1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізген бюджеттік мониторинг негізінде бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылы ішінде тоқсанның нәтижесі бойынша, есепті тоқсаннан кейінгі тоқсанның бірінші айының 25-і күніне кешіктірмей Бюджет кодексінің 111-бабының 2-тармағы 3-2) тармақшасында көзделген жағдайларда Республикалық бюджет комиссиясында міндетті түрде қарай отырып, бюджет шығыстарының құрылымын өзгертпей, ағымдағы қаржы жылы ішінде бюджет қаражаты игерілмеген және (немесе) бюджеттік бағдарламалар тиімсіз орындалған кезде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, бюджетті түзету жолымен қаражатты республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік

бағдарламалары арасында ағымдағы қаржы жылына бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің он пайызынан аспайтын көлемде қайта бөлу жүзеге асырылады.

Бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік мониторинг қорытындылары негізінде ағымдағы қаржы жылы ішінде бюджет қаражатының игерілмеуі және (немесе) бюджеттік бағдарламалар тиімсіз орындалуы туралы мемлекеттік аудитпен қаржылық бақылау органдарының тұжырымы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысына сәйкес белгіленген тәртіппен Республикалық бюджет комиссиясының қарауына республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының тізілімін, оларды ағымдағы қаржы жылында республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында қайта бөлу жөніндегі ұсыныспен енгізеді.

Республикалық бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетті түзету туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы жобасы дайындалады.

Қабылданған нормативтік құқықтық актінің және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 2-тарауының 4-параграфында айқындалған тәртіппен төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 56-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

57. Бюджет кодексінің 104-бабы 4-тармағының 4), 4-2 және 7) тармақшаларында көзделген шығыстарды қаржы жылының басындағы қаражат қалдықтарының есебінен қаржыландыру үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ағымдағы жылдың 20 қаңтарына қарай мынадай құжаттарды дайындауды жүзеге асырады:

1) бюджет қаражатының қалдықтары туралы ақпарат;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде өткен қаржы жылында іс-шаралардың толық орындалмау себептерін көрсете отырып, төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы ақпарат, бюджеттік даму бағдарламалары бойынша іске асырылу мерзімі бір қаржы жылынан асатын инвестициялық жобалар бөлінісінде қабылданған, бірақ ақысы төленбеген міндеттемелер сомасы; дайындалу және жеткізу мерзімі бір қаржы жылынан асатын активтер мен басқа да тауарларды сатып алуды көздейтін ағымдағы бюджеттік бағдарламалар; сыртқы қарыздар, гранттар және бюджеттік кредиттер қаражаты есебінен іске асырылатын бюджеттік даму бағдарламаларын қоспағанда, көрсетілу мерзімі бір қаржы жылынан асатын қызметтер;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке нысаналы трансферт түрінде тартылған, пайдаланылмаған қаражат туралы ақпарат;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резерв есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) пайдаланылмаған қаражаты туралы ақпарат.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.01.2023 № 13 бұйрығымен.

57-1. Бюджет кодексінің 104-бабының 4-тармағының 4-1)-тармақшасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ағымдағы жылдың 20 қаңтарына қарай аяқталу мерзімі осы Кодекстің 157-бабының 1 және 2-тармақтарына және 159-бабының 1-1-тармағында көрсетілген бекітілген құжаттамаға сәйкес бюджеттік инвестицияларды іске асыру кезеңі бойынша сәйкес келетін бюджеттік инвестицияларды одан әрі қаржыландыру бойынша ақпараттар ұсынылады.

Ескерту. Ереже 57-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

57-2. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Бюджет кодексінің 104-бабы 4-тармағының 4-3) тармақшасына сәйкес есепті қаржы жылының 20 қарашасына дейін бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға өткен кезеңдегі іс-шаралардың толық орындалмау себептерін, қаржы жылының басындағы қаражат қалдықтары есебінен одан әрі қаржыландыру үшін болжанатын бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданбаған міндеттемелер сомасын көрсете отырып, төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы ақпаратты береді.

Ескерту. Ереже 57-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.01.2023 № 13 бұйрығымен.

58. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті орган ұсынған, осы Ереженің 57, 57-1 және 57-2-тармақтарында көрсетілген ақпараттар негізінде белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламалар тізбесін оларды бюджет қаражатының қолда бар қалдықтары көлемінің шегінде ағымдағы қаржы жылы қаржыландыру жөніндегі ұсыныспен бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.01.2023 № 13 бұйрығымен.

59. Бюджет комиссиясының шешімі негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган тиісті бюджеттік бағдарламалардың жылдық жоспарлы тағайындауларын бюджет қаражатының қалдықтары есебінен ұлғайту жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган қаулысының жобасын әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне енгізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті бюджеттік бағдарламалардың жылдық жоспарлы тағайындауларын бюджет қаражатының қалдықтары есебінен ұлғайту жөніндегі қаулысының жобасында нысаналы даму трансферттері инвестициялық жобалар бөлінісінде көрсетіледі.

60. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін қарыздардың, гранттардың, нысаналы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, бір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) шеңберінде республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражатын үнемдеу пайда болған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламаға өзгерістер енгізу жолымен Республикалық бюджет комиссиясының қарауынсыз, республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар арасында үнемдеу сомасын ауыстыруды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін қарыздардың, гранттардың, нысаналы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, бір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) шеңберінде жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражатын үнемдеу пайда болған жағдайда жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті бюджет комиссиясының қарауынсыз тиісті бюджеттік бағдарламаға өзгерістер енгізу жолымен үнемдеу сомасын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар арасында, сондай-ақ республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен келісім бойынша жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен қаржыландырылатын және бір облыс шеңберінде жергілікті инвестициялық жобалар арасына ауыстыруды жүзеге асырады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы жобасын әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдерін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органдар қаулыларының жобасын әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне енгізеді.

Жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттерінің есебінен іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша үнемдеу пайда болған жағдайда бюджеттік инвестициялық жобалар арасында соманы ауыстыру осы Ереженің 300-тармағының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша пайда болған үнемдеу сомасын, қаражатты бюджеттік даму кіші

бағдарламасын іске асыруда көзделмеген жаңа бюджеттік инвестициялық жобаларға және бюджеттік инвестициялық жобалардың құнын қымбаттатумен байланысты шығыстарға қайта бөлуді қоспағанда, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің шешімімен, бюджеттік бағдарламаға өзгерістер енгізу жолымен, тиісті бюджет комиссиясының қарауынсыз, бір бюджеттік бағдарлама ішінде бюджеттік даму кіші бағдарламасына қайта бөледі.

Қарыздар, гранттар, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер, жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер қаражаты есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, мемлекеттік мекемелер қаражатты бір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) ішінде қайта бөледі.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

61. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін қарыздардың, гранттардың, нысаналы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына жүргізілген бюджеттік мониторингтің негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің шешімімен бюджеттік бағдарламаға өзгерістер енгізу жолымен ағымдағы қаржы жылына арнап бекітілген (нақтыланған) республикалық бюджетте көзделген нысаналы даму трансферттері бойынша бір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) ішінде бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана арасында қаражатты қайта бөледі.

Ұсынылған өзгерістер осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес болған жағдайда, республикалық бюджет бағдарламасының әкімшісі белгіленген тәртіппен республикалық бюджетті түзету туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы жобасын әзірлейді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін қарыздардың, гранттардың, нысаналы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына жүргізілген бюджеттік мониторингтің негізінде тиісті аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің шешімімен бюджеттік бағдарламаға өзгерістер енгізу жолымен ағымдағы қаржы жылына арнап бекітілген (нақтыланған) облыстық

бюджетте көзделген нысаналы даму трансферттері бойынша бір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) ішінде бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) арасында қаражатты қайта бөледі.

Облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаражатты қайта бөлу жөніндегі ұсыныстарын және нысаналы даму трансферттерінің жергілікті инвестициялық жобалардың тізілімін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға жібереді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын 10 жұмыс күн ішінде қарайды және берілген өзгерістер аталған Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдерін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органдардың қаулы жобасын әзірлейді және оны белгіленген тәртіпте тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне енгізеді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізілген бюджеттік мониторингтің негізінде бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша қаражатты нысаналы даму трансферттері бойынша бір бюджеттік бағдарламаның ішінде бекітілген (нақтыланған) бюджетте көзделген жоғары тұрған бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен келісу бойынша оң шешім болған жағдайда, тікелей және түпкілікті нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштерін сақтап қалу шартымен қайта бөледі.

Жоба бойынша жоспарлы соманы азайтуға мынадай:

1) мемлекеттік сатып алу конкурстарының қорытындылары бойынша үнемдеу болса;

2) жұмыстарды жүргізу кестесінен қалуға әкеліп соққан міндеттемелерді қабылдамау немесе уақтылы қабылдамау (көрсетілетін қызметтерді берушінің шарт жасамауы немесе уақтылы жасамауы);

3) көрсетілетін қызметтерді берушіні жауапқа тарта отырып, белгілі бір уақыт ішінде (бір айдан астам) қызмет көрсетуді берушінің шарттық міндеттемелерді орындамау жағдайлары болғанда жол беріледі.

Жоба бойынша жоспарлы соманы ұлғайтуға көрсетілетін қызметтерді берушіде қосымша міндеттемелерді қабылдау туралы кепілхат болған жағдайда рұқсат беріледі.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қаражатты қайта бөлу туралы ұсыныстарды жергілікті инвестициялық жобалар бойынша нысаналы даму трансферттері бойынша ұсыныстарын тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жібереді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын 10 жұмыс күн ішінде қарайды және берілген өзгертулер аталған Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдеріне түзету енгізу туралы жергілікті атқарушы органдардың қаулы жобасын

әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен сәйкес жергілікті атқарушы органның әкімдігіне енгізеді.

Нысаналы даму трансферттері бойынша сомаларды ауыстыру осы Ереженің 299-тармағының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 04.10.2018 № 885 бұйрықтарымен.

61-1. Бюджеттің атқарылуы барысында бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қаражатты жоспарланған түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері сақталған жағдайда бюджеттік бағдарлама бойынша жылдық шығындар көлемін өзгертусіз бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен:

тиісті бюджет комиссиясының қарауынсыз, ағымдағы бір бюджеттік бағдарламаның бюджеттік бағдарламасы немесе ағымдағы бір бюджеттік кіші бағдарламасы шегіндегі іс-шаралар арасында дербес;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қарыздар, гранттар, нысаналы трансферттер қаражаттары есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды, мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттерді қоспағанда, бір бюджеттік бағдарлама шегінде ағымдағы бюджеттік кіші бағдарламалар арасында тиісті бюджет комиссиясының қарауынсыз;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қарыздар, гранттар, нысаналы трансферттер, жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансферттер мен кредиттер қаражаты есебінен қаржыландырылатын кіші бағдарламаларды қоспағанда, бір бюджеттік даму бағдарламасы немесе бюджеттік бағдарламаның бір кіші даму бағдарламасы шегінде бюджеттік инвестициялық жобалар арасында бюджет комиссиясының қарауынсыз;

мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қарыздар, гранттар, нысаналы трансферттер және жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансферттер қаражаттары есебінен қаржыландырылатын кіші бағдарламаларды қоспағанда, бір бюджеттік бағдарлама шегінде дамудың бюджеттік кіші бағдарламалары арасында бюджет комиссиясының қарауынсыз қайта бөлуге құқылы.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, өз бастамашылығымен бюджеттік бағдарламаларға өзгерістер енгізген кезде, тиісінше бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына хабарлама ретінде үш жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламаларға бекітілген өзгерістерді жібереді.

Ескерту. Ереже 61-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586; жана редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

61-2. Бюджеттің атқарылуы барысында республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қаражатты жоспарланған түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері сақталған жағдайда бюджеттік бағдарлама бойынша жылдық шығындар көлемін өзгертусіз бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен:

республикалық бюджет комиссиясында міндетті түрде қарала отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер қаражаты және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдік берілген трансферт қаражаты есебінен қаржыландырылатын бір бюджеттік бағдарлама шегінде ағымдағы бюджеттік кіші бағдарламалар арасында

республикалық бюджет комиссиясында міндетті түрде қарала отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер қаражаты және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдік берілген трансферт қаражаты есебінен қаржыландырылатын бір бюджеттік даму бағдарламасы немесе бюджеттік бағдарламаны дамытудың бір бюджеттік кіші бағдарламасы шегіндегі бюджеттік инвестициялық жобалар арасында;

республикалық бюджет комиссиясында міндетті түрде қарала отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер қаражаты және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдік берілген трансферт қаражаты есебінен қаржыландырылатын бір бюджеттік бағдарлама шегінде бюджеттік даму кіші бағдарламалары арасында жүзеге асырылады.

Ескерту. Ереже 61-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.09.2022 № 1001 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 59, 60, 61-тармақтарында санамаланған нормативтік құқықтық актілердің негізінде осы Ереженің 2-тарауының 4-параграфында айқындалған тәртіппен түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

63. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстың жергілікті атқарушы органның және аудандық (облыстық маңызы бар қала) резервінен қаражат бөлу кезінде төмен тұрған бюджетті, сондай-ақ бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша түзету осы Ереженің 29-66-тармақтарымен белгіленген тәртіппен кейіннен түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша

қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып, жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы мәслихатта бюджетті нақтыламастан жүзеге асырылады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрығымен.

64. Республикалық бюджетті нақтылау және түзету шеңберінде жоғары тұрған бюджеттен қосымша нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер бөлінген және (немесе) олардың бөлінген көлемдері өзгерген кезде осы Ереженің 2-тарауының 4-параграфында белгіленген тәртіппен кейіннен түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып, жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен төменгі деңгейдегі бюджетті түзету жүзеге асырылады.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

65. Қаржы жылының ішінде орталық мемлекеттік органдарды, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарды және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді құрған, таратқан, қайта ұйымдастырған, олардың функцияларын өзгерткен жағдайда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жаңадан құрылған мемлекеттік органдардың, таратылған және қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органдардың құқықтық мирасқорларының және оның ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің функцияларын айқындайтын нормативтік құқықтық актілердің негізінде Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныптамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік органдарды, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарды және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді құруға, таратуға, қайта ұйымдастыруға, олардың функцияларын өзгертуге байланысты бекітілген (нақтыланған) бюджет көрсеткіштерін түзету жөніндегі қаулылардың жобаларын әзірлейді және оны тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне енгізеді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешіміне республикалық бюджет туралы заңын іске асыру туралы қаулысына немесе мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулыларын қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараттары жылдық жоспарлы сома өзгертілген бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландыру жоспарларын өзгертуге өтінім ұсынады.

Қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері, олар бойынша жылдық жоспарлы сома өзгертілген бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспарлы жұмсалымдар мен кассалық шығыстарды көшіру аяқталғанша қайта ұйымдастырылатын (таратылатын) мемлекеттік мекемелердің шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 2-тарауының 4-параграфында белгіленген тәртіппен жоспарлы тағайындауларға көшіру бөлігінде берілетін, бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда және жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген аталған бюджеттік бағдарламалардың жалпы сомасы шегінде көшіру бөлігінде өзгерістер енгізеді.

Жоспарлы тағайындаулар мен бұрын жүргізілген кассалық шығыстарды көшіруді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның хатының негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшелері мынадай жағдайларда:

1) құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, орталық мемлекеттік және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың және олардың оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат санының функциялары мен лимиттері өзгерген;

2) республикалық және/немесе жергілікті бюджеттерді нақтылау;

3) Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныптамасына өзгерістер енгізген;

4) аумақтық қазынашылық бөлімшеде мемлекеттік мекеменің қызмет көрсетілу орны өзгерген;

5) шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің құрылымына шығыстардың түрлерін өзгерту бөлігінде өзгерістер енген;

6) ағымдағы қаржы жылы ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті орталықтандыру/орталықсыздандыру туралы шешім қабылдағанда;

7) секвестрде жүзеге асырады.

Тапсырыстың (хабарламалардың) жабылуы (жойылуы) тиісті НҚА-ны, сондай-ақ соманы және шартты қайта тіркеу туралы хабарламаның қалдық сомасын көрсете отырып, мемлекеттік мекеменің хатының негізінде жасалады. Бұрын қабылдаған міндеттемелерді қайта тіркеу осы Ереженің

6-тарауының 1-6-параграфтарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейінен жоғары тұрған деңгейіне, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған деңгейінен төмен тұрған деңгейіне беру кезінде нысаналы трансферттер бойынша жоспарлық тағайындаулардың пайдаланылмаған қалдықтарының сомаларын көшіру жүзеге асырылады.

Ескерту. 65-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 24.12.2014 № 583; 12.07.2017 № 431; 06.09.2017 № 543 бұйрықтарымен.

66. Алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Бюджеттің атқарылуы

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Бюджеттің атқарылуы бюджетке барлық бюджет түсімдерінің түрлерін толық және уақтылы төлеумен, оларды Бірыңғай қазынашылық шотына (бұдан әрі - БҚШ) есепке алумен және бюджеттік бағдарламалардың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асыру мақсатында БҚШ-дан төлемдер мен аударымдарды уақтылы жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

68. Бюджеттің атқарылуы кассалық негізде жүзеге асырылады. БҚШ-ға түсімдерді есепке алу және оларды БҚШ-дан есептен шығару жөніндегі операциялар ақша нысанында есептеледі.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша мемлекеттік мекемелер, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, уәкілетті органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері түсімдер мен шығыстар бойынша есептерді дербес қалыптастырады.

Ескерту. 68-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586; 26.02.2016 № 87 бұйрықтарымен.

69. Бюджеттерді атқаруды және оларға кассалық қызмет көрсетуді аумақтық қазынашылық бөлімшелері мемлекеттік мекемелердің/квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, уәкілетті органдардың құжаттарды қағаз және магнит жеткізгіштерде беруімен де, құжаттардың электрондық түрлерін қалыптастыру және жөнелту, "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы есептерді қалыптастыруы арқылы да жүзеге асырады.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 18.04.2024 № 221 (30.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын және мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшасын бақылау шоттары

70. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары (бұдан әрі – ҚБШ) мына:

- 1) республикалық және жергілікті бюджеттерге түсімдерді есептеумен және республикалық және жергілікті бюджеттерден шығыстарды жүргізумен;
- 2) мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны есептеуімен және олардың есебінен шығыстарды жүргізумен;
- 3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына бағытталатын түсімдерді есептеумен және оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі (бұдан әрі – ҚР ҰБ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотына аударумен;
- 4) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында белгіленген нормативтер бойынша бөлінген түсімдерді есептеумен және оларды ҚР ҰБ-да Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер үшін ашылған шоттарға аударумен;
- 5) және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекемелер алатын оларға арналған филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен, және (немесе) меценаттық қызметтен, және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсетін ақшаны жұмсауымен;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалар белгілі бір жағдайлар басталған кезде олардың қайтарымдылығы не тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартында мемлекеттік мекемеге беретін ақшаны есепке алумен;
- 7) бюджеттік ақшаны есептеумен және оларды ерекше шығыстарды жүргізуге пайдаланумен;
- 8) қаржылық ұйымдардың, Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының жарғылық капиталдарын ұлғайтуды қоспағанда, республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға көзделген не мемлекеттік тапсырманы орындауға байланысты ақшаны есепке алумен және оларды инвестициялық жобаларды іске асыруға (бұдан әрі – квазимемлекеттік сектор

субъектілерінің шоты), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең аз мөлшерде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын қалыптастыру кезінде пайдаланылуымен;

9) және Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекеттік қарыздар туралы халықаралық шарттарға немесе байланысты гранттар туралы шарттарға сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотынан (бұдан әрі - сыртқы қарыздардың немесе байланысты грантты қайтадан айырбастау шоты) қайтадан ұлттық валютаға айырбасталатын үкіметтік сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың ақшасын жұмсауға байланысты операцияларды есепке алуға;

10) және қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде бас мердігерлерге және қосалқы мердігерлерге аударылатын ақшаны пайдаланумен (бұдан әрі – мемлекеттік сатып алу шоттары);

11) Жәбірленушілерге өтемақы қорына (Қор шотына) жіберілетін ақша түсімдерін есепке жатқызумен және Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасында көзделген өтемақылардың төлемін жүргізумен;

12) мемлекеттік бағдарламаларды, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдауды жүзеге асыруға арналған бюджет ақшасын және оларды пайдалануға (бұдан әрі – қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының шоты);

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қарыз шарттарына сәйкес мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздардың ақшасын жұмсауға (бұдан әрі – мемлекет кепілдік берген қарыздың ұлттық валютадағы шоты);

14) қарыз алушылардың мемлекеттік кепілдік беру туралы келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздарға қызмет көрсетуге және оларды өтеуге арналған ақшаны жұмсауға (бұдан әрі – ұлттық валютадағы қызмет көрсету шоты);

15) Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына жіберілетін ақша түсімдерін (бұдан әрі – Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының шоты) есепке алуға және оларды " Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Білім туралы заңы) сәйкес жұмсауға;

16) Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ақша түсімдерін (бұдан әрі – білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шоты) есепке алуға және оларды Білім туралы заңына сәйкес жұмсауға байланысты операцияларды есепке алуға арналған.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2023 № 775 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Республикалық және жергілікті бюджеттердің түсімдерін есептеу мен республикалық және жергілікті бюджеттерден шығыстарды жүргізумен байланысты операцияларды есептеу үшін қолма-қол ақшаны бақылау шоттары (бұдан әрі - тиісті

бюджеттердің ҚБШ) бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға ашылады.

Тиісті бюджеттің ҚБШ түрлері:
республикалық бюджеттің ҚБШ;

облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің ҚБШ;

аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттердің ҚБШ;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің ҚБШ.

Ескерту. 71-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрығымен.

72. Тиісті бюджеттердің ҚБШ-сынан түсімдер және жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдары бойынша операциялар ҚР ББС және мемлекеттік мекемелердің кодтарына сәйкес ескеріледі.

2-параграф. Мемлекеттік мекемелердің кодтарын беру

73. Республикалық және/немесе жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге республикалық және/немесе жергілікті бюджеттерден шығыстарды жүргізу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жеті мәнді кодтар беріледі. Мұнда бірінші 3 белгі ҚР ББС-қа сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кодын білдіреді, келесі төрт белгі әр мемлекеттік мекеме үшін жеке болып табылады.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

74. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге кодтар беру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік мекеменің бизнес-сәйкестендіру нөмірін міндетті түрде көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, осы Ережеге 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде мемлекеттік мекемелерге кодтар беруге өтінімді ұсынады.

Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге кодтар беру үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік мекеменің коды ашылғаннан кейін ұсынылатын осы Ереженің 98-тармағының 3), 4), 5)-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, осы Ереженің 4-тарауының 5-параграфында көзделген құжаттар жинағын қалыптастыруға қажетті құжаттарды қоса бере отырып, осы Ереженің 43-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде мемлекеттік мекемелерге кодтар беруге өтінім жібереді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі осы Ереженің 43-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелерге кодтар беруге өтінім алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Ереженің 43-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелерге кодтар беруге арналған өтінім жібереді.

Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік мекемелерге кодтар беруге арналған өтінімде көрсетілген деректемелердің шынайылығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік мекемелерге кодтар беруге арналған өтінім белгіленген нысанға сәйкес келмесе не болмаған немесе мәліметтер дұрыс көрсетілмеген жағдайда, сондай-ақ 1, 2-абзацтарда қарастырылған құжаттарды қоса берусіз өтінім орындаусыз қайтарылады.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 ; өзгеріс енгізілді - 11.11.2016 № 597; 23.02.2018 № 269 бұйрықтарымен.

75. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен және аумақтық қазынашылық бөлімшелерінен осы Ереженің 43-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелерге кодтар беруге арналған өтінім алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей кодтар беріледі.

76 Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер кодтар берген күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық түрдегі хат арқылы берілген кодтар туралы республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне және аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне хабарлайды.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кодтарын беру туралы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органнан хат алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей берілген кодтар туралы жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне хабарлайды.

77. Мемлекеттік мекемелердің берілген кодтарын тіркеу ҚБАЗ-да қалыптастырылатын мемлекеттік мекемелер анықтамалығында жазылады.

78. Аумақтық қазынашылық бөлімшелері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган оларды ашқаннан кейінгі 3 жұмыс күні ішінде мемлекеттік мекемелердің кодтарын ашқаны туралы тиісті мемлекеттік кірістер органдарына жазбаша хабарлайды.

3-параграф. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын, шетел валютасындағы шоттарды, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарын, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына шоттар ашуы

79. Мемлекеттік мекемелердің мынадай қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және шоттары болуы мүмкін:

1) мемлекеттік мекемелер өздерінің иелік етуінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан қалған қолма-қол ақшаны бақылау шоты (бұдан әрі – ақылы қызметтердің ҚБШ);

2) филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен, және (немесе) меценаттық қызметтен, және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен қолма-қол ақшасын бақылау шоты (бұдан әрі – қайырымдылық көмек ҚБШ);

3) ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшасын бақылау шоты (бұдан әрі – ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ);

4) нысаналы қаржыландырудың қолма-қол ақшасын бақылау шоты (бұдан әрі – нысаналы қаржыландырудың ҚБШ);

5) шетел валютасындағы шоттар;

6) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7) сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

8) сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шоты;

9) сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына ашылған шот.

Ескерту. 79-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.08.2018 № 783 бұйрықтарымен.

80. Қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ-сын ашу үшін республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Ережеге 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашуға өтінім береді.

Ақылы қызметтер ҚБШ-сын ашу үшін республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақылы қызметтер қолма-қол ақшасын бақылау шотын ашуға өтінім береді.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

81. Қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, ақылы қызметтер ҚБШ-сын ашу үшін жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік мекемелер аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашуға өтінім береді.

Ақылы қызметтер ҚБШ-сын ашуға арналған өтінім мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаларының түсімдері мен шығыстарының жоспары негізінде жасалады.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

82. Қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашуға өтінім мынаны:

ҚБШ ашылатын мемлекеттік мекеменің атауы мен кодын;

ашу талап етілетін ҚБШ-ның атауын;

мемлекеттік мекеме қаржыландырылатын бюджет түрін;

мемлекеттік мекеменің орналасқан жерінің кодын;

баптың, тармақтың, тармақшаның нөмірлерін көрсете отырып, бюджет қаражатынан басқа өзге де қаржыландыру көздеріне жол беретін заңнамалық актінің атауы мен күнін (сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ-сы үшін – Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекеттік қарыз туралы халықаралық шарттың немесе байланысты грант туралы шарттың нөмірі мен күнін) қамтуы тиіс.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

83. Мемлекеттік мекеме қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, ақылы қызметтер, жергілікті өзін-өзі басқару, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ-сын ашуға өтінімді ұсыну негізділігін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

84. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік мекемеден алынған қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашуға өтінімнің негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Ережеге 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашуға өтінім жібереді.

Өтінім белгіленген нысанға сәйкес болмаған не мыналар:

1) ашылатын қолма-қол ақшаны бақылау шотының түрі;

2) мемлекеттік мекеменің атауы мен коды;

3) бюджет түрі;

4) қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашу үшін негіз болмаған немесе дұрыс көрсетілмеген жағдайда қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашуға өтінім мемлекеттік мекемеге орындаусыз қайтарылады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

85. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемеден қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашуға өтінімді алғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қолма-қол ақшаны бақылау шоты ашылғаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашуды жүзеге асырады немесе мемлекеттік мекемеге өзгеше негізделген жауап жібереді.

Қолма-қол ақшаны бақылау шоты ашылғаны туралы хабарламада мыналар:
мемлекеттік мекеменің атауы және коды;

қолма-қол ақшаны бақылау шотының атауы және нөмірі көрсетіледі.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

86. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге - ақылы қызметтер ҚБШ-лары бойынша: аумақтық қазынашылық бөлімшелерінен ақылы қызметтер ҚБШ-ларын ашуға өтінімдер түскеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге - аумақтық қазынашылық бөлімшелерінен қолма-қол ақшаны бақылау шотын ашуға өтінім түскеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей – қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын және шоттарын ашуды жүзеге асырады.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

87. Қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, ақылы қызмет, жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-лары осы Ереженің 4-тарауының 8-параграфында көзделген жағдайларда ашылады және олар жабылғанға дейін әрекет етеді. Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ-лары қарыздың немесе байланысты гранттың қолданылу мерзіміне ашылады.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

88. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің ҚБШ және шоттарын ашқаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы ҚБШ мен шоттардың ашылғаны туралы хабарламаны электронды таратуды жүзеге асырады.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

89. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің шетел валютасындағы шоттарын, сыртқы қарыздарының немесе байланысты гранттарының арнайы шоттарына шот ашу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Ережеге 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті шотты ашуға өтінім береді.

Мемлекеттік мекеменің өтінімі мынаны қамтуы тиіс:

шот ашылатын мемлекеттік мекеменің атауы мен коды;

орналасқан жерінің коды;

шоттың атауы;

валюта түрі (Ұлттық Банк олар бойынша айырбастау және қайта айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын валюталар түрлерінің тізбесіне сәйкес);

қаржыландыру көзі (республикалық немесе жергілікті бюджеттің қаражаты, бірлесіп қаржыландыру қаражаты немесе қаржыландырудың өзге көзі);

шығыстар бағыттарының мақсаты;

шот ашу үшін негіздеме.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

90. Мемлекеттік мекеменің шетел валютасында шот ашуға өтінім беруіне:

1) халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар туралы заңнамасына сәйкес жасалған халықаралық шарттар;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастықты, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру немесе шетел валютасында операциялар жүргізу көзделген нормативтік құқықтық актілері;

3) мемлекеттік мекеменің халықаралық ынтымақтастықты, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру немесе шетел валютасында операциялар жүргізу көзделген ережесі немесе жарғысы.

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жасалған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу туралы шарт;

5) мемлекеттік мекемелерде оларға сәйкес шетел валютасында міндеттемелер туындаған халықаралық, шетелдік соттардың шешімдері негіз болып табылады.

Мемлекеттік мекеменің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына ашылатын шотты ашуға арналған өтінім беруіне шарттарында осындай шот ашу көзделген Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекеттік қарыз туралы халықаралық шарт немесе байланысты грант туралы шарт негіз болып табылады.

Мемлекеттік мекеме шетел валютасында шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына ашылатын шотты ашуға арналған өтінім берудің негізділігін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

91. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік мекемеден шетел валютасында шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына ашылатын шотты ашуға арналған өтінімді алғаннан кейін шот ашылғаны туралы хабарлама жібере отырып, тиісті шотты ашуды жүзеге асырады не мемлекеттік мекемеге басқа негізделген жауап жібереді.

Шоттың ашылғаны туралы хабарламада:

шотты ашуға арналған өтінімнің нөмірі мен күніне сілтеме;

мемлекеттік мекеменің атауы мен коды;

шоттың атауы мен нөмірі, валюты түрі;

мемлекеттік мекеме қаржыландырылатын бюджет түрі;

шығыстар бағыттарының мақсаты;

шотың қолданыс мерзімі көрсетіледі.

Шетел валютасындағы шот ағымдағы қаржы жылының соңына дейін ашылады және қолданылады. Сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шоты, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына ашылған шот қарыздың немесе байланысты гранттың қолданылу мерзіміне ашылады. Сотқа дейінгі тергеуді жүргізетін орган алып қойған шетел валютасын есепке жатқызуға арналған шетел валютасындағы шот осы Ереженің 4-тарауы 8-параграфында көзделген жағдайларда ашылады және шот жабылғанға дейін қолданылады.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

92. Мемлекеттік мекеменің атауы өзгерген жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, осы Ережеге 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің атауын өзгертуге мемлекеттік және орыс тілдерінде өтінім береді.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

93. Мемлекеттік мекеменің атауы өзгерген жағдайда жергілікті уәкілетті орган аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтаманың

көшірмесін қоса бере отырып, осы Ережеге 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің атауын өзгертуге мемлекеттік және орыс тілдерінде өтінім береді.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

94. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен және аумақтық қазынашылық бөлімшесінен осы Ережеге 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің атауын өзгертуге өтінім алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік мекеменің атауын өзгертуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеменің атауы өзгергеннен кейін бұрын берілген қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, ақылы қызметтер, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастау ҚБШ, шетел валютасындағы шот, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шоты, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына ашылатын шот өзгеріссіз қалдырылады.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; 23.02.2018 № 269 бұйрықтарымен.

95. Нысаналы қаржыландыру ҚБШ-сын, шетел валютасындағы шоттарды және ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-сын ашу, жүргізу және жабу тәртібі Қазақстан Республикасының кейбір заңдарының ерекшеліктерін ескере отырып, анықталады.

96. Тиісті бюджеттердің, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастаудың ашылған ҚБШ тіркеу осы Ережеге 49-қосымшаға сәйкес 5-19-нысаны бойынша аумақтық қазынашылық органының ішкі есебінде - қолма-қол ақшасын бақылау шоттарының тізбесінде көрсетіледі.

Шетел валютасында ашылған шоттарды, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарын, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына ашылатын шоттарды тіркеу осы Ережеге 50-қосымшаға сәйкес 8-08 "Шетел валютасындағы шоттардың тізбесі" нысаны бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесінің есебінде көрсетіледі.

Ескерту. 96-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; 12.07.2017 № 431; 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.02.2018 № 269; 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

97. Аумақтық қазынашылық органдары тиісті мемлекеттік кіріс органдары оларды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ашқаннан кейін үш жұмыс күні

ішінде мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің ҚБШ ашқаны туралы хабарлайды.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

4-параграф "Күпия"

5-параграф. Құжаттар жинағын қалыптастыру және құжаттар жинағын қалыптастырған кезде құжаттарға қойылатын талаптар

98. Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің құжаттар жинағы мынадай құжаттарды қамтиды:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі немесе заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтама;

2) қолдардың және мөр бедерінің үлгісі;

3) мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелері және қаржылық құжаттардағы бірінші және екінші қол қою құқығын жүктеу туралы бұйрықтардың көшірмелері;

4) қолма-қол ақшаны бақылау шоттары туралы есеп, 8-08 "Шетел валютасындағы шоттардың тізбесі" нысаны бойынша есеп.

Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы өзгерген кезде оларға сәйкес мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы өзгертілген нормативтік құқықтық актінің не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжаттың көшірмесін бір мезгілде ұсына отырып, жоғарыда санамаланғандарға ұқсас жаңа құжаттар ұсынылады.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 18.04.2024 № 221 (30.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі әр мемлекеттік мекемеге/квазимемлекеттік сектор субъектісіне бір құжаттар жинағын қалыптастырады.

100. Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің құжаттар жинағын қалыптастырған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктегі/анықтамадағы және мөр бедерінде (ММ үшін – елтаңбалы) мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісі атауының сәйкестігін, сондай-ақ бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрықтардың, қол қою құқықтарын және мөр бедері үлгілерін қояды жүктеу туралы бұйрықтардың сәйкестігін тексереді. Алшақтықтар анықталған жағдайда сәйкестендіру үшін мемлекеттік мекемеге/квазимемлекеттік сектор субъектісіне қайтарады.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509 бұйрығымен.

101. Қолдар мен мөр бедерінің үлгілері аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 51-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі данада ұсынылады. Бір данасы мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің құжаттар жинағында сақталады, екіншісін қаржылық құжаттардағы қолдар мен мөр бедерінің (ММ үшін – елтаңбалы) шынайылығын тексеру үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесі пайдаланады.

102. Бірінші қол қою құқығына мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы (басшының қызметін атқару міндеті жүктелген тұлға) және/немесе ол уәкілеттік берген тұлғалар ие болады. Бірінші қол қою құқығы, оның ішінде бірінші басшының міндеттерін атқару міндеті жүктелген уақытқа да мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісі басшының (басшының міндеттерін атқару міндеті жүктелген тұлғаның) бұйрығымен ресімделуі тиіс. Екінші қол қою құқығы бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшесінің басшысына және/немесе мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы уәкілеттік берген бухгалтерлік есепті жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын тұлғаларға беріледі.

103. Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің қолдары мен мөр бедерінің үлгісі бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның қолымен расталады және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің мөр бедерімен (ММ үшін – елтаңбалы) бекітіледі не нотариалды куәландырылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің қолдары мен мөр бедерінің үлгілері нотариалды куәландырылады.

104. Қолдар мен мөр бедерінің үлгілері өшпейтін төзімді сиялармен орындалуы тиіс, мөрдің бедері (ММ үшін - елтаңбалы) дәл және анық болуы тиіс. Ұшып кететін сиялар құйылған фломастер және автоқаламмен қол қоюға және қолды факсимильді көшіру құралдарын пайдалануға жол берілмейді. Мөр бедерін (ММ үшін - елтаңбалы) қойған кезде ("Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі" мемлекеттік мекемесін қоспағанда), қызыл, қара және жасыл түсті мастиканы пайдалануға тыйым салынады.

Арнайы мақсаттарға арналған мөрлерді қолдануға жол берілмейді.

105. Қайта құрылған мемлекеттік мекемеде/квазимемлекеттік сектор субъектісінде мөр уақытша болмаған, мөрдің атауы өзгерген, ескірген немесе жоғалған жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесінің басшысы мемлекеттік мекемеге/квазимемлекеттік сектор субъектісіне оның өтінішінің негізінде жаңа мөр дайындауға және осы жағдайға байланысты құжаттарды сол елді мекенде орналасқан бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің мөр бедерімен бекітуге немесе құжаттарды мөр бедерінсіз

беруге рұқсат бере отырып, мөр болмаған уақытта қаржылық құжаттарды ұсынуға уақыт (күнтізбелік 10 күннен аспайтын) береді. Қолдар мен мөр бедерінің үлгілері мөрдің (ММ үшін – елтаңбалы) дайындалу уақытында оның әрекет ету мерзімі көрсетіліп, "Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің мөр табанының үлігісі" ашық жолағында "уақытша мөрсіз" деген белгімен елтаңбалы мөрдің бедерінсіз (ММ үшін – елтаңбалы) ресімделеді.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509 бұйрығымен.

106. Ең болмағанда бір қол ауыстырылған немесе толықтырылған немесе мөр ауыстырылған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы параграфтың 103-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырылған қол қою және мөр бедерінің үлгілерімен жаңа құжат ұсынылады.

Бірінші немесе екінші қол қою құқығы бар тұлғалардың бірінің қолын уақытша ауыстырған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне тұлғаны тағайындау және уақытша міндетін атқарушыға қол қою құқығын жүктеу туралы бұйрықтың көшірмесін оның қолданылу мерзімін көрсете отырып, уақытша міндетін атқаратын тұлғалардың қолдарының үлгілерін қамтитын уақытша құжат ресімделеді. Жаңадан ұсынылған құжаттар мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің құжат жиынына тігіледі.

Екінші қол қою құқығы бар тұлға уақытша болмаған (демалыс немесе науқастанған) кезде төлем құжаттарына қол қою мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатта көрсетілген екінші қол қою құқығы бар тұлғалар қол қояды. Бұл жағдайда қол қою мен мөр бедерінің үлгілері бар уақытша құжат толтыру талап етілмейді.

107. Аумақтық қазынашылық бөлімшелері артық төленген түсімдердің сомасын қайтару, түсімдердің бюджеттік сыныптамасы кодтарының арасында, мемлекеттік кірістер органдарының арасында артық төленген түсімдерді есепке алу (бұдан әрі – қайтару және/немесе есепке алу) жөніндегі операцияларды жүргізу үшін мемлекеттік кірістер органдары қолтаңбалардың және мөр бедердің үлгілерін ұсынады. Мемлекеттік кірістер органдары аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне қолтаңба және мөр бедерінің үлгілерімен бірге төлем тапсырмаларына қол қою құқығы және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қайтару және/немесе есепке алу жөніндегі құжаттарды ұсыну және одан құжаттар алу туралы бұйрықтардың көшірмелерін береді.

108. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, мемлекеттік мекемелер/квазимемлекеттік сектор субъектілері аумақтық қазынашылық бөлімшесіне құжат жиынын қалыптастыру үшін қажетті құжаттарда көрсетілген деректердің шынайлығы үшін жауап береді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі ұсынылған құжаттардың толықтығын және осы параграф белгіленген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін құжаттау туралы заңнамаға сәйкес тексерілген құжаттарды құжат жиынына тігеді және сақтайды.

6-параграф. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын, шетел валютасындағы шоттарды, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарын, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына ашылатын шоттарды жүргізу

109. Ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың, шетел валютасындағы шоттардың, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарының, мемлекеттік мекемелердің сыртқы қарыздарының немесе байланысты гранттарының арнайы шоттарына арналған шоттардың, мемлекет кепілдік берген ұлттық және шетел валютасындағы қарыздар шоттарының, ұлттық және шетел валютасында қызмет көрсету шоттарының, квазимемлекеттік сектор субъектілері шоттарының, аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының шоттарының кодтарын, ҚБШ-ларын жүргізу тиісті ҚБШ-дан және шоттардан төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізуді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген есептерді қалыптастыруды және ұсынуды қамтиды.

Бір мемлекеттік мекеменің кодынан екінші мемлекеттік мекеменің кодына ақша аударуға жол берілмейді.

Ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша шетел валютасындағы шоттарда ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейін жеті жұмыс күні ішінде қайырымдылық көмек түрінде түскен шетел валютасының бар болуына, сондай-ақ ағымдағы қаржы жылының соңғы жұмыс күні 0900НП "Анықтауға дейінгі шетел валютасындағы сомалар" шотына түскен сомалардың бар болуына рұқсат етіледі.

Ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, сыртқы қарыздарды немесе байланысты гранттарды қайта айырбастаудың ҚБШ-сында, ұлттық және шетел валютасындағы мемлекет кепілдік берген қарыздар шоттарында, ұлттық және шетел валютасындағы қызмет көрсету шоттарында және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарында, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының шоттарында, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарында, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына арналған шоттарда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша пайдаланылмаған ақша қалдықтарының болуына жол беріледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін орган алып қойған шетел валютасын есепке жатқызуға арналған шетел валютасындағы шоттарда, мемлекет кепілдік берген қарыздардың шетел валютасындағы шоттарында, шетел валютасындағы қызмет көрсету шоттарында, сондай-ақ бағдарламалық сыртқы қарыздардың қаражатын есепке жатқызуға арналған шоттарда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша пайдаланылмаған ақша қалдықтарының болуына да жол беріледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы ағымдағы жылы жарғылық капиталды қалыптастыруға (толықтыруға) бөлінген және есепті кезеңнің соңында пайдаланылмай қалған қаражат қалдықтары квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ағымдағы жылы пайдаланылмай қалған қаражаты болып табылады және бюджеттік бағдарламалардың тиімсіз атқарылуына жатады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, ағымдағы шоттарындағы олардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы (бюджет қаражатын үнемдеу) арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыру қорытындысы бойынша қаражаттан қалыптасқан пайдаланылмаған қалдықтар:

Қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы пайдаланылмаған қаражатты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9938 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларына сәйкес бюджеттік инвестициялардың ағымдағы қаржылық-экономикалық негіздемесіне түзету жүргізе отырып және (немесе) жаңа қаржылық-экономикалық негіздемесін әзірлеу арқылы жаңа және (немесе) ағымдағы жобаны (жобаларды) іске асыруға бағыттау;

егер үнемдеу сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50 000 еселенген мөлшерінен аспаса, үнемдеу қаражатын квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқару органының (құрылтайшысының) шешімі бойынша жобаның қаржылық-экономикалық негіздемені түзетпей-ақ даму мақсаттарына (жаңғыртуға, активтер сатып алуға) пайдалану арқылы қолданылады.

Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109-1. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы олардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджет қаражатын үнемдеу түрінде бюджеттік инвестицияларды іске асыру қорытындылары бойынша пайда болған пайдаланылмаған қалдықтар "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік туралы заң) және "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан

Республикасының Заңына (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы заң) сәйкес қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектісінің тиісті басқару органының (құрылтайшысының) шешімі бойынша бюджетке қайтарылады.

Егер квазимемлекеттік сектор субъектісі алдыңғы бюджеттік инвестициялардың қорытындылары бойынша қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы үнемдеу қаражатын пайдаланбаса және (немесе) үнемдеу қаражаты бюджетке қайтарылмаса, жаңа мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы үнемдеу сомалары ескеріле отырып жүзеге асырылады. Бұл жағдайда бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жаңа мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау кезінде ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы және 1 сәуіріндегі жағдай бойынша қалдықтарға сүйене отырып, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы үнемдеу сомасын ұсынуды қамтамасыз етеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына есептелген тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуден түскен қаражат тиісті бюджеттің кірісіне аударуға жатады.

Ескерту. 109-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 19.03.2021 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

110. Кодтарды енгізу, ҚБШ-ны және шоттарды жүргізуді аумақтық белгісі бойынша аумақтық қазынашылық органдары жүзеге асырады. Аудандық (облыстық маңызы бар қалаларда, Алматы аудандарында) аумақтық қазынашылық органдары болмаған жағдайда жоғарыда көрсетілген рәсімдерді жүргізу аумақтық тиістілігіне қарай тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық қазынашылық органдарында жүзеге асырылады.

Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111. Тиісті бюджеттердің ҚБШ-ның ақшасына билік етушілер тиісінше бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастаудың ҚБШ-ын, шетел валютасындағы шоттарды, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына ашылатын шоттағы ақшасына билік етушілер - мемлекеттік мекемелердің басшылары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарына - квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары, қаржылық және (немесе)

қаржылық емес қолдау операторларының шоттарына – қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының басшылары, ұлттық және шетел валютасындағы мемлекет кепілдік берген қарыз шоттарына- ұлттық және шетел валютасындағы қызмет көрсету шоттарының басшылары – мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың басшылары болып табылады.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларының пайдаланылмаған қалдықтарына және ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің ҚБШ-дағы, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарындағы ақшаға иелік етуді шектеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 112-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Тиісті бюджеттердің ҚБШ шоттарында ақшаның қозғалысы және ҚР ББС-ға сәйкес шығыстар жөніндегі есептерді беруді мынадай нысандар бойынша күн сайын аумақтық қазынашылық органы жүзеге асырады:

осы Ереженің 52-қосымшасына сәйкес магниттік (электрондық) жеткізгіште 5-34 "Тиісті бюджеттердің ҚБШ жағдайы туралы есеп";

осы Ереженің 53-қосымшасына сәйкес электрондық жеткізгіште 5-52 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп";

осы Ереженің 54-қосымшасына сәйкес қағаз жеткізгіште 5-20 "Қолма-қол ақшаны бақылау шотынан көшірме" және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға беріледі.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторлары, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылар және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар осы тармақта көрсетілген есептерді дербес қалыптастырады.

Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

114. Ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастаудың ҚБШ-дағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы,

қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторлары шоттарындағы, шетел валютасындағы шоттардағы, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарындағы, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына ашылатын шоттардағы ақша қозғалысы жөніндегі есептерді беруді аумақтық қазынашылық органдар жүзеге асырады және:

мемлекеттік мекемелерге:

1) төлемдер мен ақша аударымдарының жүргізілуіне қарай:

осы Ережеге 54-қосымшаға сәйкес қолма-қол ақшаны бақылау шотынан көшірме 5-20-нысаны бойынша;

осы Ережеге 55-қосымшаға сәйкес ақылы қызметтер ҚБШ қалдықтар туралы есеп 5-33-нысаны бойынша;

осы Ережеге 56-қосымшаға сәйкес шетел валютасындағы шоттар бойынша үзінді 8-17-нысаны бойынша;

2) ай сайын:

осы Ережеге 57-қосымшаға сәйкес ақылы қызметтер ҚБШ қалдығы 5-30-нысаны бойынша;

осы Ережеге 58-қосымшаға сәйкес шетел валютасындағы шоттардағы қалдықтар туралы есеп 8-07-нысаны бойынша;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға есепті тоқсаннан кейінгі 3-ші күнге дейін тоқсан сайын және жыл сайын жылдық есепке осы Ережеге 59-қосымшаға сәйкес ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ-дағы және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы қалдықтар туралы есепті 5-34А-нысаны бойынша беріледі;

квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларына, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыларға төлемдерді жүргізу және ақшаны аудару шамасына қарай:

осы Ережеге 54-қосымшаға сәйкес қолма-қол ақшаны бақылау шотынан көшірмені 5-20-нысаны бойынша беріледі.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

115. 5-34 "Тиісті бюджеттердің ҚБШ жағдайы туралы есеп" нысаны бойынша тиісті жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшасын бақылау шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарды ай сайынғы салыстыруды жүзеге асыру үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесі мен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның арасында аумақтық қазынашылық бөлімшесі бір ай аяқталғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде 2 данада 5-34 "Тиісті бюджеттердің ҚБШ жағдайы туралы есеп" нысанындағы есепті қалыптастырады

, жауапты атқарушының мөртабан бедерімен ресімдейді, оған аумақтық қазынашылық бөлімшесінің басшысы және жауапты атқарушы қол қояды, елтаңбалы мөр бедерімен куәландырылады және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға беріледі. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган өз кезегінде 5-34 "Тиісті бюджеттердің ҚБШ жағдайы туралы есеп" нысаны бойынша тиісті жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшасын бақылау шоты бойынша айналымдар мен қалдықтарды салыстырып, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысына және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның жауапты атқарушысына қол қойдырады, елтаңбалы мөр бедерімен куәландырады және бір данасын аумақтық қазынашылық бөлімшесіне береді.

Қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекеме мен аумақтық қазынашылық бөлімшесінің арасында кассалық шығыстарды салыстыруды жүзеге асыру үшін тоқсан сайын, ай аяқталғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде 2 данада осы Ереженің 41-қосымшасына сәйкес 4-20 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысаны қалыптастырылады, олар жауапты атқарушының мөртабан бедерімен ресімделеді, аумақтық қазынашылық бөлімшесінің басшысы мен жауапты атқарушы қол қояды, елтаңбалы мөр бедерімен куәландырылады және мемлекеттік мекемеге беріледі.

Мемлекеттік мекемелер есептерді алғаннан кейінгі 2 жұмыс күні ішінде есептердің деректерін өзінің бухгалтерлік есебінің деректерімен салыстырады.

Мемлекеттік мекеме деректерінің 4-20 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысаны есебінің деректерімен алшақтығы болған кезде соңғысы алшақтық себебін анықтау үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жазбаша өтінім жасайды.

Алшақтықтар болмаған кезде есептерге мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтері не мемлекеттік мекеменің басшысы уәкілеттік берген тұлғалар (олар болмаған жағдайда) қол қояды және мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөр бедерімен куәландырылады. Есептің бір данасы аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қайтарылады.

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері мемлекеттік мекеменің жазбаша өтініші бойынша салыстырып тексеруді жүзеге асыру үшін 4-20 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысанды есебін қалыптастырады, оған қол қояды және береді, ал бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган үшін 5-34 "Тиісті бюджеттердің ҚБШ жағдайы туралы есеп" нысанды есебін қалыптастырады, оған қол қояды және береді.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсеткен кезде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган тиісті бюджеттердің ҚБШ бойынша айналымдарын және қалдықтарын ай сайын салыстырып тексеруді жүзеге асыру үшін ай аяқталғаннан кейін 5-34 "Тиісті бюджеттердің ҚБШ жағдайы туралы есеп" нысаны бойынша есепті дербес қалыптастырады. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган 5-34 "Тиісті бюджеттердің ҚБШ жағдайы туралы есеп" нысаны бойынша тиісті бюджеттің

ҚБШ бойынша айналымдарды және қалдықтарды салыстырып тексеріп, алшақтықтар болмаған кезде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысына және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның жауапты орындаушысына қол қойдырады, елтаңбалық мөрдің бедерімен растайды.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган деректерінің 5-34 "Тиісті бюджеттердің ҚБШ жағдайы туралы есеп" нысанды есеп деректерімен алшақтықтар болған кезде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган алшақтық себептерін анықтау және жою үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жазбаша өтініш білдіреді.

116. "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсеткен кезде мемлекеттік мекеме кассалық шығыстарды тексеру үшін тоқсан сайын ай біткен соң өз еркімен осы Ереженің 41-қосымшасына сәйкес 4-20 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысан әзірлейді және есептің міліметтерін бухгалтерлік есеп мәліметтерімен салыстырады.

Алшақтықтар болмаған жағдайда есептіліктер мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтерінің немесе мемлекеттік мекеме басшысымен уәкілдендірілген (олар болмаған жағдайда) өкілдермен қол қойылады, және мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөр бедерінің үлгілерімен расталады.

4-20 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысаны мен мемлекеттік мекеме есебінде алшақтықтар болған жағдайда, алшақтықтардың туындау себебін анықтау және жою туралы хатпен мемлекеттік мекеме қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне жүгінеді.

7-параграф. "Құпия"

8-параграф. Кодтарды, қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын және шетел валютасындағы шоттарды, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарын, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына шоттарды жабу

117. Аумақтық қазынашылық бөлімшелері күнтізбелік бір жыл ішінде бір рет есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарын тексеруді жүргізеді және 12 ай ішінде оларда ақша қозғалысы мен қалдықтары болмаған кезде мемлекеттік мекемелерге/ квазимемлекеттік сектор субъектілеріне осы ҚБШ жабу жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі туралы хабарлайды.

Мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісі тиісті ҚБШ-ның немесе шоттың қолданылуы қажеттігі туралы хатты хабарлама алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынған жағдайда бұл ҚБШ немесе шот жабылмайды.

Мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісі хабарлама алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарын жабу

бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган аумақтық қазынашылық бөлімшесі хатының негізінде кейіннен мемлекеттік мекеменің/ квазимемлекеттік сектор субъектісінің аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жабылуы жөнінде хабарлама бере отырып, өзі жабады.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

118. Тиісті бюджеттердің ҚБШ әкімшілік-аумақтық бірлікті тарату кезінде жабылады.

Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

119. Мемлекеттік мекеменің коды осы Ережеге 60-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі бойынша, квазимемлекеттік сектор субъектісінің коды және квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоты 61-қосымшаға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің өтінім бойынша, ал ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, жергілікті өзін-өзі басқару, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шоты, шетел валютасындағы шоттар, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттары, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына ашылатын шоттар осы Ережеге 62-қосымшаға сәйкес мемлекеттік мекеменің өтініші бойынша:

1) мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісі таратылған немесе қайта ұйымдастырылған;

2) мемлекеттік мекемелердің билігінде қалатын олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны мемлекеттік мекеменің пайдалану құқығы айқындалатын заңнамалық актінің күші жойылған;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінен тиісті ҚБШ мен шотты ашу үшін негіз болып табылатын қаржыландыру көзін алып тастаған;

4) тиісті ҚБШ мен шотының болу құқығын беретін заңнамалық негіздемені жойған;

5) ақылы қызметтер, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоттары бойынша операциялар күнтізбелік жыл ішінде болмаған;

6) қарыз туралы шартта көрсетілген қарызды жабатын күн басталған немесе оның негізінде сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шоты, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына шот ашылған байланысты грант туралы шарттың қолданылу мерзімі өткен жағдайларда жабылады.

Жабылатын ҚБШ және/немесе шоттарда қалдық болған кезде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ұсынған мемлекеттік мекемелерге берілетін кодтардың қолданысын тоқтатуға өтінім (квазимемлекеттік сектор субъектілері ұсынған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің кодтарының қолданысын тоқтатуға және шоттарын жабуға өтінім) қайтаруға жатады.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

120. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге берілген кодтардың қолданысын тоқтату үшін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Ереженің 60-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелерге берілген кодтардың қолданысын тоқтатуға өтінім береді.

Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге берілген кодтардың қолданысын тоқтату үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне осы Ереженің 60-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелерге берілген кодтардың қолданысын тоқтатуға өтінім береді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі болып табылған мемлекеттік мекеме қайта ұйымдастырылған және елтаңбалы мөрді жою себебі бойынша кодты жабуға өтінім беру мүмкіндігі болмаған және қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеменің қаржылық құжаттарына қол қоюға құқығы бар адамдар болмаған жағдайда өтінімді құқық мирасқоры, ал ол таратылған жағдайда – тарату комиссиясы ұсынады.

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік мекемелерге берілген кодтардың қолданысын тоқтату үшін осы Ереженің 60-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім береді.

Ескерту. 120-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509 бұйрығымен.

121. Ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, жергілікті өзін-өзі басқарудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ, шетел валютасындағы шотты, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына шотты жабу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына осы Ережеге 62-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада қағаз жеткізгіште не ЭЦҚ қол қойылған электрондық түрінде өтініш береді. Аумақтық қазынашылық органы тиісті ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, жергілікті өзін-өзі басқарудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ, шетел валютасындағы шотты, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына ашылатын шотты жабу туралы жазбаша өтінішін

бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жапқаннан кейін аумақтық қазынашылық органы жабылуы туралы белгісі бар өтініштің бір данасын мемлекеттік мекемеге қайтарады не ҚБШ немесе шоттың жабылуы туралы жазбаша хабардар етеді.

Мемлекеттік мекемелердің шоттарын және ҚБШ жапқаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы ҚБШ және шоттардың жабылуы туралы хабарламаны электрондық таратуды жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеме қайта ұйымдастырылған және елтаңбалы мөрді жою және қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеменің қаржылық құжаттарына қол қоюға құқығы бар адамдар болмауы себебі бойынша осы Ережеге 62-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім беру мүмкіндігі болмаған жағдайда өтінімді құқық мирасқоры, ол таратылған жағдайда – бюджеттік бағдарламалар әкімшісі, ал бюджеттік бағдарламалар әкімшісі таратылған жағдайда – тарату комиссиясы ұсынады

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

122. Квazимемлекеттік сектор субъектісі кодтарының қолданылуын тоқтату және квazимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарын жабу үшін квazимемлекеттік сектор субъектісі аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне осы Ереженің 61-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінімді 2 данада жібереді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері квazимемлекеттік сектор субъектісі кодтарының қолданылуын тоқтатуға және квazимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарын жабуға осы Ереженің 61-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінімді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган квazимемлекеттік сектор субъектісінің кодын және квazимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарын жапқаннан кейін, аумақтық қазынашылық бөлімшесі жабылғаны туралы белгісі бар өтінімнің бір данасын квazимемлекеттік сектор субъектісіне қайтарады.

123. Жабылатын ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, жергілікті өзін-өзі басқару, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ, квazимемлекеттік сектор субъектісінің шотында, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотында, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына ашылатын шотта, шетел валютасындағы шотта ақша қалдығы болған кезде мемлекеттік мекеме/квazимемлекеттік сектор субъектісі жабылатын:

1) ақылы қызметтердің ҚБШ:

құқықтық мирасқордың ақылы қызметтердің ҚБШ (бұл ретте, егер құқықтық мирасқорға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түскен ақшаға иелік ету құқығы берілсе);

тиісті бюджет кірісіне мынадай жағдайларда:

құқықтық мирасқор болмағанда;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түскен ақшаға иелік ету құқығы берілмеген құқықтық мирасқор анықталғанда;

құқықтық мирасқорда ол бойынша қалдығы есептелетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) коды болмағанда;

2) қайырымдылық көмектің ҚБШ:

құқықтық мирасқордың қайырымдылық көмектің ҚБШ-на немесе екінші деңгейдегі банктегі шотына;

құқықтық мирасқор болмаған жағдайда, салымшыға;

құқықтық мирасқор мен салымшы болмаған жағдайда, тиісті бюджеттің кірісіне;

3) уақытша ақша орналастырудың ҚБШ:

салымшыға;

құқықтық мирасқордың ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ;

4) шетел валютасындағы шотта – бюджет ақшасы есебінен операциялар жүргізілген кодқа кейін жүргізілген кассалық шығыстарды қалпына келтіре отырып, шетел валютасының қалдығын қайта айырбастау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру жолымен және/немесе айырбасталған валютаны қайырымдылық және/немесе ақшаны шетелдік валютада уақытша орналастыру ҚБШ есептеумен;

құқықтық мирасқордың шетел валютасындағы шотына;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына:

құқықтық мирасқордың квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына;

квазимемлекеттік сектор субъектісі құрылтайшысының шотына;

белгіленген тәртіпте инвестициялық жобаны іске асыруды жалғастырып отырған квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына (бұл ретте, егер құқықтық мирасқорға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен инвестициялық жобаны іске асыруды жалғастыру құқығы берілсе);

б) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7) сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ:

ақша ұлттық валютаға қайта айырбасталған сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына;

республикалық бюджеттің кірісіне – шетел валютасының ең аз ақша бірлігін сатып алу және сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына қалдықты қалпына келтіру үшін ақша жетпеген жағдайда;

құқықтық мирасқордың сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ;

8) сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотында:

қарыз берушіге мемлекеттік қарыз беру туралы халықаралық шарттың талаптарына сәйкес немесе донорға байланысты грант туралы шарттың талаптарына сәйкес;

құқықтық мирасқордың сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына;

9) сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына берілген шотта:

сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына соманы кейіннен қалпына келтіре отырып, шетел валютасындағы ақша қалдығын валютаға қайта айырбастауды жүзеге асыру жолымен пайдаланылмаған ақша

қалдығын аудару үшін төлеуге берілетін шот ("Қазынашылық-клиент" АЖ-да электрондық бейне қалыптастырады), төлем тапсырмасын немесе шетел валютасын қайта айырбастауға өтінімді ұсынады";

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431; өзгеріс енгізілді - 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.11.2018 № 1046; 14.12.2018 № 1089 бұйрықтарымен.

123-1. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағында бюджет қалыптастырылған жағдайда Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасында көзделген түсімдерден, жергілікті өзін-өзі басқарудың ҚБШ-да есепті қаржы жылының соңында пайдаланылмай қалған қаражат қалдықтарын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппараты аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің тиісті бюджетінің түсімдері есебіне жатқызады.

Ескерту. Қағида 123-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрығымен.

124. Мемлекеттік мекеме немесе квазимемлекеттік сектор субъектісі қайта ұйымдастырылған және елтаңбалық мөр жойылған және қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеменің немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің қаржы құжаттарына қол қою құқығы бар адамдардың болмауы себепті осы жабылатын ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, жергілікті өзін-өзі басқарудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотындағы, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шоттарына квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына ашылатын шоттағы ақшаның қалдығын Ереженің 123-тармағында көзделген жұмсау бағыттары бойынша аудару үшін төлеуге

арналған шотты немесе төлем тапсырмасын беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, құқықтық мирасқор қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекемеге немесе квазимемлекеттік сектор субъектісіне қызмет көрсеткен аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жабылатын ақылы қызметтер, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, жергілікті өзін-өзі басқарудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотындағы, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шоттарына, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына ашылатын шоттағы ақша қалдығын Ереженің 123-тармағында көзделген жұмсау бағыттары бойынша аудару туралы қолдаухат жібереді. Құқықтық мирасқордың шотына немесе ҚБШ-ға ақша қалдығын аударған жағдайда қолдаухатқа құқықтық мирасқорлығын растайтын құжаттар қосымша қоса беріледі.

Құқықтық мирасқордың қолдаухаты қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеменің немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің деректемелерін: мемлекеттік мекеменің немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауын, БСН, кодын, ҚБШ нөмірін, сондай-ақ ҚБШ аударуға жататын ақша қалдығының сомасын және аудару үшін барлық қажетті деректемелерді қамтуы тиіс. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі қолдаухатты алған күннен кейінгі күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Ереженің 123-тармағында көзделген жұмсау бағыттары бойынша қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеменің ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, жергілікті өзін-өзі басқарудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотындағы, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шоттарына ашылатын шоттағы ақша қалдығын аударуды жүзеге асырады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісі таратылған жағдайда және елтаңбалық мөр жойылған және таратылған квазимемлекеттік сектор субъектісінің қаржы құжаттарына қол қою құқығы бар адамдардың болмауы себепті қолдаухатты ұсынудың мүмкіндігі болмағанда, қолдаухатты тарату комиссиясы ұсынады.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

125. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган оларды жапқан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық органдары тиісті мемлекеттік кірістер органдарына мемлекеттік мекемелердің кодтарын, квазимемлекеттік сектор субъектісінің кодтарын және ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарын жабу туралы жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-параграф. "Құпия"

10-параграф. Екінші деңгейдегі банктердегі немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу және жабу

126. Екінші деңгейдегі банктерде немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда мемлекеттік мекемелерге ағымдағы шотты, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына шоттар, бюджет ақшаларын есепке жатқызу және оларды шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеуге пайдалану үшін сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға және Қазақстан Республикасының заң шығару функцияларын жүзеге асыратын жоғары өкілді органын қаржылық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік мекемеге екінші деңгейдегі банкте валюталар түрлері бойынша ашылатын шетел валютасындағы шотты (бұдан әрі – іссапар шығыстарына арналған шот) ашу тәртібі заңнамада белгіленеді.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қолдаухатының негізінде осы Ережеге 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына шоттар, бюджеттік инвестициялық жобаның жаңартылған шотын, іссапар шығыстарына арналған шотты ашуға үш данада рұқсат қалыптастырады, олардың екеуін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне ұсынады, ол өз кезегінде бір данасын мемлекеттік мекемеге, екіншісін - екінші деңгейдегі банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға береді.

Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2019 № 517 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына шоттарды ашуға рұқсат қарыздың немесе байланысты гранттың қолданылу мерзіміне беріледі.

Іссапар шығыстарына арналған шотты ашуға рұқсат осы Ереженің 136-тармағында көзделген жағдайларда оны кері қайтарып алғанға дейін беріледі.

Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2019 № 517 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129. Бюджеттік инвестициялық жобаның жаңартылған шотын ашуға рұқсат бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру кезеңіне беріледі.

130. Сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шоты қарыз туралы немесе байланысты грант туралы шарттың талаптарымен айқындалған шетел валютасында беріледі.

130-1. Іссапар шығыстарына арналған шот бюджет қаражатын есепке жатқызу және оларды шет мемлекеттерге қызметтік іссапар шығыстарын өтеу үшін пайдалануға ғана арналған және шетел валютасында жүргізіледі.

Ескерту. 10-параграф 130-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2019 № 517 бұйрығымен.

Бюджеттік инвестициялық жобаның жаңартылған шоты қарыз туралы немесе байланысты грант туралы шарттың талаптарымен айқындалған шетел валютасында беріледі.

131. Бюджеттік инвестициялық жобаның жаңартылған шотына қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу есебінен төлем сомалары есептеледі.

132. Сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотынан, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына шоттан төлемдерді жүзеге асыру қарыз туралы немесе байланысты грант туралы шартта айтылған талаптар мен мақсаттарға сәйкес жүргізіледі.

132-1. Іссапар шығыстарына арналған шоттан қаражатты пайдалану уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы және "Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер", "Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау" және "Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету" бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 08-1-1-1/114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8438 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган екінші деңгейдегі банкте ашылған, іссапар шығыстарына арналған шоттан қаражатты пайдаланудың негізділігі мен заңдылығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 10-параграф 132-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2019 № 517 бұйрығымен.

133. Бюджеттік инвестициялық жобаның жаңартылған шотынан қаражат алу кредит шартының ережелерінде көзделген кредиттік қаражатты беруге жүргізіледі.

134. Сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шоты, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына шот, бюджеттік инвестициялық жобаның жаңартылған шоты, іссапар шығыстарына арналған шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру және оларды жаңарту Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүргізіледі. Екінші деңгейдегі банк немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым үш күндік мерзімде шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға хабарлайды.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2019 № 517 бұйрығымен.

135. Мемлекеттік мекемелердің екінші деңгейдегі банктерде немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған шоттарын жабу шотты ашуға және рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты жүргізіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсатын қайтарып алу осы Ереженің 134-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

Шоттарды жабу Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында және екінші деңгейдегі банк немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және мемлекеттік мекеме арасындағы банктік шот шартында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

136. Бюджетті атқару орталық (жергілікті) уәкілетті орган мемлекеттік мекемелердің екінші деңгейдегі банктерде немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда шот ашуына рұқсатын қайтарып алуы:

1) кері қайтару үшін себептерін көрсете отырып, тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына шотты, іссапар шығыстарына арналған шотты ашуға берілген рұқсатты кері қайтару туралы жазбаша жүгінген;

2) төлемдерді жүзеге асыру тәртібі бұзылған;

3) есеп айырысу кезінде корпоративтік төлем карточкаларын пайдалануды регламенттейтін Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына өзгерістер енгізілген;

4) ағымдағы қаржы жылының міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында корпоративтік төлем карточкаларын пайдалану рұқсат етілетін шығыстардың экономикалық сыныптамаларының ерекшеліктері болмаған;

5) ағымдағы шоттарды ашуға арналған рұқсатта көзделмеген мақсаттарға ағымдағы шотқа есептелген ақшаны пайдалану фактісі анықталған жағдайларда жүргізіледі.

Ескерту. 136-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2019 № 517 бұйрығымен.

137. Рұқсатты қайтарып алу 2 данада екінші деңгейдегі банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) жіберіледі. Екінші деңгейдегі банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) мемлекеттік мекеменің шотын жабу жөніндегі рәсімдерді аяқтағаннан кейін шотты жабу туралы белгісі соғылған рұқсатты қайтарып алудың екінші данасын бюджетті атқару жөніндегі орталық (жергілікті) уәкілетті органға қайтарады.

138. Бюджетті атқару жөніндегі орталық (жергілікті) уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктерде немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашуға рұқсатты қайтарып алған жағдайда екінші деңгейдегі банкте (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған мемлекеттік мекемелерде) ашылған мемлекеттік мекеме шоттарының жабылуы туралы екінші деңгейдегі банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған мемлекеттік мекемелердің) белгісі соғылған қайтарып алуды алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті аумақтық қазынашылық бөлімшесіне бұл туралы жазбаша құлақдар етеді.

5-тарау. Ұлттық валютадағы түсімдер бойынша бюджеттің атқарылуы

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Түсімдерді есептеу және бөлу

139. Бюджет кодексіне, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі), "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (әрі қарай – ӘҚБК), республикалық бюджет туралы заңға және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы мәслихаттардың шешімдеріне және Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілеріне сәйкес ұлттық валютада бюджетке түсетін түсімдер ҚР ББС кірістер сыныптамасының кодтары бойынша БҚШ-ға есептеледі.

Төлем құжатының "Бюджеттік сыныптама кодтары" деген ашық жолағындағы деректемелер ҚР ББС-на сәйкес толтырылады. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік сыныптама кодтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - ҚР ҰБ) назарына жеткізеді.

Түсімдердің жинақ төлеушілерге одан әрі хабарлау үшін банктерге және банктік операциялардың шотына есептеу үшін төлем құжатының банктік деректемелерін мемлекеттік кірістер органдармен ҚР ҰБ арқылы жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаперіне жеткізеді.

Ескерту. 139-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202; 09.10.2015 № 509; 24.11.2015 № 586; 11.11.2016 № 597; 27.08.2021 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

140. Түсімдерді тиісті ҚБШ-да жинақтап, оларды кейіннен бөлу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылатын банкішілік транзиттік шот түсімдердің жинақ шоты болып табылады. Түсімдердің жинақ шотынан республикалық, жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, Арнаулы мемлекеттік қорының және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасындағы есептелген соманы күн сайын толық бөлу, артық (қате) төленген бюджетке, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорына төленетін түсімдер сомасын қайтару жүзеге асырылады.

Ескерту. 140-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 04.09.2023 № 925 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

141. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган күн сайын:

1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - ҚБЕО) төлем жүйесі арқылы екінші деңгейдегі банктерден немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан бюджетке түсетін түсімдер жөніндегі электрондық төлем құжаттарын заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдауды жүзеге асырады;

2) электрондық төлем құжаттарының ресімделу дұрыстығын және толықтығын тексеруді жүзеге асырады;

3) түскен электрондық төлем құжаттары негізінде Түсімдердің жинақ шотына түсімдердің түсуін есепке алуды жүргізеді;

4) кейіннен тиісті ҚБШ-ларға есепке жатқыза отырып, түсімдер сомасын республикалық, жергілікті бюджеттер, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, Арнаулы мемлекеттік қорының және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлуді жүзеге асырады;

5) Ұлттық қорға жіберілетін бюджетке түсетін түсімдер сомасын ҚР ҰБ-дағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоттарына аударуды жүзеге асырады;

б) ҚР ҰБ ашылған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің шоттарына сомаларды аударуды жүзеге асырады.

Ескерту. 141-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; 04.05.2018 № 506; 09.01.2023 № 13 (01.12.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.09.2023 № 925 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

142. Төлем құжаттарын ЖСК, БСК, БСН бар-жоғына және сәйкестігіне, ҚР ББС бюджеттік сыныптама кодының бар-жоғына тексеру жүзеге асырылады.

Ұлттық қорға мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тура салықтарды және мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдерді, оның ішінде мұнай келісім-шарттарының ережелерін бұзғаны үшін түсімдерді тексеру төлеушінің мұнай секторы ұйымының тізбесіне сәйкестігіне жүзеге асырылады.

Төлемнің мақсатын және/немесе аумақтық тиесілігін анықтауға мүмкіндік бермейтін электрондық төлем құжаттарында көрсетілген деректемелер болмаған немесе жалған болған, осы өңірге БСК қолдануға келмейтін және төлеушінің Мұнай секторы ұйымының тізбесіне сәйкес келмеген кезде түсімдер сомасы "Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері" түсімдер БСК-на тиісті мемлекеттік кірістер органдары бойынша электрондық төлем құжаттарын қабылдау күні есептеледі.

Мемлекеттік кірістер органы сомалардың "Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері" түсімдер БСК есептелген күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде олардың есептелу себебін анықтауды қамтамасыз етеді және қате аударылған төлемдерді төлем тапсырмалары негізінде тиісті түсімдер кодына есепке жатқызу жүргізеді.

ҚБАЖ-ға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесі сол облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін осы Ереженің 135-қосымшасына сәйкес 0-22 "Бюджетке есепке алуға жатпайтын БСК" нысан бойынша есеп қалыптастырады және шығарады, оған аумақтық қазынашылық бөлімшесінің, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның, мемлекеттік кірістер органының басшылары қол қояды және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберіледі.

Ескерту. 142-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

143. Республикалық, жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, Арнаулы мемлекеттік қорының және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасындағы түсімдерді бөлуді және оларға байланысты рәсімдерді Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9760 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бұйрығымен бекітілген Бюджет түсімдерін бюджеттердің

денгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты, Жәбірленушілерге өтемақы қоры, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, Арнаулы мемлекеттік қоры және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер бюджеттері арасында бөлу кестесінің және Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 22-бабының 3-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен мұнай операцияларын жүргізу, келісімшарттар жасасу мен оларды орындау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның бірлескен бұйрығымен жыл сайын бекітілетін мұнай секторы ұйымдары тізбесінің негізінде бөлу нормативтері бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады (бөлудің I кезеңі).

Облыстық бюджеттер мен оның аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) арасындағы түсімдерді бөлу облыс мәслихатының шешімімен белгіленген облыстық бюджеттер мен оның аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтің бюджеттері арасындағы түсімдерді бөлу нормативтері бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады (бөлудің II сатысы).

Ескерту. 143-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202; 26.02.2016 № 87; 06.09.2017 № 543; 23.02.2018 № 269; 04.05.2018 № 506; 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2023 № 13 (01.12.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.09.2023 № 925 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

144. Төлем құжаттары қабылданғаннан және түсімдерді бөлгеннен кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган түсімдердің бөлінуіне және түсімдер бойынша операциялық күнді жабу рәсімдеріне бақылауды жүзеге асырады.

1-1-параграф. Жәбірленушілерге өтемақы қорының шотына түскен түсімдер мен олардың жұмсалуы

Ескерту. 5-тарау 1-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 (01.07.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144-1. Жәбірленушілерге өтемақы қоры (бұдан әрі – Қор) Бюджет кодексінің 52-2-тармағында белгіленген түсімдер есебінен қалыптасады.

Қорға түсімдер бюджетті атқару бойынша орталық уәкілетті органда ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шотына есептеледі.

144-2. Қордың шотына түсімдер бойынша операциялар ҚР ББС сәйкес ескеріледі.

Ескерту. 144-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 12.10.2020 № 991 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144-3. Қордың қаражатын пайдалану тек "Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы Заңында (бұдан әрі – Заң) белгіленген мақсаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қордың қаражатын пайдаланумен байланысты төлемдер жүргізу Заңның 5-бабына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес өтемақы алушылардың орталықтандырылған тізілімі негізінде жүзеге асырылады.

Қордан өтемақы төлеу Заңның 13-бабына сәйкес 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап алушылардың банктік шотына жүргізіледі.

144-4. Қордың қаражат қалдығы Бюджет кодексінің 104-бабы 3-1-тармағына сәйкес мемлекеттік бюджетке алып қоюға (аударуға) жатпайды.

1-2-параграф. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының шотына және жергілікті атқарушы органдардың білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі шоттарына түскен ақшаның түсуі және жұмсалуды

Ескерту. 5-тарау 1-2-параграфпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.01.2023 № 13 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бұйрығымен.

144-5. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры Бюджет кодексінің 52-3-бабында белгіленген түсімдер есебінен қалыптастырылады.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына түсетін түсімдер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шотына есепке жатқызылады.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты төлеуге берілетін шот негізінде республикалық бюджет комиссиясының шешіміне сәйкес білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың шоттарына аударылады.

144-6. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының шотына түсетін түсімдер бойынша операциялар Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес есепке алынады.

144-7. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының шоты мен жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі шотының қаражатын пайдалану тек Білім туралы заңда көзделген мақсаттарда жүзеге асырылады.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының шоты мен жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі шотының қаражатын пайдалануға байланысты төлемдерді жүргізу осы Ереженің 6-тарауы 7-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

144-8. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шотынан төлемдерді жүргізу кезінде:

1) төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: шот-фактураның немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың (актінің) көшірмелерінің немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттың өзге де түрінің болуына;

2) нысанды толық және дұрыс толтыру бойынша "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігіне төқлеуге берілетін шоттарды тексеруді білдіретін ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

144-9. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының шоты мен жергілікті атқарушы органның білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі шотын ашу және жабу тәртібі осы Ереженің 4-тарауы 3 және 5-параграфтарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

144-10. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының шоты қаражатының қалдықтары Бюджет кодексінің 104-бабы 3-1-тармағына сәйкес мемлекеттік бюджетке алып қоюға (аударуға) жатпайды.

1-3-параграф. Арнаулы мемлекеттік қордың шотына, тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шотына түскен ақшаның түсуі және жұмсалуды

Ескерту. 5-тарау 1-3-параграфымен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 04.09.2023 № 925 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144-11. Арнаулы мемлекеттік қор Бюджет кодексінің 52-4-бабында белгіленген түсімдер есебінен қалыптастырылады.

Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шотына есепке жатқызылады.

Арнаулы мемлекеттік қордың қаражаты Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық жобаларын, сондай-ақ активтерді қайтару туралы Заңның 32-бабының 1-тармағына сәйкес активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органның шығыстарын қаржыландыру мақсатында орталық мемлекеттік органның арнаулы шотына республикалық бюджет комиссиясының шешімімен және әлеуметтік, экономикалық жобалардың мақұлданған Тізбесімен қоса төлеуге берілетін шот негізінде аударылады.

Тиісті саланың орталық уәкілетті органының арнаулы шотынан қаражат республикалық бюджет комиссиясының шешімімен және әлеуметтік және экономикалық жобалардың мақұлданған Тізбесімен қоса төлеуге берілетін шот негізінде тиісті саланың жергілікті уәкілетті органының арнаулы шотына аударылады.

Ескерту. 144-11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 04.10.2023 № 1056 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144-12. Арнаулы мемлекеттік қордың шотына түсетін түсімдер бойынша операциялар ҚР ББС сәйкес есепке алынады.

144-13. Тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының арнаулы шотының қаражатын пайдалану активтерді қайтару туралы Заңның 32-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға ғана жүзеге асырылады.

Тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының арнайы шотының қаражатын пайдалануға байланысты төлемдер жүргізу осы Ереженің 6-тарауының 7-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

144-14. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі тиісті саланың жергілікті уәкілетті органының шотынан төлемдер жүргізу кезінде ағымдағы бақылауды жүзеге асырады, ол төлеуге берілетін шоттарды тексеруден тұрады:

1) төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: шот-фактураның немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың (актінің) көшірмелерінің немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттың өзге де түрінің болуына;

2) нысанды толық және дұрыс толтыру бойынша "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестігіне төклеуге берілетін шоттарды тексеруді білдіретін ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

144-15. Арнаулы мемлекеттік қордың шотын, тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының шоттарын ашу және жабу тәртібі осы Ереженің 4-тарауы 3 және 5-параграфтарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

144-16. Арнаулы мемлекеттік қорының шоты қаражатының қалдықтары Бюджет кодексінің 104-бабы 3-1-тармағына сәйкес мемлекеттік бюджетке алып қоюға (аударуға) жатпайды.

2-параграф. Түсімдердің артық (қате) төленген сомасын бюджеттен қайтару не оларды берешекті өтеу шотына есепке жатқызу

145. ҚР ББС бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының кодтары бойынша түсімдердің артық (қате) төленген сомасын бюджетке қайтаруды және (немесе) есептеуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтару және (немесе) есепке жатқызу мемлекеттік кірістер органдарының төлем тапсырмалары негізінде жүзеге асырылады.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісілген сомаларды төлеу үшін мемлекеттік кірістердің орталық уәкілетті

органы беретін салық төлеушілердің тізіміне сәйкес бюджеттен қосылған құн салығының асып кетуін қайтаруды жүзеге асырады.

Салық төлеуші болмаған немесе тізімде сома асып кеткен кезде Мемлекеттік кіріс органдарының төлем тапсырмалары орындалмай қайтарылады.

Түсімдердің бюджеттік сыныптамасының кодтары арасында, мемлекеттік кірістер органдары арасында артық төленген немесе қате түскен сомаларды төлеушілерге бюджеттен қайтару (бұдан әрі – қайтару және (немесе) есептеу) үшін мемлекеттік кірістер органы "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша "Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысында (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелді) (бұдан әрі – № 208 қаулы) белгіленген нысан бойынша мемлекеттік кірістер органының басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам және мемлекеттік кірістер органының уәкілетті қызметкері ЭЦҚ қойған төлем тапсырмасының электрондық түрін ұсынады.

Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот ақпараттық жүйесінен интеграциялық шина арқылы ҚБАЖ АЖ-ға қайтаруға және есепке жатқызуға төлем тапсырмаларын беру кезінде мемлекеттік кірістер бойынша орталық уәкілетті орган ЭЦҚ-мен куәландырылған төлем тапсырмаларының электрондық тізілімін жолдайды.

Ақшаны алушылар анықтамалығында бюджетке артық (қате) төленген соманы қайтаруға деректемелер болмаған немесе өзгерген кезде мемлекеттік кірістер органы "Қазынашылық-клиент" АЖ-да осы Ереженің 64-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ақша алушыны енгізуге арналған осы Ереженің 65-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ақша алушы деректемелерінің өзгерістерін енгізуге өтінімнің электрондық түрін қалыптастырады.

Ақша алушыны енгізуге және ақша алушының деректемелерін өзгертуді енгізуге өтінімді ресімдеудің шынайылығын және дұрыстығын мемлекеттік кірістер органы қамтамасыз етеді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі жұмыс күні ішінде сағат 16.00-ге дейін "Қазынашылық-клиент" АЖ мемлекеттік кірістер органдарынан келіп түскен төлем тапсырмаларын қабылдауды жүзеге асырады. Сағат 16.00-ден кейін түскен құжаттар орындалады немесе келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей орындаусыз қайтарылады.

Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

146. Бюджетке түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті орган - өздері әкімшілік ететін түсімдердің толық және уақтылы түсуіне жауапты және олардың түсуіне, артық (қате) түсімдер сомасын қайтарылуына немесе оларды бюджетке берешекті өтеу шотына есептеуіне мониторингті жүзеге асыратын орган.

Ескерту. 146-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

147. Мұнай секторы ұйымдарының Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған резидент еместердің кірісінен ҚР Ұлттық қорына төлеген салықтарды қайтару және (немесе) есептеу резидент емеске жүзеге асырылады.

148. Мемлекеттік кірістер органдары әкімшілік ететін негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерді, трансферттер түсімдерін, бюджет кредиттерін өтеуді, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдерді, қарыздар түсімдерін қоспағанда, салықтық емес түсімдер сомасын қайтару және (немесе) есептеу үшін қорытындыны бюджетке, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорына түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті орган жасайды.

Бюджетке, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорына түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті органға төлеушілерден төлеу орны бойынша төлеу туралы төлем құжатының көшірмесі қоса беріле отырып, жазбаша өтініш беріледі.

Төлеушінің - заңды тұлғаның, жеке тұлғаның (жеке кәсіпкердің) қайтару және (немесе) есептеу туралы өтінішінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) өтініш берушінің атауы (заңды тұлғалар, құрылымдық бөлімшелер, филиалдар үшін) немесе тегі, аты мен әкесінің аты (жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлері, адвокаттар және нотариустар үшін);

2) ЖСН/БСН (резидент емес болса көрсетеді), БСК, ЖСК (олар болған кезде);

3) өтініш берушінің мекенжайы;

4) жеке куәліктің, паспорттың немесе оларды алмастыратын құжаттың нөмірі және кімнің бергені (жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлері, адвокаттар және жеке нотариустар үшін);

5) уәкілетті органдар әкімшілік ететін түсімдер бойынша артық (қате) төленген сома пайда болғандардың атауы;

6) қайтаруға және (немесе) есептеуге жататын сома;

7) есептеген жағдайда – бюджеттік сыныптама коды, артық (қате) төленген сома есептелетін бюджет түсімдерінің атауы, БСН және мемлекеттік кірістер органының атауы;

8) бюджетке төленетін төлем туралы төлем құжаттарының деректемелері – төлем құжатының нөмірі және күні;

9) бюджетке іс жүзінде енгізілген сома;

10) банктік шотқа қайтарған жағдайда - банктік шотты алушының нөмірі және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктің немесе ұйымның атауы, БСК, ЖСК.

Ескерту. 148-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202; 09.01.2023 № 13; 04.09.2023 № 925 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

149. Бюджетке, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорына түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті орган қорытындыны осы Ереженің 66-қосымшасына сәйкес нысан бойынша 3 данада жасайды.

Бір данасын түсімдерді қайтаруға және/немесе есепке жатқызуға төлем тапсырмасын қалыптастыру үшін мемлекеттік кірістер органына мынадай мерзімдерде:

төлеушіден есепке жатқызуға өтінім түскен күннен бастап 4 жұмыс күнінен кешіктірмей;

төлеушіден қайтаруға өтінім түскен күннен бастап 8 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Қорытындының екінші данасы төлеушіге жіберіледі, үшінші данасы уәкілетті органда қалады.

Бюджетке, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорына түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті орган қайтаруға және/немесе есепке жатқызуға қорытынды жасаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталуын, қорытындыда қамтылған деректердің шынайылығын қамтамасыз етеді және оларды сақталмағаны/сәйкессіздігі үшін жауап береді.

Қорытындыларды уәкілетті орган осы Ереженің 67-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомасын қайтаруға және /немесе есепке жатқызуға төлем құжаттарын тіркеу журналына тіркейді.

Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2019 № 517 бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.01.2023 № 13; 04.09.2023 № 925 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

149-1. 66-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түсімдердің сомасын қайтаруға және/немесе есепке жатқызуға қорытынды мынадай тәртіппен толтырылады:

оң жақтағы жоғарғы бұрышында қолдардың үлгілерінде көрсетілгендерге сәйкес келетін, бюджетке түсетін түсімдерді алу үшін жауапты уәкілетті органның басшысы, ал ол болмаған жағдайда – оның орнындағы адам қол қояды;

"Берілген күні" деген жолда күнді аумақтық мемлекеттік кірістер органы қояды;

"жасалған күні" және "жасалған жері" деген жолдарды уәкілетті орган толтырады;

"Уәкілетті органның атауы, БСН" деген жолда есепке жатқызуды немесе қайтаруды жүргізетін уәкілетті органның атауы, БСН-і;

"өтініш бойынша" деген жолда – есепке жатқызуды немесе қайтаруды жүргізуге өтініш берген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе төлеушінің атауы және олардың БСН/ЖСН-дері;

"қайтару/есепке жатқызу туралы" деген жолда – бюджетке артық немесе қате төленген сома көрсетіледі";

"сомасы" деген жолда - есепке жатқызуға немесе қайтаруға жататын сома, цифрлармен және жақша ішінде таратып жазылады;

"Көрсетілген сома шотта қалыптасты" деген жолда - бюджеттің кіріс шоты, бюджеттік сыныптама коды мен түсімнің атауы, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органының атауы мен БСН-і;

"Аударуға жатады" деген жолда есепке жатқызуды жүзеге асыру кезінде - бюджеттің кіріс шоты, сома есепке жатқызылатын бюджеттік сыныптама коды мен КБК-ның толық атауы, мемлекеттік кірістер органдарының атауы және оның БСН-і, қайтаруды жүзеге асыру кезінде – салық төлеушінің қайтару жүргізілетін банктік шоты , ЖСН/БСН-і, салық төлеушінің атауы, артық (қате) төленген соманы жеке тұлғаға қайтаруды жүзеге асыру кезінде банктің ЖСК-сі, банктің атауы, банктің БСН-і, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, оның БСН-і және шот нөмірі көрсетіледі;

"бенефициар-банктің, қазынашылық органының атауы" деген жолда қайтару кезінде – салық төлеушіге қызмет көрсететін бенефициар-банктің атауы, есепке жатқызуды жүргізу кезінде қазынашылық органының атауы;

"КТС" деген жолда төлем мақсатының коды мен оның толық атауы;

"БСК, Кбе" деген жолда банктік шотқа – банктік сәйкестендіру коды және Кбе коды көрсетіледі, мұнда бірінші цифр салық төлеушінің резиденттік белгісін, ал екіншісі - салық төлеушінің экономика секторын білдіреді, сомаларды есепке жатқызу кезінде – бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның банктік сәйкестендіру коды мен Кбе коды көрсетіледі, мұнда бірінші цифр мемлекеттік кірістер органының резиденттік белгісін, ал екіншісі - мемлекеттік кірістер органының экономика секторын білдіреді.

Ескерту. 149-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509 бұйрығымен.

150. Мемлекеттік кірістер органы бюджетке, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорына түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті органнан ол әкімшілік ететін түсімдер сомасын қайтаруға және (немесе) есептеуге қорытынды алған кезде 5 жұмыс күні ішінде төлем тапсырмасын жасайды және аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне ұсынады ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша).

Төлем тапсырмаларын мемлекеттік кірістер органы осы Ереженің 68-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бюджетке түсетін түсімдердің артық (қате) төленген сомасын

қайтаруға және/(немесе) есептеуге арналған төлем тапсырмаларын тіркеу журналында тіркейді.

Бюджетке, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорына түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті орган түсімдерінің артық (қате) төленген сомаларын қайтаруға және (немесе) есептеуге қорытындыны мемлекеттік кірістер органы осы Ереженің 69-қосымшасына сәйкес нысан бойынша. Мемлекеттік кірістер органдары әкімшілік етпейтін түсімдердің артық (қате) төленген сомасын қайтару және (немесе) есептеу қорытындысын тіркеу журналында тіркейді.

Ескерту. 150-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; 09.01.2023 № 13; 04.09.2023 № 925 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

151. "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы беру кезінде аумақтық қазынашылық бөлімшесі қайтаруды және (немесе) есептеуді жүзеге асырғаннан кейін мемлекеттік кірістер органына құжаттың орындалғаны туралы хабарлама жіберіледі. Орындалған төлем тапсырмасы аумақтық қазынашылық бөлімшесінде "Қазынашылық-клиент" АЖ-да электрондық құжатта сақталады.

Ескерту. 151-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

152. Қайтаруға және (немесе) есептеуге аудан, облыстық маңызы бар қала, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ түсімдерінің бюджет сыныптамасының кіші сыныбы бойынша жыл басынан бастап түсімдердің сомасы жеткіліксіз болған кезде қайтару және (немесе) есептеу тұтастай алғанда облыс бойынша түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті кіші сыныбы бойынша жыл басынан бастап іс жүзінде түскен сомалар шегінде жүзеге асырылады. Тұтастай алғанда облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті кіші сыныбы бойынша жыл басынан бастап түсімдері қайтару және (немесе) есептеу сомасы жеткіліксіз болған кезде қайтару және (немесе) есептеу тұтастай алғанда республика бойынша түсімдердің бюджеттік сыныптамасының кіші сыныбы бойынша жыл басынан бастап іс жүзінде түскен сомасы шегінде жүргізіледі, бұл ретте облыс бойынша бюджет түсімдері сыныптамасының осы кіші сыныбы бойынша дебеттік қалдықтар жіберіледі.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта көзделген түсімдерін жекелеген КБК бойынша дебет сальдосына жол беріледі.

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрықтарымен.

153. Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) түсімдерінің бюджет сыныптамасының тиісті сыныбы бойынша жыл басынан бастап салықтық емес түсімдерді қайтару және (немесе) есептеу сомасы жеткіліксіз болған кезде қайтару

және (немесе) есептеу тұтастай алғанда облыс бойынша түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті сыныбы бойынша жыл басынан бастап іс жүзінде түскен сомалар шегінде жүзеге асырылады. Тұтастай алғанда облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті сыныбы бойынша жыл басынан бастап салықтық емес түсімдерді қайтару және (немесе) есептеу сомасы жеткіліксіз болған кезде қайтару және (немесе) есептеу тұтастай алғанда республика бойынша түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті сыныбы бойынша жыл басынан бастап іс жүзінде түскен сомасы шегінде жүргізіледі, бұл ретте облыс бойынша бюджет түсімдері сыныптамасының осы сыныбы бойынша дебеттік қалдықтарға жол беріледі.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауыл, кент, ауылдық округ түсімдерінің бюджет сыныптамасының тиісті сыныбы бойынша жыл басынан бастап салықтық емес түсімдерді қайтару және (немесе) есептеу сомасы жеткіліксіз болған кезде қайтару және (немесе) есептеу тұтастай алғанда аудан (облыстық маңызы бар қала) бойынша түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті сыныбы бойынша жыл басынан бастап іс жүзінде түскен сомалар шегінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 153-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрығымен.

154. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2016 № 597 бұйрығымен.

155. Бюджет түсімдерінің сыныптамасының коды бойынша бюджетке түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты орталық уәкілетті органдар есепке алуды, бақылау мен мониторингті, сондай-ақ бюджеттен қайтару және (немесе) артық (қате) бюджетке төленген сомаларды өтеу есебіне есептеуді жүзеге асыруы үшін "е-Қаржымині" ИААЖ және/немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бюджетке түскен сомалар туралы, кейіннен өздерінің аумақтық және/немесе құрылымдық бөлімшелеріне ақпаратты жеткізуімен, ресми ақпаратты алады.

Бюджетке түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты және өздеріне "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы қызмет көрсетілетін уәкілетті органдар бюджетке түскен, сондай-ақ бюджеттен қайтарылған және артық (қате) төленген сомаларды есепке жатқызу сомалары туралы ақпаратты алу үшін осы Ереженің 70, 71-қосымшаларына сәйкес 2-14 "Бір айдағы түсімдерді жинау жөніндегі есеп" және 2-43 "Бюджет сыныптамасының коды бойынша түсімдер" нысандары бойынша есептерді дербес қалыптастырады.

Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2016 № 597 бұйрығымен.

156. Шетел валютасында бюджетке артық (қате) төленген соманы қайтару үшін мемлекеттік кірістер органы не бюджетке түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті орган аумақтық қазынашылық бөлімшесіне, осы Ереженің 326-тармағында көзделген құжаттарды қоса (мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің

ЭЦҚ қол қойған сканерленген құжаттарды тіркей отырып), осы Ереженің 73-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шетел валютасындағы ақшаны алушыны енгізуге өтінім береді.

Шетелдік өнім берушінің бірегей коды берілгеннен кейін мемлекеттік кірістер органы аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлем тапсырмасын, шетел валютасын айырбастауға өтінімді, шетел валютасын аударуға өтінішті осы Ереженің 74-қосымшасына сәйкес нысан бойынша береді. Шетел валютасын айырбастау және аудару жөніндегі операциялар осы Ереженің 6-тарауының 20-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

Қайтару Түсімдердің жинақ шотынан оны кейіннен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның валюта түрлері бойынша шетел валютасындағы банктік шоттарға есепке жатқыза отырып, жүзеге асырылады. Құжаттарды мемлекеттік кірістер органдарына беру Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 10.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Бюджетке түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты мемлекеттік кіріс және уәкілетті орган шетел валютасында бюджетке түсетін түсімдерге қайтаруға арналған жоғарыда көрсетілген құжаттардың шынайылығына және дұрыстығына жауапты болады, аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

Шетел валютасында қайтару бойынша құжаттарды орындау не оларды қайтару себептерін көрсете отырып қайтару олар аумақтық қазынашылық бөлімшесіне түскен күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2019 № 517 бұйрығымен.

3-параграф. Төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алуларды, нысаналы трансферттерді аудару тәртібі мен мерзімдері

157. Бюджеттік алып қоюлар тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген сома шегінде төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге беріледі.

Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен деңгейінен жоғары деңгейіне берген кезде нысаналы трансферттер төмен тұрған бюджеттен жоғары тұрған бюджетке түсімдер мен төмен тұрған бюджет төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген сомалар шегінде беріледі.

158. Бюджеттік алып қоюларды аударудың ай сайынғы мөлшерін республикалық бюджет туралы заңда немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде көзделген, келесі қаржы жылына бекітілген төмен тұрған бюджет кірістері түсімдерінің (азаматтарға пәтерлерді сатудан түсетін соманы

қоспағанда, салық, салықтық емес түсімдер және негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер) сомасына бюджеттік алып қоюлар сомасының қатынасы ретінде пайызбен жоғары тұрған деңгейдегі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган есептейді.

Төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі жергілікті атқарушы орган 25 желтоқсаннан кешіктірмей жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі органға келесі қаржы жылына арналған кірістердің болжамдық көлемін және түсімдердің жиынтық жоспарының жобасын алдын ала айға бөлуді (ерекшеліктер деңгейіне дейін) береді.

Жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган төмен тұрған бюджеттер кірістерінің мөлшері мен ай сайынғы болжамдық көлемі негізінде бюджеттік алуларды айға сайынғы бөлуді айқындайды және жоғары тұрған бюджеттің түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде тиісті жергілікті атқарушы органдардың қаперіне жеткізеді.

Төмен тұрған бюджеттің бюджеттік алып қоюларын есептеген кезде жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жоғары тұрған бюджеттің түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына тиісті өзгерістер енгізуіне рұқсат беріледі.

Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 04.05.2018 № 506 бұйрығымен.

159. Төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынылған төлеуге берілетін шоттың негізінде бюджеттік алулар сомасын төмен тұрған бюджеттің түсімдерінің және төлем бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген айлық сома шегінде жоғары тұрған бюджет түсімдері бюджеттік сыныптамасының тиісті кодын көрсете отырып, ағымдағы айдың жиырма бесінші күніне дейін аударады.

Осы талап орындалмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі жалақы және басқа да ақша төлемдерін, оның ішінде техникалық персоналдың жалақысын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай өтемақы төлеуді, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналары мен жалақыдан ұсталатын басқа да сомаларды, ерікті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуді, банк қызметтеріне ақы төлеуді қоспағанда, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген бюджеттік алулардың сомасын толық аударғанға дейін тиісті жергілікті бюджет бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Тиісті бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейінен жоғары тұрған деңгейіне беру кезінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынылған төлеуге берілетін шоттың негізінде нысаналы трансферттер сомасын төмен тұрған бюджеттің

түсімдерінің және төлем бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген сомалар шегінде жоғары тұрған бюджет түсімдері бюджеттік сыныптамасының тиісті кодын көрсете отырып, аударады.

Осы талап орындалмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі жалақы және басқа да ақша төлемдерін, оның ішінде техникалық персоналдың жалақысын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай өтемақы төлеуді, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналары мен жалақыдан ұсталатын басқа да сомаларды, ерікті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуді, банк қызметтеріне ақы төлеуді қоспағанда, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген нысаналы трансферттердің сомасын толық аударғанға дейін тиісті жергілікті бюджет бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті орган шығыстарының жеке бағыттарын жергілікті бюджеттен жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы заңмен (облыстық мәслихат шешімімен) белгіленген ең аз көлемдерден төмен қаржыландыру кезінде, белгіленген сомадан, оған енгізілген өзгерістер ескеріле отырып, өткен қаржы жылының қорытындылары бойынша тиісті қаржы жылының соңындағы төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарының жылдық сомасынан асып кеткен сомасын жоғары тұрған бюджетке қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне ұсынылатын төлемге берілетін шот негізінде аударады.

Осы талап орындалмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі жалақы және басқа да ақша төлемдерін, оның ішінде техникалық персоналдың жалақысын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай өтемақы төлеуді, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналары мен жалақыдан ұсталатын басқа да сомаларды, ерікті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуді, банк қызметтеріне ақы төлеуді қоспағанда, белгіленген соманың, оған енгізілген өзгерістер ескеріле отырып, өткен қаржы жылының қорытындылары бойынша тиісті қаржы жылының соңындағы төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарының жылдық сомасынан асып кеткен сомасын толық аударғанға дейін тиісті жергілікті бюджет бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Ескерту. 159-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.06.2018 № 619 бұйрығымен.

160. Бюджеттік алуларды аударудың толықтығын бақылауды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады. Бюджеттік алуларды аударудың уақытылылығын бақылауды аумақтық қазынашылық органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төменгі деңгейінен жоғары тұрған деңгейге берген кезде нысаналы трансферттерді аударудың толықтығына бақылауды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады, сондай-ақ нысаналы трансферттердің уақтылы аударылуына бақылауды аумақтық қазынашылық бөлімшесі жүзеге асырады.

Жергілікті бюджеттен шығыстардың жекелеген бағыттарын жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы заңмен (облыстық мәслихат шешімімен) белгіленген ең аз көлемдерден төмен қаржыландыру кезінде, белгіленген сомадан, оған енгізілген өзгерістер ескеріле отырып, өткен қаржы жылының қорытындылары бойынша тиісті қаржы жылының соңындағы төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарының жылдық сомасынан асып кеткен сомасын аударудың толықтығын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті жергілікті атқарушы орган қамтамасыз етеді, ал уақтылы аударылуына бақылауды аумақтық қазынашылық бөлімшесі жүзеге асырады.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.06.2018 № 619 бұйрығымен.

6-тарау. Шығыстар бойынша бюджеттің атқарылуы

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерді қабылдауы

161. Мемлекеттік мекемелер ағымдағы қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарымен бекітілген сомалар шегінде шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша міндеттемелер қабылдайды.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

Тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарында бекітілген сомалар және мыналармен:

- 1) іске асыру мерзімі бір жылдан асатын бюджеттік даму бағдарламаларымен;
- 2) технологиялық дайындалу мерзімінің ұзақтығы оларды келесі (кейінгі) қаржы жылы (жылдары) беруге себепші болатын активтерді және басқа да тауарларды сатып алуды көздейтін ағымдағы бюджеттік бағдарламалармен;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда мерзімі бір қаржы жылынан астам қызмет көрсетумен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда мемлекеттік тапсырмаларды іске асыруға, мерзімі бір қаржы жылынан асатын қызметтер көрсетуге, жұмыстарды ұсынуға;

4) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен іске асыру мерзімі бір қаржы жылынан асатын іс-шараларды өткізумен байланысты азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарының базалық шығыстары шегінде олар әрекет еткен барлық мерзім ішінде тіркелуге жатады.

Бюджеттің базалық шығыстары өзгерген кезде аталған азаматтық-құқықтық мәмілелер қайта тіркеуге жатады.

Ескерту. 161-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; 23.02.2018 № 269; 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

161-1. Қолданылу мерзімі үш жылдан асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды тіркеу, жылжымалы негізде үш жылдық кезеңге арналып, жоспарлы кезеңге арналған бюджетте жоспарланған қаражатты ескеріле отырып жыл сайын жүзеге асырылады.

Ескерту. Ереже 161-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

162. Міндеттемелер шарт нысанындағы азаматтық-құқықтық мәмілелерді (бұдан әрі - шарт) жасасу арқылы, сол сияқты оларсыз да қабылданады.

Бюджет кодексі 97- бабының 4-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін, оның ішінде олар бойынша жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелер аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеу міндетті болып табылатын шығыстардың түрлерін айқындайды.

Мемлекеттік мекеменің шығыстарды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесі мыналардың:

1) тауарларды сатып алған, жұмыстарды орындаған, қызметтер көрсеткен жағдайларда орындалған жұмыстардың шот-фактурасының, электрондық шот-фактурасының, хабарлама шотының, шотының, актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың;

2) мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы мен басқа да ақшалай төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар төлеу, бюджетке жүргізілетін есептеулер, жеке тұлғаларға стипендиялар және төлемақылар бойынша бастапқы құжаттардың;

3) төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер аударған кезде жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің төлеуге берілетін шотының;

4) инкассолық өкімнің;

5) осы тізбеге енбеген ерекше шығыстар мен басқа да шығыс түрлері бойынша төлемдер жүргізген кезде төлеуге берілетін шоттың негізінде қабылданған болып есептеледі.

Ескерту. 162-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202; 24.11.2015 № 586; 26.02.2016 № 87; 12.07.2017 № 431; 23.02.2018 № 269; 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

2-параграф. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерді қабылдауына қойылатын талаптар

163. Мемлекеттік мекеме шарт жасасқан кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды, сондай-ақ шартты келтірілген деректердің шынайылығын қамтамасыз етеді және оларды сақтамағаны үшін жауап береді.

164. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мекемелер азаматтық-құқықтық мәмілелерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленгеннен аспайтын мерзімге жасасады.

Мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекеттік қарыздар туралы халықаралық шарттың шеңберіндегі немесе байланысқан гранттар бойынша шарттарды (бұдан әрі қарыз/грант туралы шарт шеңберіндегі шарт) қарыз/грант туралы шарт шеңберіндегі азаматтық-құқықтық мәмілелерін мемлекеттік мекемелермен: қарыз немесе байланысты грант қаражаты есебінен – қарыз немесе байланысты грант қаражатының қолжетімділік мерзімінен аспайтын мерзімге;

республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражаты есебінен – қарыз қаражатының қолжетімділік мерзімі аяқталатын қаржы жылы аяқталғанға дейінгі мерзімге жасасады.

Ескерту. 164-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

165. Мемлекеттік мекеменің қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын шартты жасасуына мынадай:

шарт қарыз/грант туралы шарт (келісім-шарт) шеңберінде жасалған;

шарттар бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру шеңберінде жасалған;

шарттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда технологиялық дайындалу мерзімінің ұзақтығы олардың келесі (одан да кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) берілуін негіздейтін активтер мен басқа да тауарларды, көрсетілу мерзімі бір қаржы жылынан асатын қызметтерді сатып алуды көздейтін ағымдағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жасалған;

шарттар іске асыру мерзімі бір қаржы жылынан асатын Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен іс-шаралар жүргізу шеңберінде жасалған;

шарттар автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға, жолаушылар алдында тасымалдаушының азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға және мерзімді баспаны сатып алуға жасалған жағдайларда жол беріледі.

Ескерту. 165-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

166. Қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асып кететін шартта тиісті қаржы жылдары бойынша соманы шартты түрде бөле отырып жалпы сомасын көрсетеді. Шарттың жалпы сомасы, жылдар бойынша оның бөлінуі өзгерген кезде оларды түзету қосымша келісімдерді жасасу жолымен түзетіледі.

167. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу жағдайларын қоспағанда, міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарының шегінде бір бюджеттік бағдарлама аясында шарт жасасады.

Мемлекеттік мекеме ақша алушының біреуімен бюджеттік кіші бағдарламалардың немесе шығыстардың экономикалық сыныптамасының бірнеше ерекшеліктері бойынша шарт жасасқан кезде шартта жалпы соманы әрбір бюджеттік кіші бағдарлама немесе шығыстардың бюджеттік сыныптамасының әрбір коды бойынша бөле отырып көрсетеді.

Жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын шартты жасасу кезінде мемлекеттік мекеме заңнамада белгіленген мөлшерде жергілікті бюджеттен қоса қаржыландырудың жыл сайынғы сомалары бар бюджеттік кіші бағдарламаларды міндетті түрде көрсетуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 167-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.05.2021 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

168. Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының әрбір коды бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге шығыстардың экономикалық сыныптамасының мынадай ерекшеліктері бойынша жол беріледі:

141 "Тамақ өнімдерін сатып алу";

142 "Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу".

Осы Ереженің 170-178, 180-тармақтарында көрсетілген ерекшеліктер мен шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша шығыстар түрлерін қоспағанда, шығыстардың экономикалық сыныптамасының көрсетілген

тізбеге енбейтін ерекшеліктері бойынша аванстық (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына жасалған шарт сомасының 30 пайызынан аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі.

Республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру кезінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу үшін мемлекеттік мекеме ағымдағы жылы осы мақсаттарға көзделген соманың 30 пайызынан аспайтын аванстық (алдын ала) төлемді шығыстардың экономикалық сыныптамасының 418 "Мемлекеттік кәсіпорындарды материалдық-техникалық жарақтандыру" ерекшелігі бойынша жүзеге асырады.

Мемлекеттік кәсіпорындар қайта жасасқан және бұрын жасасқан ұзақ мерзімді шарттар бойынша күрделі жөндеу мен қалпына келтіруден басқа, жаңа объектілерді салу және қолданыстағыларын реконструкциялау үшін республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру үшін мемлекеттік мекеме экономикалық шығыстар сыныптамасының 435 "Мемлекеттік кәсіпорындардың жаңа объектілерін салу және қолданыстағы объектілерін реконструкциялау" ерекшелігі бойынша осы мақсаттарға ағымдағы қаржы жылына көзделген соманың 30 пайызынан аспайтын аванстық (алдын ала) төлем жасауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеме бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының 423 "Мемлекеттік кәсіпорындардың үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын күрделі жөндеу" ерекшелігі бойынша мемлекеттік кәсіпорындардың үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын қалпына келтіруді және күрделі жөндеуді жүргізу үшін республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыруға ағымдағы қаржы жылына көзделген соманың 30 пайызынан аспайтын аванстық (алдын ала) төлемді жүзеге асырады.

Ескерту. 168-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202; 12.07.2017 № 431 бұйрықтарымен

169. Шетелде кадрлар даярлаудың халықаралық бағдарламалары шеңберінде стипендиаттардың оқуын және ғылыми тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру мақсатында экономикалық шығыстар сыныптамасының 164 "Стипендиаттардың шетелде оқуына төлеу" ерекшелігі бойынша ақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі шетелде кадрлар даярлау мен қайта даярлау және біліктілігін арттыру халықаралық бағдарламаларын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі қызметтерді беруші етіп айқындаған заңды тұлғаның (бұдан әрі – Халықаралық бағдарламалар орталығы) өтінімін қоса бере отырып, төлеуге берілген шоттың негізінде жүзеге асырылады.

Халықаралық бағдарламалар орталығы өзінің банктік шотына ақшалай қаражат түскен сәттен бастап он бес жұмыс күні ішінде шетелдің жоғары оқу орындарына (әлемнің ғылыми орталықтары мен зертханаларына), стипендиаттарға, сондай-ақ

Халықаралық бағдарламалар орталығы "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту және "Болашақ" халықаралық стипендиясын жұмсау бағыттарын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысында көзделген қызметтерді көрсетуге шарт жасасқан ұйымдарға шетелде кадрлар даярлаудың халықаралық бағдарламалары шеңберінде стипендиаттардың оқуын және ғылыми тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру үшін ақшалай қаражатты аударуды жүзеге асырады.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бірі күніне Халықаралық бағдарламалар орталығымен шетелде кадрлар даярлаудың халықаралық бағдарламалары шеңберінде стипендиаттардың оқуын және ғылыми тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру үшін ақы төлеуге бөлінген ақшалай қаражатты өздерінің пайдалануы жөнінде салыстыру актісін жасайды.

Ескерту. 169-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

170. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 159 "Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу" ерекшелігі бойынша аванстық (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының мынадай:

ауруларды шетелде емдеуді көздейтін шығыстарды төлеу үшін 70 пайыздан;

алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдардың ауылда қызмет көрсетуін көздейтін шығыстарды төлеу үшін 50 пайыздан;

Мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде "KazEOSat-MR" айыру қабілеті орташа Жерді қашықтықтан зондтау ғарыштық жүйесін құру және пайдалануға беру жөніндегі шығыстарды және ұшқышсыз ғарыш аппараттарын ұшыруға арналған жаңа буынның орта сыныпты ғарыштық мақсаттағы зымыран базасында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру жөніндегі шығыстарды төлеу үшін 50 пайыз;

осы тармақта көзделген шығыстардың тізбесіне енбейтін шығыстарды төлеу үшін 30 пайыздан аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 155 "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі қызметтерді төлеу" ерекшелігі бойынша аванстық (алдын ала) төлемге тек үкіметтік емес ұйымдарға ғана мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындаған кезде ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі.

Ескерту. 170-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 04.10.2023 № 1056 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

171. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 431 "Жаңа объектілер салу және қолданыстағы объектілерді реконструкциялау" ерекшелігі бойынша:

1) мердігерлік ұйым төлеу сомасына жабдықты жеткізу бойынша шарттық міндеттемелерді уақтылы орындауға екінші деңгейдегі банктің кепілдігін берген жағдайда инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде дайындаудың технологиялық мерзімі бір жылдан асатын күрделі энергетикалық жабдықтар құнының;

2) әскери мақсаттағы жаңа объектілерді салуға және қолданыстағы бар объектілерді реконструкциялауға жұмсалатын шығындарға ақы төлеу үшін;

3) мердігерлік ұйым төлеу сомасына жабдықты жеткізу бойынша шарттық міндеттемелерді уақтылы орындауға екінші деңгейдегі банктің кепілдігін немесе азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын ұсынған жағдайда инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде дайындаудың технологиялық мерзімі бір жылдан асатын медициналық жабдықтар мен медициналық техниканың құнының 50 пайыздан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлем жасауға рұқсат етіледі.

Әскери мақсаттағы заттар мен материалдарды сатып алуға жұмсалатын шығындарды төлеуге бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 149 "Өзге қорларды сатып алу" маманданымы бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.

Әскери мақсаттағы көлік құралдарын сатып алуға жұмсалатын шығындарды төлеу үшін бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 413 "Көлік құралдарын сатып алу" маманданымы бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.

Әскери мақсаттағы жабдықтарды сатып алуға жұмсалатын шығындарды төлеуге бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 414 "Машиналар, жабдықтар, құралдар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандарын сатып алу" маманданымы бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.

Ескерту. 171-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 08.06.2020 № 576 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

171-1. "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ұзақ мерзімді шарттары бойынша, сондай-ақ "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландырудың ұзақ мерзімді шарттары бойынша, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру шарттары бойынша

аванстық (алдын-ала) төлем жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес ағымдағы қаржы жылына көзделген шарт сомасының 50 пайызы мөлшерінде жол беріледі.

Ескерту. 2-параграф 171-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

171-2. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою кезінде ағымдағы қаржы жылына көзделген шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлем рұқсат етіледі.

Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған іс-шараларға төтенше резервтен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында көзделген зиянды (нұқсанды) өтеуге арналған шұғыл шығындарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу кезінде шығыстардың әрбір түрі бойынша бөлінген қаражаттың 50% - ынан аспайтын мөлшерде қаржыландыру шарттары болған кезде, уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен қаражат бюджетті атқару жөніндегі орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес негіздейтін құжаттарды ұсынуына қарай одан әрі ақы төлеу үшін қазынашылықтың аумақтық органдарына тиісті рұқсат-хаттарды жібереді.

Ескерту. 2-параграф 171-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 02.08.2019 № 812; жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

171-3. 01.07.2023 дейін қолданыста болды - ҚР Қаржы министрінің 16.11.2021 № 1184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

171-4. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 431 "Жаңа объектілер салу және қолданыстағы объектілерді реконструкциялау" ерекшелігі бойынша биологиялық қауіпсіздік саласындағы объектілерді салу үшін мердігер ұйым жабдықты төлеу сомасына жеткізу жөніндегі шарттық міндеттемелерді уақтылы орындауға екінші деңгейдегі банктің кепілдігін берген жағдайда, дайындаудың технологиялық мерзімі алты ай және одан да көп болатын инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде технологиялық жабдық құнының 100 пайызы мөлшерінде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.

Ескерту. 2-параграф 171-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 27.10.2022 № 1094 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

171-5. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 431 "Жаңа объектілер салу және қолда бар объектілерді реконструкциялау" ерекшелігі бойынша мердігер

ұйымның шарттық міндеттемелерді уақтылы орындауға мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес аванстық төлемді тиісті қамтамасыз етуді ұсынған жағдайда инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде Астанада жылу электр орталықтарын салу үшін ағымдағы қаржы жылына көзделген соманың 75 пайызы мөлшерінде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.

Авансты қамтамасыз етуді енгізу жөніндегі талап қазынашылық сүйемелдеу шеңберінде шарттар жасалған өнім берушілерге қолданылмайды.

Ескерту. 2-параграф 171-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 21.11.2022 № 1176 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

172. Дайындаудың технологиялық мерзімі бір жылдан асатын инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде күрделі энергетикалық жабдықты сатып алуды, мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агентке қаражат төлеуді, қазақстандық астықты экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтерге төлемдерді, науқастарды шетелде емдеуге арналған төлемдерді, ауылда алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету қызметіне төлемдерді қоспағанда, құрылыспен, не ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды реконструкциялаумен, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды және басқа объектілерді күрделі жөндеумен, сондай-ақ ағымдағы шығындар бойынша шарттарда мемлекеттік мекеменің қабылданған тауарлардың, (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) әрбір сомасынан бұрын төлеген авансты тепе-тең ұстау туралы шарты болуы қажет.

Қолдану мерзімі қаржы жылынан асатын шарттар бойынша өткен жылдардан ұсталмаған аванстық сомасы болған жағдайда, жаңа қаржы жылында төленуге жататын аванс, атқарылған жұмыстар көлемімен бұрын төленген аванс толық өтелгеннен кейін төленеді.

Ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдар мен басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты жұмыстарға ақы төлеу тұтастай алғанда шарттың жалпы сомасының тоқсан бес пайызы шегінде жүргізіледі. Қолдану мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын шарттар бойынша шарттың жалпы сомасынан бес пайызды ұстауды мемлекеттік мекеме объектіні аяқтаудың соңғы жылында жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның резервінен қаражат бөлінген жағдайда, сондай-ақ қаражат объектіні салуды бастауға бөлінгенде, ағымдағы қаржы жылына аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарттар бойынша бес пайызды ұстау жүргізілмейді. Бұл ретте көрсетілген жағдайларда объектілер бойынша ағымдағы қаржы жылына түпкілікті төлем аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік мекеме ұсынған орындалған жұмыстардың актісі негізінде жүргізіледі.

Егер шарттарда кепілді кезеңде ықтимал ақаулықтарды жоюға бес пайыз мөлшерінде кепілді ұстау туралы талаптар көзделсе, осы кепілді ұстау объектіні пайдалануға қабылдау актісіне сәйкес орындалған жұмыстар үшін түпкілікті төлеуге жататын сомалардан жүргізіледі. Бұл ретте бес пайыз мөлшеріндегі кепілді ұстаудың түпкілікті сомасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген мемлекеттік мекеменің ақшаны уақытша орналастыру шотына енгізіледі.

Ескерту. 172-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 16.11.2021 № 1184 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

173. Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыруды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агентке ақша қаражатын аудару шартқа сәйкес астықты көктемгі-жазғы қаржыландыруға және күзгі сатып алуға арналған сома мөлшерінде біржолғы төлемақы жасау жүзеге асырылады.

Ескерту. 173-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202 бұйрығымен.

174. Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзитпен экспортқа қазақстандық астықты тасымалдау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 100 пайызы мөлшерінде біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

174-1. Әдіснаманы әзірлей және Қазақстан Республикасының заңнамасына бейімдей отырып, Blockchain технологиясын пайдаланып, қосылған құн салығына салықты әкімшілендіру бойынша талдамалық зерттеулер қызметтерін сатып алғаны үшін аванстық (алдын ала) төлемге шарттың сомасынан 100 пайыз мөлшерде жол беріледі.

Ескерту. 2-параграф 174-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.11.2017 № 694 бұйрығымен.

174-2. Тергеп жатқан қылмыстық істер шеңберінде қылмыстық қудалау органдары алып қойған шетел валютасы мен басқа құндылықтарды сақтаумен байланысты қызметтері үшін аванстық (алдын ала) төлемге шарттың сомасынан 100 пайыз мөлшерде жол беріледі.

Ескерту. 2-параграф 174-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 04.05.2018 № 506 бұйрығымен.

175. Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруды және пайдалануды жүзеге асыру кезінде мамандандырылған ұйымға ақша қаражатын аудару 100 (жүз) пайыз мөлшерінде біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

176. Егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, мерзімді баспаны және почта байланыс қызметтерін сатып алу кезінде шарт сомасының 100 пайызы мөлшерінде аванстық (алдын ала) төлемақы жасауға жол беріледі.

Ескерту. 176-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

177. Қаражатты Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталын ұлғайтуға аударған кезде ағымдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру жоспары сомасының 100 пайызы мөлшерінде аванстық (алдын ала) төлем жасауға жол беріледі.

178. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 151 "Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу" ерекшелігі үшін аванстық (алдын ала) төлемге рұқсат етілмейді.

Егер жалға алу шартына сәйкес депозиттік соманы төлеу туралы банк кепілдігін беру туралы талап көзделсе, үй-жайды жалға алғаны үшін аванстық (алдын ала) ақы төлеуге Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінің жалға алу сомасын төлеуге ғана рұқсат етіледі.

Ескерту. 178-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

179. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу қорытындысы бойынша жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша аванстық (алдын ала) төлемге жол берілмейді.

180. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныстық тапсырысы шеңберінде жасалған шарттар бойынша аванстық (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына көзделген шарт сомасының 75 пайызынан аспайтын мөлшерде жол беріледі.

181. Standard&Poor's, Moody's және Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттіктермен (оның ішінде олар басқа заңды тұлға болып қайта ұйымдастырылған жағдайда) өзара іс-қимыл жасау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу олармен жасалған шарттарда немесе келісімдерде көрсетілген талаптар мен мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

182. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жасалған шартта міндетті түрде осы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған не тиісінше орындалмағанына жауапкершілігі көзделеді.

Ескерту. 182-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

183. Мемлекеттік мекемелердің өткен қаржы жылының желтоқсанында ұсынылған төлеуге берілетін құжаттар бойынша ағымдағы қаржы жылына жасалған шарт бойынша ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанында көрсетілген қызметтер (

коммуналдық қызметтер, қоқысты шығару қызметтері, байланыс қызметтері, телерадио хабарларын тарату қызметтері, әскери қызметшілерді тамақтандыруды ұйымдастыру қызметтері) үшін төлеуіне жол беріледі.

Ағымдағы қаржы жылына жасалған шарт бойынша, өткен қаржы жылындағы желтоқсан үшін төлеуге берілетін құжаттар бойынша ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанында көрсетілген көлік қызметтері және ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу үшін мемлекеттік мекемелердің төлеуіне рұқсат етіледі.

Ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанында өткен қаржы жылы үшін жасалған шарт бойынша тауарға билік ету құжаттары (талондар/отын карталары) бойынша немесе ағымдағы қаржы жылының қаңтарында өткен қаржы жылының желтоқсанына жазып берілген төлеуге берілетін құжаттар бойынша автожанармай құю станцияларынан алынған мұнай өнімдері үшін мемлекеттік мекемелердің төлеуіне жол беріледі.

Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.01.2023 № 13 бұйрығымен.

183-1. Секвестр салдарынан және/немесе тиісті бюджеттердің ҚБШ-да ақша болмаған не жеткіліксіз болған кезде туындаған есепті жылдың азаматтық-құқықтық мәмілелері бойынша мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламалары бойынша кредиторлық берешекті өтеу келесі қаржы жылында бөлінген қаражат есебінен жүргізіледі.

Ескерту. Ереже 183-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.12.2014 № 583 бұйрығымен.

184. Халықаралық ұйымдармен және донор-елдермен өзара іс-қимыл бойынша қызметтерді төлеу байланыс гранттар шеңберінде олармен жасалған халықаралық шарттарда белгіленген талаптар мен мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

185. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарттарға қосымша келісімдер мынадай:

бюджетті нақтылаған, түзеткен;

мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзімде тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілген тізбе бойынша күн сайынғы немесе апта сайынғы қажеттіліктегі тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданысы конкурс не аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейінгі және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге ұзартылған жағдайда, тапсырыс берушінің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының нормаларына сәйкес әлеуеттік өнім берушіні таңдауға негіз болып табылған сапасы

мен басқа да талаптары өзгермеген жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартқа өзгеріс енгізу;

тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алынатын белгілі бір нарықта үлестері жүз пайызға тең басым (монополия) жағдайға ие субъектілермен не оның қызметінің негізгі мәні бойынша мемлекеттік монополия субъектісімен шарттың сомасы өзгерген;

шарттың жалпы сомасын өзгертпей, қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асып кететін шарттың жоспарлы кезеңінің екінші және үшінші жылдарға базалық шығыстары өзгерген жағдайда ағымдағы қаржы жылына арналған сомасы өзгерген;

ББС-ке өзгерістер енгізген;

тараптардың деректемелері өзгерген;

жасасқан шарттық талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте шартты бұзған;

өткен жылы орындалмаған және бюджет қаражатының қалдықтары және/немесе осы Ереженің көрсетілген шығыстар бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферттің аударылмаған сомасы есебінен ағымдағы қаржы жылында қаржыландыруға жататын шарттың қолданылу мерзімі ұзартылған жағдайларда жасалады. Көрсетілген шарттардың қолданылу мерзімін ұзарту тиісті бюджет комиссиясының ұсынысы бойынша жүргізіледі, ол оң қорытынды берген кезде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне тиісті қаулылардың жобаларын енгізеді;

шарт бойынша міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) қолдану, егер шартта осы талап көзделген болса, бұл ретте тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалу, мемлекеттік мекеме ақша алушымен мемлекеттік мекеменің тиісті бюджет кірісіне тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімақы) сомасын аударуы туралы қосымша келісім жасасу жолымен жүзеге асырылады. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалу сол шарт жасалған ерекшелік бойынша жүргізіледі;

мемлекеттік тапсырмаларды іске асырумен, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда мерзімі бір қаржы жылынан асатын жұмыстарды, қызметтерді көрсетумен байланысты жасалған шартқа өзгеріс енгізілген жағдайда жасалады.

Ескерту. 185-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

186. Мемлекеттік мекеменің екінші деңгейдегі банктермен және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдармен (бұдан әрі - банк) құқықтық қатынастары Қазақстан Республикасы банк заңнамасының және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделеді.

3-параграф. Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу үшін мемлекеттік мекемелер ұсынатын құжаттардың тізбесі

187. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу мемлекеттік мекеменің шартын немесе тіркелген шартқа қосымша келісімді тіркеу үшін жасалатын және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынылатын ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық үлгісі қалыптастырылады және жіберіледі) азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінім негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған шарт тараптардың келісімі бойынша біржақты тәртіппен бұзылған кезде, мемлекеттік мекеме "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесіне "Электрондық мемлекеттік сатып алу" автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі – "Электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ) беру арқылы нөлдік сомамен азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге береді.

Өтінімге міндеттемелерді тіркеу туралы хабарламалардың нөмірлері мен күні, шартты бұзу себебі, сондай-ақ өзгерген жағдайда шарттың сомасы көрсетілетін түсіндірме жазба қоса беріледі.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың нормаларын қолданбай жасалған шартты бұзған кезде, мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге өтінімді нөлдік сомамен "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы қалыптастырады және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынады.

Өтінімге түсіндірме жазба қоса тіркеледі, онда міндеттемелерді тіркеу туралы хабарламалардың нөмірлері мен күндері, шартты бұзу себебі және қосымша келісімнің түпнұсқасынан (шарт тараптардың келісімі бойынша бұзылған кезде) не сот мөрінің бедерімен куәландырылған, заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесінен не заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесінен сканерленген сурет не заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесі көрсетіледі мемлекеттік мекеме басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған "Сот кабинеті" АЖ арқылы электрондық форматта алынған (сот шешімі бойынша бұзылған кезде) егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында не тараптардың келісімінде көзделмеген болса, бір айдан кеш емес мерзімде жасалған шарттың орындалуынан біржақты бас тарту туралы хабарлама-хаттың көшірмесін ұсынады. Бұл ретте хабарлама-хатта шарт бойынша екінші тараптың хабарламаны алғаны туралы белгі (мөртабан не тиісті қол) не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де растаманы қамтуы тиіс.

Шарт қағаз тасығышта бұзылған кезде, мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қағаз тасығышта не мемлекеттік мекеменің хатымен бірге

электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы шарттың бұзылған растайтын жоғарыда көрсетілген құжаттардың көшірмесін ұсынады (хатта міндеттемелерді тіркеу туралы хабарламалардың нөмірлері мен күні, шартты бұзу себебі, сондай-ақ өзгерген кезде шарттың сомасы міндетті түрде көрсетіледі), бұл ретте қағаз жеткізгіштегі құжаттардың көшірмелері аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

Осы Ереженің 65-тармағында көзделген жоспарлы тағайындаулар мен кассалық шығыстарды көшірген кезде тапсырыстарды (хабарландыруларды) жабу (жою) тиісті нормативтік құқықтық актінің, сондай-ақ шартты тіркеу туралы хабарламаның нөмірі, күні, сомасы және қалдық сомасы көрсетіле отырып, мемлекеттік мекеме хатының негізінде жасалады.

Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімнің шынайылығы және ресімделу дұрыстығын мемлекеттік мекеме қамтамасыз етеді.

Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

187-1. Кредиторлық берешек секвестр салдарынан және/немесе тиісті бюджеттердің ҚБШ-да ақша болмаған не жеткіліксіз болған кезде пайда болғанда - жасасқан шарттарды тіркеу міндетті болып табылатын шығыстардың түрлері бойынша мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне кредиторлық берешек өтелетін айдың 1-і күніне кредиторлық берешек пайда болған шарттың көшірмелерін қоса беріп (тіркей отырып) кредиторлық берешек сомасына азаматтық-құқық мәмілені тіркеуге өтінімді және кредиторлық берешектің болуын және сомасын растайтын салыстырмалы акті ұсынады. Салыстырмалы актіге мемлекеттік мекеменің және өнім берушінің басшылары қол қоюы тиіс.

Сондай-ақ өтінімдердің және міндеттемені тіркеу туралы хабарламалардың нөмірлері (шарттың № мен күні және болған кезде қосымша келісім № мен күні) мен берешектің пайда болу себебі көрсетілген түсіндірме жазба ұсынылады.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған үкіметтік сыртқы қарыздар шеңберінде жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша туындаған кредиторлық берешек болған кезде, жасасқан шарттарды тіркеу міндетті болып табылатын шығыстардың түрлері бойынша Республикалық бюджет комиссиясының оң қорытындысы болған кезде - мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне кредиторлық берешек өтелетін айдың 1-і күніне кредиторлық берешекті өтеуге арналған шарттың, кредиторлық берешектің пайда болу себебі көрсетілген түсіндірме жазба көшірмелерін қоса беріп (тіркей отырып) кредиторлық берешек сомасына азаматтық-құқық мәмілені тіркеуге өтінімді және кредиторлық берешектің болуын және сомасын растайтын салыстырып тексеру актісін ұсынады. Салыстырмалы актіге мемлекеттік мекеменің және өнім берушінің басшылары қол қоюы тиіс.

Азаматтық-құқықтық мәмілені міндетті түрде тіркеуді талап етпейтін шығыстардың ерекшеліктері мен түрлері бойынша мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне кредиторлық берешекті өтейтін айдың 1-і күнгі жағдай бойынша салыстырмалы актіні қоса беріп (тіркей отырып) төлеуге берілетін шотты ұсынады.

Төлеуге берілетін шоттың "Төлемнің мақсаты" деген ашық жолағында қосымша кредиторлық берешектің пайда болу себебі көрсетіледі.

Кредиторлық берешектің өтелуі кредиторлық берешек пайда болған ерекшелік бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 187-1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 14.12.2018 № 1089 ; өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

187-2. Мемлекеттік мекеменің есептілігінде көрсету шартымен мемлекеттік мекеменің өткен қаржы жылының халыққа мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін берешекті ағымдағы қаржы жылының қаражаты есебінен берешекті өтеуге шарт жасасу жолымен төлеуіне жол беріледі.

Ол үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне берешекті өтеуге шарт пен берешек өтелетін айдың 1-не берешектің бар екенін және сомасын растайтын салыстырып тексеру актісінің түпнұсқасы мен көшірмелерін ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде түпнұсқадан сканерленген түрін) қоса беріп (тіркей отырып) берешек сомасына азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге өтінім ұсынады. Салыстырып тексеру актісіне мемлекеттік мекеме мен өнім берушінің басшылары қол қоюы тиіс.

Сондай-ақ халыққа көрсетілген мемлекеттік қызмет бойынша берешектің туындау себептерін көрсете отырып, түсіндірме жазба қоса беріледі.

Халыққа көрсетілген мемлекеттік қызмет бойынша берешектің өтелуі берешек пайда болған ерекшелік бойынша жүргізіледі.

Ескерту. Ереже 187-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

187-3. 31.12.2019 дейін қолданыста болды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.08.2019 № 895 бұйрығымен.

188. Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінім аумақтық қазынашылық бөлімшесіне шарттың (қосымша келісімнің) түпнұсқасын және көшірмесін қоса бере отырып қағаз тасығышта 2 данада ұсынылады, бұл ретте тіркелген шарттың (қосымша келісімнің) қағаз тасығышта көшірмесі аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

Қарыз (грант) туралы шарт шеңберінде шартты тіркеу үшін азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімді мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы

ратификациялаған мемлекеттік қарыз туралы халықаралық шарт шеңберіндегі немесе байланысты гранттар бойынша осы шартты қоса бере отырып, қағаз тасығышта ұсынады.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалуы көзделген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алуға азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінім аумақтық қазынашылық бөлімшесіне "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы " электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың (қосымша келісімнің) деректерін " Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы беру жолымен ұсынылады.

Науқастарды шетелде емдеуді көздейтін шығыстар бойынша азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу үшін мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеуге өтінімді қағаз тасығышта аумақтық қазынашылық бөлімшесіне шарттың әр парағы мемлекеттік мекеме мөрі бедерінің түпнұсқасымен расталған көшірмесін қоса бере отырып ұсынады. Мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне міндеттеме бойынша түпкілікті төлемді берген кезде бір мезгілде шарттың түпнұсқасын ұсынады.

Ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайларды, құрылыстарды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шартты тіркеу үшін азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімді мемлекеттік мекеме жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы, жобалау-іздістіру жұмыстарын әзірлеу жөніндегі қызмет және олардың мемлекеттік сараптамасы шарттың құнына енгізілген шартты қоспағанда, Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес белгіленген жобалау-сметалық құжаттаманы бекіту туралы мемлекеттік орган бұйрықтың көшірмесін, жобалау-сметалық құжаттаманың қолданылу мерзімі шегінде жобалау-сметалық құжаттама бойынша, ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысының көшірмесін міндетті түрде қоса бере отырып қағаз тасығышта ұсынады.

Астанада жылу электр орталықтарын салуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде жасалған шарттарды (қосымша келісімді) тіркеу үшін, азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімге аванстық (алдын ала) төлем көзделген сатып алынатын күрделі энергетикалық жабдықтың құны туралы мәліметтерді көрсете отырып, қосымша түсіндірме жазба қоса беріледі.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған, осы тармақта санамаланған құжаттардың түпнұсқасынан құжаттардың сканерленген түрлерін тіркей отырып, өтінімнің электрондық түрі қалыптастырылады.

"Электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ-де жасалған ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайларды, құрылыстарды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шартты тіркеу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың деректерін "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы беру жолымен ұсынатын азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімге жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі қызмет, жобалау-іздістіру жұмыстары мен олардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасы шарттың құнына енгізілген шартты қоспағанда, Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес белгіленген жобалау-сметалық құжаттаманың қолданыс мерзімі шегінде жобалау-сметалық құжаттама бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысының түпнұсқасынан, ЖСҚ-ны бекіту туралы мемлекеттік орган бұйрықтың көшірмесін сканерленген түрін тіркейді.

Бұл ретте "Электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ-да Түркістан қаласындағы құрылыс объектілері, сондай-ақ коронавирустық инфекцияға қарсы иммундық-биологиялық препараттарды шығаратын биофармацевтикалық зауытты салу бойынша жасалған шарттарды тіркеу, құрылыс объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың түпкілікті оң қорытындысы алынған кезде кейіннен шарттардың жалпы құнын түзете отырып, жобалау-сметалық құжаттама бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын кезең-кезеңімен алу негізінде жүзеге асырылады.

"Электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ арқылы түскен азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімге міндеттемелерді тіркеу туралы хабарламаның нөмірі мен күні, шарттың талаптарын өзгерту себептері, сондай-ақ өзгерген кезде шарттың сомасы көрсетілетін қосымша келісімді тіркеу кезінде мемлекеттік мекеменің жобалау-сметалық құжаттаманы бекіту туралы бұйрығының көшірмесі мен түсіндірме жазба бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын қоспағанда, осы тармақта көрсетілген құжаттардың түпнұсқасынан сканерленген түрлерін тіркеу талап етілмейді.

Мемлекеттік сатып алу веб – порталы арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу жөніндегі талаптар қолданылмайтын мемлекеттік-жекешелік әріптестік (концессия) шарттары (қосымша келісімдері) бойынша міндеттемелерді қабылдау үшін мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімге Мемлекеттік сатып алу туралы шартты/қосымша келісімді тіркеу туралы куәліктің көшірмесін (сканерленген бейнесін) қосымша ұсынады-жеке серіктестік/концессия.

Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189. ҚБАЖ-да ақша алушы болмай қалған жағдайда, азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімге осы Ереженің 188-тармағында көзделген құжаттардан басқа, "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қағаз тасығышта немесе электрондық түрде осы Ережеге 64 және 73-қосымшаларға сәйкес (мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған сканерленген үлгілерін тіркей отырып) мемлекеттік мекеме ақша алушыны Ақша алушылардың анықтамалығына енгізуге арналған өтінімді мынадай құжаттарды:

1) заңды тұлға үшін:

заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың (электрондық үкімет порталынан) көшірмесі/резидент еместі салық төлеуші ретінде тіркеу туралы тіркеу куәлігінің көшірмесін;

нөмірін көрсете отырып, банктік шотының бар екені туралы банктің анықтамасын;

2) жеке тұлға үшін:

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін/шетелдіктің тұру ықтиярхаты немесе дара кәсіпкер ретінде ісін бастау туралы хабарлама/ "Электрондық үкімет" веб-порталынан немесе "Е-лицензиялау" порталынан растау, жеке нотариус, адвокат, жеке сот орындаушысы ретінде қызмет етуге құқық беретін уәкілетті органмен берілген лицензия немесе "Электрондық үкімет" веб-порталынан немесе "Е-лицензиялау" порталынан растау;

нөмірін көрсете отырып, банктік шотының бар екені туралы банктің анықтамасын;

3) делдал банк үшін (делдал банк арқылы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге төлемдерді ұлттық валютада жүргізу кезінде):

делдал банктің деректемелерін ресми растайтын құжатты;

4) ақшаны шетел валютасында алушы үшін:

бенефициардың, бенефициар банктің, делдал банктің деректемелерін ресми растайтын құжатты (бар болса) жеке тұлғалар үшін қосымша жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

ақша алушының толық деректемелерін көрсете отырып, мемлекеттік мекеменің растау хатын қоса бере отырып ұсынады.

Тыйым салынған және тәркіленген мүлікті сату жөніндегі аукцион қатысушыларына кепілдендірілген жарнаны қайтару туралы өтінімді ресімдеу кезінде "Қазынашылық-клиент" АЖ-да жоғарыда көрсетілген құжаттар қосымша берілмейді, аукцион қатысушысынан соманың түсу фактісін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі қоса беріледі.

ҚБАЖ-да ақша алушының деректемелері өзгерген (болмаған) жағдайда, мемлекеттік мекеме өзгерістер енгізілетін деректемелерді растайтын осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген тиісті құжаттарды (мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған сканерленген түрлерін тіркей отырып) қоса бере отырып, осы Ережеге 65 және 75-қосымшаларға сәйкес ақша

алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге арналған өтінімді "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде береді.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде берілетін азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімді жасау кезінде мемлекеттік мекеменің ақша алушысы болмаған жағдайда мемлекеттік мекеме ҚБАЖ-да Ақша алушылардың анықтамалығында осы ақша алушының бар-жоғын тексеруді жүзеге асырады, ҚБАЖ-да Ақша алушылардың анықтамалығында қажетті ақша алушы болған кезде мемлекеттік мекеме осы Ережеге 65-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім қалыптастырады.

Осы Ережеге 64, 65, 73 және 75-қосымшаларға сәйкес өтінімді толтырған кезде жеке тұлға үшін "Ақша алушының атауы" ашық жолағында жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (немесе) бар болса жеке кәсіпкерді ретінде ісін бастау туралы хабарлама / "Электрондық үкімет" веб-порталынан немесе "Е-лицензиялау" порталынан растауына сәйкес атауы көрсетіледі.

Ақша алушы қайта ұйымдастырылған кезде растау құжаттарын ұсына отырып осы Ереженің 64А және 65А қосымшаларына сәйкес өтінім толтырады.

Ақша алушыны енгізуге және ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге өтінімнің ресімделуінің және жасалуының шынайылығына, дұрыстығына мемлекеттік мекеме жауапты болады.

Электрондық үкімет порталынан растау құжаттарының қолданылу мерзімі күнтізбелік он күннен аспайды.

Ескерту. 189-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

190. Мемлекеттік мекеме қағаз жеткізгіштегі өтінімдерді өткізген кезде азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 187, 188 және 189-тармақтарында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Ереженің 76-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілесін тіркеуге арналған өтінімдердің тізілімін береді. "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімдерді жүргізу кезінде өтінімдер тізілімі ұсынылмайды.

Мемлекеттік мекеме шарт жасасқан немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің жергілікті атқарушы органдардың, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің шешімдеріне сәйкес міндеттеме қабылдаған кезде мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органдардың, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің) тиісті шешімдерінің көшірмелерін (мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасы ЭЦҚ қол қойған сканерленген түрлерін тіркейді) қосымша ұсынады.

Ескерту. 190-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543; 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

191. Қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асып кететін шарт ағымдағы қаржы жылының міндеттемелер бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған және жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына базалық шығыстарының қаржыландырудың жеке жоспарларында бекітілген сомасына аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеледі.

Келесі жылдары аталған шартты қайта тіркеу азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімнің негізінде жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына базалық шығыстардың нақтыланған өлшемдерінің сомасына жүргізіледі. Бұл ретте, өтінімге өткен қаржы жылының міндеттемесін тіркеу туралы соңғы хабарламаның күні мен нөмірі көрсетілген мемлекеттік мекеменің түсіндірме жазбасы қоса тіркеледі.

Мемлекеттік мекеме 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған шарттар бойынша азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтініммен бірге аумақтық қазынашылық бөлімшесінің белгісі соғылған шартты қосымша келісімдермен бірге (олар жасалған жағдайда) ұсынады.

Ескерту. 191-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

192. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

4-параграф. Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімді ресімдеу және ұсыну

193. Ағымдағы қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілесін тіркеуге арналған өтінім (бұдан әрі - ағымдағы қаржы жылына арналған өтінім) осы Ереженің 77-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады, "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша осы Ереженің 78-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жіберіледі.

Міндеттемелер бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған және жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған базалық шығыстардың азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімі (бұдан әрі - жоспарлы кезеңге арналған өтінім) осы Ереженің 79-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады, "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша осы Ереженің 80-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жіберіледі.

194. Өтінім мынадай түрде толтырылады:

1) "Мемлекеттік мекеменің коды" ашық жолағында мемлекеттік мекеменің жеті мәннен тұратын коды көрсетіледі, "Бюджет түрі" ашық жолағында қаражаты есебінен мемлекеттік мекеме ұсталатын бюджет түрін білдіретін нышан көрсетіледі:

01 - республикалық бюджет;

02 - облыстық бюджет (республикалық маңызы бар қала (астана) бюджеті);

03 - аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет;

06 - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті;

"Қазынашылық-клиент" АЖ-дағы "Мемлекеттік мекеменің коды", "Мемлекеттік мекеменің атауы", "Бюджеттің түрі" ашық жолақтары "Азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінім" нысанын ашқан кезде автоматты түрде жасалады;

2) "Қаржыландыру көзі" ашық жолағында қаражаты есебінен шарт жасасқан қаржыландыру көзінің түрін білдіретін нышан көрсетіледі:

1 - үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша ортақ қаржыландыру қаражатын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен;

2 - үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша ортақ қаржыландыру қаражаты есебінен;

3 - мемлекеттік мекеменің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша есебінен;

3) "№ өтінім" ашық жолағында мемлекеттік мекеменің жеті мәннен тұратын кодын, бөлшек арқылы тіркеу жүзеге асырылатын ағымдағы қаржы жылының соңғы 2 санынан, дефис арқылы мемлекеттік мекеменің өтінімдерін тіркеу журналындағы жазбаның реттік нөміріне сәйкес келетін реттік нөмірден тұратын өтінім нөмірі көрсетіледі;

4) "Күні" ашық жолағында өтінім жасалған күн көрсетіледі;

5) "Мемлекеттік мекеменің атауы" ашық жолағында мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке/анықтамаға сәйкес келетін мемлекеттік мекеменің толық атауы көрсетіледі. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі мен мемлекеттік мекеменің жұмысын қиындатпайтын ұйымдық-құқықтық нысанның атауын және мемлекеттік мекеменің атауын қысқартуға жол беріледі;

6) "Шығыстың сипаттамасы" ашық жолағында шығыстардың экономикалық сыныптамасының құрылымына сәйкес жасасқан шарттың мәні көрсетіледі. Қазақстан Республикасының резиденті емеспен жасалған және Қазақстан Республикасынан тыс жерде ұлттық валютада одан әрі төлемді көздейтін шартты тіркеу кезінде осы жолақта қосымша резидент емес ақша алушының атауы мен деректемелері көрсетіледі;

7) "Шығыстардың бюджеттік сыныптама коды" ашық жолағында тоғыз мәннен тұратын ҚР БСК шығыстардың бюджеттік сыныптамасының бірыңғай коды (бюджеттік бағдарлама әкімшісі, бюджеттік бағдарлама, кіші бағдарлама кодтарының 3 мәнін білдіретін) және 3 мәннен тұратын шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің коды көрсетіледі; мемлекеттік мекеменің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша есебінен жасалған шартты тіркеу үшін тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлерінің коды қосымша көрсетіледі;

8) "Ақша алушының атауы, ЖСН (БСН), ЖСК, ақша алушы банктің атауы және БСК" ашық жолағында заңды тұлға үшін толық атауы және жеке тұлғаның толығымен тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (немесе) бар болса дара кәсіпкер ретінде ісін бастау туралы хабарлама / "Электрондық үкімет" веб-порталынан немесе "Е-лицензиялау" порталынан растау, жеке нотариус, адвокат, жеке сот орындаушысы ретінде қызмет етуге құқық беретін уәкілетті органмен берілген лицензия немесе "Электрондық үкімет" веб-порталынан немесе "Е-лицензиялау" порталынан растау, жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) және оның банктік деректемелері (оған қызмет көрсететін банктің ЖСК, атауы және БСК) көрсетіледі; аумақтық қазынашылық бөлімшесінің, мемлекеттік мекеменің, ақша алушының және қызмет көрсетуші банктің жұмысын қиындатпайтын мемлекеттік мекеменің, ақша алушының және қызмет көрсетуші банктің атауын және ұйымдық-құқықтық нысанының атауын қысқартуға жол беріледі. Қазақстан Республикасының резиденті емеспен шетел валютасында жасалған шартты тіркеген жағдайда, осы жолақта резидент еместің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректемелері көрсетіледі. Қазақстан Республикасының резиденті емеспен жасалған және Қазақстан Республикасынан тыс ұлттық валютада одан әрі төлемді көздейтін шартты тіркеу кезінде осы жолақта жолақта делдал-банктің деректемелері көрсетіледі;

"Қазынашылық-клиент" АЖ-да "Ақша алушының атауы, ЖСН (БСН), ЖСК, ақша алушы банктің атауы және БСК" ашық жолағы Ақша алушылардың анықтамалығынан таңдап алынады;

9) "Валюта айырбастаудың ресми бағамы" ашық жолағында теңгенің шетел валютасына ресми бағамы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық мәміленің тіркелген күніне белгіленген бағамына көрсетіледі;

10) ағымдағы қаржы жылына арналған өтінімнің "Сомасы" ашық жолағында ағымдағы қаржы жылы мерзіміне арналған шарттың сомасы санмен көрсетіледі;

11) жоспарлы кезеңге арналған өтінімнің "Жалпы сомасы" ашық жолағында қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын шарттың жалпы сомасы санмен көрсетіледі;

12) "ағымдағы қаржы жылының сомасы" ашық жолағында ағымдағы қаржы жылының сомасы санмен көрсетіледі;

13) "№ базалық шығыстар сомасы" ашық жолағында жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарындағы базалық шығыстарының сомасы санмен көрсетіледі, үш жылдан асатын болған жағдайда қалған сома жоспарлы кезеңнің үшінші жылдың базалық шығыстарында жалпы сомамен көрсетіледі;

14) ағымдағы қаржы жылына арналған өтінімнің "(Сомасы жазбаша)" ашық жолағында шарттың сомасы жазбаша көрсетіледі (шетел валютасындағы шарт

бойынша өтінім сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеу күніне белгіленген шетел валютасына теңгенің ресми бағамы бойынша есептелген ұлттық валютада келтіріледі);

15) қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын жоспарлы кезеңге арналған өтінімнің "(Сомасы жазбаша)" ашық жолағында ағымдағы қаржы жылының шарт сомасы жазбаша көрсетіледі;

"Басшылардың қолы" бөлімінде құжатқа қол қойған тұлғаның лауазымының атауы; орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның), ал мұндайлар болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығына сәйкес мемлекеттік мекеменің бірінші және екінші қол қою құқығы бар уәкілетті тұлғаларының жеке қолы және қолының таратылып жазылуы (атының бас әрпі мен тегі) көрсетіледі. Лауазымның атауының алдында "Үшін" деген көмекші сөзді, қолдан жазылған "Орынб." деген жазу немесе қАЖЫҚ сызық (бөлшек) қоюға жол берілмейді. Қолдар қол мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес қойылады. Қол қою кезінде жарыққа төзімді сия пайдаланылады, ұшып кететін сиялар құйылған фломастермен және автоқаламмен қол қоюға және қолды факсимильді көшіру құралдарын пайдалануға жол берілмейді. Елтаңбалық мөр бедерін қойған кезде Қызыл ("Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі" мемлекеттік мекемесін қоспағанда), кара және жасыл түсті мастиканы пайдалануға тыйым салынады, бедер анық және анық қойылады. "Қазынашылық–клиент" АЖ-да ЭЦҚ қойылады;

16) "құжат – негіздеме" ашық жолағында шарттың (қосымша келісімнің) нөмірі мен күні көрсетіледі;

мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жасалған шартты біржақты бұзу кезінде шартты біржақты бұзу туралы хабарламаның нөмірі мен күні көрсетіледі;

мемлекеттік – жекешелік әріптестік (концессия) шарттары бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі " е-Қаржымині" АЖ арқылы берген мемлекеттік-жекешелік әріптестік (концессия) шартын (қосымша келісімді) тіркеу туралы куәліктің тіркеу нөмірі мен күні көрсетіледі ;

17) "аванстық (алдын ала) төлем мөлшері (%)" ашық жолағында шарттың талаптарында көзделген аванстық (алдын ала) төлем мөлшерінің пайыздық арақатынасы көрсетіледі;

18) "сомасы" ашық жолағында аванстық (алдын ала төлем) сомасы цифрлармен көрсетіледі.

Өтінімнің деректемелерін қолмен қандай да бір түзетуге және дұрыстауға жол берілмейді.

Ескерту. 194-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586; 26.02.2016 № 87; 11.11.2016 № 597; 12.07.2017 № 431; 06.09.2017 № 543; 26.03.2021 №

251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

195. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілесін тіркеуге өтінімдерді тіркеу журналын (бұдан әрі—журнал) мемлекеттік мекеме осы Ереженің 81-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүргізеді. Журнал беттердің жалпы санын көрсете отырып, нөмірленеді, тігіледі және елтаңбалы мөр бедерімен және орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адамның), ал олар болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеме басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның қойылған қолымен нықталады. Жазбалар хронологиялық тәртіппен жүргізіледі, өтінімнің жасалған күні журналда көрсетілген күнге сәйкес келеді. Ағымдағы қаржы жылы аяқталғанда журналда бос беттер болған кезде оны келесі жылы пайдаланылады, бұл ретте жазбалардың нөмірлері басынан басталады.

Ескерту. 195-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2021 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

196. Шартты бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде бірнеше бюджеттік кіші бағдарлама бойынша немесе бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының бірнеше ерекшелігі бойынша жасасқан кезде өтінімдер бюджет шығыстарының әрбір бюджеттік сыныптаманың әрбір коды (бұдан әрі - шығыстардың БСК-сі) бойынша шарт сомасын көрсете отырып, әрбір бюджеттік кіші бағдарлама бойынша немесе шығыстардың әрбір БСК-сі бойынша шарт сомасы көрсетіле отырып жасалады және беріледі ("Қазынашылық-клиент" АЖ қалыптасады және жіберіледі).

197. Аумақтық қазынашылық орган барлық жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы мемлекеттік мекемелерден түскен өтінімдерді қабылдауды жүзеге асырады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде түскен өтінім келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей орындалады не орындамай қайтарылады.

Ескерту. 197-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

198. Қосымша келісімді тіркеуге арналған өтінім қосымша келісімнің деректемелерін ескере отырып, осы Ережеде көзделген тәртіппен толтырылады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ-да өтінімді қалыптастыру кезінде мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылған өтінімнің электрондық түріне растау құжаттарымен бірге міндеттемені тіркеу туралы хабарламалардың нөмірлері мен күні, шарт талаптарының өзгеру себебі, сондай-ақ өзгерген кезде шарт сомасы

көрсетілетін мемлекеттік мекеменің түсіндірме жазбасы қоса тіркеледі, қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын шарттар бойынша-шығыстар БСК бөлінісінде жылдар бойынша бөлінген сомалар, олар өзгерген кезде.

Шарт сомасы, шарттың жалпы сомасы (жылдар бойынша бөлінген шығыстардың БСК бойынша сомасы) немесе тараптардың деректемелері (атауын қоспағанда) өзгерген кезде мемлекеттік мекеме бұрын орындалған міндеттемелерді (кассалық шығыстарды) шегере отырып, шарттың жаңа сомасына арналған өтінімді ұсынады ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша жібереді).

Қосымша келісімді тіркеу үшін Шарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) ұсталған кезде, мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге екі өтінім береді (бір өтінім ұсталған тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын шегере отырып, шарт сомасына, екіншісі ұсталған тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасына беріледі). айыппұл).

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған қосымша келісімді тіркеу кезінде мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге екі өтінім береді (бір өтінім ұстап қалынған тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын шегере отырып, шарт сомасына, екіншісі ұстап қалынған тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасына "электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ-дан деректерді беру арқылы беріледі") "Қазынашылық-клиент" АЖ-да көрсетіледі.

Бұл ретте мемлекеттік мекеменің өтінімдер беруі негізгі шарт бойынша "түпкілікті" мәртебесі бар төлем жүргізілгенге дейін жүзеге асырылады.

Шарт сомасын кассалық шығыс сомасына дейін азайтуға арналған қосымша келісімді не қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын, ағымдағы қаржы жылына арналған сома ішінара не толық жоспарлы кезеңнің екінші және/немесе үшінші жылына ауыстырылатын және нөлге тең шартқа қосымша келісімді тіркеу үшін мемлекеттік мекеме нөлдік сомамен (бойынша) өтінім жасайды және ұсынады. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген кезде "Қазынашылық-клиент" АЖ.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған қосымша келісімді тіркеу үшін мемлекеттік мекеме "электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ-дан "Қазынашылық – Клиент" АЖ-ға деректерді беру жолымен нөлдік сомамен азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге өтінім береді.

Шарттың сомасы кассалық шығыс сомасына дейін азайтылған кезде қағаз тасығышта жасалған қосымша келісім мемлекеттік мекеменің хатымен бірге электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы ұсынылады (хатта міндетті түрде міндеттемені тіркеу туралы хабарламаның нөмірі мен күні, Шарт талаптарының өзгеру себебі, сондай-ақ ол өзгерген кезде шарттың сомасы көрсетіледі).

Өткен қаржы жылында орындалмаған және бюджет қаражатының қалдықтары есебінен ағымдағы қаржы жылында қаржыландыруға жататын шарттың қолданылу

мерзімін ұзартуға қосымша келісімді тіркеу үшін өтінім өткен қаржы жылында тіркелген, іске асыру мерзімі бір жылдан асатын бюджеттік даму бағдарламалары және әзірлену және жеткізілу мерзімі бір қаржы жылынан асатын активтер мен басқа да тауарларды, көрсетілу мерзімі бір қаржы жылынан асатын қызметтерді сатып алуды көздейтін ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша міндеттемелердің төленбеген бөлігінің сомасына жасалады және беріледі ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қалыптастырылады және жіберіледі).

Өткен қаржы жылында орындалмаған және өткен қаржы жылында жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттер есебінен жүзеге асырылатын ағымдағы қаржы жылындағы шығыстардың бюджет қаражаты қалдықтарының есебінен ағымдағы қаржы жылында қаржыландыруға жататын шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға қосымша келісімді тіркеу үшін өтінім олардың ағымдағы қаржы жылының басында пайдаланылмаған қалдығының сомасына жасалады және ұсынылады ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қалыптастырылады және жіберіледі).

Өткен қаржы жылында республикалық бюджетке аударылмаған кепілдік берілген трансферттер сомасы есебінен ағымдағы қаржы жылында көзделген бюджеттік даму бағдарламалары бойынша тіркелген шарттың сомасын ұлғайтатын қосымша келісімді тіркеу үшін өтінім ағымдағы қаржы жылының жалпы сомасына және өткен қаржы жылында тіркелген міндеттемелердің төленбеген бөлігінің сомасына жасалады және беріледі ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қалыптастырылады және жіберіледі).

Тараптардың атауына өзгерістер енгізілетін қосымша келісімдерді ұсыну үшін өтінім жасалмайды.

Ескерту. 198-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Мемлекеттік мекемелердің шарттарын және азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге арналған өтінімдерді тексеру тәртібі

199. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне тіркеуге берілген шартты (қосымша келісімді) "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде мыналарға:

- 1) мемлекеттік мекеме атауының көрсетілу дұрыстығына;
- 2) ҚР ББС сәйкес бюджеттік бағдарлама, кіші бағдарламалар, ерекшеліктер кодының және атауының болуына және дұрыстығына;
- 3) шарт мәнінің Шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымына сәйкес шығыстар бағытына сәйкестігіне;
- 4) аванстық төлем пайызының осы Ережеде белгіленген мөлшерден асып түспеуіне;
- 5) жазумен көрсетілген соманың санмен көрсетілген сомаға сәйкестігіне;

6) қағаз тасығыштағы шартқа (қосымша келісімге) қойылған қолдардың және мөр бедерінің қойылған қолдардың және мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкестігіне, бұл ретте қолдар жарыққа төзімді сиялармен қойылады. Мемлекеттік мекеменің және ақша алушының елтаңбалы мөрінің бедері дәл және анық қойылады. Мемлекеттік мекемелер мен ақша алушыларға ұшып кететін сиялар құйылған фломастермен және автоқаламмен қол қоюға және қолды факсимильді көшіру құралдарын пайдалануға жол берілмейді. Елтаңбалы мөрді қойған кезде ("Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі" мемлекеттік мекемесін қоспағанда), қызыл, қара және жасыл түсті мастиканы пайдалануға тыйым салынады, мөр бедері дәл және анық қойылады. "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрі ұсынылған кезде мемлекеттік мекеменің және ақша алушының елтаңбалы мөрінің анықтығы тексеріледі;

7) қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асуы мүмкін шарттарды қоспағанда, шарттың қолданылу мерзімін ағымдағы қаржы жылының шегінен асып кетпеуіне;

8) шарт сомасының қабылданбаған міндеттемелер сомасынан асып кетпеуіне;

9) қолданылу мерзімі тек осы Ережеде көзделген жағдайларда ғана ағымдағы қаржы жылынан асатын қосымша келісімдердің, сондай-ақ шарттардың жасалуына;

10) осы Ереженің 167-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бір бюджеттік бағдарлама шеңберіндегі шарттарды тіркеуге ұсынуға;

11) қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын шарттың және жұмыстар көлемдерінің жалпы сомасын тиісті қаржы жылдары бойынша шартты түрде бөлісудің бар-жоғына тексеруді жүзеге асырады;

12) шарттың (қосымша келісімнің) талаптарын қолмен қандай да бір түзетулерге не дұрыстауға жол берілмейді;

13) егер ақша алушы қосылған құн салығын төлеуші болып табылса, шарт (шарт сомасын өзгертуге арналған қосымша келісім) талаптарында сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер және жұмыстар бойынша қосылған құн салығы сомасын міндетті түрде көрсетудің болуы егер ақша алушы қосылған құн салығын төлеуші болып табылмаса, қосылған құн салығының болмауы;

14) шарттың, оны аумақтық қазынашылық бөлімшесінде міндетті тіркегеннен кейін күшіне ену талаптарының шартта болуы;

15) ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайларды, құрылыстарды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шарт сомасының жобалау-сметалық құжаттама бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысында көзделген сомасынан асып түспеуіне;

16) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру есебінен іске асырылатын ғылыми-зерттеу

жұмыстарын орындауға арналған шартта орындаушы Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындысын алғаннан кейін түпкілікті төлемді жүзеге асыру міндетті шартының болуы;

17) шетел валютасындағы келісім-шарттың мәні 8-08 "Шетел валютасындағы шоттардың тізбесі" нысанындағы шығыстардың рұқсат етілген бағыттарының сәйкестігіне;

18) мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу жөніндегі талаптар қолданылмайтын тауарларды (жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді) сатып алуға арналған шарттар бойынша шарттың кіріспесінде шарт жасалған заңнамалық актінің бабына (тармақшасына, тармағына) сілтеме міндетті түрде көрсетілуі бар болуы қажет.

Ескерту. 199-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.05.2021 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

200. Осы Ереженің 199-тармағының талаптары халықаралық ұйымдармен және донор-елдермен жасалған байланысты гранттарды іске асыру бойынша шартқа қолданылмайды.

201. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі өтінімді мыналарға:

белгіленген нысанға сәйкестігіне;

өтінім деректемелерінің шарт деректемелеріне сәйкестігіне;

мемлекеттік мекеме атауының және кодының оның Мемлекеттік мекемелер анықтамалығында көзделген атауына және кодына сәйкестігіне;

ақша алушы деректемелерінің Ақша алушылар анықтамалығында көзделген деректемелерге сәйкестігіне;

өтінімдегі қойылған қолдардың және мөр бедерінің қойылған қолдардың және мөр бедері үлгілері бар қағаз тасығыштағы құжатқа сәйкестігіне.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрі ұсынылған кезде:

осы Ереженің 187, 187-1, 187-2, 188, 190, 191 және 198 тармақтарында көзделген құжаттардың бар болуына;

жазылған соманың санмен берілген сомаға сәйкестігіне;

шартты бірнеше бюджеттік бағдарлама бойынша немесе бюджет шығыстарының әрбір БСК бойынша бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде жасасқан кезде, барлық өтінімдердің бір уақытта берілуіне;

түсіндірме жазбасы негізінде "Қазынашылық-клиент" АЖ шартты тіркеу туралы соңғы хабарламаны көрсете отырып өтінімді қарау нысанында "Өтінім түрі" жолағын толтыру болуын тексеруді жүзеге асырады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ-да өтінімдерді қарау нысанында түсіндірме жазбаға сәйкес "бұзу" белгісінің болуы (мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған шартты бұзған кезде).

Ескерту. 201-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

202. Өтінім дұрыс рәсімделмеген және оған қоса берілген құжаттарға не шарт осы Ереженің 164-171-тармақтарында, 173-178, 180-185, 188, 194, 198, 199 және 201-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген кезде, аумақтық қазынашылық бөлімшесі өтінім мен оған қоса берілген құжаттарды:

1) қабылдау кезеңінде сәйкессіздік байқалса, мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілесін тіркеуге өтінім тізіліміне қайтару туралы соғылған белгімен хат ресімдемей;

2) қабылдағаннан кейін тексеру барысында сәйкессіздік байқалса, оларды аумақтық қазынашылық бөлімшесіне берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесі басшысының қойылған қолымен жазбаша түрде қайтарады, бұл ретте өтінімнің екінші данасы хаттың екінші данасымен қалады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша өтінімнің электрондық түрі оған тіркелген құжаттарға не осы Ереженің 164-171, 173-178, 180-185, 188,194, 198, 199 және 201-тармақтарында белгіленген шарт талаптарына сәйкес келмеген кезде, қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі осы Ереженің тиісті тармақтарына сілтеме жасап, қабылдамау себептерін көрсете отырып, өтінімді қабылдамайды.

Ескерту. 202-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.05.2021 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді – 24.12.2021 № 1335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

6-параграф. Шартты тіркеу туралы хабарламаны қалыптастыру және беру

203. Шартты тіркеу туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) мемлекеттік мекеменің ақша алушымен жасасқан шартының (қосымша келісімінің) тіркелуін растайтын құжат болып табылады.

Хабарлама аумақтық қазынашылық бөлімшесінде шарт (қосымша келісім) нысанындағы азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеген кезде ғана беріледі.

Хабарлама ҚБАЖ-да бекітілген өтінім деректемелерінің негізінде ҚБАЖ-да қалыптастырылады.

Нөлдік сомамен азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге өтінім бекітілген кезде хабарлама қалыптастырылмайды.

Ескерту. 203-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

205. Шартты (қосымша келісімді) қағаз жеткізгіште тіркеу кезінде 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама екі данада қалыптастырылады.

Ескерту. 205-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

206. Мыналар:

тіркелген шарттың сомасы;

шарттың қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асып кететін ағымдағы қаржы жылына арналған тіркелген шарттың сомасы;

бюджеттік бағдарламаның, кіші бағдарламаның коды мен атауы, ерекшеліктері; тараптардың атауын қоспағанда, тараптардың деректемелері;

бұрын ҚБАЖ-да қалыптастырылған хабарлама жабылатын және 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жаңа Хабарлама қалыптастырылатын қосымша келісім тіркелген кезде өзгертіледі.

Тіркелген шарттың сомасы кассалық шығыс сомасына дейін азайған не қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын, ағымдағы қаржы жылына арналған сома жоспарлы кезеңнің екінші және/немесе үшінші жылына ішінара не толық ауыстырылатын және нөлге тең шарт бойынша ағымдағы қаржы жылының сомасы азайған кезде, ҚБАЖ-да бұрын қалыптастырылған хабарлама жабылады, жаңа хабарлама ағымдағы қаржы жылынан аспайды. қалыптасады.

Тараптардың атауы өзгертілген қосымша келісім ұсынылған кезде 82-қосымшаға сәйкес нысандағы хабарлама оның жабылуынсыз өзгертуге жатады.

ҚБАЖ-да, оның негізінде қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асып кететін бұрын тіркелген шарттың ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасы тіркелетін өтінімді бекіткен кезде 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Хабарлама ағымдағы қаржы жылының сомасына қалыптастырылады.

Ескерту. 206-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

207. Қағаз жеткізгіштегі 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламаға аумақтық қазынашылық бөлімшесінің бірінші басшысы (немесе ол уәкілеттік берген тұлға) қол қояды, аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты атқарушысының қолымен, мөртабан бедерімен ресімделіп құжаттың қайта өңдеу күні қойылады, сондай-ақ елтаңбалық мөр бедерімен куәландырылады.

Бұл ретте 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама бірнеше бетте қалыптастырылған жағдайда құжаттың әр бетіне қол қойылып, мөр бедерімен ресімделіп құжаттың қайта өңделген күні қойылады.

Мемлекеттік мекеме "Қазынашылық-клиент" АЖ электрондық түрде қалыптастырылған хабарламаға аумақтық қазынашылық бөлімшесі қол қоймайды.

208. Хабарламаның 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір данасы шарттың (қосымша келісімнің) көшірмесімен бірге аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады, екінші данасы шарттың (қосымша келісімнің) әр беті мөртабандалған түпнұсқасымен бірге мемлекеттік мекемеге беріледі.

Ескерту. 208-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

209. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

210. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

211. "Түпкілікті" мәртебесі бар төлеуге берілетін қағаз жеткізгіштегі шотты жүргізгеннен кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесі осы Ережеге 83-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламаны (бұдан әрі – 83-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама) 2 данада қалыптастырады. 83-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Хабарламаға аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы қол қояды және құжатты қайта өңдеу күнін қоя отырып, өзінің мөртабанымен куәландырады. 83-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламаның бір данасы орындалған және тіркелген міндеттемелердің есебін жүргізу үшін мемлекеттік мекемеге, екінші данасы – мемлекеттік мекеменің қабылданған міндеттемелерін жабу үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде мемлекеттік мекеме 83-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламаны дербес қалыптастырады.

Ескерту. 211-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

212. Бюджет қаражатының жұмсалыуына мониторингті және мемлекеттік мекеменің қабылданған міндеттемелері бойынша егжей-тегжейлі ақпарат алуды қамтамасыз ету үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесі осы Ережеге 84-қосымшаға сәйкес 4-09 " Мерзімді міндеттемелер бөлшектері" нысанындағы есебін және мемлекеттік мекеменің сұратуы бойынша берілетін осы Ережеге 85-қосымшаға сәйкес 4-12 "Орындалмаған міндеттемелердің бөлшектері" нысанындағы есебін, сондай-ақ осы Ережеге 41-қосымшаға сәйкес 4-20 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысанындағы есепті ай сайын және мемлекеттік мекеменің және/немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің сұратуы бойынша айдың 1 және 16 күніндегі жағдай бойынша ведомстволық бағынысты мекемелер бөлінісінде/жиынтығында қалыптастырады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер 4-09 "Кезеңді міндеттемелердің бөлшектері", 4-12 "Орындалмаған міндеттемелердің бөлшектері", 4-20 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" есептерін дербес қалыптастырады.

Ескерту. 212-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

7-параграф. Төлемдер мен ақша аударымдарын ұлттық валютамен жүзеге асыру тәртібі

213. Мемлекеттік мекемелердің төлемдері мен ақша аударымдары қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы немесе мемлекеттік мекемелердің шетел валютасындағы шоттарындағы қалдықтар, сондай-ақ төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарының жоспарлы тағайындаулары мен шартты тіркеу туралы хабарламаның пайдаланылмаған қалдығы шегінде өткізіледі. Мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарының және шетел валютасындағы шоттарының жеке сәйкестендіру кодтары осы Ережеде белгіленген тәртіппен беріледі және тиісті аумақтық қазынашылық бөлімшелері мен мемлекеттік мекемелердің назарына жеткізіледі.

Жеке жоспар шығыстарының бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша жоспарлы тағайындау болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесі төлеуге берілетін шотты орындамай қайтарады.

Республикалық бюджеттің ҚБШ-да ақша жеткіліксіз болған жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесі бірінші кезекте бюджет шығыстарының басым бағыттары бойынша төлемдер жүргізеді (жалақыны және басқа да ақшалай төлемдерді, оның ішінде техникалық персоналдың жалақысын, жалақыдан барлық ұстауларды, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген ақшалай өтемақыны, алименттерді, міндетті зейнетақы жарналарын, кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды, жәрдемақыларды, стипендияларды төлеу, банктік қызмет ақысын төлеу, ҚР Үкіметінің борыштық міндеттемелерін өтеу және қызмет көрсету жөніндегі төлемдер, зейнетақы, жәрдемақы және басқа әлеуметтік аударымдар, бюджет субвенциялары, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, отын (ғимараттарды жылыту бөлігінде), тамақтануды ұйымдастыру және тамақ өнімдерін сатып алу бойынша қызметтерді сатып алуға, атқарушылық құжаттар мен сот актілерін орындауға, іссапар және қызметтік сапарларға шығыстар), қалған төлемдер төлем шоттарының түсу кезектілігі тәртібімен жүргізіледі. Жергілікті бюджеттердің ҚБШ-да ақша жеткіліксіз болған жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесі бірінші кезекте жергілікті атқарушы органның шешімімен айқындалған бюджеттер шығыстарының басым бағыттары бойынша төлемдер жүргізіледі, қалған төлемдер төлем шоттарының түсу кезектілігі тәртібімен жүргізіледі. Бұл ретте, ақша болмаған жағдайда немесе қағаз жеткізгіште не "Қазынашылық-Клиент" АЖ арқылы электронды түрде түсіп, ҚБАЖ жүйесіне

енгізілген төлем шотын орындауға ақша жеткіліксіз болған жағдайда, төлем шоты келесі күні мемлекеттік мекемеге қайтару себебін негіздей отырып, орындаусыз қайтарылады.

Тиісті ҚБШ-да ақша жеткіліксіз болған жағдайда салықтың (оның ішінде қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың) және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, мемлекеттік кірістер органдары және (немесе) уәкілетті органдардың құзыреті шегіндегі салықтық емес төлемдердің артық төленген сомаларын салық төлеушілерге қайтаруға төлем тапсырмаларын аумақтық қазынашылық бөлімшесі орындауға қабылдамайды.

БҚШ-дан ақшаны есептен шығару бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган "Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 31 тамыздағы № 201 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14310 болып тіркелді) және "Банкаралық клиринг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 31 тамыздағы № 211 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14333 болып тіркелді) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулыларына сәйкес ҚБЕО төлем жүйелері арқылы жіберілген электрондық төлем құжаттары негізінде жүргізіледі.

Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихат шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңның немесе мәслихат шешімінің жобасы Қазақстан Республикасының Парламентіне немесе мәслихатқа енгізілген күннен бастап, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ұсынған деректердің негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның нұсқауы бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесі жоспарлы тағайындауларды азайту жоспарланатын бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар), ерекшеліктер бойынша төлемдер жүргізуді тоқтата тұрады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша төлемге шоттарды Мемлекеттік мекеме қалыптастырғанға дейін осы Ереженің 86-қосымшасы бойынша 0_07 "Бюджет бойынша мемлекеттік мекеменің бос қалдықтары бойынша есеп" есебіне сәйкес шығыстардың бюджеттік сыныптамасының, төлемдер бойынша жеке жоспардың тиісті коды бойынша жоспарлы жұмсалымдардың жеткіліктілігін тексеру жүзеге асырылады.

Ескерту. 213-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202; 09.10.2015 № 509; 24.11.2015 № 586; 26.02.2016 № 87 ; 11.11.2016 № 597; 06.09.2017 № 543; 23.02.2018 № 269; 30.11.2018 № 1046; орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрықтарымен.

214. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік мекемелерден түскен төлеуге берілетін шоттарды жұмыс күнінің ішінде қабылдауды жүзеге асырады.

Төлеуге берілетін шот келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей орындалады не орындаусыз қайтарылады.

Бұл ретте банк кассасынан чек бойынша қолма-қол ақшаны алуға арналған құжаттар жергілікті уақыт бойынша сағат 13.00-ге дейін қабылданады.

Ескерту. 214-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

215. Мемлекеттік мекеме мыналарды:

1) құжаттарды қағаз және магнитті жеткізгіште ұсынған кезде мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету кестесінің сақталуын;

2) төлеуге берілетін шотты ұсыну заңдылығы мен негізділігін;

3) төлеуге берілетін шотта көрсетілген деректемелердің дұрыстығын;

4) ақша алушылардың пайдасына төлемдерді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді орындаудың уақтылылығы мен толықтығын;

5) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде орындалған жұмыстардың қол қойылған актісі негізінде мердігерге төлемді 10 жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді;

6) жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес тауарлардың, орындалған жұмыстардың және (немесе) көрсетілген қызметтердің жеткізілуін растаудың дұрыстығын;

7) аумақтық қазынашылық бөлімшесіне тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде шот–фактуралардың, немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың (актінің) көшірмелерін, актілер жасалмайтын көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді орындау кезінде орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмелерін немесе тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша аванстық төлемнің сомасын қоспағанда, төлем жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрінің (бұдан әрі – растаушы құжаттар) көшірмесін беруді. Көрсетілген құжаттарға өнім беруші жеке қолымен немесе ЭЦҚ-мен қол қойылады. Бұл ретте, көрсетілген құжаттардың көшірмелері орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адамның) немесе ол уәкілеттік берген адамның, ал ондайлар болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеме басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның өз қолымен және мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөр бедерімен беріледі;

8) олар бойынша жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын дайындау құны шарттың құнына енгізілген ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не реконструкциялауға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды және басқа объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шығыстар бойынша аванстан кейінгі

төлемді жүргізу кезінде құрылыс үшін жобалардың (техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама) кешенді ведомстводан тыс сараптамасының оң қорытындысының көшірмесін ұсынуды;

9) "Қазынашылық–клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде – орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адамның) немесе ол уәкілеттік берген адамның, ал ондайлар болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеме басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылған растаушы құжаттардың түпнұсқадан сканерленген үлгісін тіркеуді;

10) "Қазынашылық–клиент" АЖ пайдалану кезінде заңды тұлғаның құжат топтамасында берген орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адамның) немесе ол уәкілеттік берген адамның, ал ондайлар болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеме басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның және мемлекеттік мекеменің бас бухгалтерінің ЭЦҚ дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Аванстық төлемнің сомаларын қоспағанда, республикалық немесе коммуналдық меншікте тұрған мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру бойынша негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу үшін төлемдер жүргізген кезде мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне шот-фактуралардың немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың немесе мемлекеттік мекемеге мемлекеттік кәсіпорын ұсынған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрінің көшірмесін ұсынады (көрсетілетін қызметтерді, тауарлар мен жұмыстарды беруші резидент емес болып табылған жағдайда растаушы құжаттарда соманы шетел валютасында, бірақ төлеуге берілетін шоттың төлемнің мақсатында операцияны жасау кезінде валютаның теңгедегі құнын міндетті түрде көрсетумен рұқсат беріледі).

Аванстық төлем сомасын қоспағанда, республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру бойынша қайта жасасқан және бұрын мемлекеттік кәсіпорындар жасасқан ұзақ мерзімді шарттар бойынша ғимараттар мен құрылыстарды салу үшін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын, қалпына келтіру және күрделі жөндеу жүргізу үшін төлем жүргізу кезінде мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмесін не Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік мекемеге берген өзге құжат түрінің көшірмесін ұсынады.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың әрбір парағы мемлекеттік мекеменің түпнұсқалық мөрінің бедерімен куәландырылады және орталық атқарушы органның бірінші басшысы орынбасарының (ол уәкілеттік берген тұлғаның) немесе мемлекеттік мекеме басшысының (ол уәкілеттік берген тұлғаның) қолымен дәйектеледі.

Мемлекеттік мекеме растаушы құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 215-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; 30.11.2018 № 1046; 26.03.2021 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

216. Қолма-қол емес және қолма-қол ақша түрінде төлемдер мен ақша аударуды жүзеге асыру төлеуге берілетін шоттарды мемлекеттік мекеменің қалыптастыруын және аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жүргізуін мыналардың есебінен:

1) бюджет қаражаты;

2) мемлекеттік мекемелер өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша;

3) мемлекеттік мекемеге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалардың оны қайтарып алу не белгілі бір жағдайлар басталғанда тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен беретін ақша;

4) мемлекеттік мекемелер үшін қайырымдылық көмектен түсетін, олар заңнамалық актілерге сәйкес алатын ақша;

5) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 216-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; өзгеріс енгізілді - 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен

217. Мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлеуге берілетін шотты ұсынғанға дейін оны төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналына тіркейді. Төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналы осы Ереженің 87-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі, ол нөмірленеді, тігіледі және журналдағы парақтардың жалпы саны көрсетіле отырып, елтаңбалы мөр бедерімен мөрленеді және орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды адамның), ал олар болмаған жағдайда—мемлекеттік мекеме басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолымен расталады. Төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналындағы жазбалар төлеуге берілетін шоттардың қалыптастырылуына қарай хронологиялық тәртіппен жүргізіледі. Бұл ретте төлеуге берілетін шотта көрсетілген күн төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналында көрсетілген тіркеу күніне сәйкес келеді. Төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналында ағымдағы қаржы жылы аяқталғанда бос беттер

болған кезде келесі жылғы жазбалар үшін пайдаланылады, бұл ретте, жазбалардың нөмірленуі басынан басталады.

Ескерту. 217-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2021 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

218. Осы Ереженің 88-қосымшасына сәйкес нысан бойынша төлеуге берілетін шот және осы Ережеге 89-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шоттың электрондық бейнесі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне онда көрсетілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ұсынуға жарамды.

"Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы төлеуге берілетін шот осы Ереженің 89-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жіберіледі.

219. Мемлекеттік мекеме төлемдерді жүргізу және ақша аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 90-қосымшасына сәйкес нысан бойынша төлеуге берілетін шоттардың тізілімін, алдын ала төлеу үшін төлеуге берілетін шоттарды қоспағанда, осы Ереженің 234, 238, 244 және 244-1-тармақтарында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, төлеуге берілетін шоттарды ұсынады. Төлеуге берілетін шоттардың тізілімі және төлеуге берілетін шоттар аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қағаз жеткізгіште екі данада ұсынылады.

Төлеуге берілетін шоттардың тізілімінде мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынатын төлеуге берілетін барлық шоттар көрсетіледі.

Төлеуге берілетін шоттарды "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша өткізген кезде төлеуге берілетін шоттардың тізілімдері ұсынылмайды.

Ескерту. 219-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

220. Аумақтық қазынашылық бөлімшенің жауапты орындаушысы осы Ережеде көзделген жағдайларда оларға қоса берілген төлеуге берілетін шоттар және қағаз жеткізгіштегі құжаттармен бірге төлеуге берілетін шоттармен тізілімінің екі данасын қабылдайды, олардың жинақтылығын, осы Ереженің 6-тарауының 8-13-параграфтарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді. Төлеуге берілетін шоттардың тізіліміне қоса берілген төлеуге берілетін шоттар мен құжаттардың саны төлеуге берілетін шоттар тізілімінде көрсетілген санына және осы Ереженің 6-тарауының 8-13-параграфтарында белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде тізілімнің екі данасына және тізілімге қоса берілген төлеуге берілетін шоттар тізіліміне қолын, күнін және мөртабан бедерін қояды. Төлеуге берілетін шоттар тізілімінің қол қойылған және мөртаңба қойылған данасы мемлекеттік мекемеге қайтарылады, төлеуге берілген шоттарға және құжаттарға қоса берілген төлеуге берілетін шоттар тізілімінің екінші данасы одан әрі орындау үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

Мемлекеттік мекемеге "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілген кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы төлеуге берілетін

шоттың электрондық түрінің және оған жапсырылған сканерленген құжаттардың түрінің осы Ереженің 6-тарауының 8-13-параграфтарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және төлеуге берілетін шоттың электрондық түрін бекітеді.

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) шарт жасаспай не жасасқан шарттың аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелуін талап етпейтін БСК шығыстары бойынша шарт жасай отырып сатып алған жағдайда, ақша алушы ҚБАЖ-да болмаған кезде, мемлекеттік мекеме ақша алушыны Ақша алушылардың анықтамалығына енгізуге арналған өтінімді қағаз тасығышта немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде осы Ережеге 64-қосымшаға сәйкес (мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған сканерленген үлгілерін тіркей отырып) ақша алушының мынадай құжаттарын (жекешелендіру объектілерін сату бойынша аукцион қатысушыларына кепілдік жарналарды қайтару жағдайларынан басқа):

1) заңды тұлға үшін:

заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың (электрондық үкімет порталынан) көшірмесін/салық төлеуші ретінде резидент еместі тіркеу туралы тіркеу куәлігінің көшірмесін;

нөмірін көрсете отырып, банк шотының бар болуы туралы анықтаманы;

2) жеке тұлға үшін:

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін/шетелдіктің тұру ықтиярхатын немесе дара кәсіпкер ретінде ісін бастау туралы хабарлама/ "Электрондық үкімет" веб-порталынан немесе "Е-лицензиялау" порталынан растау, жеке нотариус, адвокат, жеке сот орындаушысы ретінде қызмет етуге құқық беретін уәкілетті органмен берілген лицензия немесе "Электрондық үкімет" веб-порталынан немесе "Е-лицензиялау" порталынан растау;

нөмірін көрсете отырып, банк шотының бар болуы туралы анықтаманы;

3) делдал банк үшін (делдал банк арқылы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге төлемдерді ұлттық валютада жүргізу кезінде):

делдал банктің деректемелерін ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып ұсынады.

Мемлекеттік сатып алу қатысушыларына кепілдікті ақшалай жарнаны қайтаруға және "Қазынашылық-клиент" АЖ-де тыйым салынған және тәркіленген мүлікті сату, жер учаскелерін жалға беру құқығын сату жөніндегі кепілдікті жарнаны қайтаруға арналған өтінімді ресімдеу кезінде жоғарыда көрсетілген құжаттар қоса берілмейді, аукцион қатысушысынан соманың түсу фактісін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі қоса беріледі.

Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) шарт жасаспай не ол бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесінде жасалған шартты тіркеу талап етілмейтін БСК шығыстары бойынша шарт жасаса отырып, сатып алған жағдайда, ҚБАЖ-да ақша алушының

деректемелері өзгерген (болмаған) кезде, мемлекеттік мекеме нөмірі көрсетілген банк шотының болуы туралы банктің анықтамасын қоса бере отырып, осы Ереженің 65-қосымшасына сәйкес осы тармақтың 1), 2) және 3)-тармақшаларында көрсетілген, олар бойынша өзгерістер енгізілген деректемелерді растайтын құжаттарды қоса бере отырып, (мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған сканерленген түрлерін тіркей отырып), ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге өтінімді қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде береді.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде ұсынылатын төлеуге берілетін шотты ашу кезінде мемлекеттік мекемеде Ақша алушы болмаған жағдайда мемлекеттік мекеме ҚБАЖ-дан ақша алушылар анықтамалығында ақша алушының бар болуын тексеруді жүзеге асырады, ҚБАЖ-дан Ақша алушылар анықтамалығында қажетті ақша алушы бар болған кезде мемлекеттік мекеме осы Ережеге 65-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім қалыптастырады.

Өтінімді толтырған кезде осы Ережеге 64 және 65-қосымшаларға сәйкес жеке тұлға үшін "Ақша алушының атауы" жолында жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (немесе) жеке кәсіпкер ретінде ісін бастау туралы хабарлама / "Электрондық үкімет" веб-порталынан немесе

"Е-лицензиялау" порталынан растауына сәйкес атауы бар болса көрсетіледі.

Ақша алушы қайта ұйымдастырылған кезде растау құжаттарын ұсына отырып, осы Ереженің 64А және 65А қосымшаларына сәйкес өтінім толтырады.

Ақша алушыны енгізуге және ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге өтінімнің дәйекті, дұрыс ресімделуін және жасалуын мемлекеттік мекеме қамтамасыз етеді.

Электрондық үкімет порталынан растау құжаттарының қолданылу мерзімі он күнтізбелік күннен аспайды.

Ескерту. 220-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

221. Төлем жүргізілгеннен кейін мемлекеттік мекемелердің төлеуге берілетін шотының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың төлем тапсырмаларының екінші данасы және осы Ережеге 91-қосымшаға сәйкес 5-15 "Мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің /, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторының, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының төлемдерін жүргізу жөніндегі күнделікті үзінді көшірмесі" нысаны бойынша қалыптастырылған есеп (бұдан әрі – 5-15-нысан), төлеуге берілетін шотта төлем жүргізілген күнді және 5-15-нысанда салыстыру жүзеге асырылған күнді көрсете отырып, салыстырылады, аумақтық қазынашылық бөлімшенің жауапты орындаушысының қолымен, мөртабанының бедерімен

куәландырылады және мемлекеттік мекемеге, квазимемлекеттік сектор субъектісіне, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторына, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыға беріледі.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер/ квазимемлекеттік сектор субъектілері, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторлары, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылар 5-15-нысан бойынша есепті дербес қалыптастырады.

Ескерту. 221-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

222. Қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттарында төлеуге берілетін шоттарды орындау үшін ақша болмаған не жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, жергілікті уақытпен сағат 16.00-ге дейін түскен қағаз тасығыштағы төлеуге берілетін шот орындалады не орындалмай оны аумақтық қазынашылық бөлімшесі қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қайтарылады.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік мекемелерден сағат 16.00-ден кейін қағаз тасығышта түскен төлеуге берілетін шоттар келесі жұмыс күні түскен болып саналады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша түскен төлеуге берілетін шот орындалады не орындалмастан келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей қайтарылады.

Қағаз тасығыштағы төлеуге берілетін шот және "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде түскен төлеуге берілетін шот:

- 1) төлеуге берілетін шоттың нысаны мен мазмұны бойынша осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;
- 2) растайтын және осы Ережеде көзделген өзге құжаттардың мазмұны бойынша осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;
- 3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік мекеменің ағымдағы шотын (корпоративтік төлем карточкасын) толықтыру үшін сомаларды аудару бойынша шектеуді арттырған;
- 4) ұсынылған МТ-002, МТ-003, МТ-004, МТ-005, МТ-007 төлемдер форматтарындағы электрондық хабарлама деректері төлеуге берілетін шоттың мынадай - деректеріне сәйкес болмаған:
атауларының толық және қысқартылып көрсетілуіне байланысты алшақтықтарды қоспағанда, мемлекеттік мекеменің атауы мен ақша алушының атауы;
төлеуге берілетін шоттың сомасы мен МТ-002, МТ-003, МТ-004, МТ-005, МТ-007 төлемдер форматтарындағы электрондық хабарламаларының жалпы сомасы;
төлемнің мақсатында көрсетілген шығыстардың бағыты;
- 5) түзетулермен, оның ішінде қолмен түзетіліп ұсынылған;

6) осы Ережеде көзделген растау құжаттары, оның ішінде магниттік (электрондық) тасығыштарда қосымшасыз немесе мемлекеттік мекеме басшысының немесе уәкілеттік берілген адамның қолымен және мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөр бедерімен куәландырылмаған қосымшамен (сканерленген түрі тіркелмеген немесе мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылмаған сканерленген түрі тіркелген) ұсынылған;

7) талап етілген жолдарда қойылған қолдар және (немесе) мөр бедері болмаған;

8) қойылған қолдар және (немесе) мөр бедері қойылған қолдардың және мөр бедерінің үлгісі бар құжатқа сәйкес келмеген;

9) құжаттың барлық даналарындағы талап етілген жолдарда мөр бедері дәл (анық) қойылмаған;

10) санмен көрсетілген сома жазылған сомаға сәйкес келмеген;

11) төлеуге берілетін шоттарда көрсетілген, бағдарламалық тексеруге жататын деректер ҚБАЗЖ-ға енгізілген деректерге сәйкес келмеген;

12) төлемнің мақсаты Шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымына сәйкес шығыстардың бағытына, бюджет түсімдерінің сыныптамасына сәйкес келмеген;

13) банктік деректемелерді қоспағанда, төлеуге берілетін шоттар деректемелері төлеуге берілетін шоттарға қоса берілген (осы Ережеде белгіленген жағдайларда құжаттар қоса берілген (сканерленген түрі жапсырылған) кезде) растайтын құжаттардың деректемелеріне сәйкес келмеген;

14) төлем сомасы қаржыландырудың жеке жоспарының тиісті кезеңдегі (өспелі қорытындылармен) төлемдері бойынша пайдаланылмаған қалдығы сомасынан асып кеткен, сондай-ақ төлем сомасы растайтын құжаттардың сомасынан асып кеткен;

15) аванстық төлем пайызы, республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыруды қоспағанда, осы Ереженің 168-181-тармақтарында көзделген мөлшерінен асып кеткен;

16) төлеуге берілетін шоттың бірінші данасының деректемелері төлеуге берілетін шоттың екінші данасының деректемелеріне сәйкес келмеген;

17) төлеуге берілетін шоттың қолданылу мерзімінен асатын мерзімде берілген;

18) ұсынылған төлеуге берілетін шоттар саны төлеуге берілетін шоттар тізілімінде көрсетілген санға сәйкес келмеген;

19) осы Ереженің 142, 143, 144, 145 және 146 қосымшаларына сәйкес төлемдер форматында магниттік (электрондық) тасығышта қателер анықталған;

20) сот актілерін орындау жөніндегі мемлекеттік мекемелер ақшаны уақытша орналастыру шотынан төлемдер жүргізген кезде төлем шоттарымен берілетін сот актілерінің төлем шотының деректеріне сәйкес келмеген;

21) ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жанартуға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдар мен басқа да объектілерді күрделі

жөндеуге байланысты жұмыстарды аяқталған және орындалған жұмыстар үшін түпкілікті есеп айырысу үшін объектіні пайдалануға қол қойылған қабылдау актісін ұсынбаған;

22) тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша төлеуге берілген шоттың электронды түрі қате таңдалған (шарттарды тіркелгені туралы хабарламамен төлеуге берілген шотпен келісілмеуі) жағдайда.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде келіп түскен төлеуге берілетін шоттағы деректердің қабылдау және одан әрі өңдеу кезеңінде жоғарыда санамаланған талаптарға сәйкессіздігі анықталған кезде, төлеуге берілетін шот осы Ереженің тиісті тармақтарына сілтеме жасап, қабылдамау себебін көрсете отырып, электрондық түрде мемлекеттік мекемеге қайтарылады.

Қабылдау кезеңінде қағаз тасығыштағы төлеуге берілетін шотта жоғарыда санамаланған жағдайларға сәйкессіздік анықталған кезде хат ресімделместен, төлеуге берілетін шоттардың тізілімінің бірінші данасында мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасының қолымен қайтару туралы белгі қойыла отырып, екінші данада – аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысының қолымен қайтарылады. Қабылданғаннан кейін тексеру барысында сәйкессіздік анықталған кезде төлеуге берілетін шот аумақтық қазынашылық бөлімшесі бастығының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның қолымен жазбаша негіздеме бере отырып қайтарылады.

Ескерту. 222-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

223. Мемлекеттік мекеменің қағаз жеткізгіштегі және "Қазынашылық – клиент" АЖ арқылы электрондық түрде түскен төлеуге берілетін шотының атқарылу күні 5-15 нысанындағы есепке бекітілген төлеуге берілетін шотты енгізген күні болып табылады.

Ескерту. 223-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

8-параграф. Төлеуге берілетін шотты ресімдеу тәртібі

224. Қағаз жеткізгіштегі және "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша түскен төлеуге берілетін шот былайша ресімделеді:

1) "№ төлеуге берілетін шот" ашық жолағында мемлекеттік мекеменің жеті мәнді кодынан тұратын, төлем мен ақша аудару жүзеге асырылатын ағымдағы қаржы жылының соңғы екі саны бөлшек сызығы арқылы, дефис арқылы – төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналындағы жазбаның реттік нөміріне сәйкес келетін реттік нөмірінен тұратын төлеуге берілетін шоттың нөмірі көрсетіледі;

2) "Күні" ашық жолағында төлеуге берілетін шот үзіндісінің күні көрсетіледі;

3) "Мемлекеттік мекеме" бөлімінде:

"ММ-нің коды" ашық жолағында Мемлекеттік мекемелердің анықтамалығына сәйкес мемлекеттік мекеменің жеті белгіден тұратын коды көрсетіледі;

"Атауы" ашық жолағында мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке/анықтамаға сәйкес келетін мемлекеттік мекеменің толық атауы көрсетіледі; аумақтық қазынашылық бөлімшесі мен мемлекеттік мекеменің жұмысын қиындатпайтын ұйымдық-құқықтық нысанының және мемлекеттік мекеменің атауын қысқартуға жол беріледі;

"БСН" ашық жолағында мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікте/анықтамада көрсетілген мемлекеттік мекеменің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"АҚБ" ашық жолағында мемлекеттік мекемеге қызмет көрсететін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің атауы көрсетіледі;

"БСК" ашық жолағында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі;

4) тиісті жеке сәйкестендіру коды "ЖСК" ашық жолағында мыналар бойынша көрсетіледі:

операцияларды есептеу үшін ҚБШ-да:

мемлекеттік мекеменің қаржыландыру көзіне қарай республикалық бюджетке (облыстық бюджетке (республикалық маңызы бар қала (астана) бюджетіне) не аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне) түсетін түсімдерді есепке алу;

мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатуынан түсетін ақшаны есепке алу және олардың есебінен есеп айырысулар жүргізу;

мемлекеттік мекемелер үшін қайырымдылық көмектен түсетін, олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес алатын ақшаны есепке алу және жұмсау;

мемлекеттік мекемеге қайтарымды не белгілі бір жағдайлар басталған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартында жеке және (немесе) заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекемеге беретін ақшаны есепке алу;

ерекше шығыстарды жүргізуге арналған бюджет ақшасын есепке алу және оларды пайдалану;

Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасында көзделген түсімдерді есепке жатқызу мен аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруға бағытталған шығыстарды жүргізу;

5) "Қаржыландыру көзі" ашық жолағында қаражаты есебінен төлем мен ақшаны аудару жүзеге асырылатын қаржыландыру көзінің түрін білдіретін белгі көрсетіледі:

1 – үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатын қоспағанда, бюджет қаражатының есебінен;

2 – үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатының есебінен;

3 – мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатуынан түсетін ақшаның есебінен;

4 – қайырымдылық көмектен түсетін ақша есебінен;

5 – жеке және (немесе) заңды тұлға қайтарымды шарттарда мемлекеттік мекемеге беретін ақшаның есебінен;

8 – ерекше шығыстардың есебінен;

6) "Бюджет түрі" ашық жолағында қаражатының есебінен мемлекеттік мекеме ұсталатын бюджет түрін білдіретін белгі көрсетіледі:

01 – республикалық бюджет;

02 – облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) бюджет;

03 – аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет;

06 – аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті;

7) "Шығыстардың БСК" ашық жолағы бюджет қаражатының немесе мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуынан түсетін ақшаның есебінен төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру кезінде ғана толтырылады; онда кезектілікпен үш мәнді бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, бюджеттік бағдарламаның, бюджеттік кіші бағдарламаның шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің кодтарын білдіретін он екі мәнді код көрсетіледі. Мемлекеттік мекеме БСК-ның заңды қолданылуын қамтамасыз етеді;

8) "Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) коды" мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін ақшаның есебінен төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік мекемелер өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) коды көрсетіледі;

9) "Ақшаны алушы" бөлімінде:

"Атауы" ашық жолағында – заңды тұлға үшін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке/анықтамаға сәйкес келетін ақшаны алушының атауы және жеке тұлға үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (немесе) бар болса жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігіне сәйкес атауы дара кәсіпкер ретінде қызметін бастау туралы хабарламаға/"Электрондық үкімет" веб-порталынан немесе "Е-лицензиялау" порталынан растауға, жеке сот орындаушысы ретінде қызметін атқару құқығына уәкілетті орган берген лицензияға немесе "Электрондық үкімет" веб-порталынан немесе "Е-лицензиялау" порталынан растауға сәйкес атауы көрсетіледі; аумақтық қазынашылық бөлімшесінің, мемлекеттік мекеменің, ақша алушының және оған қызмет көрсететін банктің жұмысын қиындатпайтын ақша алушының және оған қызмет көрсететін банктің ұйымдық-құқықтық нысанының және ақша алушының атауын қысқартуға жол беріледі;

10) "ЖСН/БСН" ашық жолағында ақша алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;

11) "Банк" ашық жолағында ақшаны алушыға қызмет көрсететін банктің атауы көрсетіледі;

12) "БСК" ашық жолағында ақшаны алушы банктің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі;

13) "ЖСК" ашық жолағында банктен ақша алушының банктік шотының нөмірі көрсетіледі;

14) "Түсімдер БСК" ашық жолағында – салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша төлем есепке алынатын түсімдердің бюджеттік сыныптамасының коды (бюджетке төлемдерді жүзеге асыру кезінде ғана толтырылады) немесе шетел валютасына айырбастауға арналған төлемдерді жүргізу кезіндегі ерекшелік коды көрсетіледі;

15) "Төлем мәртебесі" ашық жолағында "ағымдағы" не "түпкілікті" деп көрсетіледі;

16) "Төлемнің мақсаты" ашық жолағында: төлемнің мақсаты, құжаттың атауы, нөмірі мен күні (тауарларды жеткізу туралы шот-фактуралар немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі немесе осының негізінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа құжат) көрсетіледі. Бұл ретте растайтын құжаттардың күні төлеуге берілетін шотты қалыптастыру күнінен кеш болмауға тиіс. Және қосымша :

тіркелген шарттар (қосымша келісімдер) жөніндегі төлеуге берілетін шоттар бойынша - хабарламаның нөмірі мен күні;

сот актілерін орындау бойынша ақшаны қайтару/аудару бойынша төлемге берілетін шоттар бойынша ҚБШ ақшаны уақытша орналастыру - ақшаны алу үшін түскен сомаларды растайтын факті, сот шешімінің не сот актілерінің негізінде берілген атқарушылық парақтың, сот бұйрығының нөмірі мен күні;

осы аударымдар жүзеге асырылатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу кезінде мемлекеттік мекеменің заңды тұлға болып табылатын құрылымдық бөлімшелерінің атауы мен БСН-і;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде резидент еместердің шотына ұлттық валютада төлемдер жүргізген кезде - ақшаны соңғы алушы - резидент еместің атауы және деректемелері;

Медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) ҚБШ ақшаны уақытша орналастыру шотынан ақшаны алу үшін төлеу шотын ұсыну кезінде комиссия шешімінің көшірмесі және құжаттардың көшірмесі (шот-фактуралар немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжат (акт) немесе орындалған жұмыстардың,

көрсетілген қызметтердің актісі немесе оның негізінде тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа құжат).

Электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ, ЭШФ АЖ, "Қазынашылық-клиент" АЖ интеграциялау арқылы автоматты түрде қалыптастырылған төлеуге берілетін шотты алған жағдайда, "Төлем мақсаты" жолында ЭШФ-ден төлемнің мақсаты автоматты түрде көрсетіледі, бұл ретте хабарламаның нөмірі, күні және растайтын құжаттың нөмірі, күні көрсетілмейді;

17) "Сомасы" ашық жолағында төлеуге берілетін шоттағы теңге және тиын сомасы санмен көрсетіледі;

18) "Жазбаша сомасы" ашық жолағында - төлеуге берілетін шоттың теңгедегі сомасы жазбаша бас әріппен көрсетіледі, тиын сомасы - санмен көрсетіледі;

19) қағаз тасығыштағы төлем шотының "Мөр орны" ашық жолағында мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөрінің бедері қойылады, елтаңбалы мөрді қойған кезде ("Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі" ММ қоспағанда), қызыл, қара және жасыл түсті мастиканы пайдалануға тыйым салынады, кескін дәл және анық болуы тиіс

Мөр уақытша болмаған жағдайда құжаттар аумақтық қазынашылық бөлімшесіне "Мөр орны" ашық жолағында "уақытша мөрсіз" деген белгімен мөрдің бедерісіз беріледі ;

20) қағаз тасығыштағы төлем шотының "Басшының тегі, аты, әкесінің аты, қолы" ашық жолағында – құжатқа қол қойған лауазымды тұлғаның атауы, орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның) бұйрығына сәйкес бірінші қол қою құқығы бар мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасының, ал мұндай болмаған жағдайда – қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес мемлекеттік мекеме басшысының қойылған жеке қолы және қолының таратып жазылуы (атының және (немесе) әкесінің атының басқы әріптері) көрсетіледі;

21) қағаз тасығыштағы төлем шотының "Бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты, қолы" ашық жолағында – құжатқа қол қойған лауазымды тұлғаның атауы, орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның) бұйрығына сәйкес екінші қол қою құқығы бар мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасының, ал ондайлар болмаған жағдайда – қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес мемлекеттік мекеме басшысының жеке қолы және қолының таратып жазылуы (атының бас әрпі және тегі) көрсетіледі.

"Қазынашылық–клиент" АЖ бойынша төлем шотына орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның) бұйрығына сәйкес бірінші

қол қою құқығы бар мемлекеттік мекеме басшысының, мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қолы қойылады, ал ондайлар болмаған жағдайда – қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес мемлекеттік мекеме басшысының және орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның) бұйрығына сәйкес екінші қол қою құқығы бар мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасының не бас бухгалтерінің ЭЦҚ, ал ондайлар болмаған жағдайда – қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес мемлекеттік мекеме басшысының қолы қойылады.

Қол қою кезінде өшпейтін төзімді сиялар пайдаланылады, ұшып кететін сиялар құйылған фломастер және автоқаламмен қол қоюға және қолды факсимильді көшіру құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

"КОд", "БеК", "ТБК" ашық жолақтарын толтыру Қазақстан Республикасының Банктік заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 224-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202; 09.10.2015 № 509; 26.02.2016 № 87; 11.11.2016 № 597; 12.07.2017 № 431; 06.09.2017 № 543; 23.02.2018 № 269; 30.11.2018 № 1046; 07.11.2019 № 1235; 26.03.2021 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

225. Электрондық төлеуге берілетін шоттарды жасау кезінде тиісті электрондық ашық жолақтарда төлем түрін көрсету қажет:

- 1 - қарапайым төлем;
- 2 - қосымшамен зейнетақы (міндетті және мамандандырылған) жарналары;
- 3 - еңбекақыны және дивидендтерді аудару;
- 4 - қосымшасы бар әлеуметтік аударымдар;
- 5 - қосымша мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін төлемдер;
- 6 - қосымшамен заңды тұлғаларға төлем;
- 7 - қосымшасы бар жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төлемдер.

Шығыс есептілік нысандарында қамтылған мәліметтерді бұрмалауға жол бермеу мақсатында мемлекеттік мекеме жасаған, бірақ мемлекеттік мекеменің басшысы қол қоймаған төлеуге берілетін шоттарды айдың соңғы күнінің сағат 16.00-дегі жағдай бойынша, ал ағымдағы қаржы жылының желтоқсанында бұл күн ерте болуы мүмкін, мемлекеттік мекеме Жүйеден алып тастайды.

Ескерту. 225-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

226. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы, басқа да ақшалай төлемдер, жеке тұлғаларға стипендиялар мен төлемақы бойынша төлемдерді жүргізуге арналған төлеуге берілетін шоттарда олардың сомасын ағымдағы шоттарға немесе

ақша алушылардың жинақ ақша шоттарына есептеу жолымен "Ақшаны алушы" бөлімінде ақша алушы ағымдағы шот немесе ақша алушының жинақ ақша шотын ашқан банктің деректемелері көрсетіледі.

"Ақшаны алушы" бөлімінде мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақыны, басқа да ақшалай төлемақыны, жеке тұлғаларға стипендияларды және төлемақыны төлеуге арналған чектер бойынша банкте берілген сомасын қалпына келтіруге арналған төлеуге берілетін шоттағы мемлекеттік мекеме, аумақтық қазынашылық бөлімшесі шарт жасасқан банктің деректемелері көрсетіледі.

227. Аванстық (алдын ала) төлемді жүргізген кезде төлеуге берілетін шотта "Төлемнің мақсаты" ашық жолағында: "_____№_____шарт сомасының _____% мөлшерінде аванстық (алдын ала) төлем, №_____, хабарламаның күні және №_____ мәтін қосымша көрсетіледі.

228. Төлеуге берілетін шотта "ағымдағы" не "түпкілікті" төлемінің мәртебесі көрсетіледі.

"Ағымдағы" мәртебесі бар төлеуге берілетін шот - тіркелген шарттың талаптарына сәйкес тауарларды беруге (орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) аралық төлемді жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме ұсынатын ("Қазынашылық-клиент" АЖ қалыптастырылатын) төлеуге берілетін шот.

"Түпкілікті" мәртебесі бар төлеуге берілетін шот - растайтын құжаттар қоса беріле отырып (тіркеліп), тіркелген шарттың талаптарына сәйкес берілген тауарларға (орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) түпкілікті төлемді жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме ұсынатын ("Қазынашылық-клиент" АЖ қалыптастырылатын) төлеуге берілетін шот.

Шарт жасау талап етілмейтін және аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеу талап етілмейтін шығыстар бойынша экономикалық сыныптама шығыстарының түрлері бойынша төлеуге берілетін шотта "түпкілікті" мәртебесі көрсетіледі.

Үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша төлемдер бірлесіп қаржыландыру қаражаты есебінен жүргізілген кезде қаржы жылының ішінде төлеуге берілетін шотта "ағымдағы" мәртебесі, ал ағымдағы қаржы жылының түпкілікті сомасына төлеуге берілетін шотты өткізу кезінде "түпкілікті" мәртебесі көрсетіледі.

Мемлекеттік мекеме қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың және мақсатты қаржыландырудың ҚБШ төлемдер мен ақша аударымын жүргізген кезде төлеуге берілетін шоттарда "түпкілікті" мәртебесі көрсетіледі.

Ескерту. 228-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509; 26.02.2016 № 543 бұйрықтарымен

9-параграф. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы және басқа ақшалай төлемақыларды, жеке тұлғаларға стипендияларды және басқа да төлемақыларды төлеу

жөніндегі төлемдерді жүзеге асыру, міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды аудару тәртібі

Ескерту. 9-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

229. Мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне барлық төлем қолма-қол ақшалай емес нысанда жүзеге асырылады, бұл ретте мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы мен басқа да ақшалай төлемақыларды, сондай-ақ жеке тұлғаларға стипендиялар, төлемақыларды төлеу олардың сомасын ақша алушының таңдауы бойынша банкте ашылған ағымдағы шоттарға немесе жинақ ақша шотына есептеу жолымен жүзеге асырылады. Бұл ретте мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы мен басқа да ақшалай төлемақыларды, сондай-ақ жеке тұлғаларға стипендиялар, төлемақыларды төлеу:

төлем карточкаларының қолданылу мерзімі бітуіне не төлем карточкаларын жоғалтқан кезде жұмысқа қайта қабылданған қызметкерлерге төлем карточкасын дайындаған;

мемлекеттік мекеменің орналасқан жері бойынша банктің және олардың пункттарының немесе төлем карточкаларына қызмет көрсету бойынша құрылғылардың жоқ болған;

сайлау комиссиялары мүшелерінің, консультанттардың, сарапшылардың, сараптамалық лингвистикалық комиссия мүшелерінің және Қазақстан Республикасының сайлау мен республикалық референдум туралы заңнамасына сәйкес сайлауды және референдумды өткізуге қатысатын басқа тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау жөніндегі заңнамасында көзделген жалақыны өтеу үшін олардың негізгі жұмыс орны бойынша мәслихат кандидаттарының, депутаттарының ағымдағы шоты немесе жинақ ақша шоты болмаған жағдайларда мемлекеттік мекеменің кассасы арқылы жүзеге асырылады.

230. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді және өзге төлемдерді аударуды ұйымдастыру үшін мемлекеттік мекеме банкпен (банктермен) қызметкерлердің жалақылары мен өзге де төлемдерін банк шоттарына аударуға банктік қызмет көрсету шартын жасасады.

Ескерту. 230-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509 бұйрығымен.

231. Мемлекеттік мекеменің қызметкері дербес өзі банкпен банктік қызмет көрсету шартын немесе төлем карточкасын беру туралы шарт жасасады.

Ескерту. 231-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509 бұйрығымен.

232. Мемлекеттік мекеменің қызметкері мемлекеттік мекемеге банкте ашық ағымдағы немесе жинақ шотының нөмірін, банк шоты мен (немесе) банк салымы шартының нөмірі мен күнін және банк деректемелерін көрсете отырып, тиесілі ақшалай төлем сомаларын аударуға өтініш береді.

Қолдар мен мөр бедерлерінің үлгілері бар құжатты мемлекеттік мекеме " Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 болып тіркелді) (бұдан әрі - № 207 Қаулы) сәйкес ұсынады.

Ескерту. 232-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509; өзгеріс енгізілді – 12.07.2017 № 431 бұйрықтарымен

233. Мемлекеттік мекемелер аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жалақыны төлеуге арналған төлеуге берілетін шоттарды қағаз тасығышта, "Қазынашылық - клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде - электрондық түрде, ай сайын жиырма сегізі күніне дейін, ал ағымдағы қаржы жылының соңғы айында - жиырма бесінші желтоқсанға дейін береді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жалақыны төлеуге арналған төлеуге берілетін шоттарды ұсынуды мемлекеттік мекеме орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның), ал мұндай болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен белгіленетін оларды төлеу мерзіміне және кезеңділігіне сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 233-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; 30.11.2018 № 1046; 26.03.2021 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.04.2024 № 221 (30.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

234. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы және басқа да ақшалай төлемдерді, сондай-ақ жеке тұлғаларға стипендиялар мен басқа да төлемдерді олардың ағымдағы шоттарына немесе салымдар, міндетті зейнетақы жарналары, кәсіби және ерікті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар, сақтандырудың жинақтаушы түрі шарттары бойынша банкте ашылған жинақ ақша шоттарына аудару жөніндегі төлемдерді жүргізу үшін төлеуге қағаз тасығышта берілетін шоттармен бірге мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 142, 143, 144, 145 және 146 қосымшаларына сәйкес төлемдер форматтында ақшаны алушылардың тізімін ұсынады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрге төлем шоттарын беру кезінде осы Ереженің 142, 143, 144, 145 және 146 қосымшаларына сәйкес электрондық

төлемдер форматтында ақша алушылардың тізімі қоса тіркеледі және мемлекеттік мекеме бухгалтерінің және/немесе басшысының ЭЦҚ қойылады.

Мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектілері осы Ережеге 95-қосымшаға сәйкес 5-15А "Ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді" нысаны бойынша ақша алушының тиісті шотына жүргізілген төлемдер бойынша ақша алушылардың тізімін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 234-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

234-1. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

235. Мемлекеттік мекемелердің/квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлеріне жалақы мен басқа да ақшалай төлемдерді, жеке тұлғаларға стипендияларды және басқа да төлемдерді ағымдағы шоттарға немесе міндетті зейнетақы жарналарын, кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналарын мен әлеуметтік аударымдарды, міндетті медициналық сақтандыру үшін жарналар және (немесе) төлемдер ақша алушылардың жинақ шоттарына аудару жөніндегі төлемдер жүргізгеннен кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы осы Ережеге 95-қосымшаға сәйкес 5-15А "Ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірме" нысаны бойынша ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірмені (бұдан әрі – үзінді көшірме) қалыптастырады. Үзінді көшірме операциялық күн жабылғаннан кейін қалыптастырылады. Үзінді көшірменің әрбір беті құжатты өңдеу күнін көрсете отырып, жауапты орындаушының қолымен, мөртабанының бедерімен расталады және осы Ереженің 221-тармағында көзделген құжаттармен бірге мемлекеттік мекемеге/квазимемлекеттік сектор субъектісіне беріледі.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер/квазимемлекеттік сектор субъектілері 5-15А нысаны бойынша ақша алушылардың тиісті шотына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді-көшірмелерді дербес қалыптастырады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің жазбаша келісімімен 5-15А "Ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірме" нысаны бойынша есепті дербес қалыптастырады.

Ескерту. 235-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 07.11.2019 № 1235; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 18.04.2024 № 221 (30.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

236. Үзінді көшірмелер мемлекеттік мекеме олардың негізінде ақша алушылардың тізімін және тиісінше ақша алушылардың ағымдағы шоттарға немесе жинақ ақша шоттарына, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық

емес акционерлік қоғамына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударылған соманы мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы және басқа да ақшалай төлемақылар, міндетті зейнетақы жарналары, кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар, міндетті медициналық сақтандыру үшін жарналар және (немесе) төлемдер жеке тұлғаларға стипендиялар, төлемақылар бойынша бастапқы құжаттардың деректерімен жолма-жол салыстырып тексеруді жүзеге асыратын құжаттар болып табылады. Үзінді көшірмелерді мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы және басқа ақшалай төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар, міндетті медициналық сақтандыру үшін жарналар және (немесе) төлемдер жеке тұлғаларға стипендиялар, төлемдер бойынша бастапқы құжаттармен бірге тігеді және олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде сақталады.

Ескерту. 236-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

237. Жалақы бойынша төлемдерді және басқа да ақшалай төлемдерді қайтару сомасы осы Ереженің 96-қосымшасына сәйкес 5-56 "Жалақы бойынша төлемдерді және басқа да ақшалай төлемдерді қайтару жөніндегі есеп" нысанындағы есепте көрсетіледі, зейнетақы төлемдерін қайтару сомасы осы Ереженің 97-қосымшасына сәйкес 5-57 "Зейнетақы және әлеуметтік жинақты қайтару жөніндегі есеп" нысанындағы есепте көрсетіледі.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер көрсетілген есептерді дербес жасайды.

Ескерту. 237-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431; орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

237-1. Орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының жойылатын (таратылатын) құрылымдық (аумақтық) бөлімшелерінің жоспарлы тағайындауларын көшірген жағдайда, жоспарлы тағайындауларды қабылдап алған республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшілеріне немесе мемлекеттік мекемеге жоғарыда көрсетілген бөлімшелердің қызметкерлеріне еңбекақыны, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді, міндетті, ерікті және кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды аударуға, банктік көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеуге рұқсат етіледі.

Жойылатын (таратылатын) кезеңде өз функционалдық міндеттерін орындаған қызметкерлердің ағымдағы шоттары мен жинақтау шоттарына ақшаны аудару кезінде

аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне ұсынылатын төлеуге берілетін шот пен ақшаны алушылардың тізімі негізделген және дұрыс болуы үшін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және мемлекеттік мекеме жауапты болады.

Ескерту. 237-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 12.12.2014 № 559 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

10-параграф. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт талаптарына сәйкес төлемдерді жүргізуге арналған төлеуге берілетін шоттарды ұсынудың және орындаудың тәртібі

238. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт талаптарына сәйкес төлемдерді жүргізу үшін мемлекеттік мекеме қағаз жеткізгіште төлеуге берілетін шоттардың тізілімін, төлеуге берілетін шоттарды және:

тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде - шот-фактураның немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың (актінің) көшірмелерін, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде - акт жасалмайтын қызметтерді қоспағанда, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмесін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге құжат түрінің (бұдан әрі - растаушы құжаттар) көшірмесін, сондай-ақ шарт құнына ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың, жолдардың және басқа да объектілердің күрделі жөнделуіне байланысты жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын даярлау құны енген шығыстар бойынша аванстық төлемнен кейінгі төлемді жүргізу кезінде қосымша құрылысқа арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама) кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының көшірмесін;

осы Ережеге 98-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса қаржыландыру қаражатын немесе байланысқан гранттарды ұлттық валютада жұмсаған кезде үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысқан гранттар бойынша қоса қаржыландыру қаражатын алуға өтінімді ұсынады.

"Қазынашылық - клиент" АЖ тіркелген шарт талаптарына сәйкес төлем жүргізу кезінде мемлекеттік мекеме осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған, сканерленген құжаттарды қамтитын файлдарды немесе олардың электронды түрін қоса бере отырып, мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің цифрлық қолтаңбасы қойылған төлеуге берілетін шоттың электрондық үлгісін толтырады.

Электронды түрде жазып берілетін шот-фактуралардың (бұдан әрі - ЭШФ) нысаны, шот-фактураларды жазып беру, жөнелту, қабылдау, тіркеу, өндеу, беру және алу

тәртібі, ЭШФ куәландыру тәртібі, түзетілген, қосымша ЭШФ алынғанын растау ерекшелігі, ЭШФ сақтау тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

Электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу ақпараттық жүйесінде жазып берілген электрондық шот-фактураны алған кезде мемлекеттік мекеме оның негізінде "Қазынашылық - клиент" АЖ-де төлеуге шоттың электрондық үлгісін қалыптастырады және осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған, сканерленген құжаттарды қамтитын файлдарды тіркемей, мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен оған қол қояды, сондай-ақ шарт құнына ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың, жолдардың және басқа да объектілердің күрделі жөнделуіне байланысты жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын даярлау құны енген шығыстар бойынша аванстық төлемнен кейінгі төлемді жүргізу кезінде қосымша құрылысқа арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама) кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының көшірмесін тіркейді.

"Қазынашылық - клиент" АЖ электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу бойынша ақпараттық жүйесінен импортталған және мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған шот-фактураның электрондық үлгісі растайтын құжат болып табылады.

Шетел валютасында төлемдер жүргізген кезде "Қазынашылық - клиент" АЖ тіркелген шарт талаптарына сәйкес мемлекеттік мекеме Ереженің осы тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, шетел валютасына айырбастауға арналған өтініммен төлеуге берілетін шоттың электрондық үлгісін қалыптастырады.

Ескерту. 238-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; 11.11.2016 № 597 бұйрықтарымен.

239. Тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша алдын ала (аванстық) төлеуді қоспағанда, жүргізген кезде растайтын құжаттың барғандығын тексеру үшін және төлеуге берілетін шотқа берілген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) төлеу мақсатында мемлекеттік мекеме басшысының немесе оларға уәкілетті тұлғаның қойған қолымен және мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөр бедерімен куәландырылған растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде, мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтерінің ЭЦҚ-сы қол қойылған құжатты растайтын түпнұсқадан сканерлеген кескін тіркеледі.

Ескерту. 239-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 18.04.2024 № 221 (30.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

240. Аванстық (алдын ала) төлемді жүргізу үшін мемлекеттік мекеме төлеуге берілетін шоттардың тізілімін (аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне төлеуге берілетін шоттарды қағаз жеткізгіште берген жағдайда) және төлеуге берілетін шоттарды береді.

Аванстық (алдын ала) төлем сомасын өтеу ағымдағы қаржы жылында мемлекеттік мекеме жасаған азаматтық-құқықтық мәміле шарттарында көзделген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізу көлемдерімен және оларды жеткізу құжаттарымен қаржы жылының ішінде расталады.

Тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) келесі ақы төлеу тауарларды беруге (жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге) арналған шартта анықталған және ағымдағы қаржы жылының соңына дейін алдын ала ақы төлеу сомасын алынған жеткізулер (жұмыстар, қызметтер) көлемімен растауды қамтамасыз ету үшін келесі ақы төлеудің мөлшерін белгілейтін тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 240-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

241. Егер шарт бойынша алушының жауапкершілік тәуекелі сақтандырылса (шартты бұзғаны үшін алушы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасасқан) онда мемлекеттік мекеменің ақша алушының дәрменсіздігіне байланысты онымен шарт бұзу қажеттілігі болған кезде аванстық (алдын ала) төлем сомасының қалдығын немесе барлық сомасын қайтаруды сақтандырушы заңды тұлға жүзеге асырады.

241-1. Мемлекеттік мекеме орындалған жұмыстардың қол қойылған актісі негізінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша 10 жұмыс күні ішінде мердігерге төлемді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 241-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202 бұйрығымен.

11-параграф. Ерекшеліктер (шығындар түрлері) бойынша шарт жасамай-ақ, немесе олар азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу талап етілмейтін төлемдерді жүргізуге арналған төлеуге берілетін шоттарды ұсыну және орындау тәртібі

Ескерту. 11-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

242. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202 бұйрығымен.

243. Мемлекеттік мекеменің Осы Ереженің 234-тармағында көзделген шығыстарды қоспағанда шарт жасамастан не аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелуді талап етпейтін БСК шығыстары бойынша шарт жасаса отырып, шығыстардың түрлері бойынша төлемдер жүргізу үшін төлеуге берілетін шотты қалыптастыру мен ұсыну негіздеме болып табылады:

тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде – шот-фактуралар немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжат (акті), жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде – акті жасалмайтын қызметтерді қоспағанда, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрі (бұдан әрі - растаушы құжаттар);

қолма-қол ақшаны және чекті алуға арналған өтінім;

сот мөрінің бедерімен расталған заң күшіне енген шешім не ұйғарым, не қаулы, не сот бұйрығы;

инкассалық өкім;

осы Ережеге 98-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса қаржыландыру қаражатын немесе байланысқан гранттарды ұлттық валютада жұмсаған кезде үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысқан гранттар бойынша қоса қаржыландыру қаражатын алуға өтінім.

құрылыс үшін жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама) кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысы.

Сатып алынуы бірнеше шығыстардың БСК бойынша жіктелетін шарт жасамай-ақ тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу кезінде тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бірнеше түрлеріне бір құжатты ресімдеген жағдайда төлеуге берілетін шотты жасау әрбір шығыстардың БСК бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте құжаттың қорытынды сомасы барлық төлеуге берілетін шоттардың қорытынды сомасына сәйкес келуі тиіс.

Шарт жасаусыз негізінде мемлекеттік мекеме тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуды жүзеге асыратын құжатта мынадай ақпараттың болуы міндетті:

мемлекеттік мекеменің атына құжат ресімделген атауы (аумақтық қазынашылық бөлімшесінің және мемлекеттік мекеменің жұмысын қиындатпайтын ұйымдастыру-құқықтық нысанының атауын және мемлекеттік мекеменің атауын қысқартуға жол беріледі);

ақша алушының, оның ішінде алушы банктің деректемелері;

ағымдағы қаржы жылында жүзеге асырылуы тиіс ресімдеу күні (күн, ай, ағымдағы қаржы жылы);

тауардың (жұмыстың, қызметтің) атауы, саны мен (ҚҚС сомасын не ҚҚС болмауын міндетті түрде көрсете отырып) сомасы;

Ескерту. 243-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202; 26.02.2016 № 87; 11.11.2016 № 597 бұйрықтарымен.

243-1. Электрондық шот фактураларды қабылдау және өңдеу ақпараттық жүйесін пайдаланатын мемлекеттік мекеме үшін тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде, не жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде электрондық шот-фактура "

Қазынашылық-клиент" АЖ-де шарт жасамастан шығыстардың түрлері бойынша төлемдер жүргізу үшін төлем шотын қалыптастыру және беру үшін негіздеме болып табылады.

Ескерту. 243-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202 бұйрығымен.

244. Ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ-нан сот шешімі бойынша төлем жүргізген кезде атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы аумақтық уәкілетті орган қағаз жеткізгіштегі төлем шотына кезде атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы аумақтық органның мөрімен куәландырылған сот актісінің немесе атқарушылық құжаттың көшірмесін қоса береді.

Төлем шотын "Қазынашылық-клиент" АЖ қалыптастыру кезінде атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы аумақтық органның мөрімен куәландырылған сот актісінің немесе атқарушылық құжаттың түпнұсқасынан сканерленген электрондық құжаттар қоса тіркеледі.

Ескерту. 244-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509 бұйрығымен.

244-1. Медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) ҚБШ ақшаны уақытша орналастыру шотынан ақшаны алу үшін төлеу шотын ұсыну кезінде комиссия шешімінің көшірмесі және құжаттардың көшірмесі (шот-фактуралар немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжат (акт) немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі немесе оның негізінде тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа құжат).

Ескерту. Ереже 244-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

245. Төлемдерді жүргізу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 243-тармағында тізбеленген растайтын құжаттарды қоса берместен, төлеуге берілетін шотты қағаз тасығышта ұсынады, "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде, банкте алынған қолма-қол ақшаны қалпына келтіру банктік қызметтерге ақы төлеу үшін төлеуге берілетін шоттармен бірге берілетін қолма-қол ақшаны және чекті алуға арналған өтінімді, сондай-ақ осы Ереженің 98-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса қаржыландыру қаражатын немесе байланысты гранттарды жұмсау кезінде үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша қоса қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінімді қоспағанда, электрондық түрде ұсынады.

Ескерту. 245-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 18.04.2024 № 221 (30.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

245-1. Экономикалық шығыстар сыныптамасының 02 "Сыйақылар төлемі", 03 " Ағымдағы трансферттер", 05 "Бюджеттік кредиттер", 07 "Қарыздарды өтеу"

сыныптары, 440 "Нысаналы даму трансферттері", 450 "Шет елге күрделі трансферттер" , 620 "Елден тыс қаржылық активтерді сатып алу" кіші сыныптары бойынша және 611 " Заңды тұлғалардың құнды қағаздарды сатып алу үлесіне қатысу" ерекшелігі бойынша төлемді мемлекеттік мекемелер төлеуге берілетін шоттың негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 245-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

246. Нысаналы салым салуға, нысаналы аударым және нысаналы жарнаға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруды бюджеттік бағдарламалар әкімшісі шарт жасаспай, төлеуге берілетін шот негізінде жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісі, осы Ережеге 90-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлеуге берілетін шоттардың тізілімін және нысаналы салым салуға, нысаналы аударымға және нысаналы жарнаға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін төлеуге берілетін шоттарды 2 данада аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жібереді.

Ескерту. 246-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2023 № 775 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

247. Мемлекеттік мекеме орындалған жұмыстардың қол қойылған актісі негізінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде аумақтық қазынашылық бөлімшелерде тіркеуді талап етпейтін шарттар бойынша 10 жұмыс күні ішінде мердігерге төлемді қамтамасыз етеді.

12-параграф. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға квazимемлекеттік сектор субъектілеріне ақша аудару тәртібі және инвестициялық жобаларды іске асыруға оларды пайдалану, сондай-ақ мемлекеттік тапсырманы орындауға квazимемлекеттік сектор субъектілеріне ақша аудару, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтер көрсету

Ескерту. 12-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

248. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаражатты квazимемлекеттік сектор субъектілеріне аударуы қаржылық-экономикалық негіздемеге немесе техника-экономикалық негіздемеге (жобалау-сметалық құжаттамаға) сәйкес төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттың өзге де түрінің негізінде, оларда ағымдағы қаржы жылына көрсетілген сома шегінде жүзеге асырылады.

Жарғылық капиталында мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталын арттыруға және заңды тұлғалардың жарияланған акцияларын төлеу үшін олардың еншілес ұйымдарының жарғылық капиталын арттыруға ақша аудару, бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті куәлігімен расталатын жарияланған акциялар (бағалы қағаздар) шығарылымын

мемлекеттік тіркегеннен кейін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі тиісті қаржы жылына көзделген сома шегінде қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкес жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің заңды тұлғалардың жарияланған акцияларына ақы төлеуге берілетін шотты аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне жарияланған акциялардың (бағалы қағаздардың) шығарылымын мемлекеттік тіркеусіз ұсынуға жол берілмейді. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі заңды тұлғалардың жарияланған акцияларына ақы төлеуге берілетін шоттың негізділігі мен заңдылығын қамтамасыз етеді.

Жарияланған акцияларға (бағалы қағаздарға) ақы төлеу шотына ақша аударылғаннан кейін заңды тұлға бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамада белгіленген мерзімде мемлекеттік меншікке иелік ету жөніндегі уәкілетті органның шотына төленген акцияларды есептеуді қамтамасыз етеді.

Бюджеттік инвестицияларды ұлттық холдингтердің және ұлттық басқарушы холдингінің жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы арқылы жүзеге асырылған кезде, көрсетілген заңды тұлғалардың акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы жоқ бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес ұлттық холдингтердің және ұлттық басқарушы холдингі акцияларының эмиссиясын төлей алады.

Ескерту. 248-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2023 № 775 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

249. Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе арттыруға тиісті қаржы жылына қарастырылған сома шегінде қаржылық-экономикалық негіздемеге сәйкес төлем жүргізген кезде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлемге шотты ("Қазынашылық-клиент" АҚ - қалыптастырады), қаржылық-экономикалық негіздемені, жарияланған акциялар (бағалы қағаздар), шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне квзимемлекеттік сектор субъектісі ұсынатын басқару органдарының тиісті шешімін ұсынады ("Қазынашылық-клиент" АҚ - сканерленген бейнесін тіркейді).

Мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған аванстық төлем сомаларын қоспағанда, төлемді жүргізген кезде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлемге шотты ("Қазынашылық-клиент" АҚ-қалыптастырады) және, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2225 қаулысымен бекітілген Техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін жобалардың тізбесіне сәйкес техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін жобаларды қоспағанда, квзимемлекеттік сектор субъектісі бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне ұсынған техникалық-экономикалық негіздемесіне (жобалау-сметалық құжаттамаға) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асырған жағдайда төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың (шот-фактуралар

немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжат (акт), жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді орындау кезінде - орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмелері) көшірмесін ("Қазынашылық - клиент" АҚ - сканерленген бейнесін тіркейді) ұсынады.

Бұл ретте, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмелері бар қаржылық-экономикалық негіздеменің көшірмелері аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмелерін қоса бере отырып, кейіннен толықтырулар мен өзгерістер енгізуді ескеріп, қаржылық-экономикалық негіздемені беру арқылы әрбір инвестициялық жобаға бір рет беріледі.

Көрсетілген құжаттардың әрбір парағы мемлекеттік мекеме мөрінің бедерімен расталады және орталық атқарушы органның бірінші басшысының орынбасары (ол уәкілеттік берген адам) немесе мемлекеттік мекеме басшысы (ол уәкілеттік берген адам) дәйектейді.

Ескерту. 249-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрықтарымен.

250. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі жарияланған акцияларға (бағалы қағаздарға) төлеуге арналған ақша аударылғаннан кейін бір ай өткен соң бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген сомалар шегінде жарғылық капиталды арттыруға байланысты бюджеттік бағдарламалардың мақсаттарына уақтылы қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың іске асырылуы туралы ақпарат береді.

Инвестициялық жобаларды іске асыру және мемлекеттік бағдарламаларда көзделген міндеттерді орындау мақсатында заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын арттыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) жүзеге асыратын бюджеттік бағдарлама әкімшілері жыл сайын 20 қаңтарға, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер нақтыланған жағдайда 30 күннің ішінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға бюджеттік бағдарлама, (кіші бағдарлама) мақсатына уақтылы қол жеткізу бағытындағы іс-шараларды іске асыру жөніндегі ақпаратты осы Ереженің 99-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынады.

13-параграф. Қолма-қол ақшамен жасалатын операцияларды жүзеге асыру тәртібі

251. Қолма-қол ақшаны алуды мемлекеттік мекемелер банктің чектері бойынша және (немесе) корпоративтік төлем карточкаларын қолдана отырып жүзеге асырады және осы Ереженің 99-1 сәйкес тізілімі мен мөлшерін анықталған шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жол беріледі.

Қолма-қол ақшаны алу мемлекеттік мекеменің кассалық операцияларды жүргізу бойынша уәкілетті тұлғамен жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің кассалық

операцияларды жүргізу бойынша уәкілетті тұлға – мемлекеттің мекеме бастығының бұйрығына сәйкес чектер бойынша және (немесе) корпоративтік төлем карточкасын қолдана отырып, кассалық операцияларды жүргізуді және кассадағы қолма-қол ақшаның сақталуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын қызметкер.

Осы Ереженің 229-тармағында көзделген ақшаны банк кассасынан чектер бойынша қолма-қол ақша алу үшін мемлекеттік мекеме банкті өзі дербес таңдайды. Мемлекеттік мекеме, аумақтық қазынашылық бөлімшесі және банк кассалық қызмет көрсетуге осы Ереженің 100-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шарт жасасады.

Қосымша аумақтық қазынашылық бөлімшесі және банк Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес чектерді пайдалану туралы шарт жасасады.

Ескерту. 251-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

251-1. Корпоративтік төлем карточкасын қолдану арқылы мемлекеттік мекемелердің шығыстары:

1) шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің 99-1-қосымшасына сәйкес мөлшерінде бюджет қаражатының және мемлекеттік мекеменің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын ақша;

2) айына 20 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мемлекеттік мекемелер үшін қайырымдылық көмектен түсетін ақша;

3) мемлекеттік мекемеге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалардың оны қайтарып алу немесе белгілі бір жағдайлар басталғанда тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға шектеусіз (ақшаны уақытша орналастыру шоты) аудару шартымен беретін ақша есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. Ереже 251-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрықтарымен.

251-2. Мемлекеттік мекеменің кассасындағы қолма-қол ақша қалдығының күн сайынғы лимиті мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарының бекітілген жылдық сомасын ескере отырып, 161 "Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар" және 162 "Елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарлар" ерекшеліктері бойынша, мынадай шекте белгіленеді:

5 млн. теңгеге дейін - 50 айлық есептік көрсеткіш;

5 млн.теңгеден 20 млн.теңгеге дейін - 150 айлық есептік көрсеткіш;

20 млн.теңгеден жоғары - 500 айлық есептік көрсеткіш.

Ағымдағы қаржы жылы мемлекеттік мекеменің кодына есептеуге тапсырылмаған мемлекеттік мекеменің кассасындағы бюджеттік қолма-қол ақшаның қалдығы кезекті қаржы жылында 206106 "Бұрын республикалық бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражатты қайтару" және 206107 "Бұрын жергілікті бюджеттен алынған,

пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы" кірістердің бюджеттік сыныптамасының кодтары бойынша тиісті бюджетке міндетті түрде қайтарылады.

Ескерту. Ереже 251-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

252. Чек кітапшаларын банкте мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасы мемлекеттік мекеменің басшысы немесе ол өкілеттік берген тұлғаның сенімхаты негізінде қол қою арқылы сатып алады.

Сатып алынған чек кітапшаларын мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасы оларды аумақтық қазынашылық бөлімшесіне тіркеу үшін ұсынады.

253. Банк чектер бойынша мемлекеттік мекемеге берілген қолма-қол ақшаны есепке алуды жүргізу үшін республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін жеке тиісті баланс шотында банкішілік шоттар ашады.

Банкте ашылған банкішілік шоттардың ерекшелігі әрбір операциялық күннің аяғында банкішілік шоттардың қалдықтары нөл болуы тиіс.

254. Мемлекеттік мекемелер банк кассасынан қолма-қол ақша алуына аумақтық қазынашылық бөлімшесі банкке қойылған қолдар мен мөр бедері үлгілері бар құжатты 2 данада банкке береді. Қойылған қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжат № 207 Қаулысымен белгілеген нысан бойынша және тәртіппен ресімделеді.

Ескерту. 254-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

255. Мемлекеттік мекеме чектер бойынша қолма-қол ақша алғанға дейін бір жұмыс күні бұрын аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 101-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банкте алған қолма-қол ақшаны қалпына келтіруге арналған төлеуге берілетін шотты, банк қызметтеріне төлемді, чекті, қолма-қол ақша алуға арналған өтінімді қоса бере отырып, төлеуге берілетін шоттардың тізілімін береді.

Төлеуге берілетін шоттар шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша жеке беріледі.

Чек мемлекеттік мекеменің лауазымды тұлғасына және банктің кассасынан қолма-қол ақша алуға арналған төлеуге берілетін шоттардың жалпы сомасына ресімделеді. Чек мемлекеттік мекеменің қолдарын қоймай-ақ және мөр бедерінсіз беріледі.

256. Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары қол қойған және елтаңбалы мөрдің таңбасымен бекітілген мемлекеттік мекемелердің чектері кассалық қызмет көрсетуге арналған шартта белгіленген мерзімде банкке беріледі.

Чектер банкке осы Ереженің 102-қосымшасына сәйкес "Мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақша алуға арналған чектерінің тізілімі" деген 5-55-нысан бойынша мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаны алуға арналған чектердің тізілімімен бірге республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер бойынша

жеке және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер бойынша жеке беріледі.

257. Қолма-қол ақшаны беруді банк мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақша алуға арналған чектердің тізілімі және атына чек берілген мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғаға тікелей чек түскеннен кейін келесі жұмыс күніне банк жүргізеді.

258. Банк кассалық қызмет көрсетуге арналған шартта белгіленген мерзімде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 103-қосымшасына сәйкес нысанда төленген чектердің тізілімін береді.

259. Корпоративтік төлем карточкаларын қолдана отырып, бюджет ақшасы есебінен есептесулерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме ағымдағы шот ашады, бұл ретте республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі - бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға қолдаухат береді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты мемлекеттік мекеменің атауы мен кодын, бюджет түрін және шығыстар бағының мақсаттарын, оған сәйкес ол қалыптасқан немесе қайта ұйымдастырлған нормативтік құқықтық актіні қамтуы тиіс.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күннің ішінде мемлекеттік мекемеге ағымдағы шотты ашуға осы Ереженің 104-қосымшасына сәйкес нысан бойынша 2 данада рұқсат береді.

Рұқсат беруден бас тартқан жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне бас тарту себебі көрсетіле отырып, жазбаша хабарлама жіберіледі.

260. Мемлекеттік мекеме банкпен корпоративтік төлем карточкаларына банктік қызмет көрсету шартын жасасады, сондай-ақ банкке № 207 Қаулысымен белгіленген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 260-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

261. Алынған корпоративтік төлем карточкалары осы Ереженің 106-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемеде тіркеу журналында тіркеледі және орталық атқарушы органның аппарат басшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның), ал мұндай болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен анықталған уәкілетті тұлғаларға (бұдан әрі – есеп беретін тұлға) қол қойып беріледі.

Ескерту. 261-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2021 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

262. Корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып жүргізілетін төлемдер ағымдағы шоттағы ақша сомасы шегінде жүзеге асырылады.

Ағымдағы шотты толықтыру міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жеке жоспарларымен бекітілген сомалар шегінде төлеуге берілетін шот негізінде жүзеге асырылады.

263. Мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімде және тәртіппен сауда чектерін, слиптерді және чектерді және (немесе) корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып жүргізілген төлемдерді растау болып табылатын басқа да құжаттарды қоса бере отырып, чек бойынша және (немесе) ағымдағы шоттан ақшаны пайдаланғаны туралы аванстық есеп береді.

264. Ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін ағымдағы шоттағы ақшаның пайдаланылмаған қалдықтары және/немесе есеп беретін тұлға корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып алған пайдаланылмаған қолма-қол ақша мемлекеттік мекеменің тиісті шотына тиісінше қалпына келтірілуге тиіс. Бұл ретте егер бюджет ақшасы ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін қалпына келтірілмеген болса, келесі қаржы жылының бірінші үш жұмыс күнінде бюджет ақшасының қайтарылатын сомасын мемлекеттік мекеме (мемлекеттік мекеменің есеп беруші тұлғасы) тиісті бюджет кірісіне аударуы тиіс. Басқа қаржы көздерінен ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін тиісті шотқа аударылмаған ақшаларының пайдаланылмаған қалдықтарының қайтарылатын сомасы келесі қаржы жылының бірінші үш жұмыс күнінде тиісті шотқа қалпына келтірілуге тиіс.

265. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

14-параграф. Мемлекеттік мекеменің жасалған төлемдер сомасын және ақша аударымдарын қайтару

266. Ағымдағы қаржы жылында жасалған төлемдерді қайтару кезінде аумақтық қазынашылық бөлімшесі:

1) орындалмаған міндеттемелер сомасын арттыру және шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша кассалық шығыстарды азайту арқылы мемлекеттік мекеменің кассалық шығыстарын қалпына келтіруді жүзеге асырады;

2) мемлекеттік мекемеге осы 2-38 "Төлем тапсырмасы" нысанындағы есепті Ереженің 107-қосымшасына сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – 2-38-нысан бойынша төлем тапсырмасы) және 5-17 "Қалпына келтіру және ауыстырулар тізілімі" нысанындағы есепті осы Ереженің 108-қосымшасына сәйкес нысан бойынша береді.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер 2-38 "Төлем тапсырмасы", 5-17 "Қалпына келтіру және ауыстырулар тізілімі", 5-56 "Жалақы бойынша төлемдерді қайтару жөніндегі есеп", 5-57 "Зейнетақы және әлеуметтік төлемдерін, міндетті медициналық сақтандыру үшін жарналар және (немесе) төлемдерін қайтару жөніндегі есеп" нысанындағы есептерді дербес қалыптастырады.

Ескерту. 266-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

267. Ағымдағы жылдың деректемелері дұрыс көрсетілмеген төлемдерін немесе өткен жылдардың төлемдерін қайтарған жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесі мұндай төлемдерді 902 "Анықталғанға дейін өзара есеп айырысу бойынша ұлттық валютада аударылған сомалар" шотына (бұдан әрі - 902-шот) есептейді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі жеті жұмыс күні ішінде олардың есептелген күнінен бастап сомалардың 902-шотқа есептелу себебін анықтауды қамтамасыз етеді, төлемдер қате аударылған жағдайда, сома ақшаны жөнелтушіге кері қайтарылады.

Ескерту. 267-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; 11.11.2016 № 597 бұйрықтарымен.

268. Мемлекеттік мекеме төлем тапсырмасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ақша алушыға аумақтық қазынашылық бөлімшесінің қайтару сомасын кейіннен қайтаруы үшін не өткен жылдардың дебиторлық берешегі расталған кезде қайтару сомасын тиісті бюджет кірісіне кейіннен аудару үшін нақтыланған деректемелер көрсетілген хат жібереді.

Тиісті бюджеттің кірісіне өткен жылдардың дебиторлық берешегін қайтару сомасын аударуға аумақтық қазынашылық бөлімшесінің 2-38-нысаны бойынша төлем тапсырмасы мемлекеттік мекеменің есептегі дебиторлық берешек сомасын есептен шығару үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 268-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2016 № 597 бұйрығымен.

269. Ағымдағы қаржы жылы ішінде міндетті зейнетақылық, кәсіби және ерікті зейнетақы жарнамалар, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар, жалақы, алименттер, стипендиялар бойынша өткен жылдардың төлемдерін қайтару мемлекеттік мекеменің хаты мен оған қоса берілген swift-файлдың негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшесі ақшаны жөнелтушіге одан әрі аударуы үшін 902-шотқа есептеледі.

Кірістері бойынша түсімдер сомасын есептеу кезінде 902-шотқа (күжаттарда 2-28-нысан бойынша төлем тапсырмаларындағы көрсетілген деректемелер болмаған немесе дұрыс болмаған кезде) аумақтық қазынашылық органы соманы ақшаны жөнелтушіге не мемлекеттік мекеменің хаты негізінде деректемелерді нақтылаған кезде тиісті бюджеттің кірісіне есептейді.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың және мемлекеттік мекеменің ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ түсімдер бойынша 902-шотына есептелген сомалар 2-38-нысан бойынша төлем тапсырмаларында көрсетілген деректемелер болмаған немесе қате көрсетілген кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік мекеме хатының негізінде деректемелерді нақтылаған кезде ақшаны алушыға есептейді.

Ағымдағы қаржы жылының соңында міндетті зейнетақылық, кәсіби және ерікті зейнетақы жарнамалар, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар, жалақы, алименттер, стипендиялар, жәрдемақылар, іссапар және қызметтік сапарлар бойынша төлемдерді қайтару өткен жылдардың төлемдерін қайтару мемлекеттік мекеменің хаты мен оған қоса берілген свифт-файлдың негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшесі ақшаны жөнелтушіге одан әрі аударуы үшін 902-шотқа есептеледі.

Ескерту. 269-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; 11.11.2016 № 597; 23.02.2018 № 269; 30.11.2018 № 1046; 24.12.2021 № 1335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15-параграф. Есептеудің аккредитивті нысанын пайдалану

270. Шетел валютасында жасалған шарттар бойынша Қазақстан Республикасының резидент еместерінің пайдасына шетел валютасында төлемдер және ақша аударуды жүзеге асыру кезінде құжаттық аккредитивті (бұдан әрі - аккредитив) қолдана отырып, есеп айырысу нысанын пайдалануға жол беріледі.

271. Аккредитив ағымдағы қаржы жылына көзделген шарт сомасының шегінде және шетел валютасындағы шарттың қолданылу мерзіміне ашылады. Бұл ретте шартты ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанына дейінгі немесе ағымдағы қаржы жылынан асатын қолданылу мерзімімен шарт жасасқан жағдайда, бюджетті атқару бойынша уәкілетті органда ашылған байланысты грант немесе сыртқы қарыздың арнайы шотының ақшасы есебінен ашылған аккредитивті ашу жағдайын қоспағанда, аккредитивтің қолданылу мерзімі аккредитив ашылатын қаржы жылының 15 желтоқсанынан кешіктірмей белгіленеді.

272. Аккредитивті шетел валютасында ашу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне "Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 199 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9948 болып тіркелді) сәйкес ресімделетін және ұсынылатын өтінімді ұсынады. Осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркелген аккредитивті пайдалану көзделген шарт өтінімді ресімдеу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 272-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

273. Аккредитив трансферленбейтін (аударылмайтын) болуы тиіс.

274. Аккредитив ҚР ҰБ-да ашылады. Есептеудің аккредитивті нысанын қолдана отырып жасалған шарттың талаптарында аккредитивпен көзделген құжаттарды тиісті ұсынуға дейін банк-эмитентте (ҚР ҰБ) аккредитив бойынша жабудың болуы көзделеді.

274-1. Мемлекеттік мекемемен шетел валютасын ары қарай аккредитивтік шотқа аудару үшін сатып алған жағдайда төлем шотта және шетел валютасын қайтадан айырбастауға арналған өтінімге аккредитивті ашуға арналған өтінімнің мерзімі мен нөмірі көрсетіледі.

Ескерту. 15-параграф 274-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046; жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрықтарымен.

275. Аккредитивтің талаптарының мерзімнен бұрын орындалуына не аккредитивті қолдану мерзімінің аяқталуына байланысты шетел валютасындағы аккредитив жабылады.

276. Шетел валютасындағы аккредитивтің пайдаланылмаған сомасы аккредитивтің қолданылу мерзімі аяқталған соң, қайта айырбастау жөніндегі рәсімдерді жүзеге асырғаннан кейін шетел валютасы айырбасталған шығыстар БСК бойынша ағымдағы қаржы жылының кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен есепке алынады.

Бюджетті атқару бойынша уәкілетті органда ашылған байланысты грант немесе сыртқы қарыздың арнайы шотының қаражаты есебінен ашылған аккредитивтің пайдаланылмаған сомасы аккредитивтің қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін тиісті байланысты грант немесе сыртқы қарыздың арнайы шотына аударылады.

277. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік мекемелердің аккредитив сомаларының есебін жүргізеді.

16-параграф. Инкассолық өкімдерді, мемлекеттік кірістер органының өкімдерін, мемлекеттік ішкі аудит жөніндегі уәкілетті органның және атқарушы құжаттарды орындау тәртібі

Ескерту. 16-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

278. Инкассолық өкім соттардың заңды күшіне енген шешімдеріне, ұйғарымдарына, қаулыларына, бұйрықтарына сәйкес берілген, сондай-ақ пайда болған салық берешегін, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары немесе әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешекті, кеден органдары алдындағы берешекті өтеуге байланысты атқарушылық құжаттарды мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің мәжбүрлі түрде орындауына негіз болып табылатын құжатты білдіреді. Инкассолық өкім мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісі төлемінің негізділігін растайтын құжат болып табылады.

Мемлекеттік кірістер органдарының инкассолық өкімдерін қоспағанда, инкассолық өкім атқару парағы немесе сот шешімі (үкімі, ұйғарымы, қаулысы) немесе ақшаны өндіріп алу туралы сот бұйрығы негізінде және Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша берілген бұйрықтың негізінде жасалады.

Инкассолық өкім аумақтық қазынашылық бөлімге осы Ереженің 109-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инкассолық өкім тізілімімен бірге 2 данада ұсынылады. Инкассолық өкім тізілімінде қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне ұсынылатын барлық инкассолық өкімдер көрсетіледі.

Инкассолық өкім № 208 қаулымен белгіленген нысан бойынша 2 данада мемлекеттік мекемеге/квазимемлекеттік сектор субъектісіне қызмет көрсетілетін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне беріледі. Мемлекеттік кірістер органдарының өкімдерін қоспағанда, оны жасау үшін негіз болып табылатын атқарушылық құжаттың түпнұсқасы не әрбір беті соттың елтаңбалық мөрімен куәландырылған немесе әр бетте жеке не сот актілерін орындау бойынша аумақтық уәкілетті органның сот атқарушысының мөрімен куәландырылған осы құжаттың көшірмесі инкассолық өкімге қоса беріледі.

Инкассолық өкімді аумақтық қазынашылық бөлімшесі инкассолық өкім есептен шыққан күннен 10 (он) күнтізбелік күн ішінде орындауға қабылдауы тиіс.

Инкассолық өкімдерді қабылдау кезінде аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдардың және мөр бедерінің болуына көзбен тексеруді жүзеге асырады.

Ескерту. 278-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; өзгеріс енгізілді -12.07.2017 № 431; 23.02.2018 № 269 бұйрықтарымен.

279. Инкассолық өкім Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға, оның ішінде осы Ереженің 278-тармағына сәйкес болған кезде 110 және 111-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, инкассолық өкімдерді есепке алу журналында тіркеледі, ол беттердің жалпы санын көрсете отырып, нөмірленген, тігінделген және елтаңбалы мөр бедерімен және аумақтық қазынашылық бөлімшесі басшысының қойылған қолымен нықталған болуы тиіс.

Жазбалар хронологиялық тәртіппен жүргізіледі, инкассолық өкімнің түскен күні журналда көрсетілген күнге сәйкес келуі тиіс. Инкассолық өкімдерді есепке алу журналы бюджет түрлері және қаржыландыру көздері бойынша жүргізіледі.

Инкассолық өкім Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген және атқарушы құжаттарды ұсыну үшін, оның ішінде осы Ереженің 278 -тармағында белгіленген мерзімі өтіп кеткен кезде инкассолық өкім 2 жұмыс күні ішінде қайтару себептерін жазбаша негіздеумен орындалмай қайтаруға жатады.

280. Мемлекеттік кірістер органдарының атқарушы құжаттары бойынша мемлекеттік мекемеге/квазимемлекеттік сектор субъектісіне қойған инкассолық өкімдері аумақтық қазынашылық бөлімшесіне бір мезгілде түскен кезде, оларды орындау Азаматтық кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік кірістер органдарының инкассольдық өкімдері мемлекеттік мекемеге/ квазимемлекеттік сектор субъектісіне бір мезгілде түскен кезде, салық берешегі сомаларын өндіріп алуға қойылған инкассольдық өкімдер бірінші кезекте орындалады.

281. Инкассольдық өкімді орындау:

1) инкассольдық өкім мемлекеттік мекеменің кодына қойылған жағдайда, ағымдағы қаржы жылының қабылданбаған міндеттемелері бойынша жоспарлы тағайындау сомасы. Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеуді қоса алғанда, бюджеттік бағдарлама бойынша бюджет қаражатының қолда бар үнемі инкассольдық өкімді орындауға жіберіледі;

2) қабылданбаған міндеттемелер бойынша жоспарлы тағайындау сомасы және оны мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатуынан түсетін ақшаны есептеумен және олардың есебінен шығыстарды жүргізумен байланысты операцияларды есепке алуға арналған ҚБШ қойған жағдайда, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатуынан түсетін ақша;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес оны мемлекеттік мекемелер үшін алатын қайырымдылық көмектен түскен ақшаны есептеумен және жұмсаумен байланысты операцияларды есепке алуға арналған ҚБШ қойылған жағдайда қайырымдылық көмек ақшасының қалдығы;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотындағы ақша қалдығы және банктік заңнамаға сәйкес;

5) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 281-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

282. Атқару құжаттарының негізінде ұсынылған инкассольдық өкімді орындау шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшелігі бойынша жасалады. Атқару құжаттарын, сот актілерін орындауға арналған шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша қаражат жетіспеген не жоқ болған жағдайда инкассольдық өкімді орындау жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу жолымен жүзеге асырылады.

283. Инкассольдық өкімді, мемлекеттік кірістер органдарының өкімін, сот актілерін, анықтау және алдын ала тергеу органдарының қаулыларын, прокурор санкция берген

атқарушылық іс жүргізу органдарының қаулыларын, атқарушылық іс жүргізу органдарының қаулыларын, нақты ақша сомасына тыйым салу туралы сот санкция берген атқарушылық іс жүргізу органдарының қаулыларын, басқа міндеттемелерді орындауға тыйым салатын атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау туралы қаулыларды алғаннан кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы:

1) мемлекеттік мекемеге инкассольдық өкімді тіркеген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей инкассольдық өкімді қою және мына:

мемлекеттік мекемелердің қызметін ұстау жүзеге асырылатын бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша;

міндеттемелерді тіркеу және мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтер ҚБШ бойынша төлем жүргізу жөнінде;

мемлекеттік мекемелердің қайырымдылық көмектің және жергілікті өзін-өзі басқарудың ҚБШ бойынша төлем жүргізу жөнінде;

осы Ережеге 278-тармақта көзделген жағдайларда инкассольдық өкімнің бірінші данасы мен атқарушы құжаттың көшірмесі қоса беріле отырып, операцияларды тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама (бұдан әрі – хабарлама хат) жібереді. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде инкассольдық өкімнің екінші данасы, оны атқарушы құжаттар негізінде қойған жағдайда – инкассольдық өкімнің көшірмесімен бірге атқарушы құжаттың түпнұсқасы (көшірмесі) қалады;

2) сол күні мыналар бойынша:

жалақы және басқа да ақша, оның ішінде техникалық персоналдың төлемдері;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай өтемақы;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

міндетті зейнетақы жарналары;

кәсіби зейнетақылық жарналары;

жалақы мен басқа да ақшалай төлемдерден ұстаулар;

әлеуметтік аударымдар;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар;

банк қызметтеріне ақы төлеу бойынша төлемдер мен ақша аударымдары жүзеге асырылатын шығыстардың ҚБШ-ны қоспағанда, қызметтерін қамтамасыз ету жүзеге асырылатын бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) пайдаланылмаған қалдықтары бойынша операцияларды тоқтата тұру жүзеге асырылады.

Ескерту. 283-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрықтарымен.

284. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы инкассольдық өкімді алып, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотындағы қалдықтар шегінде инкассольдық өкімде көрсетілген алушының пайдасына акцептсіз ақша алуды жүзеге

асырады. Келесі жұмыс күні осы Ереженің 107-қосымшасына сәйкес 2-38-нысанды және 91-қосымшасына сәйкес 5-15-нысанды қалыптастырады және басып шығарады. 2-38-нысан мөртабанмен расталады және оған аумақтық қазынашылық бөлімшенің жауапты орындаушысының қолы қойылады да ақшаның алынғанын растайтын құжат ретінде квазимемлекеттік сектор субъектісіне беріледі.

Ескерту. 284-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202 бұйрығымен.

285. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат өндіріп алу туралы атқарушы құжаттар бойынша инкассолық өкімдер қойылған кезде мемлекеттік мекемелерді ұстау жүзеге асырылатын бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша операцияларды тоқтата тұру жүргізілмейді.

286. Операцияларды тоқтата тұру, осы Ереженің 283-тармағының 2) тармақшасының екінші - сегізінші абзацында көзделген шығыстардың БСК қоспағанда, аумақтық қазынашылық бөлімшесінің мемлекеттік мекемелерді ұстау жүзеге асырылатын бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша пайдаланылмаған қалдықтары есебінен мемлекеттік мекемелердің құжаттарын қабылдауды және орындауды тоқтата тұруды көздейді.

287. Мемлекеттік мекеме хабарлама хатты алып, инкассолық өкім түскен күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей инкассолық өкім деректері негізінде төлеуге берілетін шотты қалыптастыру және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсыну жолымен инкассолық өкімнің орындалуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік мекеме мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеуді қоса алғанда, қабылданбаған міндеттемелер мен бюджеттік бағдарлама шығыстарын үнемдеу бойынша жоспарлы тағайындау сомасы жетіспеген немесе болмаған жағдайда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін инкассолық өкім қойылғаны туралы хабардар етеді және инкассолық өкімді орындауды аумақтық қазынашылық бөлімшесінде инкассолық өкім тіркелген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі осы Ережеде белгіленген тәртіппен басқа ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің пайдаланылмаған жоспарлы тағайындауларын азайту есебінен инкассолық өкім шығарылған мемлекеттік мекеменің жоспарлы тағайындауларын арттыру рәсімдерін жүзеге асырады.

Инкассолық өкімді орындау 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қамтамасыз етілмеген жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесі осы Ереженің 283-тармағы 2) тармақшасының екінші – сегізінші абзацтарында көзделген шығыстар БСК және жеке тұлғаларға трансферттер беруге, сондай-ақ соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, барлық бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төлемдер жүргізуді тоқтата тұруды жүзеге асырады.

288. Инкассольдық өкімді алған және мемлекеттік мекемеде мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеуді қоса алғанда, қабылданбаған міндеттемелер мен бюджеттік бағдарлама шығыстарын үнемдеу бойынша жоспарлы жұмсалым сомасы болмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі оны алады және толық орындалғанға дейін не ол кері қайтарылғанға дейін дейін сақтайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, квазимемлекеттік сектор субъектісіне қойылған инкассольдық өкімді алған кезде және квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарында қаражат болмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі оны қабылдайды және квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына инкассольдық өкімді орындау үшін жеткілікті ақша сомасы түскенге дейін сақтайды.

Ескерту. 288-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509 бұйрығымен.

289. Ағымдағы қаржы жылының міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына инкассольдық өкімді орындау және төлемге берілген шоттарды рәсімдеу үшін жеткілікті сомаға өзгерістер енгізілгеннен кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы мемлекеттік мекемелердің операцияларды қайтадан жаңартуды жүзеге асырады.

Инкассольдық өкім қайтарып алынған немесе тоқтатылған жағдайда да мемлекеттік мекеме бойынша операцияларды қайта жаңарту жүргізіледі.

Операцияларды қайта жаңарту аумақтық қазынашылық бөлімшесінің мемлекеттік мекемелердің құжаттарын қабылдауды және орындауды қайта жаңартуды көздейді.

Сот орындаушысы инкассольдық өкімді кері қайтарып алған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабында белгіленген жағдайларда инкассольдық өкімді қайтарады.

Ескерту. 289-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

290. Мемлекеттік мекеме ақылы қызметтер ҚБШ-сына қойылған инкассольдық өкімнің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген күнінен бастап 2 жұмыс күні ішінде:

ақылы қызметтер ҚБШ-сында пайдаланылмаған жоспарлы тағайындаулар қалдықтары және ақша болған кезде төлеуге берілетін шотты береді;

ақылы қызметтер ҚБШ-сында жоспарлы тағайындаулар қалдықтары және/немесе ақша болмаған не жеткіліксіз болған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі олар бойынша операцияларды тоқтата тұруды жүзеге асыратын шығыстардың БСК-сін және тауарлар (жұмыс, қызмет) кодтарын көрсете отырып, хатты ұсынады.

291. Бюджеттік бағдарлама әкімшілері осы Ережеде белгіленген тәртіппен инкассольдық өкім қойылған мемлекеттік мекемелердің жоспарларына мемлекеттік

мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспары өзгерістер енгізу рәсімдерін жүзеге асырады.

292. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының ағымдағы қаржы жылының жоспарларына инкассолық өкімді орындау үшін жеткілікті сомаға өзгерістер енгізілгеннен кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы шығыстардың БСК-сін және тауарлар (жұмыс, қызмет) кодтары бойынша операцияларды қайта жасауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының ағымдағы қаржы жылының жоспарына өзгерістер енгізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлеуге берілетін шотты ұсынады.

293. Мемлекеттік мекеме қайырымдылық көмектің ҚБШ-сында қойылған инкассолық өкім аумақтық қазынашылық органында тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде:

қайырымдылық көмектің ҚБШ-сында ақша қалдығы болған кезде төлеуге берілетін шот ұсынады;

қайырымдылық көмектің ҚБШ-сында инкассолық өкімді орындау үшін жеткілікті ақша болмаған не жеткіліксіз болған кезде аумақтық қазынашылық органы инкассолық өкімді Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 742-бабымен белгіленген тәртіппен және кезектілікпен орындайды.

Ескерту. 293-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

294. Ақылы қызметтердің не қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша операцияларды қайта жаңғырту инкассолық өкім орындалғаннан, тоқтата тұрудан не инкассолық өкім кері қайтарып алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Сот орындаушысы инкассолық өкімді кері қайтарып алған кезде қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабында белгіленген жағдайларда инкассолық өкімді қайтарады.

Ескерту. 294-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен

295. Инкассольқы өкімді орындаған кезде инкассольқы өкімдерді есепке алу журналында оның орындалғаны туралы белгі соғылады.

Инкассольқы өкім толық орындалғаннан кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесі атқарушы құжаттың түпнұсқасын 2 жұмыс күні ішінде атқарушы құжаттарды орындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға ілеспе хатпен қайтарады.

Ескерту. 295-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202 бұйрығымен.

296. Аумақтық қазынашылық бөлімшесіне сот актілері, анықтау және алдын ала тергеу органдарының қаулылары, белгілі бір ақша сомасына тыйым салуды қолдану туралы прокурор санкциялаған атқару өндірісі органдарының қаулылары, сот санкциялаған атқару өндірісі органдарының қаулылары, атқару құжатын орындауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау туралы қаулылары түскен кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы:

1) мемлекеттік мекеменің кодына:

мемлекеттік мекеменің қызметін ұстау жүзеге асырылатын бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша, мыналар:

жалақы және басқа да ақша төлемдері, оның ішінде техникалық персонал бойынша; Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай өтемақы; салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

міндетті зейнетақы жарналары;

кәсіби зейнетақы жарналары;

жалақы мен басқа да ақшалай төлемдерден ұстаулар;

әлеуметтік аударымдар;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар;

банк қызметтеріне ақы төлеу;

Қазақстанның жоғарғы оқу орындары алушылары болып табылатын мемлекеттік тапсырыс бойынша оқып жүргендерге степендиялық қамтамасыз етуге ақшалай қаражаты;

аймақты зейнетақысы, қосымша төлемдері бойынша қаражаттарын аудару бойынша төлемдер мен ақша аударымдары жүзеге асырылатын шығыстар БСК-сін қоспаған жағдайда;

2) ақылы қызметтер ҚБШ-ына немесе қайырымдылық көмектің ҚБШ-ына, жергілікті өзін-өзі басқарудың ҚБШ-ына атқарушы құжаттың сомасына инкассольқы өкім қойылған жағдайда;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына инкассольқы өкім атқарушылық құжат сомасында қойылған жағдайда шығыс операцияларын жүргізуді тоқтатады.

Мемлекеттік мекемеде мемлекеттік мекеменің қызметін ұстау бойынша бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) болмаған жағдайда, осы тармақтың 1) тармақшасында

берілген шығыстарды қоспағанда, ол арқылы сот актісінде, қаулыда көрсетілген мемлекеттік мекемені ұстау жүзеге асырылатын, ол бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі не мемлекеттік мекеме ұсталатын бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) оқшаулауға жатады. Оқшаулау тиісті орган Ереженің осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген сот актілерін, қаулыларды кері қайтарғанға дейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 296-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

297. Аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік кірістер органдарының бірінші басшының қолы қойылған, елтаңбалық мөрімен расталған шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органының өкімі қағаз тасығышта не электронды құжат айналымы жүйесі арқылы келіп түскен кезде, қазынашылықтың жауапты орындаушысы салық және кеден заңнамасында көзделген шығыстарды қоспағанда, ҚБШ өкімінде көрсетілуі бойынша мемлекеттік мекеменің/квзимемлекеттік сектор субъектісінің барлық төлемдері мен аудармаларын жүргізуді тоқтатады.

Қазынашылық органдарына ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшының қолы қойылған, елтаңбалық мөрімен расталған шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның өкімі қағаз тасығышта не электронды құжат айналымы жүйесі арқылы келіп түскен кезде, қазынашылықтың жауапты орындаушысы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасында және осы Ереженің 296 тармағының 1)-тармақшасында көзделген шығыстарды қоспағанда, өкімінде көрсетілуі бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтар мен шоттар бойынша мемлекеттік мекеменің/квзимемлекеттік сектор субъектісінің барлық төлемдері мен аудармаларын жүргізуді тоқтатады.

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның өкімімен тоқтатылған мемлекеттік мекеменің/квзимемлекеттік сектор субъектісінің барлық төлемдер мен ақша аударымдары, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның өкімінің күшін жою туралы бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылған, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі органның елтаңбалы мөрімен куәландырылған құжаттың негізінде жаңартылады.

Өкімнің күшін жою туралы құжат, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы мен БСН, мемлекеттік мекеменің/квзимемлекеттік сектор субъектісінің атауы мен БСН, оның негізінде шығыс операциялары тоқтатылған өкімнің нөмірі мен күні, шығыс операцияларын қайта жандандыру керек мемлекеттік мекеменің/квзимемлекеттік сектор субъектісінің код нөмірі және шоты.

Ескерту. 297-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрықтарымен.

298. Аумақтық қазынашылық органына инкассолық өкім ұсынылғанға дейін мемлекеттік мекеменің атқарушы құжатты өздігінен орындауы ол белгілеген мерзімдерде төлеуге берілген шоттың негізінде бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 165 "Атқарушы құжаттарды, сот актілерін орындау" ерекшелігі бойынша жүзеге асырылады.

Атқарушы құжатты өздігінен орындау кезінде тартылатын заңгерлердің, консультанттардың қызметтеріне ақы төлеу, мемлекеттік баж төлеу Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша жүзеге асырылады.

17-параграф. Трансферттерді төмен тұрған бюджеттерге аудару тәртібі

299. Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыстың жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен трансферттерді қоса алғанда, төмен тұрған бюджеттерге трансферттерді белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландырудың жеке жоспарының негізінде бюджеттік бағдарлама әкімшісі төмен тұрған бюджеттердің кірісіне аударды.

Нысаналы даму трансферттері жоғарғы тұрған бюджеттен төменгі тұрған бюджеттерге белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландырудың жеке жоспарының негізінде аударылады. Жергілікті бюджеттік инвестицияларды іске асыру үшін нысаналы даму трансферттері бюджеттік бағдарламаларда объектілер бойынша бөліне отырып, төмен тұрған бюджеттерге бір сомамен бөлінеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдерін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органдардың тиісті қаулылары қабылданғаннан кейін екі апта мерзімде іске асырылуына тиісті жергілікті бюджеттерде қаражаты көзделген жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар туралы жиынтық ақпаратты ағымдағы жылға және жоспарлы кезеңге арналған жылдық сомаларды объектілер бөлігінде көрсете отырып, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне жібереді.

Республикалық бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде жергілікті атқарушы органдарға жаңа бюджеттік инвестициялық жобаларды енгізу өңірлік және жаһандық сипаттағы әлеуметтік, табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың алдын алуға немесе оларды жоюға, сондай-ақ төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізуге байланысты жаңа бюджеттік инвестициялық жобаларды енгізу жағдайларын қоспағанда, бір бюджеттік бағдарлама шегінде жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттерінің есебінен қаржыландырылатын

жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың сомасын бюджеттік инвестициялық жобаның сметалық құнын арттырумен байланысты шығыстарға, сондай-ақ жаңа бюджеттік инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қайта бөлуге жол берілмейді.

Бюджеттік субвенциялар жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрғандарға республикалық бюджет туралы заңмен және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген сомалар шегінде беріледі, аударуды жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган төмен тұрған бюджеттер шығыстарының бағыттары бойынша жоғары тұрған бюджеттің түсімдерін және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген сомалар шегінде айдың бірінші он күндігі ішінде жүзеге асырады.

Трансферттерді аударуды жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі төлем мақсатын көрсету үшін 02 "Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер" сыныбының 4-санатының ҚР ББС-нің түсімдер кодтарын қолдана және дамуға арналған нысаналы ағымдағы трансферттерді және нысаналы трансферттерді әрбір аудару бойынша төлеуге берілетін шоттар көшірмесін тиісті төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның қаперіне жеткізе отырып, төлеуге берілетін шот негізінде жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қарыздары, гранттары, нысаналы трансферттері есебінен қаржыландырылатын бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, ағымдағы қаржы жылында бір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) шеңберінде және бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, бір ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің шегінде жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражатын үнемдеу пайда болған жағдайда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарына, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараттарына осы тармақтың төртінші бөлігін қоспағанда, аталған соманы бюджеттің жоспарлы кезеңінде көзделген жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағыттауға, сондай-ақ:

облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тиісті бюджет комиссиясының қарауысыз бюджеттік бағдарламаға өзгерістер енгізу арқылы республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен келісім бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының;

ауданның, (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауынсыз бюджеттік бағдарламаға өзгерістер енгізу арқылы облыстың жергілікті атқарушы органымен келісім бойынша аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының;

ауданның, (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының белгіленген тәртіппен міндетті түрде қарауымен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органымен келісім бойынша аудандық маңызы бар қалалар, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарының соманы ағымдағы қаржы жылында жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар арасында ауыстыруды жүзеге асыруына рұқсат беріледі.

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері жергілікті атқарушы органдар ұсынған бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде бір жыл ішінде қалыптасқан үнемді қайта бөлу нәтижесінде өзгерген жылдық сомалары бар инвестициялық жобалар тізбесі келісілгеннен кейін 5 күндік мерзімде оны тиісті бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға жібереді.

Ескерту. 299-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 04.10.2018 № 885; 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

300. Нысаналы трансферттерді аудару осы Ереженің 299-тармағының бірінші абзацында көзделген нормаларды сақтай отырып, жоғары тұрған бюджет бағдарламасы әкімшісі төлеуге берілетін шотты ұсыну негізінде жүргізіледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі нысаналы трансферттерді аумақтық қазынашылық бөлімшесіне аударуға төлеуге берілетін шотты беру негізділігі мен заңдылығын қамтамасыз етеді.

Жоғары тұрған бюджеттен берілетін трансферттердің есебінен іске асырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша төмен тұрған бюджет бағдарламалары әкімшілерінің шығыстары шығыстардың экономикалық сыныптамасының пайдаланылатын ерекшелігіне байланысты осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

301. Жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемін қолдану кезеңінде мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейінен жоғары тұрғанға беруге байланысты шығыстарды арттыруға әкеп соқтыратын заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін қабылдаудан туындайтын жоғары тұрған бюджеттердің залалын өтеген жағдайда, төмен тұрған бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттерді аударуды белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың жеке жоспары негізінде төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жүзеге асырады.

Жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемін қолдану кезеңінде жергілікті бюджеттердің шығыстарын арттыруға және (немесе) кірістерін азайтуға әкелетін Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстың өкілдік және

атқарушы органдарының актілерін қабылдаудан туындайтын төмен тұрған бюджеттердің шығыны өтеген жағдайда, жоғары тұрған бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттерді аударуды белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаны жеке қаржыландыру жоспары негізінде жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жүзеге асырады.

Трансферттерді аударуды төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органы төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі төлем мақсатын көрсету үшін 01 "Мемлекеттік басқарудың төмен тұрған органдарынан түсетін трансферттер" сыныбының 4-санатының ҚР ББС-нің түсімдер кодтарын қолдана және дамуға арналған нысаналы ағымдағы трансферттерді және нысаналы трансферттерді әрбір аудару бойынша төлеуге берілетін шоттар көшірмесін тиісті төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның қаперіне жеткізе отырып, төлеуге берілетін шот негізінде жүргізеді.

Ескерту. 301-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрығымен.

302. Мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттер сомасы осы трансферттерді бөлген жоғары тұрған бюджетке мемлекеттік қаржылық бақылау актісіне қол қойылғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей міндетті түрде қайтаруға жатады.

Төмен тұрған бюджеттердің ағымдағы жылдың нысаналы трансферттері бойынша да, өткен жылдардың нысаналы трансферттері бойынша да жоғары тұрған бюджеттен алынған нысаналы трансферттердің мақсатқа сай пайдаланылмаған сомаларын өтеуді тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті түзету кезінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарымен тиісті жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Бұл сомалар жоғары тұрған бюджет үшін нысаналы трансферттерді өтеу сомалары, ал төмен тұрған бюджет үшін - нысаналы трансферттерді өтеу жөніндегі шығыстардың сомалары болып табылады.

Қаражат аударуды төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарымен ҚР ББС бюджет шығыстары функционалдық сыныптамасының тиісті бюджеттік бағдарламасы бойынша төлеуге берілетін шот және мемлекеттік қаржы бақылау органының ұсынымы негізінде жүргізеді.

Бұл ретте төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттары мақсатқа сай пайдаланылмаған қаражатты әрбір қайтару бойынша төлеуге берілетін шоттың көшірмесін және мақсатқа сай пайдаланбауға жол берілген шығыстардың бюджеттік сыныптамасының кодтарын қамтитын негіздеме хаттың көшірмесін үш күндік мерзімде жоғары тұрған бюджетке жеткізеді.

Ескерту. 302-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87;
06.09.2017 № 543 бұйрықтарымен.

303. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен, облыстың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резервінен бөлінген нысаналы даму трансферттерін қоспағанда, қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (жете пайдаланылмаған) республикалық бюджеттен, облыстық бюджеттен және аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерінің сомалары келесі қаржы жылында олардың нысаналы мақсатын сақтай отырып пайдаланылуы (түгел пайдаланылуы) мүмкін.

Өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде жоғары тұрған бюджеттің бюджет қаражатының қалдығы есебінен пайдалануға (жете пайдалануға) рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерінің сомасы және ол ағымдағы қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған жағдайда тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанына дейін қайтаруға жатады.

Өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде жергілікті бюджеттердің бюджет қаражатының қалдығы есебінен пайдалануға (түгел пайдалануға) рұқсат етілген нысаналы даму трансферттердің сомасы және ол ағымдағы қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған жағдайда тиісті бюджетті түзету және бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органның "Пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару" түсімдер кодына аудару жолымен ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанынан кешіктірмей жоғары тұрған бюджеттің кірісіне қайтаруға жатады.

Республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен бөлінген, өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомалары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі, облыстың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы жылдың басындағы бюджет қаражатының қалдықтары есебінен қаржы жылында одан әрі пайдалану (түгел пайдалану) туралы шешім қабылдамаған сомаларды қайтару тиісті бюджетті түзету және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның ҚР ББС түсімдердің сыныптама кодына оларды бөлген жоғары тұрған бюджеттің кірісіне аудару жолымен ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейін жүргізіледі.

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасы әкімшісінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру жөніндегі төмен тұрған бюджеттің шығыстары жергілікті бюджетті түзету негізінде қаржыландырудың жиынтық жоспарларына

енгізілген өзгерістерге сәйкес жүзеге асырылатын нысаналы трансферттерді қайтару жөніндегі шығыстары болып табылады.

Қаражатты қалпына келтіруді және аударуды төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасының әкімшісі нысаналы трансферттерді әрбір қайтару бойынша төлеуге берілетін шоттың көшірмесін және негіздеме хаттың көшірмесін жоғары тұрған бюджетке дейін жеткізе отырып, ҚР ББС бюджет шығыстары функционалдық сыныптамасының тиісті бюджеттік бағдарламасы бойынша төлеуге берілетін шот негізінде жүргізеді.

Ағымдағы қаржы жылы жоғары тұрған бюджеттен алынған, жоғары тұрған бюджетті нақтылау (түзету) немесе секвестрлеу кезінде азайтылған (шығарып тасталған) нысаналы трансферттер сомасын қайтару үшін төмен тұрған бюджеттер белгіленген тәртіппен тиісті бюджетті нақтылауды (түзетуді) жүзеге асырады. Төмен тұрған бюджеттер жоғары тұрған бюджет әкімшісінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының тиісті кодынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына немесе мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулылары қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке азайтуға немесе алып тастауға жататын нысаналы трансферттер сомасын қайтаруды қамтамасыз етеді.

Ағымдағы қаржы жылы жоғары тұрған бюджеттен алынған, жоғары тұрған бюджетті секвестрлеу кезінде азайтылған (шығарып тасталған) нысаналы трансферттер сомасын қайтару төмен тұрған бюджеттер жоғары тұрған бюджет әкімшісінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді.

Ескерту. 303-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 24.12.2014 № 583; 06.09.2017 № 543 бұйрықтарымен.

303-1. Өткен қаржы жылында республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен бөлінген, өткен қаржы жылында пайдаланылмаған ағымдағы нысаналы трансферттер сомалары жыл басындағы бюджет қаражаты қалдықтарының және осы трансферттерді бөлген жоғары тұрған бюджетке төмен тұрған бюджеттен қайтарылған сомалар, пайдаланылмаған ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейін оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке ҚР ББС түсімдердің сыныптама кодына қайтарылуға жатады.

Ескерту. Ереже 303-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586; жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрықтарымен.

304. Жергілікті атқарушы органдардың өткен қаржы жылының қорытындылары бойынша жалпы сипаттаға трансферттердің көлемдері туралы заңмен (облыстық мәслихаттың шешімімен) тиісті қаржы жылының соңына төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының жылдық сомасынан белгіленген соманың артық сомасын қайтару Бюджет кодексі 45-бабының 4-2-тармағына сәйкес тиісті бюджеттің түзету және тиісті жоғары тұрған бюджеттің кірісіне бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына түсімдер сыныптамасының кодына аудару жолымен ағымдағы қаржы жылының 1 наурызынан кешіктірмей жүргізіледі.

Ескерту. 304-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

18-параграф. Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімді әзірлеу тәртібі

Ескерту. 18-параграф алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

19-параграф. Республикалық және жергілікті бюджеттерден бюджеттік субсидиялар төлеу тәртібі

310. Бюджеттік субсидиялар тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда және жергілікті атқарушы органның немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттар шешімінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңын немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулысымен анықталған сомалар шеңберінде беріледі.

311. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бюджеттік субсидиялар бөлу көзделген болса, оларды бөлу тәртібі Бюджет кодексінің 35-бабының 5-тармағына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 311-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

311-1. Бюджеттік субсидияларды бюджеттік субсидияларды түпкілікті алушыларға аудару бюджеттік бағдарламалар әкімшілері айқындаған рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Ереже 311-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

312. Бюджеттік субсидиялар төлеу үшін оларды алушылар бюджеттік бағдарлама әкімшісіне олардың бюджеттен өтеуді талап ететін шығындарды жүзеге асырғанын растайтын қаражаттар ұсынады. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі оларды қарағаннан

кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінде көзделген тәртіппен және нысанда бюджеттік субсидия беру жүзеге асырылған әр бюджеттік бағдарлама бойынша бюджеттік субсидиялардың жүзеге асырылуы тиіс бюджеттік бағдарлама бойынша бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған қорытындыны және төлеуге берілетін шоттарды қалыптастырады.

313. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі тиесілі бюджеттік субсидияларды олардың тікелей алушыларына аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ереженің 90-қосымшасына сәйкес нысан бойынша төлеуге берілетін шоттардың тізілімін және төлеуге берілетін шоттарды 2 данада ұсынады. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі бюджеттік субсидияларды төлеудің негізділігін, бюджеттік субсидия алушыларға тиесілі соманы есептеудің дұрыстығын, бюджеттік субсидияларды аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынылған төлеуге берілетін шоттарды толтырудың растығын және толықтығын қамтамасыз етеді.

20-параграф. Шетел валютасын айырбастау және аудару тәртібі

314. Мемлекеттік мекемелер, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылар шетел валютасында төлемдер мен ақша аударуды жүргізу үшін шетел валютасын айырбастау және аудару жөніндегі операцияларды Бюджет кодексінің 99-бабына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 314-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

315. ҚР ҰБ белгілеген сомадан аспайтын сомаға валюта түрлері бойынша шетел валютасын айырбастау жөніндегі операциялар алдын ала мәлімет ұсынбастан жүзеге асырылады.

Ескерту. 315-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2019 № 517 бұйрығымен.

316. ҚР ҰБ белгілеген сомадан асатын сомаға валюта түрлері бойынша шетел валютасын айырбастау жөніндегі операциялар мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы аумақтық қазынашылық бөлімшесіне валюта сомасы мен түрін көрсете отырып, шетел валютасын сатып алу қажеттігі туралы хатты ұсынғаннан кейін, айырбастау күніне дейін мынадай мерзімдерде:

АҚШ доллары, еуро, ағылшын фунт стерлингі, швейцария франкі, ресей рублі, қытай юані – үш жұмыс күні ішінде;

жапон йені – бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 316-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

317. Аумақтық бөлімшесі сол күні бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға электрондық түрде хат жібереді, ол, өз кезегінде, оларды Ұлттық Банкке дейін жеткізеді.

318. Төлемдер мен ақша аударымдарын шетел валютасында жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы осы Ережеге 113-қосымшаға сәйкес аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлеуге берілетін шотты/төлем тапсырмасын және шетел валютасын айырбастауға арналған өтінімді қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде жергілікті уақыт бойынша сағат 10-00-ге дейін ұсынады (жібереді).

Шетел валютасын айырбастауға арналған өтінімді мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы қағаз жеткізгіште 2 данада жасайды және береді.

Ескерту. 318-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

319. Төлеуге берілетін шотта/төлем тапсырмасында және (немесе) шетел валютасын айырбастауға арналған қағаз жеткізгіштегі өтінімде қандай да бір қажетті деректемелер болмаған, қолдар және (немесе) мөр бедері қолдардың және (немесе) мөр бедерлері бар құжатқа сәйкес келмеген, төлеуге берілетін шот/төлем тапсырмасы сомасы шетел валютасын айырбастауға арналған өтінім сомасына сәйкес келмеген кезде, валюта түрлері бойынша ҚР ҰБ белгілеген лимиттен асатын шетел валютасын резервтеу болмаған кезде, рұқсат етілген шығындардың бағытталуына төлем мақсаты сәйкес келмеген төлеуге берілетін шот/төлем тапсырмасы және шетел валютасын айырбастауға арналған өтінім орындалмастан мемлекеттік мекемеге, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыға қайтару себептері көрсетіле отырып, қайтарылады.

Электрондық түрдегі төлеуге берілетін шотта/төлем тапсырмасында және (немесе) шетел валютасын айырбастауға арналған өтінімде қателер бар болған, оларда қандай да бір қажетті деректемелер болмаған, валюта түрлері бойынша ҚР ҰБ белгілеген лимиттен асатын шетел валютасын резервтеу болмаған кезде, рұқсат етілген шығындардың бағытталуына төлем мақсаты сәйкес келмеген төлеуге берілетін шоттан/төлем тапсырмасынан және шетел валютасын айырбастауға арналған өтінімді қабылдамау себептері көрсетіле отырып, "Қазынашылық-клиент" АЖ-да орындалмастан қайтарылады.

Ескерту. 319-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

320. Бағамдық айырманың туындауына байланысты қажетті төлем сомасы тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле сомасынан асып түскен жағдайда, мемлекеттік мекеме сағат 10-00-ге дейін қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы электрондық бейнемен хабарлама бойынша қалдық сомаға шетелдік валютаны айырбастауға төлеуге берілетін шотты немесе өтінімді береді.

321. Мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне бағамдық айырма сомасына бір мезгілде қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық бейнемен: міндеттемелерді тіркеуге арналған өтінімді, шетел валютасын айырбастауға арналған өтінім және төлеуге берілетін шот береді.

322. Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша міндеттемелер жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жеке жоспары бойынша қабылданбаған міндеттемелер сомасы болған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесі бағамдық айырма сомасына міндеттемелерді тіркеуге арналған өтінім деректерін ҚБАЖ-ға енгізуді және хабарлама қалыптастыруды жүзеге асырады.

323. Бағамдық айырма сомасына төлемдер бойынша берілген бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарының пайдаланылмаған қалдықтары болмаған жағдайда бағамдық айырма сомасына төлеуге берілетін шот, шетел валютасын айырбастауға арналған өтінім мен міндеттемелерді тіркеуге арналған өтінім мемлекеттік мекемеге хабарлама бойынша қалдықтың сомасына төлеуге берілетін шотпен және шетел валютасын айырбастауға арналған өтініммен бірге орындалмай қайтарылады.

324. ҚР ҰБ-дан электрондық түрдегі төлем құжаттары мен шетел валютасындағы банк шоттары бойынша үзінді алғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган үзіндіні алған күні мемлекеттік мекеменің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының шетел валютасындағы тиісті шоттарына шетел валютасының түрлері бойынша оны есептеу жүргізеді.

Ескерту. 324-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

325. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шетел валютасын түрлері бойынша мемлекеттік мекеменің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының шетелдік валютадағы тиісті шоттарына есептеген күні аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік мекеменің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының шетел валютасындағы шоттары бойынша үзінді көшірмелерді қалыптастырады және мемлекеттік мекемеге, мемлекет кепілдік берген

қарызды тартқан қарыз алушыға шетел валютасындағы ақшаны аударуға арналған өтінішті мемлекеттік мекеменің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының одан әрі ұсынуы үшін қағаз жеткізгіште береді, сондай-ақ аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысының белгісі соғылған және шетел валютасындағы шоттарға ақша есептелген күнін көрсетіп, қағаз жеткізгіште ұсынылған шетел валютасын айырбастауға арналған өтінімнің бір данасын қайтарады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған шетел валютасын айырбастауға арналған өтінімнің екінші данасы аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылар 8-17-есебін қалыптастыру мүмкіндігі туралы хабарламаны алғаннан кейін шетел валютасындағы шоттар бойынша үзінді көшірмені дербес жасайды.

Ескерту. 325-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

326. Шетел валютасындағы ақшаны аударуды жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы шетел валютасындағы ақшаны аударуға арналған өтінішті аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 74-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде жергілікті уақыт бойынша сағат 16.00-ге дейін ұсынады (жібереді). Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде ашылған іссапар шығыстарына арналған шотқа шетел валютасын аудару үшін ағымдағы валюталау күнімен шетел валютасында ақшаны аударуға арналған өтінішті сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті орган және/немесе Қазақстан Республикасының заң шығару функцияларын жүзеге асыратын жоғары өкілді органын қаржылық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме жергілікті уақыт бойынша сағат 12.00-ге дейін ұсынады. Шетел валютасындағы ақшаны аударуға арналған өтініш қағаз жеткізгіште екі данада ұсынылады.

Сотқа дейінгі тергеуді жүргізуші орган алып қойған шетел валютасын аудару кезінде сот шешімі бойынша мемлекеттік мекеме қосымша сотқа дейінгі тергеуді жүргізуші органның мөрімен куәландырылған сот актісінің немесе атқарушы құжатының көшірмесін ұсынады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ-де шетел валютасында ақша аударуға өтінішті қалыптастыру кезінде сотқа дейінгі тергеуді жүргізуші органның мөрімен куәландырылған сот актісінің немесе атқарушы құжаттың түпнұсқасынан сканерленген электрондық құжаттар қоса тіркеледі.

Шетел валютасында ақша алушы ҚБАЗ-да болмаған кезде, мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы шетел валютасындағы ақшаны алушыны енгізуге өтінімді қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ

бойынша электрондық түрде осы Ережеге 73-қосымшаға сәйкес (мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылған сканерленген үлгісін тіркей отырып) ақша алушының мынадай құжаттарын:

бенефициардың, бенефициар банктің, делдал банктің (бар болса) деректемелерін ресми растайтын құжаттар жеке тұлға үшін қосымша тұлғаны растау туралы құжаттың көшірмесі;

ақша алушының толық деректемелерін көрсете отырып, мемлекеттік мекеменің растау хатын қоса бере отырып ұсынады.

ҚБАЖ-да ақша алушының деректемелері өзгерген (болмаған) кезде, мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы өзгерістер енгізілетін деректемелерді растайтын осы тармақта көрсетілген құжаттарды (мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған сканерленген түрлерін тіркей отырып) қоса бере отырып, осы Ережеге 75-қосымшаға сәйкес шетел валютасында ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге арналған өтінімді қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде береді.

Осы Ережеге 73, 75-қосымшаларға сәйкес өтінімді толтырған кезде жеке тұлға үшін "Ақша алушының атауы" ашық жолағында жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (немесе) бар болса жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігіне сәйкес атауы көрсетіледі.

Ақша алушыны енгізуге және ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге өтінімнің ресімделуінің және жасалуының шынайылығын, дұрыстығын мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы қамтамасыз етеді.

Ескерту. 326-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

327. Аумақтық бөлімшесі шетел валютасында ақшаны аударуға арналған өтінішті тексергеннен кейін деректерді ҚБАЖ-ға енгізеді.

328. Қағаз жеткізгіште ұсынылған шетел валютасында ақша аударуға арналған өтініште түзетулер болған, қандай да бір қажетті деректемелер, төлем мақсаты, қойылатын қолдар және (немесе) мөр бедері болмаған немесе қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес келмеген, сот шешімі бойынша сотқа дейінгі тергеуді жүргізуші орган алып қойған шетел валютасын аудару кезінде растайтын құжаттар болмаған немесе сәйкес келмеген, шетел валютасындағы шотта қажетті сома (валютаның түрлері бойынша) жетпеген не болмаған жағдайда шетел валютасында ақша аударуға арналған өтініш қайтару себептері көрсетіліп орындалмастан, мемлекеттік мекемеге, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыға қайтарылады.

Шетел валютасындағы ақшаны аударуға арналған өтініштің электрондық түрінде қате болған, қандай да қажетті деректемелер, төлем мақсаты болмаған немесе сәйкес келмеген, сот шешімі бойынша сотқа дейінгі тергеуді жүргізуші орган алып қойған шетел валютасын аудару кезінде растайтын құжаттар болмаған немесе сәйкес келмеген, шетел валютасындағы шотта қажетті сома (валютаның түрлері бойынша) жетпеген не болмаған кезде шетел валютасында ақша аударуға арналған өтініштен бас тарту себептерін көрсете отырып, "Қазынашылық-клиент" АЖ-де бас тартылады.

Ескерту. 328-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

329. ҚР ҰБ-дан шетел валютасындағы банк шоттары бойынша үзінді және электрондық түрдегі төлем құжаттарын алғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган үзіндіні алған күні мемлекеттік мекеменің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының шетел валютасындағы шоттарынан шетел валютасындағы ақшаны есептен шығару жөнінде операциялар жүргізеді.

Ескерту. 329-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

330. Мемлекеттік мекеменің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының шетел валютасындағы шоттары бойынша үзінді көшірме қалыптастырылғаннан кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы оларды қағаз жеткізгіште мемлекеттік мекемеге, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыға береді және қағаз жеткізгіште ұсынылған жауапты орындаушының белгісі соғылған, шетел валютасындағы шоттан ақшаны есептен шығарған күні көрсетілген шетел валютасындағы ақшаны аударуға арналған өтініштің бір данасын қайтарады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған шетел валютасындағы ақшаны аударуға арналған өтініштің екінші данасы аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылар 8-17-есебін қалыптастыру мүмкіндігі туралы хабарламаны алғаннан кейін шетел валютасындағы шоттар бойынша үзінді көшірмені дербес қалыптастырады.

Ескерту. 330-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

331. Төреліктердегі соттың тиісті шешімі күтілетін дауларды реттеуге бағытталған қаражатты қоспағанда, айырбасталған шетел валютасын, мемлекеттік мекеме және мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы шетел валютасындағы шотқа есептелген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде мақсатқа сай пайдалануы тиіс. Шетел валютасын пайдаланбаған не жете пайдаланбаған жағдайда осы мерзім аяқталғаннан соң келесі жұмыс күнінен кешіктірмей аумақтық қазынашылық бөлімшесі шетел валютасын қайта айырбастауға өтінім беру қажеттігі туралы мемлекеттік мекемеге жазбаша хабар береді.

Ескерту. 331-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

332. Мемлекеттік мекеме берген шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінім негізінде шетел валютасы айырбасталған мемлекеттік мекеменің шығыстардың БСК-ға түсімдердің БСК-ға, мемлекеттік мекеменің қайырымдылық көмек ҚБШ-ға, кейіннен оның сомасын теңгеде қалпына келтіре отырып, шетел валютасын қайта айырбастау жөніндегі операция жүзеге асырылады.

Ескерту. 332-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

333. Уәкілетті тұлғалардың Қазақстан Республикасынан тыс аумаққа іссапарға жіберілуіне байланысты шығыстарға ақы төлеуге арналған қолма-қол шетел валютасын алу үшін мемлекеттік мекеме осы Ереженің 4-тарауының 3-параграфында белгіленген тәртіппен шетел валютасында шот ашады.

334. Мемлекеттік мекеме қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне ағымдағы жарты жылдықтың соңғы айының 10-ыншы күнінен кешіктірмеген мерзімде айларға бөле отырып, алдағы жарты жылдыққа шетел валютасында қолма-қол ақшаның қажетті сомасы туралы өтінімді ұсынады.

335. Шетел валютасын айырбастау бойынша операция жүргізілгеннен кейін мемлекеттік мекеме қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне қолма-қол шетел валютасын алуға уәкілетті тұлға көрсетілген сенімхатты ұсынады.

336. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі мемлекеттік мекеменің қолма-қол шетел валютасын алуға сенімхаты көрсетілген деректері бар ақша алушының жеке басын куәландыратын түпнұсқа деректерінің сәйкестігіне тексеруді жүзеге асырады.

Барлық деректер сәйкес болған жағдайда қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі қолма-қол шетел валютасын алуға төлем тапсырмасын, мөр бедерімен расталатын және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің филиалына ұсыну мен қолма-қол шетел валютасын алуы үшін қол қою құқығы бар аумақтық қазынашылық бөлімшесінің уәкілетті тұлғасы қол қоятын қолма-қол шетел валютасын алуға арналған өтініш пен сенімхат беруді қамтамасыз етеді.

337. Иссапар шығыстарын төлеуге алынған пайдаланылмаған қолма-қол шетел валютасының қалдығы мемлекеттік мекеменің кассалық шығыстарын одан әрі қайта айырбастау мен қалпына келтіру не тиісті бюджет кірісіне есепке жатқызу үшін ҚР ҰБ филиалының кассасына үш жұмыс күні ішінде (сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органды және Қазақстан Республикасының заң шығару функцияларын жүзеге асыратын жоғары өкілді органын қаржылық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік мекемені қоспағанда) қайтаруға жатады.

Ескерту. 337-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21-параграф. Шетел валютасын қайта айырбастау тәртібі

338. Шетел валютасын қайта айырбастау осы Ережеге 114-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде ұсынған (жіберген) қайта айырбастауға арналған өтінімі негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 338-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

339. Шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінімді мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қағаз тасығышта немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде жергілікті уақыт бойынша сағат 10-00-ге дейін ұсынады.

Ескерту. 339-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

340. Тиісті бюджетке және/немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына есептеуге арналған валюта түрлері бойынша шетел валютасын қайта айырбастауды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган электрондық түрде төлем құжаттары қоса берілген шетел валютасындағы шоттар бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен үзінді-көшірмені алған күннен бастап үш күн ішінде жүзеге асырады.

Төреліктерде соттың тиісті шешімі күтілетін дауларды реттеу шеңберінде түскен шетел валютасын қайта айырбастау міндетті болып табылмайды.

Шетел валютасында түскен бағдарламалық сыртқы қарыздардың қаражатын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шетел валютасындағы банк шотына түскен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде тиісті бюджетке қайта айырбастайды.

Ескерту. 340-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

341. Шетел валютасындағы төлем жұмсалымын анықтауға мүмкіндік бермейтін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен электрондық түрде түскен төлем құжаттарында деректемелерді толық немесе дұрыс көрсетпеген жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның жауапты орындаушысы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті аумақтық қазынашылық бөлімшесінің шетел валютасындағы төлемдер сомасын "Шетел валютасындағы анықталғанға дейінгі сома" 0900НП ерекшелік кодына, жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған шетел валютасының сомасын 090004 "Мемлекет меншігіне шетел валютасында түсетін (тәркіленген) түсімдер" ерекшелік кодына есепке алады.

Шетел валютасында түсімдердің аумақтық тиесілігін анықтау мүмкіндігі болмаған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның жауапты орындаушысы шетел валютасындағы түсімдер сомасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның 0900НП "Анықтауға дейінгі шетел валютасындағы сомалар" ерекшелік кодына есепке алады.

Ескерту. 341-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

342. Аумақтық қазынашылық бөлімше және/немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шетел валютасында түскен сома аударылған, электрондық төлем құжаттарында деректемелердің толық немесе дұрыс көрсетілмеуі нәтижесінде төлемнің мақсатын анықтауға болмайтын 0900НП "Анықтауға дейінгі шетел валютасындағы сомалар", 090004 "Шетел валютасындағы мемлекет меншігіне (тәркіленген) түсімдер" ерекшелік кодына келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде мемлекеттік кірістер органын және/немесе мемлекеттік мекемені (шетел валютасындағы түсімдерді алушылардың төлем құжаттарында – мемлекеттік мекеме көрсетілген жағдайда) шетел валютасындағы түсімдер туралы хабардар етеді.

Ескерту. 342-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

343. Мемлекеттік кірістер органы төлемдердің деректемелерін анықтау бойынша жұмысты жүргізеді және хабарламаны алғаннан кейін жеті күн ішінде төлемнің жұмсалымы мен деректемелері туралы мәліметтерді қазынашылық бөлімшесіне және/немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға береді. Құрамында барлық қажетті деректемелер бар берілген мәліметтер негізінде, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және/немесе аумақтық қазынашылық бөлімшелері шетел валютасын айырбастау операциясын жүргізеді. Мемлекеттік кірістер органы деректемелердің уақтылы ұсынылуын және растығын қамтамасыз етеді.

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған шетел валютасын беретін орган төлем деректемелерін анықтау бойынша жұмыстар жүргізеді және хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күн ішінде төлемнің жұмсалымы мен деректемелері туралы ақпаратты аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынады. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған шетел валютасын беретін орган деректемелердің уақтылы берілуін және олардың дұрыс болуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 343-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрықтарымен.

344. Мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы төлем деректемелерін анықтау жөнінде жұмыс жүргізеді және хабар берілген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде төлем мақсаты және деректемелер туралы мәліметтерді аумақтық қазынашылық бөлімшесіне береді. Құрамында барлық қажетті деректемелер бар берілген мәліметтер негізінде, қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері тиісті бюджет кірісіне шетел валютасын айырбастау бойынша операциясын жүргізеді немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі шетел валютасындағы түсімдер сомасын аумақтық бөлімшесінің 0900НП "Шетел валютасында анықтағанға дейінгі сома" ерекшелігі кодынан есептен шығару мемлекеттік мекеменің шотына шетелдік валютасында түсімдер сомасын есептеу жөніндегі операцияны жүргізу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға электрондық түрде хат жібереді.

Ескерту. 344-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

345. Мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы деректемелерді ұсынудың уақтылығын және олардың растығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 345-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

346. Шетел валютасында түскен түсімдер сомасын қайта айырбастауды мемлекеттік мекеменің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының қайта айырбастауға арналған өтінімі негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшесі жүзеге асырады. Мемлекеттік мекеме, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы капиталдың сыртқы нарығында мемлекеттік бағалы қағаздар шығарудан түскен шетел валютасын қайта айырбастауды қоспағанда, шетел валютасындағы шоттар бойынша үзінді- көшірмені алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінімді аумақтық қазынашылық бөлімшесіне береді.

Сотқа дейінгі тергеуді жүргізуші орган алып қойған шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінімді мемлекеттік мекеме қазынашылықтың аумақтық

бөлімшесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген белгілі бір шарттар басталғаннан кейін береді.

Ескерту. 346-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

347. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі тексеруден кейін шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінім деректерін ҚБАЖ-ға енгізуді жүзеге асырады.

348. Қағаз жеткізгіште шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінімде қате немесе түзету болған, қандай да бір талап етілетін деректемелер болмаған, шетел валютасындағы шотта қажет сома (валюта түрлері бойынша), қайта айырбастау күніне бағам жеткіліксіз не жоқ болған, қолдар және (немесе) мөр бедері қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар бар құжатқа сәйкес келмеген жағдайда, шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінім қайтару себептері көрсетіліп, орындалмастан, мемлекеттік мекемеге, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыға қайтарылады.

Шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінімнің электрондық түрінде қате болған, қандай да қажетті деректемелер болмаған немесе сәйкес келмеген, шетел валютасындағы шотта қажетті сома (валютаның түрлері бойынша) жетпеген не жоқ болған кезде Шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінімнен бас тарту себептерін көрсете отырып, "Қазынашылық-клиент" АЖ-да орындаусыз қайтарылады.

Ескерту. 348-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

349. ҚР ҰБ-дан шетел валютасындағы банк шоттары бойынша үзінді және электрондық түрдегі төлем құжаттары алынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Мемлекеттік мекемелердің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының шетел валютасындағы шоттарынан ақшаны есептен шығаруды жүргізеді.

Ескерту. 349-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

350. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік мекеменің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының шетел валютасындағы шоттарынан ақшаны есептен шығарған күні шетел валютасындағы шоттары жөніндегі үзінді көшірмені мемлекеттік мекеменің, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының аумақтық қазынашылық бөлімшесі қалыптастырады және қағаз

жеткізгіште мемлекеттік мекемеге, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыға береді, сондай-ақ жауапты орындаушының белгісі соғылған шетел валютасындағы шоттардан ақшаны есептен шығару күнін көрсете отырып, қағаз жеткізгіште ұсынылған шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінімнің бір данасын қайтарады. Қағаз жеткізгіште ұсынылған шетел валютасын қайта айырбастауға арналған өтінімнің екінші данасы аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылар есебін қалыптастыру мүмкіндігі туралы хабарламаны алғаннан кейін шетел валютасындағы шоттар бойынша үзінді көшірмені дербес қалыптастырады.

Ескерту. 350-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тарау. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, мемлекеттік бағдарламаларды, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларына қызмет көрсету тәртібі

1-параграф. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, мемлекеттік бағдарламаларды, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларына қызмет көрсетудің жалпы ережелері

Ескерту. 7-тараудың атауы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

351. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қызмет көрсету бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде ашылған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарына түсімдердің толық және уақтылы есептелуімен және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыру мақсатында төлемдер мен ақша аударымдарын уақтылы жүзеге асырылуымен және оларды инвестициялық, не мемлекеттік тапсырманы орындауға байланысты жобаларды іске асыруға пайдаланумен байланысты операцияларды есепке алу қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 351-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2023 № 775 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

351-1. Мемлекеттік бағдарламаларды, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларына (бұдан әрі – қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторлары) қызмет көрсету бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның

аумақтық бөлімшелерінде ашылған қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының шоттарына түсімдердің толық және уақтылы есептелуімен және төлемдер мен аударымдарды уақтылы жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. Ереже 351-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

352. Квazимемлекеттік сектор субъектілеріне, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларына қызмет көрсету қассалық негізде жүзеге асырылады. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының шоттарына түсімдерді есепке алу және оларды есептен шығару жөніндегі операциялар ақшалай нысанда есепке алынады.

Ескерту. 352-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының шоттары.

Ескерту. 2-параграфының атауы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

353. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттары қаржы ұйымдарының, Тұрғын үй құрылысын кепілдендіру қорының жарғылық капиталдарын ұлғайту жағдайларын қоспағанда, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде квazимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға көзделген ақшаны есептеумен және оларды инвестициялық, не мемлекеттік тапсырманы орындауға байланысты жобаларды іске асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген квazимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын ең аз мөлшерінде қалыптастыру кезінде пайдалануға байланысты операцияларды есепке алуға арналған.

Ескерту. 353-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2023 № 775 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

354. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде еншілес, бағынысты және аффилиирленген ұйымдардың жарияланған акцияларын (бағалы қағаздарын) төлеуге арналған жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға көзделген ақшаны аудару, сондай-ақ осы ақшаның шегіндегі инвестициялық, не мемлекеттік тапсырманы

орындауға байланысты жобаларды іске асыруға арналған төлемдер мен аударымдарды квазимемлекеттік сектор субъектілерінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде ашылған шоттар арқылы квазимемлекеттік сектор субъектілері жүзеге асырады.

354-1 Қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларына арналған шоттар бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тізімдерінің негізінде ашылады және бюджет ақшасын есепке жатқызуға және оларды қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдауды жүзеге асыру бойынша пайдалануға байланысты операцияларды есепке алуға арналған.

Ескерту. Ереже 354-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

355. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарынан түсімдер және өткізілген төлемдер мен ақша аударымдары бойынша операциялар квазимемлекеттік сектор субъектілерінің кодтарына сәйкес есепке алынады.

3-параграф. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының кодтарын беру квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының шоттарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ашуы, жүргізуі және жабуы.

Ескерту. 3-параграфының атауы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

356. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қаржы ұйымдарының жарғылық капиталдарын қалыптастыру немесе ұлғайту жағдайларын қоспағанда, олардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға және инвестициялық, не мемлекеттік тапсырманы орындауға байланысты жобаларды іске асыруға пайдалану үшін шығыстарды жүргізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын ұлғайтудың ең аз мөлшерін қалыптастыру кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ҚБАЖ-ға жеті мәнді код береді.

Ескерту. 356-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2016 № 597 бұйрығымен.

356-1. Қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларына қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдауды жүзеге асыру бойынша шығыстарды жүргізу үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ҚБАЖ-ға жеті мәнді кодтар береді.

Ескерту. Ереже 356-1-тармақтың бірінші бөлігі толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

357. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларына кодтар беру және шоттар ашу үшін квазимемлекеттік сектор субъектілері, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторлары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне осы Ережеде көзделген құжат жиынын қалыптастыру үшін қажетті құжаттарды қоса, осы Ережеге 115-қосымшаға сәйкес нысан бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының кодтарын беруге және шоттарын ашуға өтінім береді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларына кодтар беруге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының шоттарын ашуға арналған өтінімді алған күннен бастап, келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Ережеге 115-қосымшаға сәйкес нысан бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларына кодтар беруге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының шоттарын ашуға өтінімді жібереді.

Қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының шоттары мемлекеттік бағдарламаны, іске асырудың қолданыс мерзіміне ашылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторлары квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының кодтарын беруге және шоттарын ашуға өтінімде көрсетілген деректемелердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 357-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

358. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган аумақтық қазынашылық бөлімшелерінен осы Ережеге 115-қосымшаға сәйкес нысан бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларына кодтар беруге өтінімдерді алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей кодтарды береді, ал квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының шоттарын ашу квазимемлекеттік сектор субъектісіне, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторына код берілгеннен кейін келесі күннен кешіктірмей жүзеге асырылады.

Ескерту. 358-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

359. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларына кодтар

берілген күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей берілген кодтар туралы аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне электрондық түрдегі хатпен хабарлайды.

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органнан кодтар беру туралы хатты алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларына берілген кодтар және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларын ашылған шоттар туралы жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 359-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

360. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының берілген кодтарының тіркелуі ҚБАЖ-да қалыптастырылатын тиісті анықтамалықта көрсетіледі.

Ескерту. 360-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

361. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының ашылған шоттарын тіркеу осы Ережеге 49-қосымшаға сәйкес 5-19 "Қолма-қол ақшаны бақылау шоттарының тізбесі" нысаны бойынша аумақтық қазынашылық органының ішкі есебінде көрсетіледі.

Ескерту. 361-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

362. Аумақтық қазынашылық бөлімшелері, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларына кодтардың және қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының шоттарының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының шоттарының ашылғаны туралы оларды орталық уәкілетті орган оларды ашқан күннен кейінгі бір жұмыс күннен кешіктірмей тиісті мемлекеттік кірістер органдарына жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 362-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

363. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы өзгерген жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, осы Ережеге 116-қосымшаға сәйкес нысан бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауын өзгертуге өтінім береді.

364. Квazимемлекеттік сектор субъектісінің ашылған шоттары бойынша квazимемлекеттік сектор субъектісінің құжат жиынын қалыптастыру осы Ереженің 4-тарауының 5-параграфының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

365. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарын жүргізу Ереженің 4-тарауының 6-параграфының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

366. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарын жабу Ереженің 4-тарауының 8-параграфының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық және/немесе қаржылық емес қолдау операторларының төлемдері мен ақша аударымдарын ұлттық валютада жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 4-параграфының атауы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

367. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің төлемдері мен ақша аударымдары квazимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарында қалған ақша қалдықтарының шегінде квazимемлекеттік сектор субъектілері Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген нысан бойынша төлем тапсырмасын қалыптастыру жолымен жүргізіледі.

Төлем тапсырмасын толтыру кезінде "№ төлем тапсырмасы" алаңында квazимемлекеттік сектор субъектісінің жеті мәнді кодынан тұратын нөмірі, бөлшек арқылы төлем және ақша аударымы жүзеге асырылатын қаржы жылының соңғы екі саны, дефис арқылы – төлем тапсырмаларын тіркеу журналындағы жазбаның реттік санына сәйкес келетін реттік саны көрсетіледі.

"Төлем тағайындау": деген ашық жолақта төлемнің тағайындалуы, атауы, құжаттың нөмірі мен күні (шот-фактуралар немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжат (акт) немесе аванстық төлемді қоспағанда, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негізінде тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, төлем кезеңі жүзеге асырылатын басқа да құжат) көрсетіледі. Бұл ретте төлем тапсырмасының күні растаушы құжаттың күнінен кейін қалыптастырылады.

Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлеріне еңбекақы және басқа да ақшалай төлемдерді, сондай-ақ жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарына немесе банктерде ашылған жинақ шоттарына стипендиялар мен басқа да төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды аудару бойынша төлемдерді жүргізу үшін квazимемлекеттік

сектор субъектісі қағаз тасығыштағы төлем тапсырмаларымен бірге аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ақшаны алушылардың тізімдерін осы Ереженің 142, 143, 144, 145 және 146 қосымшаларына сәйкес төлемдер форматында ұсынады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша беру кезінде төлем тапсырмасының электрондық бейнесіне осы Ереженің 142, 143, 144, 145 және 146 қосымшаларына сәйкес электрондық төлемдер форматындағы ақша алушылардың тізімдері қоса тіркеледі және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бухгалтерінің және/немесе басшысының ЭЦҚ қойылады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы электрондық төлем тапсырмаларын жасау кезінде тиісті электрондық жолақтарда төлем түрін көрсету қажет:

- 1 - қарапайым төлем;
- 2 - қосымшасымен зейнетақы (міндетті және кәсіптік) жарналары;
- 3 - еңбекақыны және дивидендтерді аудару;
- 4 - қосымшасымен әлеуметтік аударымдар;
- 5 - қосымшасымен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар;
- 6 - қосымшамен заңды тұлғаларға төлем;
- 7 - қосымшасы бар жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төлемдер.

Ескерту. 367-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

367-1. Қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының төлемдері мен ақша аударымдары қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының шоттарында қалған ақша қалдықтарының шегінде "Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ҰБ № 208 қағидалар) белгіленген нысан бойынша төлем тапсырмасы негізінде жүргізіледі.

Ескерту. Ереже 367-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

368. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлеріне еңбекақы және басқа да ақшалай төлемдерді, сондай-ақ жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарына немесе банктерде ашылған жинақ шоттарына стипендиялар мен басқа да төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды аудару бойынша төлемдерді жүргізгеннен кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы осы Ережеге 95-

қосымшаға сәйкес 5-15А "Ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірме" нысаны бойынша ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірмені қалыптастырады. Үзінді көшірме операциялық күн жабылғаннан кейін қалыптастырылады. Үзінді көшірменің әрбір беті төлем жүргізу күнін көрсете отырып, жауапты орындаушының қойылған қолымен және мөртабан бедерімен куәландырылады және осы Ереженің 375-тармағында көзделген құжаттармен бірге квазимемлекеттік сектор субъектісіне беріледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде 5-15А нысан бойынша ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді-көшірмелерді қалыптастырады.

Ескерту. 368-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; 12.07.2017 № 431; 18.04.2024 № 221 (30.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен

369. Еңбекақы бойынша төлемдерді қайтару сомасы осы Ережеге 96 -қосымшаға сәйкес 5-56 "Еңбекақы бойынша төлемдерді қайтару жөніндегі есеп" нысанындағы есепте көрсетіледі, зейнетақы төлемдерін қайтару сомасы осы Ережеге 97-қосымшаға сәйкес 5-57 "Зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды қайтару жөніндегі есеп" нысанындағы есепте көрсетіледі.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсетілген есептерді дербес жасайды.

Ескерту. 369-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

370. Квазимемлекеттік сектор субъектісі, қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторы:

- 1) төлем тапсырмаларын ұсынудың заңдылығы мен негізділігін;
- 2) төлем тапсырмаларында көрсетілген деректемелердің дұрыстығын; ақша алушының пайдасына төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуын;
- 3) жасалған операциялардың дұрыстығы;
- 4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды: тауарларды жеткізу туралы шот-фактураның немесе жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құжат түрінің көшірмелерін ұсынуды.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде заңды тұлға басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ-мен қол қойылған төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың сканерленген үлгісі бекітіледі;

5) "Қазынашылық-клиент" АЖ-ны пайдалану кезінде заңды тұлғаның құжаттар жинағындағы деректері бойынша басшының және бас бухгалтердің ЭЦҚ-ның дұрыстығын қамтамасыз етеді және олар үшін Бюджет кодексі 97-бабының 6-1-тармағына сәйкес жауапты болады.

Ескерту. 370-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

371. Төлемдер мен аударымдарды жүргізу үшін квазимемлекеттік сектор субъектісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мыналарды қағаз тасығышта немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде:

1) жарғылық капиталын ұлғайту/қалыптастыру кезінде – бағалы қағаздар нарығын қадағалау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның куәлігін не квазимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталын ұлғайтуға ақша аударылған кезде басқару органдарының тиісті шешімін;

2) аванстық төлемді қоспағанда, инвестициялық жобаны іске асыру кезінде – шот-фактураның немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісінің немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өзге құжат түрінің көшірмелерін.

Инвестициялық жобаны Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым жүзеге асырған кезде, қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне көрсетілген ұйымның уәкілетті адамы қол қойған жазбаша өтінім беріледі.

Шығыстарды және/немесе тартылған қарыз қаражатын, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан жарғылық капиталды қалыптастыруға немесе ұлғайтуға квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бұрын бөлінген қаражат есебінен өтеу кезінде квазимемлекеттік сектор субъектісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне шығыстарды өтеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының көшірмесін және қосымша, қарыз қаражатын тарту кезінде – кредиттік шарттың көшірмесін ұсынады.

Инвестициялық жобаны іске асыру қаржы-экономикалық негіздемеге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарында ақшаның болуына сәйкес шарт соммасынан:

30 пайыздан аспайтын мөлшерде – барлық инвестициялық жобалар бойынша;

50 пайыздан аспайтын мөлшерде – жоғарытехнологиялық тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алғанда аванстық (алдын-ала) төлемге жол беріледі.

Астық сатып алуды жүзеге асыру кезінде астық нарығы жөніндегі оператордың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді көктемгі-жазғы қаржыландыруға аванстық

(алдын ала) төлемін аударуы жасалған шарт сомасына сәйкес 70 пайыздан аспайтын мөлшерінде жүзеге асырылады.

Қалған соманы аудару шот-фактураның көшірмесі негізінде жасалған қосымша келісімге сәйкес астықты күзгі сатып алғаннан кейін жүргізіледі;

3) мемлекеттік тапсырманы орындау кезінде аванстық төлемді қоспағанда, шот-фактураның немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың (акт) немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өзге де құжат түрінің көшірмелерін ұсынады.

Мемлекеттік тапсырма орындалған және мемлекеттік тапсырманың мақсаттарына қол жеткізілген кезде мемлекеттік тапсырманы орындау үшін жауапты квазимемлекеттік сектор субъектісі жасасқан шарттың талаптарына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің келісімі бойынша мемлекеттік тапсырмаға тапсырыс беруші және орындаушы қол қойған, көрсетілген қызметтер актісінің негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіндегі өз шотынан қаражат қалдықтарын, осы қаражатты екінші деңгейдегі банктердегі депозиттік шоттарда орналастыруды қоспағанда, екінші деңгейдегі банктегі есеп шотына аударды;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9938 болып тіркелген) Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларына сәйкес бюджеттік инвестициялардың ағымдағы қаржы-экономикалық негіздемесін түзетуді және (немесе) жаңасын әзірлеуді жүргізе отырып, жаңа және (немесе) ағымдағы жобаны (жобаларды) іске асыруға қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында пайдаланылмаған қалдықтарды бағыттау кезінде – тиісінше түзетілген ағымдағы және (немесе) жаңа қаржы-экономикалық негіздеменің көшірмесін қосымша;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқару органының (құрылтайшысының) шешімі бойынша үнемдеу қаражатын даму (жаңғырту, активтерді сатып алу) мақсаттарына үнемдеу сомасын пайдаланған кезде егер үнемдеу сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50000 еселенген мөлшерінен аспаса, жобаның қаржы-экономикалық негіздемесін түзетуді жүргізусіз – басқару органдарының тиісті шешімінің көшірмесін қосымша;

6) жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыру қорытындылары бойынша бюджет қаражатын үнемдеу түрінде қалыптасқан қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы пайдаланылмаған қалдықтарды бюджетке қайтару кезінде – төлем тапсырмасы және Мемлекеттік мүлік

туралы заңға және Акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектісінің тиісті басқару органының (құрылтайшысының) шешімі;

7) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына есепке жатқызылған тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлдарды) төлеуден түскен қаражатты тиісті бюджет кірісіне аударған кезде – төлем тапсырмасын береді.

Ескерту. 371-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2023 № 775 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 18.04.2024 № 221 (30.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

371-1. Электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу жөніндегі ақпараттық жүйені пайдаланатын квазимемлекеттік сектор субъектісі үшін инвестициялық жобаны іске асыру не мемлекеттік тапсырманы орындау кезінде төлемдерді жүргізу үшін төлем тапсырмасын қалыптастыру және ұсыну үшін электрондық шот-фактура негіз болып табылады.

Ескерту. Ереже 371-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен.

371-2. Қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдауды жүзеге асыру бойынша төлемдер мен аударымдарды жүргізу үшін қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторы қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ("Қазынашылық-клиент" АЖ-да қалыптастырады) төлем тапсырмасын және төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды: осы Ережеге 115-2-қосымшаға сәйкес тауарларды жеткізу туралы шот-фактураның немесе жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісінің, мемлекеттік бағдарламаларды қаржылық қолдауды жүзеге асыру бойынша төлем жүргізу үшін растаудың немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құжат түрінің көшірмелері.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде заңды тұлға басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ-мен қол қойылған төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың сканерленген үлгісі бекітіледі.

Ескерту. Ереже 371-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакция - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

372. ҚБАЖ-да ақша алушы болмаған кезде, квазимемлекеттік сектор субъектісі ақша алушыны осы Ережеге 64-қосымшаға сәйкес ақша алушылардың анықтамалығына енгізуге өтінімді қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде ұсынады.

ҚБАЖ-да ақша алушының деректемелері болмаған кезде квазимемлекеттік сектор субъектісі ақша алушы деректемелерінің өзгерістерін ақша алушылардың анықтамалығына енгізуге осы Ережеге 65-қосымшаға сәйкес өтінімді қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде ұсынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісі ақша алушыны енгізуге берілетін және ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге берілетін өтінімнің ресімделуі мен жасалуының шынайылығын, дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінде ақша алушы болмаған кезде "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде берілетін төлем тапсырмасын жасау кезінде квазимемлекеттік сектор субъектісі осы ақша алушының ҚБАЖ-дағы Ақша алушылардың анықтамалығында бар-жоғын тексеруді жүзеге асырады, қажетті ақша алушы ҚБАЖ-дағы Ақша алушылардың анықтамалығында болған кезде квазимемлекеттік сектор субъектісі осы Ережеге 65-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді қалыптастырады.

373. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі квазимемлекеттік сектор субъектілерінен төлем тапсырмаларды қағаз жеткізгіште және "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде қабылдауды жүзеге асырады.

Қағаз жеткізгіште квазимемлекеттік сектор субъектілерінен төлем тапсырмаларын қабылдау белгіленген қызмет көрсету кестесіне сәйкес жергілікті уақытпен сағат 16.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 373-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

374. Қағаз тасығыштағы төлем тапсырмасы және "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде түскен төлем тапсырмасы орындалады не оны аумақтық қазынашылық бөлімшесі қабылдаған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде орындалмай қайтарылады.

Қағаз тасығыштағы төлем тапсырмасы және "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде түскен төлем тапсырмасы квазимемлекеттік сектор субъектісіне:

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті шоттарында ақша қаражаты болмаған не жеткіліксіз болған;

қағаз тасығыштағы төлем тапсырмасын банктік заңнамада белгіленген нысанға сәйкес келмейтін нысанда берілген;

түзетулермен, оның ішінде қолмен түзетулермен ұсынылған;

осы Ережеде көзделген растау құжаттарын қосымшаларсыз ұсынған немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысының немесе онымен уәкілеттік берілген адамның қолымен және квазимемлекеттік сектор субъектісінің мөр бедерімен куәландырылмаған қосымшамен (сканерленген түрі қоса тіркелмеген немесе қоса тіркелген сканерленген түріне квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы мен бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылмаған);

талап етілетін жолақтарда қолдар және/немесе мөр бедері болмаған;
қолдар және/немесе мөр белгісі қолдар және мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес келмеген;

құжаттың барлық даналарында талап етілген жолақтарда мөр бедері анық (айқын) қойылмаған;

цифрмен жазылған сома жазумен жазылған сомаға сәйкес келмеген;

төлем тапсырмасында көрсетілген, бағдарламалық тексеруге жататын деректемелер ҚБАЗ-ға енгізілген деректемелерге сәйкес келмеген;

төлем тапсырмасы деректемелері (ЖСК, БСК, ақша алушының банкінің атауын қоспағанда) төлем тапсырмасына қоса берілген (осы Ережемен белгіленген жағдайларда құжаттар қоса берілген кезде) растау құжаттарының деректемелеріне сәйкес келмеген;

төлем тапсырмасының бірінші данасының деректемелері төлем тапсырмасының екінші данасының деректемелеріне сәйкес келмеген;

төлем тапсырмасының қолданылу мерзімінен асқан мерзімде ұсынылған;

осы Ереженің 142, 143, 144, 145 және 146 қосымшаларына сәйкес төлемдер форматындағы магниттік (электрондық) тасығышта қателер анықталған;

төлем тапсырмасында көрсетілген жұмсалымы қаржылық-экономикалық негіздемеде көрсетілген жоспарланған іс-шараларға сәйкес келмеген жағдайларда орындалмай қайтарылады;

растау құжатына сілтеменің болмауы;

төлем тапсырмасындағы соманың растау құжатындағы сомадан асып түсуі;

төлем тапсырмасы нөмірінің қосарлануы;

төлем тапсырмасында Қазақстан Республикасының банктік заңнамасын бұза отырып, төлем тапсырмасында міндетті ашық жолақтардың толтырылуы;

төлемнің жұмсалымы бюджет түсімдері сыныптамасының кодына (төлемдерді бюджетке аудару кезінде) сәйкес келмеген жағдайларда орындалмай қайтарылады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде түскен төлем тапсырмасындағы деректердің қабылдау және өңдеу кезеңінде жоғарыда айтылған талаптарға сәйкес еместігі анықталған жағдайда төлем тапсырмасы осы Ереженің тиісті тармақтарына сілтемемен, қайтару себептерін көрсете отырып, квазимемлекеттік сектор субъектісіне электрондық түрде қайтарылады.

Қабылдау кезеңінде жоғарыда аталған жағдайларға қағаз тасығыштағы төлем тапсырмасындағы деректерге сәйкес келмесе, төлем тапсырмасы хат ресімделмей қайтарылады. Қабылдаудан кейін, тексеру барысында сәйкессіздік анықталған кезде төлем тапсырмасы аумақтық қазынашылық бөлімшесі басшысының немесе ол берген уәкілеттік адамның қолы қойылған жазбаша негіздемемен қайтарылады.

Ескерту. 374-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

375. Төлем жүргізілгеннен кейін қағаз тасығышта төлем тасырмасының екінші данасы мен осы Ережеге 54-қосымшаға сәйкес 5-20-нысан бойынша қалыптастырылған есеп салыстырылып тексеріледі, төлем тапсырмасында төлем жүргізу күні және 5-20-нысанында салыстырып тексеруді жүзеге асыру күні көрсетіле отырып, аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысының қолымен, мөртабан бедерімен куәландырылады және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне беріледі. "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет етілетін квазимемлекеттік сектор субъектілері 5-20-нысан бойынша есепті дербес қалыптастырады.

Ескерту. 375-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

376. Қазақстан Республикасының резидент еместерімен жасалған шетел валютасындағы шарттар бойынша төлемдер жүргізілген кезде квазимемлекеттік сектор субъектісі осы Ережеде көзделген тәртіпте аумақтық қазынашылық бөлімшесіне квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан келесі жұмыс күнінен кешіктірмей шетел валютасын сатып алу үшін екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа ақша аудару үшін төлем тапсырмасын қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде ұсынады. Шетел валютасын айырбастауға арналған төлем тапсырмасында "Төлем тағайындау" ашық жолағында:

- 1) сатып алынатын шетел валютасының түрі мен сомасы;
- 2) ол бойынша шетел валютасы сатып алынатын бағам;
- 3) резидент емеспен жасалған шарттың күні мен нөмірі;
- 4) шарттың мәні;
- 5) құжаттың (тауарларды жеткізгені туралы шот-фактураның немесе жүкқұжаттың (актінің), не орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, оның негізінде тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жүзеге асырылатын басқа да құжаттың) атауы, нөмірі мен күні көрсетіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан айырбасталған шетел валютасы оның екінші деңгейдегі банктегі шетел валютасындағы шотына валюталардың түрлері бойынша аударылған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.

Пайдаланылмаған не толық пайдаланылмаған шетел валютасы көрсетілген мерзім өткеннен кейін шетел валютасын айырбастау жүзеге асырылған квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотында ұлттық валютада кейіннен соманы қалпына келтіре отырып, қайта айырбасталуы тиіс.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері пайдаланылмаған не толық пайдаланылмаған шетел валютасын уақтылы қайта айырбастауды және шетел валютасын айырбастау жүзеге асырылған шотқа уақтылы қайтаруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының резиденті емеспен жасалған шарт бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде төлемді ұлттық валютада жүргізу үшін квазимемлекеттік сектор субъектісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне оның екінші деңгейдегі банкте ашық шотына квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан ақша аудару үшін төлем тапсырмасын ұсынады. Бұл ретте төлем тапсырмасында "Төлем мақсаты" жолында квазимемлекеттік сектор субъектісі түпкі бенефициар-резидент еместің деректемелерін қосымша көрсетеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан оның екінші деңгейдегі банктегі шотына аударылған ақша, ол есепке жатқызылған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде тағайындалуы бойынша түпкі бенефициар-резидент емеске аударылуы тиіс.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері пайдаланылмаған не толық пайдаланылмаған ақшаны олар аударылған квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына көрсетілген мерзім өткенге дейін уақтылы қайтаруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 376-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2023 № 775 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

377. Квазимемлекеттік сектор субъектісі Қазақстан Республикасының резиденті емеспен шетел валютасында, құжаттық аккредитивті қолдана отырып, есеп айырысу нысанын көздейтін шарт жасасқан кезде квазимемлекеттік сектор субъектісі төлем тапсырмасын аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан ақша аудару үшін және осы Ереженің 376-тармағында айқындалған тәртіппен дәл сол күн шетел валютасын сатып алу үшін қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде ұсынады.

Бұл ретте квазимемлекеттік сектор субъектісі растайтын құжат ретінде аккредитивтің ашылуын және аккредитивтің қолданылу мерзімі өткен немесе ол мерзімінен бұрын жабылған жағдайда аккредитивтің орындалмаған сомасын банк-эмитенттің квазимемлекеттік сектор субъектісінің сома аударылған шотына қайтаруы туралы талапты қамтитын шартты ұсынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісі сатып алынған шетел валютасын аккредитивтік шотқа аударуды үш жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді.

Егер шетел валютасындағы ақша аккредитивтік шотқа белгіленген мерзімде есепке жатқызылмаған болса, квазимемлекеттік сектор субъектісі оларды қайта айырбастауды және үш күндік мерзім өткеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің аумақтық қазынашылық бөлімшесіндегі шотына қайтаруды қамтамасыз етеді.

378. Квazимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарына қойылған инкассольк өкімдерді орындау осы Ереженің 6-тарауының 16-параграфының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

7-1-тарау. Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау

Ескерту. Ереже 7-1-тараумен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 07.03.2017 № 151; жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрықтарымен.

1-параграф. Негізгі ұғымдар

378-1. Осы тарауда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

қазынашылық қолдау – құрылыспен байланысты бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуына ағымдағы бақылауды жүзеге асыру, қолма-қол ақшаны бақылау шоттары арқылы төлемдер жүргізудің барлық кезеңдерінде бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыруға қатысушылар – бас мердігер мен қосалқы мердігердің салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеуінің толықтығын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет;

қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігер (мердігер) – заңды тұлға, тапсырыс берушімен қазынашылық қолдау кезінде құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шарт бойынша тарапы болып әрекет етуші (бұдан әрі – қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігер);

қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігер – құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау шеңберінде бас мердігермен бірге қосалқы мердігерліктің шарты бойынша жекелеген кешендерді немесе жұмыс түрін орындайтын ұйым;

қазынашылық қолдау кезіндегі тапсырыс беруші – мемлекеттік мекеме, қазынашылық қолдау шеңберіндегі құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы;

мемлекеттік сатып алу шоты – бас мердігерлерге және қосалқы мердігерлерге қазынашылық қолдау шеңберінде аударылған қаражатты есептен шығару және есепке алумен байланысты қолма-қол ақшаны бақылау шоты (бұдан әрі - МСА шоты);

төлем сертификаты – осы Ереженің 115-3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, қазынашылық қолдау шеңберінде төлемдер жүргізген кезде төлемді орындау үшін негізгі болатын кейінен аумақтық қазынашылық органдарына ұсыну үшін тапсырыс берушімен қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерге берілген құжат.

Ескерту. 378-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Қазынашылық қолдау

378-2. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік құпиялары бар қызметтік ақпаратты ("Құпия" белгісі бар) қамтитын мәліметтері бар объектілерді және Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешімі бар объектілерді қоспағанда, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуларды қазынашылық сүйемелдеу шарттарымен, жүргізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік сатып алу қорытындысы өткеннен кейін:

қазынашылық қолдау кезіндегі тапсырыс беруші, бас мердігер анықталған күннен бастап келесі жұмыс күннен кешіктірмей, аумақтық қазынашылық органдарына құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алу туралы жазбаша түрде хабарлайды;

қазынашылық қолдау кезіндегі тапсырыс беруші, бас мердігері анықталған күннен бастап келесі жұмыс күннен кешіктірмей, оны аумақтық қазынашылық органдарында шот ашу туралы жазбаша түрде хабарлайды;

қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігер, қазынашылық қолдау кезіндегі тапсырыс берушіден хабарлама алғаннан кейін, келесі жұмыс күннен кешіктірмей, тапсырыс берушіге қызмет көрсету орны бойынша аумақтық қазынашылық органдарына осы Ереженің 4-тарауының 5-параграфында қарастырылған құжаттар жинағын қалыптастыруға қажетті құжаттарды, осы тармақтың үшінші абзацында көрсетілген хабарламаның көшірмесін қоса тіркеп, осы Ереженің 115-қосымшасына сәйкес нысанда кодтарды беру және шоттарын ашуға арналған өтінімді береді және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлердің салық заңнамасына сәйкес ұсынған тізімін мемлекеттік кірістер органдарына талдау жүргізу үшін жолдайды.

Ескерту. 378-2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 01.07.2019 № 663 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

378-3. Мемлекеттік кірістер органдары, бір жұмыс күннен аспайтын мерзімде талдау жасалған қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлер тізімі бойынша қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерге тәуекелдердің бары немесе жоқтығы туралы ақпаратты жолдайды.

378-4. Қандай да бір қосалқы мердігерлер бойынша тәуекелдердің бар болуы туралы ақпаратты алған жағдайда, сондай-ақ объект құрылысы кезеңінде қосалқы мердігерлер тізімін толықтырған жағдайда, қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігер осы тізімге өзгерістер (толықтырулар) енгізеді.

Мемлекеттік кірістер органдарында тәуекелдердің бар болуына кейінгі талдау осы Ереженің 378-2-тармағының үшінші абзацы мен 378-3, 378-4-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік кірістер органдары жүргізген тәуекелдердің бар болуына талдаудың нәтижелерін алғанға кейін қазынашылық қолдау кезінде бас мердігер үш жұмыс күнінің ішінде аумақтық қазынашылық органына қосалқы мердігерлердің тізбесін жібереді.

Қазынашылық қолдау жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес сметалық құны екі миллиард теңгеден асатын құрылыспен байланысты бюджеттік инвестициялық жобаларға қатысты қолданылады.

Ескерту. 378-4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 14.12.2018 № 1089; 24.12.2021 № 1335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

378-5. Аумақтық қазынашылықтың органдары төлемдерді жүргізген кезде қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігермен төлем сертификатына және ЭШФ, ал қазынашылық қолдау кезінде қосалқы мердігермен - ЭШФ-ға сәйкес бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 378-5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

378-6. Аумақтық қазынашылық органдарымен жүргізілген төлемдер туралы мәліметтер тәуекелдерді басқару жүйесі арқылы мониторинг жүргізу үшін мемлекеттік кірістер органдарына беріледі.

378-7. Қазынашылық қолдау аумақтық қазынашылық органдарында ашылған МСА шоттарына ақшаның толық және уақтылы есептелуімен және растайтын құжаттар (төлем сертификаты және/немесе ЭШФ) негізінде төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізуімен қамтамасыз етіледі.

378-8. МСА шоттары бойынша қазынашылық қолдау кассалық негізде жүзеге асырылады, түсімдерді есепке алу және есептен шығару жөніндегі операциялар ақшасыз есеп айырысу тәртібімен жүзеге асырылады.

378-9. Қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлер кодтар беру және шоттар ашу үшін тапсырыс беруге қызмет көрсету орны бойынша аумақтық қазынашылық органдарға осы Ережеде көрсетілген дерекнаманы қалыптастыру үшін қажетті құжаттар қосымшасымен бірге осы Ережеге 115-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шоттарын ашу мен кодтар беруге арналған өтінімді ұсынады.

Аумақтық қазынашылық органы қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлерге және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлерге кодтар беру және шоттар ашуға арналған өтінімді алған күннен бастап, келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлерге және қазынашылық сүйемелдеу кезіндегі қосалқы мердігерлерге осы Ереженің 115-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кодтар беруге және шоттарын ашуға арналған өтінімді жібереді.

Қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлер және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлер кодтарды беруге және МСА шоттарын ашуға өтінімде көрсетілген деректемелердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 378-9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 14.12.2018 № 1089 бұйрығымен.

378-10. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органымен кодтарды аумақтық қазынашылық органдарынан осы Ереженің 115-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлерге және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлерге кодтар беруге өтінімдерді алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей береді, ал МСА шоттарын ашу қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлерге және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлерге код берілгеннен кейінгі жұмыс күннен кешіктірмей жүзеге асырылады.

378-11. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органы қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлерге және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлерге кодтар берілген күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей берілген кодтар туралы аумақтық қазынашылық органдарына электрондық түрдегі хатпен хабарлайды.

Аумақтық қазынашылық органдары бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органнан кодтар беру туралы хатты алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей берілген кодтар және ашылған МСА шоттары туралы қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлерге және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлерге жазбаша хабарлайды.

378-12. Қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлерге және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлерге берілген кодтардың тіркелуі ҚБАЗ қалыптастырылған тиісті анықтамалықта көрсетіледі.

378-13. Қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлерге және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлерге ашылған МСА шоттарын тіркеу аумақтық қазынашылық бөлімшесінің ішкі есебінде, осы Ереженің 49-қосымшаға сәйкес 5-19 нысаны бойынша көрсетіледі.

378-14. Аумақтық қазынашылық бөлімшелері бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган оларды ашқан күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлерге және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлерге кодтар мен МСА шоттары ашылғаны туралы тиісті мемлекеттік кірістер органдарына жазбаша хабарлайды.

378-15. Қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлердің немесе қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлердің атауы өзгерген жағдайда қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлер немесе қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлер аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, осы Ережеге 116-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атауын өзгертуге арналған өтінімді береді.

378-16. Қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлердің және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлердің ашылған МСА шоттары бойынша дерекнама қалыптастыру осы Ереженің 4-тарауының 5-параграфының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

378-17. МСА бақылау шоттарын жүргізу тәртібі осы Ереженің 4-тарауының 6-параграфының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

378-18. МСА шоттарын жабу тәртібі осы Ереженің 4-тарауының 8-параграфының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

378-19. Қазынашылық қолдауға жататын объектілердің құрылысымен байланысты жасасқан шарт (қосымша келісімдер) аумақтық қазынашылық органында қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерге ашылған шоттың деректемелерін көрсете отырып қағаз тасығышта және "Қазынашылық-клиент" АЖ "Электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ интеграциясыз қалыптастырылған Өтінімге қоса беріледі.

"Электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ-де жасалған азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге өтінім аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде ашылған қазынашылық сүйемелдеу кезінде бас мердігер шотының деректемелерін көрсете отырып, "Қазынашылық-Клиент" АЖ арқылы "Электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ-ден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың (қосымша келісімнің) деректерін беру жолымен аумақтық қазынашылық бөлімшесіне беріледі.

Ескерту. 378-19-тармақ жана редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 07.11.2019 № 1235 бұйрығымен.

378-20. Аумақтық қазынашылық органдары қағаз тасығышта немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде "Электрондық мемлекеттік сатып алу" АИАЖ интеграциясыз қазынашылық қолдау кезіндегі тапсырыс берушімен қазынашылық қолдауға жататын тіркеуге берілген шартты (қосымша келісімді) осы Ереженің 6-тарауының 5-параграфында көрсетілген талаптарына сәйкестігіне және қосымша:

шартта көрсетілген ақшаны аумақтық қазынашылық органдарында ашылған МСА шоттарына аудару туралы талаптың болуына;

ЭШФ АЖ арқылы шот-фактураларды жазып беру талаптарының болуына тексерісті жүзеге асырады.

Ескерту. 378-20-тармақ жана редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 14.12.2018 № 1089 бұйрығымен.

378-21. Қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлердің және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлердің төлемдері және (немесе) ақша аударымдары МСА шоттарында қалған ақша қалдықтарының шегінде қазынашылық қолдау кезіндегі

бас мердігерлер және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлермен № 208 қаулымен белгіленген нысан бойынша төлем тапсырмасын қалыптастыру жолымен жүргізіледі.

Төлем тапсырмасын қалыптастыру үшін негіз:

қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлер үшін –төлем сертификаты, ЭШФ;

қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлер үшін – ЭШФ;

қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлер мен қосалқы мердігерлер үшін өз қаражаты есебінен жүргізілген ағымдағы шығындарды өтеу кезінде төлем сертификаты болып табылады.

Қазынашылық қолдау кезінде бас мердігердің үстеме шығыстарды төлеуі Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес төлем тапсырмасы және төлем сертификаты негізінде олардың екінші деңгейдегі банктерде ашылған шоттарға жүзеге асырылады.

Қазынашылық қолдау кезінде бас мердігерлер және қазынашылық қолдау кезінде қосалқы мердігерлер аумақтық қазынашылық органдарына осы тармақта көрсетілген құжаттарды қоса төлем тапсырмасын ұсынуды қамтамасыз етеді.

Қазынашылықта ашылған шоттардан бас мердігердің немесе қосалқы мердігердің өз қаражаты есебінен жүргізілген ағымдағы шығындарды өтеу кезінде екінші деңгейдегі банктерде бас мердігердің немесе қосалқы мердігердің шоттарына төлем өтеуге жататын жүргізілген шығындарды көрсете отырып, төлем сертификаты негізінде жүргізіледі.

Бас мердігердің немесе қосалқы мердігердің өз қаражаты есебінен қазынашылықта ашылған шоттардан бас мердігердің немесе қосалқы мердігердің екінші деңгейдегі банктерге жүргізген ағымдағы шығындарын өтеуге тапсырыс беруші мен бас мердігердің арасында жасалған мемлекеттік сатып алу шартында аванс беру талаптары болмаған кезде ғана жол беріледі.

Тауарларды (жұмыстар орындауды, қызметтер көрсетуді) сатып алу үшін төлемдерді ақшаны түпкілікті алушы қосалқы мердігерлерге (тауарларды, жұмыстарды , қызметтерді өндірушілерге) екінші деңгейдегі банкте ашық шоттарға аударуды:

бас мердігерлер төлем сертификаты мен ЭШФ негізінде;

қосалқы мердігерлер ЭШФ негізінде жүзеге асырады.

Бас мердігердің қосалқы мердігерлерге мемлекеттік сатып алу шоттарына және ақшаны түпкілікті алушы қосалқы мердігерлерге (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өндірушілерге) екінші деңгейдегі банкте ашық шоттарға аванстық (алдын-ала) төлемді жасалған шарт сомасының 30 пайызынан аспайтын мөлшерде аударуы төлем тапсырмасы негізінде жүзеге асырылады.

Қосалқы мердігерлердің мемлекеттік сатып алу шоттарынан ақшаны түпкілікті алушы қосалқы мердігерлерге (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өндірушілерге)

аванстық (алдын-ала) төлемді жасалған шарт сомасының 30 пайызынан аспайтын мөлшерде аударуы төлем тапсырмасы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 378-21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

378-22. Қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлер және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлер үшін төлем тапсырмасын толтыру бойынша талаптар осы Ереженің 7-тарауының 4-параграфымен реттеледі.

Бұл ретте, төлем тапсырмасын толтыру кезінде қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігер және қазынашылық сүйемелдеу кезіндегі қосалқы мердігермен "Төлем тағайындау" деген ашық жолақта растайтын құжаттардың деректері көрсетіледі.

378-23. Аумақтық қазынашылық органдары төлем тапсырмаларын тексеру кезінде: төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: тауарларды жеткізу туралы шот-фактура немесе жүкқұжат (акт) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрі көшірмелерінің бар-жоғына;

нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығы бойынша № 208 қаулының талаптарына сәйкес келуіне ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

Аумақтық қазынашылық органдары осы тармақтың, осы Ереженің 7-тарауының 4-параграфымен қарастырылған жағдайларда, сондай-ақ осы Ереженің 378-21 және 378-22-тармақтарының талаптарын сақтамаған кезде қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлердің немесе қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлердің төлем тапсырмаларын орындаусыз кері қайтарады.

Ескерту. 378-23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

378-24. Мемлекеттік мекеме мен бас мердігер арасында қазынашылық қолдау кезінде жасалған шарт талаптарына байланысты іс жөніндегі сот актісінен өзге, МСА шоттарындағы ақшаға инкассолық өкім қоюға жол берілмейді.

Ескерту. 378-24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 22.11.2019 № 1283 бұйрығымен.

378-25. МСА шоттындағы ақша қалдығы, объектіні пайдалануға енгізілгеннен кейін, қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлердің және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлердің екінші деңгейдегі банктерінде ашылған шотына олардың төлем тапсырмалары негізінде аударылады.

378-26. Аумақтық қазынашылық органдары МСА шоттарынан ақша қалдығы қазынашылық қолдау кезіндегі бас мердігерлердің және қазынашылық қолдау кезіндегі қосалқы мердігерлердің екінші деңгейдегі банктерінде ашылған шотына аударылғаны туралы мемлекеттік кірістер органдарына хабарлайды.

8-тарау. Бюджет ақшасын басқару тәртібі

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Бюджет ақшасын басқару тәртібі

379. Бюджет ақшасын басқаруды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

380. Төлемді уақтылы және толық жүргізуді қамтамасыз ету үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджет ақшасын тиімді басқару үшін қолма-қол ақша көлемін болжамдау мақсатында бюджетке түсетін түсімдер көлемін және жоспарлы кезеңге арналған шығыстардың күтіліп отырған атқарылуын анықтау жөніндегі үдерісі болып табылатын қолма-қол ақша тасқынның болжамын (бұдан әрі - болжам) жасайды.

381. Болжам Бюджет кодексіне сәйкес мынадай деректер:

тиісті қаржы жылына арналған бекітілген, нақтыланған (түзетілген) бюджет;

түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары және міндеттемелер бойынша жиынтық жоспары және міндеттемелер бойынша жиынтық жоспары;

тиісті бюджеттің қолма-қол ақшасының бақылау шотындағы қаражат қалдықтары;

ағымдағы жылдың өткен айларының түсімдер серпінін (төлеу мерзімдерін) және өткен қаржы жылының ұқсас кезеңіндегі түсімдерге салыстырмалы талдау жүргізуді есепке ала отырып, тиісті бюджеттерге түсетін ақша түсімдерінің күтілетін көлемі;

төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру және өткен қаржы жылының ұқсас кезеңіне және міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданған міндеттемелерді ескере отырып, бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың салыстырып талдауды жүргізу негізінде жасалады.

382. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

бюджетке түсетін ақшаның күтілетін көлемін ай сайын нақтылайды;

ағымдағы айдың аяғында келесі айда жүргізілетін төлемдер көлемін нақтылайды.

383. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган:

бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша қозғалысының мониторингін жүргізеді;

бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақшаның ағымдағы қалдықтарын бақылауды және басқаруды жүзеге асырады;

уақытша бос бюджет ақшасының сомасын анықтайды.

384. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган болжамның, тиісті бюджеттің қолма-қол ақшасын бақылау шотындағы ақша қалдығының негізінде алдағы айға күтілетін бюджеттің атқарылуына ай сайын талдау жүргізеді және болжамды кезеңнің соңына қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы күтілетін ақша қалдығын анықтайды.

385. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша кезең соңына тиісті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында оң да, теріс те сальдо болжамдала алады.

386. Қолма-қол ақшаның бақылау шотында теріс сальдо болжамы немесе бір ай ішінде қолма-қол ақшаның ағымдағы тапшылығы пайда болған жағдайда, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қосымша қарыз алуды жүргізу немесе мемлекеттік бағалы қағаздардың жоспарлы шығарылымын көшіру қажеттілігіне бастамашылық етеді.

387. Жүргізілген төлемдердің болжамдық көлемі республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер болжамдау көлемі мен тиісті бюджеттің шотындағы бюджет қаражатының қалдығынан (қолма-қол ақша тапшылығы) артып кеткен және мемлекеттік бағалы қағаздар шығару немесе жоғары тұрған бюджеттен қарыз алуды жүзеге асыру арқылы алдағы айда ақша тарту үдерісін ұйымдастыру мүмкін болмаған кезде, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар бойынша осы Ереженің 2-тарауының 4-параграфында белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтінімдері негізінде алдағы кезеңге жоспарлы тағайындауларды ауыстыру жолымен қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгеріс енгізеді.

Ескерту. 387-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 20.02.2023 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру тәртібі

388. Бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар ҚР ҰБ-дағы салымдарға (депозиттерге) (бұдан әрі - ҚР ҰБ-дағы салымдар) орналастыру үшін уақытша бос бюджет ақшасының көлемін анықтайды.

389. Уақытша бос бюджет ақшасын ҚР ҰБ-ның салымдарына орналастыру оларды ұтымды пайдалану және тиісті бюджетке кіріс түсіру мақсатында жүзеге асырылады.

390. Орналастыру және қайтару бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен ҚР ҰБ арасында жасалған Келісім негізінде жүзеге асырылады.

391. Уақытша бос бюджет ақшасын ҚР ҰБ салымдарына орналастыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган арасында уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған Бас келісім (бұдан әрі - Келісім) осы Ережеге 116-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру (аудару) жөніндегі әрбір операция осы Ережеге 116-2-қосымшасына сәйкес мәміле паспортымен ресімделеді, онда салымды орналастыру бойынша барлық деректер: сомасы, орналастыру мерзімі, орналастыруды бастау және аяқтау күні, сыйақы ставкасы, сыйақы сомасы, қайтарылатын салым және есептелген сыйақы сомасы, салымды мерзімінен бұрын талап ету кезінде қолданылатын сыйақы ставкасы болуға тиіс. Мәміленің барлық паспорттарына осы Ережеге 116-3-қосымшасына сәйкес тараптардың уәкілетті лауазымды тұлғалары қол қояды және Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

Уақытша бос бюджет ақшасын аудару ниеті болған кезде, осы Ережеге 116-4-қосымшаға сәйкес, уәкілетті тұлға қол қойған және мөрмен расталған хабарлама толтырылады.

Ақша мерзімінен бұрын, мәміле паспортында көрсетілген ағымдағы мерзім аяқталғанға дейін толық немесе ішінара талап етілген кезде осы Ережеге 116-5-қосымшаға сәйкес берілген ақшаны қайтару туралы талап ұсынылады.

Мәміле паспортында белгіленген ағымдағы мерзім аяқталуына дейін кемінде 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Келісімде айтылған деректемелерді көрсете отырып, осы Ережеге 116-6-қосымшаға сәйкес жазбаша хабарлама ұсынады.

Ескерту. 391-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

392. Уақытша бос бюджет ақшасын ҚР ҰБ салымдарына орналастыру (аудару) жөніндегі әрбір операция мәміле паспортымен ресімделеді, ол салымды орналастыру жөніндегі барлық деректерді: орналастыру сомасының мерзімін, орналастыруды бастау және аяқтау күнін, сыйақы ставкасын, сыйақы сомасын, қайтарылатын салым және есептелген сыйақы сомасын, салымды мерзімінен бұрын талап ету кезінде қолданылатын сыйақы ставкасын қамтуы тиіс.

Ескерту. 392-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

393. Уақытша бос бюджет ақшасын ҚР ҰБ-ға аудару үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мәміле паспортының негізінде осы Ережеге 117-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындыны және төлем құжаттарына қол қою құқығы бар уәкілетті тұлғалар қол қойған банк заңнамасына сәйкес ресімделген төлем құжатын дайындайды.

394. ҚР ҰБ-ның салымдарына орналастырылған уақытша бос бюджет ақшасы бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Ережеге 118-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талдамалы есеп жүргізеді.

395. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Келісім талаптарына сәйкес және мәміле паспортында көрсетілген мерзімде бюджетті атқару бойынша орталық уәкілетті органын шотына уақытша бос бюджет ақшасын аударуды жүргізеді.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органнан шотқа ақша түскеннен кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган келесі күннен кешіктірмей ақшаны ҚР ҰБ салымдарына орналастырады.

396. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Келісімінде талапта көзделген мерзімде Келісімде көрсетілген деректерге салым сомасын аударуды жүргізеді, ал ҚР ҰБ ақшасының нақты тұрғыны үшін есептелген сыйақыны (мүддені) толық көлемде тиісті жергілікті бюджеттің кірісіне аударды.

397. ҚР ҰБ-ның салымдарына түскен және орналастырылған жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшасы бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Ережеге 119-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талдамалы есеп жүргізеді.

397-1. ҚР ҰБ БҚШ-ғы қаражаттың қалдығына күнделікті сыйақы есептейді.

Ескерту. Ереже 397-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226; жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 30.05.2019 № 517 бұйрықтарымен.

3-параграф. Міндеттемелерді қабылдау мен тіркеу және төлемдер жүргізу рәсімдері, құпиялық белгісі соғылған бюджеттің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алуды жүзеге асыру

398. Өздеріне қаржыландырудың ерекше тәртібі белгіленген мемлекеттік органдардың міндеттемелерін қабылдау мен тіркеу және төлемдерді жүзеге асыру Бюджет кодексінің 83-бабына сәйкес айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.

Бұл ретте, шарт нысанындағы азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша аванстық (алдын ала) төлемге осы Ереженің 168-181-тармақтарында белгіленген тәртіппен және мөлшерде жол беріледі.

Ескерту. 398-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

399. Өздеріне қаржыландырудың ерекше тәртібі белгіленген мемлекеттік органдардың ақпарат ұсынуы және бюджетті атқару жөніндегі операцияларды есепке алуы мен есеп беруі Бюджет кодексінің 83-бабына сәйкес айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 399-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

8-1 тарау. Қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын және мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі

Ескерту. Ереже 8-1-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

399-1. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың мынадай қолма-қол ақшаны бақылау шоттары мен шоттары бар:

1) мемлекет кепілдік берген ұлттық валютадағы қарыз шоты;

2) ұлттық валютадағы қызмет көрсету шоты;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қарыз шарттарына сәйкес мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздардың ақшасын қарыз алушының есептеуі және жұмсауы үшін валюта түрлері бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылатын, мемлекет кепілдік берген шетел валютасындағы қарыз шоты;

4) қарыз алушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздарға қызмет көрсету және оларды өтеу жөніндегі операцияларды жүргізуі үшін валюта түрлері бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылатын шетел валютасындағы қызмет көрсету шоты.

399-2. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың шоттарына қызмет көрсету бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде ашылған шоттарға түсімдерді есепке алудың толықтығымен және уақтылылығымен және тиісті шоттар шеңберінде төлеу үшін төлемдер мен ақша аударымдарын уақтылы жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

399-3. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың шоттарына қызмет көрсету кассалық негізде жүзеге асырылады. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың шоттарына түсімдерді есепке алу және оларды есептен шығару жөніндегі операциялар ақшалай түрде есепке алынады.

399-4. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың шоттарынан түсетін түсімдер мен жүргізілген төлемдер және ақша аударымдары бойынша операциялар ҚБАЗ-да берілген жеті таңбалы кодтарға сәйкес есепке алынады.

399-5. Мемлекет кепілдік берген қарыздың ұлттық валютадағы кодтарын беру мен шоттарын ашу үшін және (немесе) ұлттық валютадағы қызмет көрсету шоттарын осы Ережеде көзделген дерекнаманы қалыптастыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, осы Ереженің 119-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қазынашылықтың аумақтық органдарына ұсынады.

Мемлекет кепілдік берген қарыз шотын және (немесе) шетел валютасында қызмет көрсету шотын ашу үшін – 119-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шот ашуға өтінім ұсынады.

Аумақтық қазынашылық органы Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыларға кодтар мен шоттарды беруге арналған өтінімді алған күннен бастап келесі

жұмыс күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Ереженің 119-1 және (немесе) 119-2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыларға кодтар мен шоттарды беруге арналған өтінімді жібереді.

Мемлекет кепілдік берген қарыз шоттары және (немесе) ұлттық және шетел валютасындағы қызмет көрсету шоттары қарыздың қолданылу мерзіміне ашылады.

Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылар өтінімдерде көрсетілген деректемелердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

399-6. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган аумақтық қазынашылық органдарынан мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыларға кодтар беруге өтінімдер алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей кодтар береді, ал шетел және ұлттық валютада шоттар ашу мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыға код берілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

399-7. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыларға берілген кодтарды тіркеу ҚБАЗ-да қалыптастырылатын тиісті анықтамалықта көрсетіледі.

399-8. Мемлекет кепілдік берген қарыздардың ұлттық валютадағы ашық шоттарын және ұлттық валютадағы қызмет көрсету шоттарын тіркеу осы Ереженің 49-қосымшасына сәйкес "Қолма-қол ақшаны бақылау шоттарының тізбесі" 5-19 нысаны бойынша қазынашылықтың аумақтық органының ішкі есебінде көрсетіледі.

Мемлекет кепілдік берген қарыздардың шетел валютасындағы ашық шоттарын және шетел валютасындағы қызмет көрсету шоттарын тіркеу осы Ереженің 50-қосымшасына сәйкес "Шетел валютасындағы шоттардың тізбесі" 8-08 нысаны бойынша қазынашылықтың аумақтық органының ішкі есебінде көрсетіледі.

399-9. Тиісті мемлекеттік кіріс органдарын, қазынашылықтың аумақтық органдары мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыларға кодтар мен шоттардың ашылғаны туралы, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ашқаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді.

399-10. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы атауын өзгерген кезде аумақтық қазынашылық органына мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, осы Ереженің 119-3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша атауын өзгертуге өтінім береді.

399-11. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының дерекнамасын қалыптастыру осы Ереженің 4-тарауының 5-параграфының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

399-12. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының шоттарын жүргізу тәртібі осы Ереженің 4-тарауының 6-параграфының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

399-13. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушының шоттарын жабу тәртібі осы Ереженің 4-тарауының 8-параграфының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

399-14. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың төлемдері мен ақша аударымдары ҚР ҰБ № 208 қағидаларымен белгіленген нысан бойынша төлем тапсырмаларының негізінде ұлттық валютадағы мемлекет кепілдік берген қарыз шоттарындағы және ұлттық валютадағы қызмет көрсету шоттарындағы қалдықтар шегінде жүргізіледі.

399-15. Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылар Бюджет кодексінің 97-бабының 6-1-тармағына сәйкес:

- 1) төлем тапсырмаларын ұсынудың заңдылығы мен негізділігі;
- 2) төлем тапсырмаларында көрсетілген деректемелердің дұрыстығын; ақша алушының пайдасына төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуын;
- 3) жасалған операциялардың дұрыстығы;
- 4) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды: тауарларды жеткізу туралы шот-фактураның немесе жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құжат түрінің көшірмелерін ұсыну.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде Мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ-мен қол қойылған төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың сканерленген үлгісі бекітіледі;

5) мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ-ның "Қазынашылық-клиент" АЖ-ны пайдалану кезінде заңды тұлға құжат жинағының деректеріне сәйкестігін растау болып табылады.

399-16. Төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу үшін мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушы қағаз тасығышта немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынады:

1) мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздардың ақшасын жұмсау кезінде - Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен берілетін қарыз шарты;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздарға қызмет көрсетуге және оларды өтеуге арналған ақшаны жұмсау кезінде 119-4-қосымшаға сәйкес сенім білдірілген агенттің растауы;

3) қарыз алушы мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздардың ақшасын мемлекет кепілдік берген қарыз шотынан - Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қарыз шартынан жұмсаған кезде;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздарға қызмет көрсету және өтеу бойынша операцияларды жүргізу үшін сенім білдірілген агенттің 119-4-қосымшаға сәйкес растауы;

399-17. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардан төлем тапсырмаларын қағаз тасығышта және "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде қабылдауды жүзеге асырады.

Қағаз тасығыштағы төлем тапсырмаларын қабылдау белгіленген қызмет көрсету кестесіне сәйкес жергілікті уақыт бойынша сағат 16.00-ге дейін жүзеге асырылады.

399-18. Қағаз тасығыштағы төлем тапсырмасы және "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде келіп түскен төлем тапсырмасы аумақтық қазынашылық бөлімшесі оны қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап бір жұмыс күні ішінде орындалады не орындаусыз қайтарылады.

399-19. Төлем қағаз тасығышта жүргізілгеннен кейін төлем тапсырмасының екінші данасы және осы Ережеге 54-қосымшаға сәйкес 5-20-нысан бойынша қалыптастырылған есеппен салыстырылады, төлем тапсырмасында төлем жүргізу күні мен 5-20-нысандағы салыстырып тексеруді жүзеге асыру күні көрсетіле отырып, аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысының қолымен, мөртабан бедерімен расталады және мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушыларға беріледі. "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін, мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылар 5-20 нысан бойынша есепті дербес қалыптастырады.

9-тарау. Мемлекеттік мекемелер өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алатын ақшаны, қайырымдылық көмектен түсетін түсімдерді, жеке немесе заңды тұлғалар оны қайтарып алу шартымен мемлекеттік мекемеге беретін ақшаны пайдалану не нақты жағдайлар туындаған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару

Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

400. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер, Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес оларды мемлекеттік мекемеге жеке және (немесе) заңды тұлғалар қайтарып алу немесе белгілі бір жағдайлар туған, кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен берген ақша ұлттық та және шетел валютасында да түсуі мүмкін.

Ескерту. 400-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

401. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер, оларды қайтару не белгілі бір жағдайлар туындаған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартында жеке және (немесе) заңды тұлғалар заңнамалық актілерге сәйкес мемлекеттік мекемеге беретін, шетел валютасында түскен ақша қайта айырбастауға және осы Ережеде көзделген тәртіппен тиісті қайырымдылық ҚБШ-ға немесе ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-ға ұлттық валютада есептеуге жатады.

Сотқа дейінгі тексерісті жүргізетін орган алған шетел валютасын қайта айырбастау міндетті емес.

Ескерту. 401-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

402. Мемлекеттік мекеменің кассаға қабылданған қолма-қол ақшасы оларды қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ-ларына есептелінеді. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекемеге түскен қолма-қол ақшаны тиісті шотқа уақтылы және толық тапсыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 402-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Мемлекеттік мекемелердің өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша

403. Ақылы қызмет ҚБШ-сы бойынша операцияларды, Бюджет кодексінің 70-бабының 2-тармағына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету тәртібі негізінде, республикалық және жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің өздерінің билігінде қалатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) тізбесінің сыныптаушысы негізінде мемлекеттік мекемелер жүзеге асырады.

Ескерту. 403-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

404. Шығыстардың функционалдық сыныптамасының, тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлерінің кодтарын, пайда болу көздері мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес рұқсат етілген түсімдерді пайдалану бағыттары Бюджет кодексінің 102-бабының 1-тармағына сәйкес бекітілген республикалық немесе

жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын, өздері сатудан түсетін ақша өздерінің билігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарлары (жұмыстары, қызметтері) тізбесінің сыныптаушысында (бұдан әрі - сыныптаушы) қамтылады.

Ескерту. 404-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

405. Ақылы қызметтер бойынша есепке алу ББС-шы және мемлекеттік мекемелер кодтарына сәйкес жүзеге асырылады.

406. Ақылы қызметтер шоты бойынша операциялар жүргізу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік мекеме өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаның түсімі мен жұмсалудың жоспарын, қойылған қол және мер бедерінің үлгілері бар құжатты ұсынады.

3-параграф. Мемлекеттік мекеменің өз билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаның түсімдері мен шығыстарының жоспарларын қалыптастыру және бекіту

407. Мемлекеттік мекеменің өз билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаның есебінен операция жүргізу үшін жыл сайын мемлекеттік мекеменің өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалудың жоспарын (бұдан әрі - жоспар) жасайды.

408. Жоспар тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрі бойынша жасалады.

409. Мемлекеттік мекеме жоспарды осы Ереженің 120-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мынадай тәртіппен жасайды:

Кіріс бөлігі:

010 "Барлық кірістер" жолында кірістердің жалпы сомасы көрсетіледі, ол есептің кейінгі қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалыптасқан ақша қалдығын және жаңа қаржы жылында түсетін ақшаның жоспарланған сомасын қамтиды (011-жол +012-жол),

011 "Қаржы жылының басындағы қаражат қалдығы" жолында есептің кейінгі қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалыптасқан ақша қалдығы көрсетіледі,

012 "Ағымдағы жыл түсімдері" жолында жаңа қаржы жылы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша түсімдерінің жоспарланған сомасы көрсетіледі;

Шығыс бөлігі:

020 "Барлық шығыстар, оның ішінде ерекшеліктер бойынша" жолында шығыстардың экономикалық сыныптамасының барлық ерекшеліктері бойынша және шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бөлігіндегі

жоспарланған шығыстар сомасын көрсете отырып, шығыстардың жоспарланған жалпы сомасы көрсетіледі,

021 "олардың ішінде, бюджет кірісіне аударуға жататын" деген жол бойынша анықтамалық түрде, тиісті бюджет кірісіне аударуға жататын және 020-жол шығыстарының тиісті ерекшелігі бойынша көзделген сома көрсетіледі.

Жоспардың кіріс және шығыс бөліктері әрбір тоқсан бойынша және тұтастай жыл бойынша теңдестірілуі тиіс. Бұл ретте, 010-жолдың көрсеткіші 020-жолдың көрсеткішіне теңдестірілуі тиіс. Шығыстардың ерекшеліктерінің тоқсан сайынғы сомасы 011 және 012-жолдардың түсімдер сомасына тең болуға тиіс.

410. Мемлекеттік мекемелер бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне орталық атқарушы органның аппарат басшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның аппарат басшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндайлар болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеменің басшысы және мемлекеттік мекеменің тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қойған түсіндірме жазбаны және бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша кірістер мен шығыстар жөнінде негізделген есептерді қоса бере отырып, жоспарды 3 данада бекітуге береді.

Ескерту. 410-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2021 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

411. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мемлекеттік мекемелер ұсынған жоспарлар негізінде мемлекеттік мекеме өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаның түсімдер мен шығыстарның жиынтық жоспарын (бұдан әрі - мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспар) жасайды.

Мемлекеттік мекеме бойынша Жиынтық жоспарды бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бекітеді және ағымдағы қаржы жылының 15 ақпанына дейінгі мерзімде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға әрбір мемлекеттік мекеме жөніндегі жоспарлармен бірге келісуге береді.

Мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспар осы Ереженің 121-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады және 2 данада бекітіледі.

Мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспарға түсіндірме жазба мен бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қойған бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша түсімдер мен шығыстардың әрбір түрі жөнінде негізделген есептер қоса бекітіледі.

Ескерту. 411-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

412. Жоспар және Мемлекеттік мекемелер жөніндегі жиынтық жоспар бөлшек қалдығымен, үтірден кейін бір белгімен мың теңгеде қалыптастырылады.

413. Жоспарлардың жалпы сомасы сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрі бойынша және жоспардың әрбір көрсеткіші бойынша жиынтық жоспардың сомасына теңестірілуі тиіс.

414. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспардың, оған есептердің жасалу дұрыстығын қамтамасыз етеді.

415. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган келісуге ұсынған мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспарларға мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарлар осы Ережеге, Бюджет кодексінің 70-бабының 2-тармағына сәйкес тиісті саланың (аяның) орталық мемлекеттік органы анықтаған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөнінде ақылы қызмет көрсету тәртібі, Сыныптаушыға, шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша кірістер мен шығыстарды дұрыс есептеу тұрғысынан сәйкес келуге тексеріледі, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган басшысымен келісіледі және елтаңбалы мөр бедерімен куәландырылады.

Ескерту. 415-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

416. Мемлекеттік мекемелер бойынша келісілген Жиынтық жоспардың бір данасы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органда қалады, екіншісі - бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне беріледі.

417. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мекемелер бойынша жоспарды келіскеннен кейін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі әрбір мемлекеттік мекеме бойынша жиынтық жоспарды 3 данада бекітеді, оның бірі бюджеттік бағдарламалар әкімшісінде қалады, екеуі - мемлекеттік мекемеге беріледі.

Мемлекеттік мекеме бекітілген жоспардың бір данасын өзінде қалдырады, екіншісін – осы Ережеге 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2 данадағы тізіліммен бірге өзі тұрған жердегі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне береді.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік мекеме осы Ереженің 122-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жоспардың қалыптастырылған электрондық түрін, сондай-ақ мемлекеттік мекеме басшысының және мемлекеттік мекеменің тиісті құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ қолы қойылған осы Ереженің 22-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тізілімге сканерленіп бекітілген жоспарды тіркейді.

Белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік мекемеге жоспарды орындамастан ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша себебін көрсете отырып кері қайтарады) қайтарады.

418. Қаржы жылының 15 қаңтарына дейін мемлекеттік мекемелер бойынша жоспар бекітілмеген жағдайда, мемлекеттік мекемелер ағымдағы қаржы жылының 1 ақпанына дейінгі мерзімде жаңа қаржы жылының 1 қаңтарындағы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша қалдығы шеңберінде жасалған шығыстардың

сомасын ағымдағы қаржы жылының жоспарына міндетті түрде қосу арқылы шығыстар жасауы мүмкін.

419. Егер мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспар 15 ақпанға дейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға келісуге ұсынылмаса және 1 наурызға дейін келісілмесе, онда қаржы жылының 1 қаңтарынан бастап 1 наурызына дейін түскен ақша және есептіден кейінгі қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалыптасқан және 1 ақпандағы жағдай бойынша пайдаланылмаған қаражат қалдығы 1 наурыздан кейін үш жұмыс күні ішінде тиісті бюджет кірісіне аударуға жатады.

Мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне белгіленген мерзімде ағымдағы жылдың 1 наурызындағы қолма-қол ақша бақылау шотындағы ақша қалдығын тиісті бюджеттің кірісіне аударуға тиісті төлеуге берілетін шотты ұсынбаған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесі белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік мекеменің төлемдері мен ақша аударымын жүзеге асыруды тоқтатады.

420. Ақылы қызметтер ҚБШ-ы бойынша қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар жөніндегі банктік қызметтерге ақы төлеуді мемлекеттік мекеме тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша есебінен, мемлекеттік мекеме мен банк арасындағы кассалық қызмет көрсетуге арналған шарт негізінде жүргізеді. Банктік қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындар қолма-қол ақшамен операциялар жүргізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) коды бойынша бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшелігі бойынша жоспардың шығыстар бөлігінде көрсетіледі.

Ескерту. 420-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

421. Бекітілген және келісілген жоспарлардың қолданылуы қаржы жылының 31 желтоқсанында тоқтатылады.

4-параграф. Өз билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан мемлекеттік мекемелер алатын ақшаның түсімдері мен шығыстары жоспарларына өзгерістер енгізу

422. Қаржы жылы ішінде жоспарда көзделген сомадан тыс түскен кірістер жоспарды және мемлекеттік мекемелер бойынша Жиынтық жоспарды нақтылау шартымен оларға өзгерістер енгізу арқылы ағымдағы жылы жұмсалуды мүмкін.

Жоспарда көзделген сомадан тыс кіріс түскен кезде жоспарға және мемлекеттік мекемелер бойынша Жиынтық жоспарға өзгерістер, әрбір ақылы қызмет түрлері бойынша жылдық сома шеңберінде ерекшеліктер мен тоқсандар арасында өзгерістер енгізу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

мемлекеттік мекеме бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне енгізілетін өзгерістер бойынша негіздемелер мен есептерді қоса бере отырып, осы Ереженің 123-

қосымшасына сәйкес нысан бойынша жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтама ұсынады;

бюджеттік бағдарламалар әкімшісі олар түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізілетін өзгерістер бойынша негіздемелер мен есептерді тексереді, осы Ереженің 124-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелер Жиынтық жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтаманы бекітеді және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға келісуге береді.

Ескерту. 422-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

423. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган олар түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік мекемелер жөніндегі Жиынтық жоспарға өзгерістер енгізу туралы ұсынылған анықтаманы қарайды, енгізілетін өзгерістер бойынша негіздемелер мен есептерді тексереді.

424. Мемлекеттік мекемелер бойынша Жиынтық жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтама 2 данада бекітіледі және келісіледі.

425. Анықтаманың бір данасы бюджетті атқару бойынша уәкілетті органда қалады, екінші данасы бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне беріледі.

426. Мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспарға өзгерістер енгізу туралы бекітілген және келісілген анықтаманың негізінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтаманы 3 данада бекітеді.

Бекітілген анықтаманың бір данасы бюджеттік бағдарлама әкімшісінде қалады, 2 данасы мемлекеттік мекемеге беріледі.

Мемлекеттік мекеме жоспарға өзгерістер енгізу туралы бекітілген анықтаманың бір данасын өзіне қалдырады, екіншісін осы Ережеге 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2 данадағы тізіліммен бірге өзі тұрған жердегі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне береді.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік мекеме осы Ереженің 125-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтаманың электрондық түрін, сондай-ақ мемлекеттік мекеме басшысының және мемлекеттік мекеменің тиісті құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ қолы қойылған осы Ереженің 22-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тізілімнің жоспарына өзгерістер енгізу туралы сканерленіп бекітілген анықтаманы тіркейді.

Белгіленген талаптарды орындамаған, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің міндеттерді қабылдау немесе қассалық шығыстарды жүргізуі себебінен жоспарлы жұмсалымдар жеткіліксіз болған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесі мемлекеттік мекемеге анықтаманы ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша себебін көрсете отырып кері қайтарады), орындамастан қайтарады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша келіп түскен, пайдаланушы нұсқаулығының талаптарына сай ресімделмеген тізілім мен жоспар/анықтаманың электрондық түрлері қабылдамау себептерін көрсете отырып, қазынашылықтың аумақтық бөлімшесінің кері қайтаруына жатады.

427. Мемлекеттік мекемелер бойынша Жиынтық жоспарларды және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бекітілген және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісілген мемлекеттік мекемелер бойынша Жиынтық жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтаманы тіркеуді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады, ал жоспарлар мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бекітілген жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды тіркеуді бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүзеге асырады. Тіркеу жоспарларға және мемлекеттік мекемелер бойынша Жиынтық жоспарларға, жоспарларға және мемлекеттік мекемелер бойынша Жиынтық жоспарларға өзгерістер енгізу туралы анықтамаларға хронологиялық тәртіппен нөмір бере отырып еркін түрде журналда жүргізіледі.

428. Қаржы жылы ішінде мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспарларды бекіткеннен және келіскеннен кейін және сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) түрлерін сақтаған кезде жоспарларды бекіткеннен кейін ББС-нің бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының кодтарын өзгерткен жағдайда, Сыныптауышқа тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін бір ай ішінде осы Ережеде белгіленген тәртіппен мекемелер бойынша Жиынтық жоспарлар қайта бекітіледі және қайта келісіледі.

Қаржы жылы ішінде ББС-нің бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының жаңа кодтары енгізілген жағдайда жоспарлар мен мемлекеттік мекемелер жөніндегі жиынтық жоспарлар осы Ережеде белгіленген тәртіппен жаңа кодтар бойынша бекітіледі және келісіледі.

Ескерту. 428-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

429. Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес Сыныптауышқа тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жаңа түрлері енгізілген жағдайда, осы ережеде белгіленген тәртіпте жаңа жоспарлар және Мемлекеттік мекемелер жөнінде жиынтық жоспар жасалады, келісіледі және бекітіледі.

430. Жоспар мен Мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспар бекітілгеннен және келісілгеннен кейін қаржы жылы ішінде жаңа мемлекеттік мекеме құрылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосу немесе бөлу арқылы мемлекеттік мекемелерді қайта ұйымдастырған және мұндай мемлекеттік мекемелерге тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуге арналған құқық берілген оларды сатқаннан түсетін ақша өздерінің билігінде қалатын жағдайда (бұдан әрі - құрылған немесе қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеме), мынадай іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

құрылған немесе қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеме бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне осы Ереженің 409-тармағында белгіленген нысан бойынша және тәртіппен жоспар ұсынады;

бюджеттік бағдарламалар әкімшісі олар түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде кірістер мен шығыстар бойынша негіздеме мен есептерді тексереді, жоспардың негізінде осы Ереженің 124-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспарға тиісті өзгерістер енгізу туралы анықтаманы жасайды және бекітеді және құрылған немесе қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеменің жоспарына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға келісуге ұсынады;

бюджетті атқару бойынша уәкілетті орган осы Ережеде белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемелер бойынша Жиынтық жоспарға өзгерістер енгізу туралы ұсынылған анықтаманы қарайды және келіседі;

бекітілген және келісілген анықтаманың негізінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі әрбір құрылған немесе қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеме бойынша жоспарды бекітеді және береді.

431. Жоспарлы тағайындаулар мен бұрын жүргізілген кассалық шығыстарды, сондай-ақ жыл басындағы қалдықтар мен ағымдағы жылдың түсімдерін көшіруді мемлекеттік мекеменің хаты негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшелері мынадай:

1) ҚР ББС бюджет шығыстарының функционалдық сыныптауышының кодтарын қаржы жылы ішінде, өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) түрі сақталған кезде мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспарлар бекітілгеннен және келісілгеннен және жоспарлар бекітілгеннен кейін өзгерген;

2) ҚР ББС бюджет шығыстарының функционалдық сыныптауышына жаңа кодтар енгізілген;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сыныптауышқа тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жаңа түрі енгізілген;

4) қаржы жылы ішінде, мемлекеттік мекемелер бойынша жиынтық жоспарлар бекітілгеннен және келісілгеннен кейін жаңа мемлекеттік мекеме құрылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосылу немесе бөліну жолымен мемлекеттік мекемелер қайта ұйымдастырылған және мұндай мемлекеттік мекемелерге оларды өткізгеннен түсетін ақша өз биліктерінде қалатын етіп тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуге құқық берілген жағдайларда жүзеге асырады.

Көшіруге берілген хатпен бірге мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мынадай құжаттарды:

1) жаңа кодтары бойынша ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын;

2) ескі кодтар бойынша жоспарлы тағайындауларды азайтуға ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы ұсынады.

Бұл ретте ескі кодтар бойынша жоспарлы тағайындауларды азайтуға арналған анықтамада жылдың басынан бастап жоспардың сомасы ағымдағы тоқсандағы жалпы сомамен көрсетіледі.

5-параграф. Өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден мемлекеттік мекемелер алатын ақшаны есепке алу және бақылау

432. Өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаның есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекемелер өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден алатын ақша есебінен жасалатын шарт тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) түрлері бойынша шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша көзделген сома шегінде жасалады.

Бұл ретте, бекітілген ерекшеліктер тізбесіне енгізілген шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқық мәмілелерді тіркеу міндетті болып табылатын шығыстардың түрлері бойынша жасалған мемлекеттік мекемелердің шарттары осы Ереженің 162-тармағының екінші абзацына сәйкес аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеуге жатады.

Мемлекеттік мекемелер өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден алатын ақша есебінен жасасқан шартты тіркеу осы Ереженің 6-тарауының 4-9-параграфытарында белгіленген тәртіппен ресімделген және ұсынылған міндеттемелерді тіркеуге арналған өтінім негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 432-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

433. Мемлекеттік мекемелердің өздерінің билігінде қалатын (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша төлеушілерден қолма-қол емес не қолма-қол ақша түрінде тікелей мемлекеттік мекеменің кассасына түсуі мүмкін.

434. Мемлекеттік мекеме өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаның нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік мекеменің өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша есебінен жасалатын төлемдер:

шарттар жасалған және тіркелген шығыстар түрлері бойынша - тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлері бойынша ақылы қызмет шотына нақты қолма-қол ақшаның және тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлері бойынша шығыстардың бюджеттік сыныптамасының коды бойынша шарт сомасы шеңберінде;

қалған шығыстар түрлері бойынша - тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлері бойынша ақылы қызмет шотына нақты қолма-қол ақшаның және тауарлар (жұмыстар,

қызметтер) түрлері бойынша шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша бекітілген сома шеңберінде жүзеге асырылады.

Өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін түсімдерді жұмсау осы Ережеде белгіленген тәртіппен ресімделген және ұсынылған төлеуге берілетін шот негізінде жүзеге асырылады.

435. Мемлекеттік мекемелердің өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер жоспармен бекітілген сомадан тыс алатын ақша түсімдері, олар түскен кезде мемлекеттік мекеме жоспарды оған өзгерістер енгізу арқылы нақтылағанға дейін жұмсау құқығынсыз ақылы қызметтер шотына есептеледі.

Ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жоспарға өзгерістер енгізуге арналған анықтаманы ұсынбаған жағдайда, мемлекеттік мекеме жаңа қаржы жылының он күнтізбелік күні ішінде оларды тиісті бюджеттің кірісіне аударуға төлеуге берілетін шотты ұсынады.

Мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне белгіленген мерзімде хатты ұсынбаған жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесі белгіленген мерзім өткен күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей өздерінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен мемлекеттік мекемелер алатын мемлекеттік мекеменің төлемдері мен ақша аударымын жүзеге асыруды тоқтата тұрады.

436. Бекітілген жоспарда көзделмеген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлері бойынша ақша түскен кезде түсімдер сомасы 902 "Анықталғанға дейін өзара есеп айырысу бойынша ұлттық валютада аударылған сома" деген шотта есептеледі. Түсімдерді 902-шотқа есептеген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы 2-38 нысан бойынша төлем тапсырмасын 2 данада басып шығарады және ақша алушы болып көрсетілген мемлекеттік мекемеге аумақтық қазынашылық бөлімшесінің құрылымдық бөлімшесі басшысының қойылған қолы және өз мөртабанының бедері және қойылған қолы бар бір дананы жібереді.

Ескерту. 436-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

437. Мемлекеттік мекеме төлем құжатының көшірмесін алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде түсімнің негізділігін анықтау және ол бойынша түсімдер сомасы есептелуі тиіс тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) түрлерін анықтау және хатты аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсыну жөніндегі жұмыстарды жүргізеді. Мемлекеттік мекеме хатта соманы шотқа есептеу және тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлерінің кодын көрсете отырып не оларды бюджет кірісіне аудару қажеттілігі туралы растайды.

Мемлекеттік мекеменің хаты негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы:

аумақтық қазынашылық бөлімшесінің 902-шотынан жоспарда көзделмеген түсімдер сомасын есептен шығару, және хатта көрсетілген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлерінің коды бойынша оны шотқа есептеу жөнінде операция жүргізу үшін;

жоспарда көзделмеген түсімдер сомасын тиісті бюджет кірісіне аудару үшін төлеуге берілетін шотты ҚБАЖ-да қалыптастырады және бекітеді.

Мемлекеттік мекеме хатты уақтылы беруді және хат деректерінің растылығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне белгіленген мерзімде хат ұсынбаған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесі белгіленген мерзім өткен күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша есебінен мемлекеттік мекеменің төлемдері мен ақша аударымын жүзеге асыруды тоқтата тұрады.

438. Мемлекеттік мекеме республикалық немесе жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің тауарлары (жұмыстары, қызметтері) сыныптауышына сәйкес өткізуден ақша билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) басқа мемлекеттік мекемелерге өткізуді жүзеге асыра алады.

439. Мемлекеттік мекемеге бюджет қаражатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған ашылатын шоттардан қаражатты оның ақылы қызмет шотына аударуға тыйым салынады.

440. Мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Бюджет кодексінің 124-бабының 4-тармағына сәйкес анықтаған тәртіппен, нысанда және мерзімде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден мемлекеттік мекемелер алатын, өздерінің билігінде қалатын ақша түсімдері мен жұмсалу жоспарларының орындалуы туралы есеп жасайды.

Ескерту. 440-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

6-параграф. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер бойынша операцияларды жүзеге асыру

Ескерту. 6-параграф жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

441. Қайырымдылық көмек шоты бойынша операциялар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері негізінде жүзеге асырылады.

442. Қайырымдылық көмек ҚБШ бойынша операцияларды есепке алу мемлекеттік мекемелердің кодтары бойынша жүзеге асырылады.

443. Қайырымдылық көмек бойынша ҚБШ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылады.

Ескерту. 443-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 12.07.2017 № 431 бұйрығымен

444. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

445. Қайырымдылық көмек шоты бойынша операцияларды жүргізу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшеге қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатты береді.

Ескерту. 445-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

446. Мемлекеттік мекеме қайырымдылық көмектен түсетін түсімдерді жоспарламайды.

Нысаналы сипатқа ие қайырымдылық көмектен түсетін түсімдерді мемлекеттік мекеме мақсатқа сай жұмсайды.

Мемлекеттік мекеме қайырымдылық көмектен түсетін түсімдердің нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

447. Қайырымдылық көмекті ағымдағы жылы мақсатқа сай пайдаланбаған мемлекеттік мекеме оны келесі жылы мақсатқа сай пайдаланады.

Қайырымдылық көмек ақшасын ағымдағы қаржы жылы жете пайдаланбаған жағдайда осы ақшаны салған тұлға оны қайтарып алуға құқығы бар.

Ескерту. 447-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 24.12.2021 № 1335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

448. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдерді жұмсау осы Ережеде белгіленген тәртіппен ресімделген және ұсынылған төлеуге берілетін шот негізінде қайырымдылық көмектің тиісті шоттағы ақша қалдығының шеңберінде жүзеге асырылады.

449. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер бойынша қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар жөніндегі банктік қызметтерге ақы төлеуді мемлекеттік мекеме өзі және банк арасындағы кассалық қызмет көрсетуге арналған шарт негізінде қайырымдылық көмек ақшасы есебінен жүргізеді.

7-параграф. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және/немесе заңды тұлғалардың оларды қайтару немесе белгілі бір жағдайлар туындаған кезде бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен мемлекеттік мекемеге берілетін ақша бойынша операцияларды жүзеге асыру

451. Ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ бойынша операциялары жеке немесе заңды тұлғалардың ақшаны мемлекеттік мекемелерге қайтару шартымен не белгілі бір жағдайлар туындаған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде көзделген жағдайда іске асырылады.

452. Ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ бойынша операцияларды есепке алу мемлекеттік мекемелердің кодтары бойынша жүзеге асырылады.

453. Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-сы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен түсімдер мен шығыстардың түрлері бойынша ашылады.

454. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

455. Ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ-сы бойынша операциялар жүргізу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қойылған қол және мөр бедерінің үлгілері бар құжатты береді.

Ескерту. 455-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

456. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және/немесе заңды тұлғалардың оларды қайтару немесе белгілі бір жағдайлар туындаған кезде бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен мемлекеттік мекемеге берілетін ақша бойынша жоспарлар жасалмайды.

457. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және/немесе заңды тұлғалардың оларды қайтару немесе белгілі бір жағдайлар туындаған кезде бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен мемлекеттік мекемеге берілетін ақша Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған жағдай туындаған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде оларды салған тұлғаларға қайтарылуы не тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалардың оларды қайтару немесе белгілі бір жағдайлар туындаған кезде бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен мемлекеттік мекемеге берілген ақшаны уақтылы қайтаруды не оларды тиісті бюджетке аударуды (бұдан әрі - қайтару/аудару) қамтамасыз етеді.

458. Қайтару/аудару осы Ережеде белгіленген тәртіппен ресімделген және ұсынылған төлеуге берілетін шот негізінде уақытша орналастыру шотындағы ҚБШ ақша қалдықтары шегінде жүзеге асырылады.

Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-сынан сот актілерін орындау жөніндегі ақшаны қайтаруды/аударуды атқарушы құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті аумақтық орган қағаз тасығыштағы төлеуге берілетін шот негізінде, атқарушы құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы аумақтық органның мөрімен куәландырылған атқарушы құжаттың көшірмесін қоса бере ("Қазынашылық-клиент" АЖ-да сот актісінің немесе атқарушы құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы аумақтық органның мөрімен куәландырылған атқарушы құжаттың түпнұсқасынан сканерленген электрондық құжаттарды қоса тіркейді) отырып, жүзеге асырады.

Бұл ретте, аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы осы Ереженің 101-тармағына сәйкес аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынған қолдары мен мөр бедері бар атқарушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз ету саласында

аумақтық органның мөрімен куәландырылған атқарушы құжаттардың қоса берілген көшірмелерін салыстыруды жүзеге асырады.

Атқарушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз ету саласында қолдары мен мөр бедерінің үлгілерімен ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы мемлекеттік мекемелердің төлемге шотын орындаусыз қайтарады.

Жеке және (немесе) заңды тұлғалардың белгілі бір жағдайлар туындаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес оларды қайтару немесе аудару шартымен мемлекеттік мекемелерге берілетін ақшаны тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға, оларды енгізген тұлғаларға, немесе тиісті бюджет кірісіне қайтаруға/аударуға оларды ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-сын есепке алусыз рұқсат берілмейді.

Қолма-қол ақшаны есептеу және қайтарып алу үшін уақытша ақша орналастыру ҚБШ-сы бойынша қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар үшін банктік қызметтерге ақы төлеу ақшаны салған тұлға есебінен мемлекеттік мекеме мен банк арасындағы кассалық қызмет көрсетуге арналған шарт негізінде жүргізіледі, тез бұзылуға ұшырайтын немесе оларды сақтау елеулі материалдық шығынын талап ететін заттай айғақты сатудан алынған, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеуді жүргізуші орган алып қойған ақшаны есептеудің, банктік қызметтерге ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өкілеттік берілген органдардың міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспары есебінен жүргізілетін ҚБШ-на есептеу жағдайлары қосылмайды.

Ескерту. 458-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 ; 11.11.2016 № 597; 12.07.2017 № 431 бұйрықтарымен

459. Мемлекеттік мекеме, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалардың оларды қайтару немесе белгілі бір жағдайлар туындаған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартымен мемлекеттік мекемеге берілетін ақша бойынша Бюджет кодексінің 124-бабының 4-тармағына сәйкес анықтаған тәртіппен, нысанда және мерзімде есеп жасайды және ұсынады.

Ескерту. 459-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

8-параграф. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруына бағытталған ақшаның түсу және жұмсалыу тәртібі

Ескерту. 8-параграф алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер,

ауылдық округтер үшін 01.01.2018 және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сайлауларды, республикалық референдумды қаржыландыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша операциялық шығындары өтемақысының тәртібі" 10-тарауы

Ескерту. 10-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

1-параграф. Сайлауларды, республикалық референдумды мемлекеттік қаржыландыру

468. Партиялық тізімдер негізінде сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттарын қоспағанда, Президентті, Парламент, мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау, республикалық референдум осы мақсаттар үшін ашылатын арнайы шот арқылы қаржыландырылады.

Әкімдерді сайлау облыстық бюджеттен осы мақсаттар үшін жергілікті атқарушы органдарға ашылған арнайы шоттар арқылы қаржыландырылады.

Ескерту. 468-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 04.10.2023 № 1056 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

469. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жергілікті атқарушы органдарға:

1) Қазақстан Республикасының Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау, сондай-ақ республикалық референдум кезінде сайлау іс-шараларын жүргізуге арналған шығыстар жөніндегі операцияларды есепке алуға арналған жергілікті атқарушы органның арнайы шоттарын (бұдан әрі – сайлауларды, республикалық референдумды қаржыландыру үшін шоттар);

2) әкімдерді сайлау кезінде сайлау іс-шараларын өткізуге арналған шығыстар бойынша операцияларды есепке алуға арналған арнайы шоттарды (бұдан әрі – әкімдерін сайлауды қаржыландыруға арналған шоттар) ашуды жүзеге асырады.

Сайлауды, республикалық референдумды қаржыландыру үшін шоттар Орталық сайлау комиссиясының қолдаухаты негізінде ашылады.

Әкімдерді сайлауды қаржыландыру үшін шоттар облыстардың жергілікті атқарушы органдарының қолдаухаты негізінде ашылады.

Сайлауды, республикалық референдумды қаржыландыру үшін шоттар және әкімдерді сайлауларды қаржыландыру үшін шоттар сайлау іс-шараларын, республикалық референдумды қаржыландыру аяқталғанға дейінгі мерзімге ашылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган сайлауды, республикалық референдумды қаржыландыру үшін шоттарды ашқаннан кейін Орталық сайлау комиссиясы сайлауды, республикалық референдумды қаржыландыру үшін ашылған шоттардың нөмірі мен күні туралы әрбір аумақтық сайлау комиссиясына жазбаша хабарлама береді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган әкімдерді сайлауды қаржыландыру үшін шоттарды ашқаннан кейін жергілікті атқарушы органдар әкімдерді сайлауларды қаржыландыру үшін ашылған шоттардың нөмірі мен күні туралы әрбір облыстық, аудандық аумақтық сайлау комиссиясына жазбаша хабарлама береді.

Сайлауды, республикалық референдумды қаржыландыру үшін шот бойынша және әкімдерді сайлауды қаржыландыру үшін шот бойынша операциялар жүргізу үшін аумақтық сайлау комиссиясы аумақтық қазынашылық органына сайлау комиссиясының төрағасын тағайындау туралы сайлау комиссиясы шешімінің көшірмесі мен нотариалды куәландырылған қолдар мен мер бедерінің үлгілері бар құжатты ұсынады.

Ескерту. 469-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 04.10.2023 № 1056 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

470. Сайлауды, республикалық референдумды мемлекеттік қаржыландыруды шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамасына сәйкес міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке жоспарларға сәйкес Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

Әкімдерді сайлауды мемлекеттік қаржыландыруды міндеттемелер мен төлемдер және шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптамасы бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес облыстардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері, сондай-ақ аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық сайлау комиссияларын қаржыландырудың жеке жоспарларын облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар бойынша тиісті аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне ұсынады.

Ескерту. 470-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 04.10.2018 № 885; 04.10.2023 № 1056 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

471. Бекітілген қаржыландырудың жеке жоспары шеңберінде сайлау науқанын, республикалық референдумды жүргізу үшін бөлінетін бюджет қаражатына иелік етушілер тиісті сайлау комиссиясының төрағалары болып табылады. Сайлау,

республикалық референдум өткізуге арналған бюджет қаражатын жұмсау, әкімдерді сайлауды қоспағанда, республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын операцияларды есепке алу үшін ашылған жергілікті атқарушы органдардың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан жүргізіледі. Әкімдерді сайлауды өткізуге арналған бюджет қаражатын жұмсау облыстық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын операцияларды есепке алу үшін ашылған жергілікті атқарушы органдардың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан жүргізіледі. Тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тиісті сайлау комиссиясы төрағаларының назарына азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға және төлемдерді жүзеге асыруға берілген рұқсаттарды жеткізеді. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) беруге арналған шарттарды тиісті сайлау комиссиясының төрағалары ақша алушылармен "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті қаржы жылында міндеттемелер бойынша қаржыландыруды жеке жоспарларында көзделген сома шеңберінде жасасады.

Ескерту. 471-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 04.10.2023 № 1056 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

472. Сайлау, республикалық референдум дайындау және өткізу уақытында жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне қойылған қол мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатты ұсынады. Бұл ретте бірінші қол қою құқығы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасына беріледі, екінші қол қою құқығы тиісті аппарат әкімінің бас бухгалтеріне (қаржы қызметінің басшысына) тиесілі болады.

Құжат жергілікті атқарушы органның елтаңбалы мөрінің үлгісін, аумақтық сайлау комиссиясын сайлау туралы тиісті мәслихат шешімінің (жоғары тұрған сайлау комиссиясының аумақтық сайлау комиссиясының мүшесін - оны мәслихат сайлағанға дейін шығып кеткеннің орнына аумақтық сайлау комиссиясының төрағасын тағайындау туралы шешімінің) нөмірі мен күнін көрсете отырып ресімделеді. Сайлауды, республикалық референдумды қаржыландыруға арналған шоттан және әкімдерді сайлауды қаржыландыруға арналған шоттан қаражатты жұмсауға аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының өкілеттілігі сайлауларды, республикалық референдумды, әкімдерді сайлауды дайындау және өткізу мерзіміне, қайта дауыс беру не қайта сайлау мерзіміне және олар аяқталғаннан кейін алпыс күнтізбелік күнге дейін, бірақ ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанынан кешіктірмей (егер сайлау қазанның соңғы жексенбісінде өткізілген жағдайда) белгіленеді.

Осы тармақпен қарастырылған, жергілікті орындаушы органдары қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне еңбекақы мен басқа да ақшалай төлемдер, міндетті және ерікті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық

сақтандыруға аударымдар төлеу бойынша қайтаруға жататын төлемдерді өткізу үшін уақытша қол қою белгісі мен мөртабан бедерінің үлгісін үш күнтізбелік күннен асырмайтын мерзімге тапсырады.

Ескерту. 472-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046; өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 04.10.2023 № 1056 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

473. Аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының қаражатты жұмсауға арналған өкілеттік мерзімі қаржы жылының соңына келген жағдайда, сайлау бойынша төлемдер жүргізу қазынашылық органдарымен ҚБЕО төлем жүйесінің жұмысын ұйымдастыру үшін қаржы жылы аяқталған соң жүзеге асырылады.

Ескерту. 473-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

474. Аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары ақша қаражатына билік етеді және қаржылық құжаттардың қаржы мәселелері бойынша сайлау комиссияларының шешімдеріне сәйкес келуіне жауап береді.

475. Республикалық бюджет қаражатынан мыналарға жұмсалған:

1) сайлау комиссияларын ұйымдастыруға және қызметіне:

сайлау комиссияларының босатылған мүшелерінің жалақысына;

сайлау комиссиялары мүшелерінің қосымша еңбек ақысына;

жалақыға есептеуге;

техникалық қамтамасыз етуге (компьютерлер, ұйымдастыру техникаларын сатып алуға, жабдықтарды жалға алуға және жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуге, сондай-ақ дауыс беруге арналған құрал-жабдықты сатып алуға және жасауға);

көлік шығыстарына;

бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

байланыс қызметтеріне, почта-телеграф шығыстарына;

еңбек келісімдері негізінде техникалық персонал орындайтын жұмыстарға;

полиграфиялық шығыстарға;

кеңсе және шаруашылық тауарларын, ұрандар, плакаттар, мемлекеттік рәміздер үшін материалдар сатып алуға;

сайлауларды дайындау және өткізу барысында нотариаттық қызметтер және мұрағатшы қызметтерін сатып алу;

2) үй-жайларды жалға алуға;

3) іссапар шығыстарына;

4) консультанттардың, сарапшылардың, лингвистикалық комиссия мүшелерінің, электрондық сайлау жүйесін енгізуді жүзеге асыратын мамандардың еңбегіне ақы төлеуге;

5) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабының 3-тармағына сәйкес партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа, кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлейтін сөздеріне;

6) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес кандидаттардың көпшілікке сайлау алдында іс-шаралар өткізуге және партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа, кандидаттардың үгіт материалдарын шығаруға;

7) партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа, кандидаттардың Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мөлшерде көлік шығыстарына ;

8) сайлау комиссиясы үй-жайында және дауыс беруге арналған үй-жайда орналастырылатын Президентке, Парламент және мәслихаттардың депутаттарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелеріне кандидаттар туралы, партия тізімін берген саяси партиялар туралы, сондай-ақ республикалық референдум туралы ақпараттық плакаттар дайындауға жұмсалатын шығыстар өтеледі.

Облыстық бюджет қаражатынан:

1) сайлау комиссияларын ұйымдастыруға және қызметіне:

сайлау комиссияларының босатылған мүшелерінің жалақысына;

сайлау комиссиялары мүшелерінің қосымша еңбек ақысына;

жалақыға есептеуге;

техникалық қамтамасыз етуге (компьютерлер, ұйымдастыру техникаларын сатып алуға, жабдықтарды жалға алуға және жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуге, сондай-ақ дауыс беруге арналған құрал-жабдықты сатып алуға және жасауға);

көлік шығыстарына;

бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;

байланыс қызметтеріне, почта-телеграф шығыстарына;

еңбек келісімдері негізінде техникалық персонал орындайтын жұмыстарға;

полиграфиялық шығыстарға;

кеңсе және шаруашылық тауарларын, ұрандар, плакаттар, мемлекеттік рәміздер үшін материалдар сатып алуға;

2) үй-жайларды жалға алуға;

3) іссапар шығыстарына;

4) кандидаттардың сайлау алдындағы жария іс-шараларын өткізуге және кандидаттардың үгіт баспа материалдарын шығаруға;

5) кандидаттардың көлік шығыстарына;

б) сайлау комиссиясының үй-жайы мен дауыс беру пунктінде орналастырылатын әкімдікке кандидаттар туралы ақпараттық плакаттарды дайындауға арналған шығыстар жабылады.

Ескерту. 475-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509; 30.11.2018 № 1046; 04.10.2023 № 1056 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

476. Аумақтық және округтік сайлау комиссияларының төрағаларына тұрғын үй-жайды жалға алу бойынша іссапар шығыстарын өтеу мемлекеттік мекемелердің басшылары және басшыларының орынбасарларына белгіленген мөлшерде, ал Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау бойынша сайлаушылардың бірлескен отырысына қатысатын мәслихат депутаттарына учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары мен сайлау комиссияларының мүшелеріне - мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне белгіленген мөлшерде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 476-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046 бұйрығымен.

477. Сайлауды, республикалық референдумды қаржыландыру шотынан және әкімдерді сайлауды қаржыландыру шотынан сайлаулар өткізуге қаражатты жұмсау аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының шешімі бойынша мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) аумақтық сайлау комиссияларын қаржыландыру жоспарларының шегінде ақша аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары есеп беретіндей етіп беріледі, орындалған жұмыстар және сайлау учаскелеріне сатып алынған материалдық құндылықтар үшін шығыстар төленеді. Пайдаланылмаған есеп берілетін сомалардың қалдығын сайлаулар, республикалық референдум аяқталғаннан кейін үш күн мерзімде аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша сайлауды, республикалық референдумды қаржыландыру шотына немесе әкімдерді сайлауды қаржыландыру шотына есепке алу үшін әкім аппаратының кассасына тапсырады;

2) аумақтық сайлау комиссияларының шығыстары әкімдерді сайлауды өткізу кезінде орталық сайлау комиссиясы/бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бекіткен олардың қаржыландыру жоспары шегінде аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары бекіткен, оның негізінде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу жүзеге асырылатын құжат ұсынылғаннан кейін төленеді. Аумақтық сайлау комиссиясының шығыстарына арналған қолма-қол ақшаны беру осы комиссияның төрағасының өкімі бойынша жүргізіледі. Аванстық есепті алғаннан кейін әкім аппаратының бас бухгалтері (қаржы қызметінің басшысы) растайтын, оның

негізінде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу жүзеге асырылатын құжаттардың ресімделу дұрыстығын тексереді және оларды осы комиссия төрағасының бекітуіне береді.

Есеп берілетін соманың пайдаланылмаған қалдығын аумақтық сайлау комиссиясының төрағалары сайлау, республикалық референдум аяқталғаннан кейін үш күндік мерзімде шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша сайлауды, республикалық референдумды қаржыландыру шотына немесе әкімдерді сайлауды қаржыландыру шотына есептеу үшін әкім аппаратының кассасына тапсырады.

Ескерту. 477-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 04.10.2023 № 1056 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

478. Сайлау науқандарына, оның ішінде кандидаттарға, республикалық референдумға бөлінген республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын жұмсауды бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

479. Кандидатурасын алып тастауға немесе кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жоюға байланысты және сайлау комиссиясының республикалық бюджет қаражатынан сайлау науқанын өткізуге жұмсалған шығыстар бөлігін кандидаттың, оны ұсынған мәслихаттың немесе қоғамдық бірлестіктің шотына жатқызу туралы шешімі болған кезде, егер республикалық бюджеттен шығыстар және қаражатты қалпына келтіру бір қаржы жылында жүргізілсе, соңғысы жергілікті атқарушы органдардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына сайлауларды, республикалық референдумды өткізу жөніндегі кассалық шығыстарды қалпына келтіруге қаражат аударады. Республикалық бюджеттен шығыстарды бір, ал қаражатты қалпына келтіру келесі қаржы жылында жүзеге асырылған жағдайда, бұл қаражатты кандидат "Республикалық бюджетке түсетін өзге салықтық емес түсімдер" коды бойынша республикалық бюджеттің кірісіне аударады. Бұл ретте көрсетілген шешімді: Президентті сайлау кезінде - Орталық сайлау комиссиясы, Сенат депутаттарын сайлау кезінде - аумақтық сайлау комиссиялары, Мәжіліс және Мәслихат депутаттарын сайлау кезінде округтік сайлау комиссиялары қабылдайды.

480. Президентті, партиялық тізімдер негізінде сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттарын қоспағанда, Парламент, мәслихаттар депутаттарын, әкімдерді және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауды, сондай-ақ республикалық референдумды өткізуге бөлінген бюджет қаражатын пайдалану жөніндегі бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есеп беруді жасау Бюджет кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 480-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 04.10.2023 № 1056 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстарды бөлу тәртібі

Ескерту. 2-параграф алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 19.03.2021 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану тәртібі

Ескерту. 3-параграф алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

4-параграф. Бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлу

Ескерту. 4-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

502. Белгілі бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының құрамында бекітілетін және бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінуге жататын, бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың бөлуі Бюджет кодексінің 33-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті орталық мемлекеттік органдар айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ағымдағы қаржы жылының 1 қарашасына дейін бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың бөлу тәртібін әзірлейді және оны мүдделі бюджеттік бағдарламаның әкімшілеріне және жергілікті атқарушы органдарға жолдайды.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасы Парламенті республикалық бюджетті бекіту (нақтылау) туралы заңды қабылданған күннен кейін бес жұмыс күннің ішінде бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың бөлу тәртібін бекіту туралы бұйрық жобасын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға келісу үшін жолдайды.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың бөлу тәртібі бөлінетін бюджеттік бағдарлама бекітілген бюджет құрамында бөлінетін бюджеттік бағдарлама бекітілген жағдайда ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанынан кешіктірмей немесе бөлінетін бюджеттік бағдарлама нақтыланған бюджет құрамында бекітілетін жағдайда Қазақстан

Республикасы Парламенті республикалық бюджет туралы заңды қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде бөлінетін бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бұйрығымен бекітіледі.

Осы тармақтың екінші, үшінші, төртінші бөліктерінде көзделген нормалар бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурстық құжаттамаларын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптама жүргізуді, мемлекеттік-жекешелік серіктестік жобаларын консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыруға қаражат бөлу тәртібіне қолданылмайды.

Ескерту. 502-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің - 12.12.2016 № 660; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрықтарымен.

503. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

504. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

505. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

506. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

507. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

508. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

509. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

510. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

511. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

512. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

513. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

514. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

515. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

516. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

517. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

518. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

519. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

520. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

521. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

522. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

523. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

524. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

525. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

526. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

527. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

528. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

529. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

5-параграф. Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің, оның ішінде концессия мәселелері бойынша құжаттаманың сараптамасы мен бағалауды қаржыландыру тәртібі

Ескерту. 5-параграф жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

530. Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің (бұдан әрі - МЖӘ), оның ішінде концессия мәселелері бойынша құжаттаманың сараптамасы мен бағалауды қаржыландыру деп, мыналарды:

- 1) МЖӘ жобасына бизнес-жолға сараптама жүргізуді қаржыландыру;
- 2) республикалық БИЖ ТЭН-нің экономикалық сараптамасын, оның ішінде оларды түзету кезінде;
- 3) МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобаның, конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың, ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді қамтитын МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың, конкурстық құжаттамасының сараптамасын, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде;
- 4) концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдер сараптамасын;
- 5) мемлекет кепілгерлігін алуға концессионер ұсыныстарының сараптамасын;
- 6) мемлекеттік кепілдіктерді ұсыну үшін инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын;
- 7) республикалық бюджет қаражаты есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланып отырған бюджеттік инвестициялардың экономикалық сараптамасын, оның ішінде оларды түзету кезінде;
- 8) МЖӘ жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалауды;
- 9) БИЖ-дің іске асырылуын бағалауды;
- 10) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын бағалауды;
- 11) ТЭН-ді әзірлеуді және қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыруын талап ететін БИЖ-ді бюджеттік кредиттеу сараптамасын түсіну қажет.

Ескерту. 530-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

531. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджеттік бағдарламасының қаражаттары есебінен бюджеттік инвестициялар мен МЖӘ, оның

ішінде концессия мәселелері бойынша сараптамаларды және құжаттаманы бағалауды қаржыландыру процесі келесі негізгі кезеңдерді қамтитын іс-шаралар кешенін білдіреді :

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік инвестициялар мен МЖӘ, оның ішінде концессия мәселелері бойынша құжаттамаға сараптаманы және бағалауды қаржыландыру өтінімдерін беруі;

2) сараптамаларды өткізу және бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша құжаттаманы бағалау үшін концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйымдарды, немесе сараптамаларды жүргізу және МЖӘ мәселелері бойынша құжаттаманы бағалау үшін Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығын (бұдан әрі - МЖӘ дамыту орталығы) тарту;

3) сараптамаларды қаржыландыру және бюджеттік инвестициялар мен МЖӘ, оның ішінде концессия мәселелері бойынша құжаттаманы бағалау.

532. Бюджеттік бағдарламаның әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік инвестициялар мен МЖӘ, оның ішінде концессия, мәселелері бойынша құжаттаманың сараптамасы мен бағалауын қаржыландыруға өтінімдер береді.

533. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша құжаттамаға сараптамалар мен бағалау өткізу үшін концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйымдарды немесе МЖӘ мәселелері бойынша құжаттамаға сараптамалар мен бағалау жүргізу үшін МЖӘ дамыту орталығын концессия туралы және МЖӘ саласындағы заңнамада белгіленген мерзімде тартады.

534. Бюджеттік инвестициялар мен МЖӘ, оның ішінде концессия мәселелері бойынша сараптамалар қорытындылары бойынша оң немесе теріс қорытынды шығарылады немесе пысықтауға жіберіледі, ол мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жолданады.

535. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынған құжаттамаға сараптамалар және бағалау негізінде:

бюджеттік инвестициялар мен концессия мәселелері бойынша орындалған жұмыстар актісіне концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым қол қояды ;

МЖӘ мәселелері бойынша орындалған жұмыстар актісіне МЖӘ дамыту орталығы қол қояды.

536. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мен МЖӘ дамыту орталығы, концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым арасындағы қаржыландыру және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету бюджеттік заңнамада және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен шарттар жасасу арқылы жүзеге асырылады.

6-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жобалары бойынша, оның ішінде концессиялық жобалар бойынша, инвестициялық шығындардың өтемақысын беру тәртібі

Ескерту. 6-параграф жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

537. МЖӘ жобалары, оның ішінде концессиялық жобалар бойынша инвестициялық шығындардың өтемақысы (бұдан әрі - өтемақы) - бұл МЖӘ шартына, оның ішінде концессия шартына сәйкес инвестициялық шығындарының белгілі бір көлемін өтеуге бағытталған бюджет қаражаты есебінен төленетін ақшалай төлемдер.

538. Өз қызметін өтемақы төлеу көзделген МЖӘ шарттары, оның ішінде концессия шарттар бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді қалыптастыру табиғи монополиялар саласындағы заңнамада айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

539. МЖӘ жобалары, оның ішінде концессиялық жобалар бойынша инвестициялық шығындар бұл МЖӘ объектісін, оның ішінде концессия объектісін салуға, құруға, реконструкциялауға және (немесе) жаңғыртуға арналған шығындар.

Ескерту. 539-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.05.2021 № 492 бұйрығымен.

540. Өтемақы беру туралы шешімді МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің белгіленген лимиттерін ескере отырып, тиісті бюджет комиссиясы қабылдайды.

541. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

542. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

543. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

544. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

545. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

546. Өтемақыны төлеу МЖӘ объектісі, оның ішінде концессия объектісі, пайдалануға енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады. Бір МЖӘ жобасының шеңберінде бірнеше объектілердің, не концессия объектісінің құрылысы/реконструкциясы болған жағдайда өтемақы төлеуді әрбір объектіні пайдалануға беру шамасына қарай тепе-тең жүзеге асырылады.

Ескерту. 546-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

547. Өтемақыны төлеуді Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңдарында немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихаттардың тиісті қаржы жылдарына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы шешімдерінде белгіленген сомалар шегінде мемлекеттік әріптес немесе концедентпен жүргізіледі.

548. Өтемақы төлеу МЖӘ шартында, оның ішінде концессия шартында, белгіленген тәртіпке және кестеге сәйкес және төлеуге берілетін шоттың негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 548-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 12.12.2016 № 660 бұйрығымен.

549. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

550. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

551. Өтемақыны төлеуге республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражат бөлу тиісті бюджеттік бағдарламалардың төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

552. Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде МЖӘ шарттарының, оның ішінде концессия шарттарының, талаптарын ескере отырып, мемлекеттік әріптес немесе концедент қалыптастырады.

553. Бюджеттен қаражатты төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларында белгіленген мерзімде алу үшін жекеше әріптестер немесе концессионерлер мемлекеттік әріптеске немесе концедентке бюджет қаражатын бөлуге өтінімдер ұсынады.

554. Жекеше әріптестің немесе концессионердің республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен өтемақы төлеуге өтінімдерін қанағаттандыру мемлекеттік әріптестің немесе концеденттің төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген сомалар шегінде жүзеге асырылады.

7-параграф. Экономиканың тиісті саласындағы (аясындағы) әлеуметтік инфрақұрылым және тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін ұстауға арналған шығыстар көлемінің шегіндегі концессионердің пайдалану шығындары өтемақысының тәртібі

555. Концессионердің пайдалану шығындарының өтемақысы концессия объектісін пайдалану кезеңінде концессионердің пайдалану шығындарының белгілі бір көлемін республикалық немесе жергілікті бюджеттерден өтеу болып табылады.

556. Концессионердің пайдалану шығындарына концессия шарты шеңберінде экономиканың тиісті саласындағы (аясындағы) әлеуметтік инфрақұрылым және тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін ұстауға арналған шығыстар көлемдері шегінде туындайтын концессионердің шығыстары жатады.

557. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган шығындарды өтеу көзі ретінде пайдалану шығындарының өтемақысын көздейтін концессиялық құжаттама сараптамасының оң қорытындысын ескере отырып, қорытындыны қалыптастырады және тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

558. Концессионерге пайдалану шығындарының өтемақысын беру туралы шешімді концессия міндеттемелерінің белгіленген лимиттерін ескере отырып, тиісті бюджет комиссиясы қабылдайды.

559. Пайдалану шығындарының өтемақысын төлеу концессия шартында белгіленген тәртіпке және кестеге сәйкес және төлеуге берілетін шоттың негізінде жүргізіледі.

Концессионердің пайдалану шығындарының өтемақысын төлеудің ең жоғары көлемі концессия шартында белгіленеді. Концессионер концессия шартының талаптарын, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің (орындалатын жұмыстардың) сапасын бұзған жағдайда, пайдалану шығындарының өтемақысын төлеудің нақты көлемі концессия шартында белгіленген төлемнің ең жоғарғы көлемімен салыстырғанда төмендейді.

Концессионердің концессия шартының, оның ішінде көрсетілетін қызметтер (орындалатын жұмыстар) сапасы бойынша талаптарын бұзушылықтарының болмауы немесе болуы тиісті актімен (актілермен) расталуы тиіс.

Көрсетілетін қызметтердің (орындалатын жұмыстардың) және концессионердің концессия шартының талаптарын, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің (орындалатын жұмыстардың) сапасы бойынша бұзушылықтарының болуын немесе болмауын растайтын актілерге концедент пен концессионер арасында қол қойылады.

Концессионердің концессия шартының, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің (орындалатын жұмыстардың) сапасы бойынша талаптарын бұзушылықтары болмаған жағдайда, концессионерге пайдалану шығындарының өтемақысы төлемдерінің ең жоғары көлемі төленеді.

Ескерту. 559-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 12.12.2016 № 660 бұйрығымен.

560. Концессионердің пайдалану шығындары өтемақысының жыл сайынғы мөлшері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 69-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен заттай нормаларды ескере отырып, ұқсас объектілерді пайдалануға арналған мемлекеттік бюджеттен бөлінетін жыл сайынғы төлемдерден (оның ішінде субсидиялар) аспауы тиіс. Ұқсас объектілер, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар бекіткен заттай нормалар болмаған жағдайда концессионердің пайдалану шығындары өтемақысының мөлшері жоспарлау сатысында есептеу әдісімен айқындалады.

Пайдалану шығындары өтемақысының жыл сайынғы мөлшері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 69-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен заттай нормаларды ескере отырып, ұқсас объектілерді пайдалануға арналған мемлекеттік бюджеттен жыл сайын төлемдердің (оның ішінде субсидиялар) теңбе-тең өзгерісіне индекстелуі мүмкін.

Ескерту. 560-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 12.12.2016 № 660 бұйрығымен.

561. Пайдалану шығындары өтемақысының төлемін концедент Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңдарында немесе мәслихаттардың

тиісті қаржы жылдарына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы шешімдерінде белгіленген сомалар шегінде жүргізеді.

562. Пайдалану шығындарының өтемақысын төлеуге республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражат бөлу тиісті бюджеттік бағдарламалардың төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

563. Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде концессия шартының талаптарын ескере отырып, концедент қалыптастырады.

564. Концессионердің республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен пайдалану шығындарының өтемақысына арналған өтінімдерін қанағаттандыру концедент бекіткен төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарында көзделген сомалар шегінде жүзеге асырылады.

7-1-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша операциялық шығындары өтемақысының тәртібі

Ескерту. 10-тарау 7-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

564-1. МЖӘ жобасы бойынша операциялық шығындардың өтемақысы МЖӘ шартына сәйкес МЖӘ объектісін пайдалануға байланысты жекеше әріптестің шығыстарын өтеуге бағытталған, бюджет қаражаты есебінен төленетін ақшалай төлемдер болып табылады.

564-2. Операциялық шығындарының өтемақысын төлеу МЖӘ шартында белгіленген тәртіпке және кестеге сәйкес, сондай-ақ және төлем шоты негізінде жүргізіледі.

564-3. Операциялық шығындары өтемақысының төлемін мемлекеттік әріптес Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңдарында немесе мәслихаттардың тиісті қаржы жылдарына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы шешімдерінде белгіленген сомалар шегінде жүргізеді.

564-4. Операциялық шығындарының өтемақысын төлеуге республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражат бөлу тиісті бюджеттік бағдарламалардың төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

564-5. Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде МЖӘ шартының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік әріптес қалыптастырады.

564-6. Жекеше әріптестің республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен пайдалану шығындарының өтемақысына арналған өтінімдерін қанағаттандыру мемлекеттік әріптес бекіткен төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарында көзделген сомалар шегінде жүзеге асырылады.

8-параграф. Мемлекет меншігіндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін, оның ішінде концессия объектісін, басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы төлеу тәртібі

Ескерту. 8-параграф жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

565. Мемлекет меншігіндегі МЖӘ объектісін, оның ішінде концессия объектісін, басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы (бұдан әрі - сыйақы) жекеше әріптестің немесе концессионердің, МЖӘ объектісінің, оның ішінде концессия объектісінің, техникалық және пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз етуін ескере отырып, МЖӘ жобаны, оның ішінде концессиялық жобаны, іске асырудың бүкіл мерзімі ішінде төлемдердің жалпы сомасынан айқындалған үлестермен бірыңғай төлемдер түрінде бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін жекеше әріптестің немесе концессионердің табыс алу көзі болып табылады.

566. Сыйақы төлеу МЖӘ объектісін, оның ішінде концессия объектісін, пайдалану кезеңінде мемлекет меншігіндегі объектілер бойынша жүзеге асырылады.

567. МЖӘ шартының, оның ішінде концессия шартының, талаптарына сәйкес маңыздылығы ерекше МЖӘ жобаны, оның ішінде концессиялық жобаны, іске асыру кезінде "Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7977 болып тіркелді) (бұдан әрі - № 242 Қаулы) ҚР ҰБ белгілеген ұлттық валюта бағамы айтарлықтай өзгерген жағдайда, сыйақы төлеу жекеше әріптестің немесе концессионердің қосымша табыс алу көзі ретінде де қолданылады.

568. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

569. Сыйақы беру мүмкіндігі туралы шешімді МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің, белгіленген лимиттерін ескере отырып, тиісті бюджет комиссиясы қабылдайды.

570. 567-тармақ қолданылған жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің белгіленген лимиті республикалық бюджет комиссиясының шешімі негізінде республикалық бюджетті нақтылау кезінде қайта қарауға жатады.

571. Сыйақы төлеу МЖӘ объектісін, оның ішінде концессия объектісін, пайдалану кезеңінде жүзеге асырылады.

572. Сыйақыны төлеуді Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңдарында немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихаттардың тиісті қаржы жылдарына арналған жергілікті бюджеттерді

бекіту туралы шешімдерінде белгіленген сомалар шегінде мемлекеттік әріптеспен немесе концедентпен жүргізіледі.

573. Сыйақы төлеу МЖӘ шартында, оның ішінде концессия шартында, белгіленген тәртіпке және кестеге сәйкес және төлеуге берілетін шоттың негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 573-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 12.12.2016 № 660 бұйрығымен.

574. Сыйақы төлеудің ең жоғары көлемі МЖӘ шартымен, оның ішінде концессия шартымен, белгіленеді. Егер жекеше әріптес немесе концессионер МЖӘ шартының, оның ішінде концессия шартының, талаптарын, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің (орындалатын жұмыстардың) сапасы бойынша бұзған жағдайда, сыйақы төлеудің нақты көлемі төлемнің ең жоғары көлемімен салыстырғанда төмендейді.

Өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін ұстап қалу мөлшері МЖӘ шартымен, оның ішінде концессия шартымен, айқындалады.

Жекеше әріптестің немесе концессионердің МЖӘ объектісінің, оның ішінде концессия объектісінің, техникалық және пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз етуі жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 наурызына дейін, жекеше әріптес немесе концессионер және мемлекеттік әріптес немесе концедент арасында қол қойылатын актімен расталады.

Жекеше әріптестің не концессионердің МЖӘ шартының, оның ішінде концессия шартының, талаптарын, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің (орындалатын жұмыстардың) сапасы бойынша бұзушылықтары болмаған жағдайда, жекеше әріптеске не концессионерге сыйақы төлеудің ең жоғары көлемі төленеді.

575. Сыйақы төлеуге республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражат бөлу тиісті бюджеттік бағдарламалардың төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

576. Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын МЖӘ шартының, оның ішінде концессия шартының, талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік әріптес не концедент қалыптастырады.

577. Жекеше әріптестің не концессионердің республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен сыйақы төлеуге өтінімдерін қанағаттандыру мемлекеттік әріптестің не концеденттің төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген сомалар шегінде жүзеге асырылады.

9-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісінің, оның ішінде концессия объектісінің, қолжетімділігі үшін төлемақы төлеу тәртібі

Ескерту. 9-параграф жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

578. МЖӘ объектісінің қолжетімділігі үшін төлемақы – МЖӘ объектісінің пайдаланылу және сапалық сипаттамаларын, сондай-ақ МЖӘ объектісінің жеке техникалық-экономикалық өлшемдерін негізге ала отырып, көрсетілген объектінің тұтынушыларға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МЖӘ шартына сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ақшалай төлем.

Концессия объектісінің қолжетімділігі үшін төлемақы:

1) концессионердің инвестициялық шығындарының өтемақысынан;

2) концессионердің пайдалану шығындарының өтемақысынан;

3) мемлекет меншігіндегі концессия объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақыдан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес концессионер меншігіндегі концессия объектісін пайдаланғаны үшін жалдау төлемақысынан тұрады.

Ескерту. 578-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

579. Концессиялық жобалар бойынша қолжетімділік үшін төлемақы төлеу "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабының 7-9)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органымен бекітілген критерийлері бойынша әлеуметтік маңызы бар санатқа жататын концессиялық жобаларға қатысты қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 579-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

580. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

581. Қолжетімділік үшін төлемақы төлеу мүмкіндігі туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің белгіленген лимиттерін ескере отырып, тиісті бюджет комиссиясы қабылдайды.

582. Концессиялық жобалар бойынша қолжетімділік үшін төлемақы төлеу осы Ереженің 10-тарауының 6 (инвестициялық шығындар өтемақысы), 7 (концессионердің пайдалану шығындарының өтемақысы), 8 (концессия объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы) және 10 (концессия объектісін пайдаланғаны үшін жалдау төлемақысын төлеу) параграфтарында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 582-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

582-1. МЖӘ жобалары, оның ішінде концессиялық жобалар бойынша қолжетімділігі үшін төлемақы МЖӘ шартында, оның ішінде концессия шартында белгіленген тәртіпке және кестеге сәйкес және төлеуге берілетін шоттың негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 10-тарау 582-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 12.12.2016 № 660; жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрықтарымен.

10-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін, оның ішінде концессия объектісін, пайдаланғаны үшін жалдау төлемақысын төлеу тәртібі

Ескерту. 10-параграф жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

583. МЖӘ объектісін, оның ішінде концессия объектісін пайдаланғаны үшін жалдау төлемақысын төлеу жекеше әріптестің немесе концессионердің МЖӘ объектісінің, оның ішінде концессия объектісінің, техникалық және пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз етуін ескере отырып, МЖӘ жобаны, оның ішінде концессиялық жобаны іске асырудың бүкіл мерзімі ішінде төлемдердің жалпы сомасынан белгілі бір үлестермен бірыңғай төлемдер түрінде бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін жекеше әріптестің не концессионердің табыс алу көзі болып табылады.

584. МЖӘ объектісін, оның ішінде концессия объектісін пайдаланғаны үшін жалдау төлемақысын (бұдан әрі - жалдау төлемақысы) төлеу МЖӘ объектісін, оның ішінде концессия объектісін пайдалану кезеңінде жеке меншіктегі (жекеше әріптес не концессионер меншігіндегі) объектілер бойынша ғана жүзеге асырылады.

585. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

586. Жекеше әріптеске не концессионерге жалдау төлемақысын төлеу мүмкіндігі туралы шешімді МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің белгіленген лимиттерін ескере отырып, тиісті бюджет комиссиясы қабылдайды.

587. Жалдау төлемақысын төлеу жекеше әріптес не концессионер меншігіндегі МЖӘ объектісін, оның ішінде концессия объектісін пайдалану кезеңінде жүзеге асырылады.

588. Жалдау төлемақысын төлеуді Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңдарында немесе облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана мәслихаттардың тиісті қаржы жылдарына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы шешімдерінде белгіленген сомалар шегінде мемлекеттік әріптес не концедент жүргізеді.

589. Жалдау төлемақысын төлеу МЖӘ шартында, оның ішінде концессия шартында белгіленген тәртіпке және кестеге және төлем шоттың негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 589-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 12.12.2016 № 660 бұйрығымен.

590. Жалдау төлемақысы бойынша төлемнің ең жоғары көлемі МЖӘ шартында, оның ішінде концессия шартында белгіленеді. Жекеше әріптес не концессионер МЖӘ шартының, оның ішінде концессия шартының, оның ішінде жалға берілетін үй-жай мен

көрсетілетін қызметтердің сапасы бойынша талаптарын бұзған жағдайда, жалдау төлемақысы бойынша төлемнің нақты көлемі төлемнің ең жоғары көлемімен салыстырғанда төмендейді.

Өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін ұстап қалу мөлшері МЖӘ шартында, оның ішінде концессия шартында айқындалады.

Жекеше әріптестің не концессионердің МЖӘ объектісінің, оның ішінде концессия объектісінің техникалық және пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз етуі жыл сайын жыл қорытындылары бойынша, келесі жылдың бірінші тоқсанында жекеше әріптес не концессионер және мемлекеттік әріптес не концедент арасында қол қойылатын актімен расталады.

Жекеше әріптестің не концессионердің МЖӘ шартының, оның ішінде концессия шартының талаптарын, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің (орындалатын жұмыстардың) сапасы бойынша бұзушылықтары болмаған жағдайда, жекеше әріптеске не концессионерге жалдау төлемақыларын төлеудің ең жоғары көлемі төленеді.

591. Жалдау төлемақыларын төлеуге республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражат бөлу тиісті бюджеттік бағдарламалардың төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

592. Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын МЖӘ шарттарының, оның ішінде концессия шарттарының талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде мемлекеттік әріптес не концедент қалыптастырады.

593. Жекеше әріптестің не концессионердің жалдау төлемақыларын төлеуге өтінімдерін қанағаттандыруды республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген сомалар шегінде мемлекеттік әріптес не концедент жүзеге асырады.

11-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды қоса қаржыландыру тәртібі

Ескерту. 11-параграф жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

594. МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды қоса қаржыландыру - бұл МЖӘ объектілерін, оның ішінде концессия объектілерін салу, жасау, қайта құру немесе жаңғырту үшін шығындардың белгілі бір көлемін қаржыландыру үшін бюджет қаражатын бөлу.

595. МЖӘ жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды қоса қаржыландыруды МЖӘ объектісін, оның ішінде концессия объектісін салу, жасау, қайта құру немесе жаңғырту кезеңінде тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жүзеге асырады.

596. МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды қоса қаржыландырудың жалпы көлемдерін қоса қаржыландыруды талап ететін МЖӘ жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың тізбесін ескере отырып, тиісті МЖӘ шарттарымен, оның ішінде концессия шарттарымен анықталады.

597. МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды қоса қаржыландырудың жылдық көлемдері Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңдарымен немесе облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихаттардың тиісті қаржы жылына жергілікті бюджеттерді бекіту туралы шешімдерімен анықталады.

598. МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды қоса қаржыландыруға республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражат бөлу тиісті бюджеттік бағдарламалардың төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

599. Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын МЖӘ шарттарының, оның ішінде концессия шарттарының талаптарын есепке ала отырып, бюджеттік заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі қалыптастырады.

600. Жекеше әріптестер не концессионерлер бюджеттен қаражатты төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларында белгіленген мерзімде алу үшін тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшілеріне бюджет қаражатын белуге өтінімдер мен бұрын алынған қаражаттардың игерілуі туралы есепті ұсынады.

601. Өтінімдер тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшілерінің төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес бюджеттен қаражат бөлу болжамдалып отырған ай басталғанға дейінгі 15 күннен кешіктірмейтін мерзімде ұсынылады.

602. Жекеше әріптестің не концессионердің МЖӘ жобаны, оның ішінде концессиялық жобаны, қоса қаржыландыруға өтінімдерін қанағаттандыру республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен, тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшілерінің төлемдер бойынша қаржыландырудың жылдық жоспарында көзделген сомалар шегінде жүзеге асырылады.

603. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі оның аясында МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды, қоса қаржыландыру жүзеге асырылып жатқан бюджеттік бағдарламаның тиімді, нәтижелі және мақсатқа сай іске асырылуына жауапты болады.

11-тарау. Бюджеттік кредит беру тәртібі

Ескерту. 11-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Бюджеттік кредит беру жөніндегі қаржылық рәсімдер, оның ішінде оларды беру кезінде қажетті құжаттардың тізбесі

604. Осы параграфта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Мамандандырылған ұйымдар - банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер, ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын акцияларының бақылау пакеті мемлекетке не ұлттық холдингке не Ұлттық басқару компаниясына тиесілі ұйымдар.

Бюджеттік кредит беру Қазақстан Республикасының Үкіметі аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттары тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттерді атқаруының құрамдас бөлігі болып табылады және тиісті бюджеттерден қарыз алушыларға бюджеттік кредит беру жолымен, оның ішінде түпкі қарыз алушыларға кейіннен кредит беру үшін жүзеге асырылады.

Ескерту. 604-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 06.09.2017 № 543 бұйрығымен.

605. Бюджеттік кредиттер:

ағымдағы қаржы жылына арнап бекітілген республикалық бюджетте;

жергілікті бюджеттер мәслихаттарының шешімдерімен ағымдағы қаржы жылына арнап бекітілген жергілікті бюджеттерде тиісті бюджеттік бағдарламаларда көзделген мақсаттарға және сомалар шегінде беріледі.

606. Кредиттік шарт заңнамада талап етілетін негізгі шарттарды қамтуы тиіс. Сондай-ақ кредиттік шарт бюджеттік кредитті беруге, оны пайдалануға, оған қызмет көрсетуге және өтеуге байланысты өзге де ережелерді қамтуы мүмкін.

Бюджеттік кредит бойынша негізгі борышты өтеу кредиттік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

606-1. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тиісті бюджеттер бекітілгеннен кейін Бюджет кодексінің 180-бабы 1-тармағында көзделген бюджеттік кредиттеудің негізгі шарттарын бекіту үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе тиісті жергілікті атқарушы органға жібереді.

Кредиттік шарттың жобасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган - қарыз алушыға және бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне, ал жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері - бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға хабарлама алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде келісуге жібереді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган бюджеттік кредиттеудің негізгі шарттары туралы тиісті шешімді бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі, қарыз алушы, сенім білдіруші (бар болған кезде) қол қойған кредиттік шарттың жобасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органға қол қоюға енгізеді.

Ескерту. 1-параграф 606-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2018 № 1046; жаңа редакцияда - Қаржы министрінің 28.08.2023 № 908 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

606-2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік кредиттер беру шарттары мен рәсімдерін бұзуы ӘҚБК-ге сәйкес айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. 1-параграф 606-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 27.08.2021 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

607. Кредиттік шартқа қол қойған күннен бастап 3 айдың ішінде қарыз алушы бюджеттік кредит бойынша қарыз алушының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ететін тиісті шартқа қол қоюы тиіс.

608. Кредиттік шарт ұлттық та, шетелдік валютада да жасалады. Бюджеттік кредиттер өзгермелі де, тіркелген де сыйақы ставкасымен берілуі мүмкін.

609. Бюджеттік кредит мерзімінің құрамына кіретін уақыт кезеңі жеңілдік кезеңі болып табылады, бұл кезеңде қарыз алушы кредитті өтеуді жүзеге асырмайды. Жеңілдік кезеңінің ұзақтығы кредит мерзімінің ұзақтығының үштен бірінен аспауға тиіс.

Бір жылға дейінгі мерзіммен қаржылық агенттіктерді бюджеттік кредиттеу кезінде бюджет кредиті мерзімінің соңында бюджеттік кредитті өтеуге жол беріледі.

Бюджеттік кредиттің негізгі борышын өтеу бойынша жеңілдікті кезеңнің ұзақтығы қарыз алушы мен бюджеттік бағдарлама әкімшісінің тиісті есептеулерімен расталады.

Қаржы агенттіктері үшін бюджеттік кредиттің негізгі борышын өтеу бойынша жеңілдікті кезең ұзақтығы Бюджет кодексінің 186-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 609-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

610. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына, қаржы агенттіктеріне, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияға бюджеттік кредиттер бойынша, сондай-ақ қарыз алушылар ретінде жергілікті атқарушы органдар түпкілікті қарыз алушыларға мемлекеттің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге беретін бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қоспағанда, бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі айналыс мерзімі бюджеттік кредиттің мерзіміне сәйкес келетін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган эмитенттеген тиісті мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша өткен тоқсанда бағалы қағаздардың ұйымдасқан қайталама нарығындағы операциялардың нәтижелері бойынша қалыптасқан кірістің орташа өлшенген мөлшерлемесінен төмен емес деңгейде белгіледі.

Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірістің орта мөлшерлік мөлшерлемесін анықтау тәртібі осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 610-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

611. Бюджеттік кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы есептеу тиісті шартқа қол қойылған күннен бастап бюджеттік кредит қайта құрылымдалған кезде бюджеттік кредит қаражатын кредит берушінің шотынан қарыз алушының шотына аударған күннен бастап жүзеге асырылады. Бюджеттік кредит бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асыру бірінші күнтізбелік жылдан кешіктірмей басталады. Сыйақыны есептеу бюджеттік кредит бойынша негізгі борыштың қалдығына жүзеге асырылады. Бұл ретте негізгі борыш мерзімінен бұрын өтелген жағдайда сыйақыны қайта есептеу жүзеге асырылады.

Кредиттік шартқа сәйкес Қарыз алушы бюджеттік кредит бойынша сыйақының сомасын тиісті бюджеттің кірісіне төлейді.

612. Мамандандырылған ұйым және/немесе жергілікті атқарушы органдар белгілейтін түпкілікті қарыз алушыға арналған сыйақы ставкасының мөлшері агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне берілетін, сондай-ақ ауыл тұрғындарының табысын арттыру бойынша жобаны ауқымдау шеңберінде және сенім білдірілген өкіл (агент) арқылы жастарға берілетін кредиттер бойынша сыйақы ставкасын қоспағанда, осы Ереженің 610-тармағына сәйкес белгіленген екі еселенген сыйақы ставкасынан аспауы тиіс.

Ескерту. 612-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.01.2023 № 13 бұйрығымен.

613. Егер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган эмитенттеген бағалы қағаздардың ұйымдасқан қайталама нарығындағы операциялар ағымдағы кезеңде жүргізілмеген жағдайда, сыйақы ставкасы өткен кезеңнің тиісті валютасындағы сыйақы ставкасына тең белгіленеді.

614. Жасалған кредит шарттары жасасқан күннен бастап 3 күннің ішінде:
республикалық бюджеттің қаражаты есебінен бюджеттік кредиттер бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның;
жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен бюджеттік кредиттер бойынша жергілікті атқарушы органдардың тіркеуіне жатады.

615. Жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредит беру тиісті мәслихаттардың шешімі болған кезде ғана жүзеге асырылады. Кредиттік шарт бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органның арасында жасалады.

616. Жеке тұлғаларды бюджеттік кредиттеу кезінде кредиттік шарт кредитордың тапсырмасы бойынша сенім білдірілген өкілмен (агентпен) жеке тұлға арасында жасалады.

Сенім білдірілген өкілге (агентке) тапсырманы орындағаны үшін сыйақы төлеуді, егер тапсырма шартында өзгеше көзделмесе, тиісті бюджет қаражаты есебінен бюджеттік бағдарлама әкімшісі мыналар:

төлем жүргізілетін айдың 1-күніне бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мен сенім білдірілген өкілдің (агенттің) арасындағы салыстырып тексеру актісі;

орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілерінің көшірмелері мен ұсынылған шот-фактуралар негізінде жүзеге асырады.

Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) тапсырмаларды орындағаны үшін сыйақы төлеу мөлшері тапсырма шартында белгіленеді.

Ескерту. 616-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.08.2022 № 886 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

617. Қарыз алушы қайтыс болған не оны қаза болған деп жариялаған жағдайда, мемлекеттік білім беру және студенттік кредиттер бойынша талаптарды тоқтатуды Бюджет кодексінің 196-бабының 2-тармағына сәйкес, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шешімі бойынша сенім білдірілген өкілдің (агенттің) деректері негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 617-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

617-1. Сенім білдірілген өкіл (агент) 617-тармаққа сәйкес қарыз алушы қайтыс болған не оны қаза болған деп жариялаған жағдайда, мемлекеттік білім беру және студенттік кредиттер бойынша талаптарды тоқтатқан кезде бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган мен өкіл (агент) арасында қарыз бойынша салыстыру актісі жасалады. Салыстыру акт негізінде бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органмен қарыз алушы қайтыс болған не оны қаза болған деп жариялаған жағдайда, мемлекеттік білім беру және студенттік кредиттер бойынша қарызды есептен шығару жүргізіледі. Есептен шығару қорытындысы бойынша бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган, әкімші және өкіл (агент) арасында агенттік келісімге қосымша келісім жасалады.

Ескерту. 617-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

618. Республикалық және жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен берілген бюджеттік кредит қарыз алушы негізгі борыш сомасын қайтарған және толық көлемде сыйақыны және басқа да бюджеттік кредитпен байланысты ілеспе төлемдерді төлеген кезде өтелген болып саналады.

Кредитті өтеу мерзімі басталған кезде кредит беруші қарыз алушыға кредитті өтеу мерзімі басталғаны туралы хат жібереді. Хат қарыз алушыға кредиттік шартта көрсетілген мерзімде, төлеу күніне дейін жіберіледі. Хатта төлеуге жататын сома, кредит берушінің банктік деректемелері, ББС түсімдер сыныптауышының коды көрсетіледі.

Қарыз алушы бюджеттік кредитті пайдалану мен өтеу шартын бұзған жағдайда, Кредит беруші кредиттік шартты мерзімінен бұрын бұзуды және бюджеттік кредиттің іс жүзінде ұсынылған сомасын, есептелген сыйақыны және өзге де тиесілі төлемдерді қайтаруды жүзеге асыра алады.

619. Бюджеттік кредитті мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған кезде кредит беруші немесе сенім білдірілген өкіл (агент) қарыз алушыдан кредиттік шартта белгіленген мөлшерде айыппұлды өндіре отырып, заңсыз пайдаланылған кредит сомасын өндіріп алады. Мақсатқа сай пайдаланылмаған кредит сомасына сол сияқты кредиттік шартта анықталған бюджеттік кредитті игеру кезеңінен кейін қарыз алушы пайдаланған сома жатады.

620. Кредиттік шартта анықталған бюджеттік кредитті игеру кезеңінде қарыз алушы пайдаланбаған кредит сомасы ББС-ның түсімдер сыныптамасының тиісті кодына игеру кезеңі аяқталған күннен бастап үш күннің ішінде тиісті бюджетке қайтаруға жатады. Бұл ретте, қарыз алушы кредит сомасын қайтаруды жоспарлап отырғаны туралы кредит берушіні кемінде күнтізбелік он күн бұрын хабардар етеді.

Бюджеттік кредитті игеру кезеңінде қарыз алушы пайдаланбаған сома уақтылы қайтарылмаған жағдайда кредит беруші қарыз алушыға кредиттік шартта белгіленген мөлшерде өсімпұл есептейді. Бұл ретте, өсімпұлдың ең жоғары сомасы бюджеттік кредитті игеру кезеңінде қарыз алушы пайдаланбаған сомадан аспауы тиіс.

Ескерту. 620-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.08.2018 № 783 бұйрығымен.

621. Осы Ереженің 619 және 620-тармақтарында көзделген жағдайларда кредит сомасын қайтару, кредитті мерзімінен бұрын өтеу кезінде кредитор, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі және қарыз алушы арасында кредиттік шартқа қосымша келісім жасалады. Кредит берушімен немесе оның сенім білдірілген адамымен (агентімен) келісу бойынша Негізгі борышты өтеу кестесіне тиісті өзгерістерді енгізеді.

621-1. Қосымша келісім жасасқан кезде Кредит шартының сомасы мынадай жағдайларда түзетіледі:

- 1) мақсатқа сай пайдаланылмаған бюджеттік кредитті қайтару;
- 2) бюджеттік кредиттің пайдаланылмаған бөлігін қайтару;
- 3) тиісті бюджетті тиісті нақтылау не түзету шеңберінде бөлінген бюджеттік кредиттерді қайта бөлу, ұлғайту не азайту.

Басқа жағдайларда, Қосымша келісім жасасу кезінде Кредит шартының сомасы өзгермейді.

Ескерту. 1-параграф 621-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 27.08.2021 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

622. Қарыз алушыда бюджеттік кредит бойынша берешек (мерзімі өткен берешек) пайда болған және кредиттік шарттың талаптарымен анықталған мерзім ішінде оны өтемеген кезде кредит беруші өсімпұл есептейді.

Өсімпұлдың мөлшері мерзімін өткізіп алған тоқсан күн ішінде мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының (өсу қорытындысымен) нөл бүтін оннан бір пайызынан аспауға тиіс, мерзімін өткізіп алған тоқсан күн өткеннен кейін мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының (өсу қорытындысымен) нөл бүтін жүзден үш пайызынан аспауы, бірақ кредиттік шарт қолданылатын әрбір жылға берілген бюджеттік кредит сомасының он пайызынан аспауға тиіс.

Ескерту. 622-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.08.2018 № 783 бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 27.08.2021 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

622-1. Қарыз алушыда Қазақстан Республикасында төтенше жағдай қолданылатын кезеңде бюджеттік кредит бойынша берешек (мерзімі өткен берешек) пайда болған кезде кредитордың өсімпұл есептеу мерзімі өткен берешек пайда болған күннен бастап күнтізбелік 90 күн ішінде жүзеге асырылмайды.

Ескерту. Ереже 622-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 08.04.2018 № 369 (16.03.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

623. Бюджеттік кредиттерді қайта құрылымдау Бюджет кодексінің 193-бабының 4-тармағына сәйкес тиісінше бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе әкімдіктер жанындағы консультативтік-кеңесші органның оң қорытындысы болған кезде әрбір кредиттік шарт бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе тиісті жергілікті атқарушы орган шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау кредиттік шартқа қосымша келісім жасасу арқылы ресімделеді.

Ескерту. 623-тармақ жаңа редакцияда – Қаржы министрінің 28.08.2023 № 908 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

624. Қайта құрылымдауды жүргізу үшін қарыз алушы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жүгінеді және мынадай құжаттамаларды енгізеді:

1) қарыз алушының қаржылық жағдайын және қаржылық жағдайды сауықтыру жөніндегі шараларды қамтитын бизнес-жоспар;

2) құзыретіне бизнес-жоспарда көрсетілген мәселелер кіретін мемлекеттік органның қорытындысы немесе сенім білдірілген өкілдің (агенттің) және/немесе жергілікті атқарушы органның қорытындысы.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен берілген бюджеттік кредитті қайта құрылымдау туралы шешімді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шешіміне сәйкес құрылған Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі комиссияның оң қорытындысы негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қабылдайды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган шешім жобасын жақын арада болатын республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

Осы Қағиданың 627-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылатын бюджеттік кредитті қайта құрылымдау кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шешімінің жобасына Республикалық бюджет комиссиясының қорытындысы талап етілмейді.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шешімі жобасын бекіткеннен кейін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі, қарыз алушы, сенім білдіруші (бар болған жағдайда) қол қойылған Кредиттік шартқа қосымша келісім жобасын бюджетті атқару жөніндегі орталық органға бес жұмыс күнінің ішінде қол қоюға енгізеді.

Ескерту. 624-тармақ жаңа редакцияда - Қаржы министрінің 28.08.2023 № 908 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

624-1. Мерзімі өткен берешек пайда болған жағдайда қарыз алушы кредитордың шешім қабылдау сәтінде есептелген тұрақсыздық төлемін (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шешімінде көрсетілген мерзімде төлейді.

Кредитор негізгі борышты өтеу мерзімін өзгертуді келіскен жағдайда, тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шешім қабылдау сәтіне дейін де есептеледі.

Қарыз алушыға қатысты жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану немесе оңалту рәсімін енгізу кезінде тұрақсыздық төлемін (айыппұл, өсімпұл) тоқтату не есептеу 2014 жылғы 7 наурыздағы "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 29-бабы 5 тармағының 2-тармақшасындағы сот бекіткен оңалту жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 624-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.02.2020 № 194 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

625. Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен берілген бюджеттік кредитті қайта құрылымдау туралы шешімді жергілікті атқарушы органның жанындағы

консультативтік-кеңес органының оң қорытындысы негізінде жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

626. Бюджеттік кредитті қайта құрылымдаған кезде кредит берушінің, бағдарлама әкімшісінің және қарыз алушының арасында қайта құрылымдау туралы кредиттік шартқа қосымша келісім жасалады.

627. Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау:

- 1) негізгі борышты өтеу және (немесе) сыйақыны төлеу мерзімдерін өзгерту;
- 2) бюджеттік кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін өзгерту;
- 3) бюджеттік кредиттің берілу мақсаттарына сәйкес іс-шараларды іске асыруға қарыз алушының бюджеттік кредитті пайдалана алатын игеру кезеңін өзгерту;
- 4) бюджеттік кредиттің валютасын өзгерту;
- 5) бюджеттік кредит, кредит бойынша сыйақы және өзге де төлемдер бойынша берешекті (мерзімі өткен берешекті) капиталдандыру (жиынтықтау);
- 6) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) толық және ішінара есептен шығару арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте, бюджеттік кредитті қайта құрылымдау тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген бюджеттің кіріс бөлігінің мөлшеріне әсер етпеуі тиіс.

Ескерту. 627-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

627-1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушыға қатысты оңалту рәсімін қолданған кезде оңалту жоспарында көзделген, бірақ бір реттен аспайтын қарыз алушының бюджеттік кредитін қайта құрылымдауға жол беріледі.

Ескерту. Ереже 627-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586; жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

628. Республикалық бюджет қаражатынан берілген кредиттер бойынша Үкімет талаптарын және сыртқы қарыздар есебінен тартылған қаражатты есепке алуды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады. Жергілікті бюджет қаражатынан берілген кредиттер бойынша талаптарды есепке алуды бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік кредиттерді тіркеуді, есепке алуды және мониторингін жүзеге асырады, қарыз алушылар, сенім білдірілген өкілдер (агенттер), түпкі қарыз алушылар міндетті тәртіппен берген ақпараттың

негізінде жобалардың іске асырылуын бақылайды. Ақпарат беру нысандары мен мерзімдерін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен Бюджет кодексінің 198-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 628-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

629. Бюджет кредитінің нысаналы пайдаланылуын бақылауды мемлекеттік қаржылық бақылау органы, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі, кредит беруші және/немесе сенім білдірілген өкіл (агент) жүзеге асырады.

630. Бюджеттік кредит беру кезінде қарыз алушы жеке тұлғаның мынадай құжаттарды беруі талап етіледі:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 2) салық төлеуші куәлігінің көшірмесі;
- 3) бұрын берілген бюджеттік кредиттер бойынша берешегінің (мерзімі өткен берешегінің) жоқ екендігі туралы құжат;
- 4) ұйғарылатын кепілді қамтамасыз етуге меншік құқығын және кепіл мүлкіне өзге ауыртпалықтарының жоқтығын растайтын құжат.

Ескерту. 630-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

631. Бюджеттік кредит беру кезінде қарыз алушы мамандандырылған ұйымдардың мынадай құжаттарды беруі талап етіледі:

- 1) таратып жазуды, оның ішінде дебиторлық және кредиторлық берешекті таратып жазуды қоса бере отырып, алдыңғы қаржы жылындағы және соңғы есепті кезеңдегі жағдай бойынша бухгалтерлік теңгерім;
- 2) алдыңғы қаржы жылындағы және соңғы есепті кезеңдегі жағдай бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
- 3) алдыңғы қаржы жылындағы және соңғы есепті кезеңдегі жағдай бойынша табыстар мен шығындар туралы есеп;
- 4) тәуелсіз аудитордың алдыңғы қаржы жылындағы қорытындысы;
- 5) ұйғарылатын кепілді қамтамасыз етуге меншік құқығын және кепіл мүлкіне өзге ауыртпалықтарының жоқтығын растайтын құжат;
- 6) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (бұдан әрі - Салық кодексі) 100-бабының 1-тармағына сәйкес есебі мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екені туралы мәліметтердің электрондық нысаны;
- 7) түпкілікті қарыз алушыға бюджеттік кредит беру кезінде алынатын маржа туралы құжат;
- 8) құрылтай құжаттары;
- 9) кредит саясаты туралы құжат.

Ескерту. 631-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 01.07.2019 № 663 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Қарыз алушының кредиттік қабілетінің өлшемдері

632. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының кредиторымен немесе тиісті жергілікті атқарушы органның кредиторымен кредиттік шарт жасасатын қарыз алушы банктің кредиттік қабілетінің негізгі өлшемдері:

бұрын республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен алынған кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауы;

салықтық берешектің болмауы;

конкурсты өткізу күнінің алдындағы соңғы үш айдың ішінде банк заңнамасында белгіленген пруденциялық нормативтерді сақтауы;

меншікті капиталы берілетін бюджеттік кредит пен бұрын берілген бюджеттік кредиттер бойынша негізгі борыш қалдығы сомасынан кемінде елу пайызды құрауы тиіс болатын тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінің қызметтерін жүзеге асыратын қаржы агенттіктерін, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кредит беруді, негізгі қызметі ұлттық басқарушы институттардың және ұлттық компаниялардың меншік құқығында тиесілі және сенімгерлік басқаруға берген акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару болып табылатын ұлттық басқарушы холдингін қоспағанда, меншікті капиталы берілетін бюджеттік кредит пен бұрын берілген бюджеттік кредиттер бойынша негізгі борыш қалдығы сомасынан кемінде екі есеге артық болуға тиіс;

бюджеттік кредиттерді уақтылы қайтару бойынша қамтамасыз етудің болуы; қажет болған кезде филиалдық желінің және/немесе корреспонденттік желінің болуы болып табылады.

Ескерту. 632-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 25.12.2019 № 1417 бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 27.08.2021 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

633. Жергілікті атқарушы органдардың кредиттік қабілетінің негізгі өлшемі бұрын алынған кредиттер бойынша берешектің (мерзімі өткен берешегінің) болмауы болып табылады.

Ескерту. 633-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

634. Жеке тұлғаларға бюджеттік кредит берген кезде кредиттік қабілетін сенім білдірілген өкіл (агент) анықтайды.

635. Бюджеттік кредитті алуға үміткер шетел мемлекетінің кредиттік қабілетін жетекші халықаралық рейтингтік агенттіктер берген рейтингтерге сәйкес анықталады.

636. Сол сияқты кредит беруші қарыз алушының кредиттік қабілетін анықтау үшін қосымша талаптар белгілеуі мүмкін.

3-параграф. Мамандандырылған ұйымдарды іріктеу тәртібі

637. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тиісті бюджеттерді қабылдағаннан кейін бір айдан аспайтын мерзімде мамандандырылған ұйымдарды анықтауға үміткерлерге (бұдан әрі - үміткерлер) қойылатын талаптар анықталады.

638. Осы Ереженің 637-тармағын орындағаннан кейін бағдарламаның әкімшісі 3 жұмыс күні ішінде кредит берушімен келісуге конкурстық құжаттаманы жібереді.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде конкурстық құжаттаманы келіседі және жазбаша түрде ол туралы бюджеттік бағдарламаның әкімшісін хабардар етеді.

639. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өтінім беру мерзімін көрсете отырып, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде кредиттерді алуға конкурс жариялайды.

640. Үміткерлер бюджеттік бағдарламалар әкімшілері анықтаған конкурс өткізу мерзімдерінде олардың конкурс талаптарына сәйкес келуін растайтын және бюджеттік кредиттерді алу шарттары бойынша ұсыныстарды және олардың нақты бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде түпкі қарыз алушыларға кредит беруін жүзеге асыруды қамтитын құжаттарды қоса бере отырып, конкурсқа қатысуға өтінімдер береді.

641. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері:

бюджеттік кредиттер алуға қойылатын негізгі талаптарды қоса бере отырып, үміткерлердің тиісті талаптарды сақтауы туралы ақпаратты алу мақсатында қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға;

республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен бұрын алынған бюджеттік кредиттер бойынша үміткерлердің берешегінің (мерзімі өткен берешегінің) бар-жоғы туралы ақпарат алу мақсатында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және/немесе жергілікті атқарушы органдарға сұрау салулар жібереді.

Ескерту. 641-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

642. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган 5 күннің ішінде сұрау салуларға сәйкес бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне үміткерлердің конкурсқа қатысуына қойылатын талаптарды сақтауы туралы ақпаратты жібереді.

643. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және/немесе жергілікті атқарушы органдар бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің сұрау салуларына сәйкес 5

күннің ішінде бұрын республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен алынған бюджеттік кредиттер бойынша үміткерлердің берешегінің (мерзімі өткен берешегінің) бар-жоғы туралы ақпарат жібереді.

Ескерту. 643-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

644. Конкурса қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның және/немесе жергілікті атқарушы органдардың оң қорытындысын алған үміткерлер жіберіледі.

645. Құжаттарды қарау және конкурса қатысуға жіберілген үміткерлердің қатарынан қарыз алушыларды іріктеу үшін бағдарламалардың әкімшілері конкурстық комиссия құрады.

Конкурстық комиссия бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өкілдерінен тұруы тиіс.

Конкурстық комиссия бюджеттік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ететін тиісінше кредит беру мақсатында үміткерлердің өтінімдерін қарауды жүргізеді және мыналарды:

түпкі қарыз алушыларға бюджеттік кредит берумен байланысты шығыстардың ең аз деңгейін;

қамтамасыз ету сапасын (көлемін, нысанын, өтімділігін);

несие қоржынының сапасын;

меншік капиталының көлемін;

кредит беру саласындағы жұмыс тәжірибесін негізге ала отырып, оларды іріктеуді жүзеге асырады.

646. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мамандандырылған ұйымдар мен сенім білдірілген өкілдер (агенттер), бюджеттік кредит беру шартына сәйкес іріктеуде артықшылығы жүзеге асырылатын қаржы агенттігін және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамыту жөніндегі ұйымды және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияны қоспағанда, конкурстық негізде қарыз алушыны анықтайды

Ескерту. 646-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

647. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен және конкурстық негізде анықталған мамандандырылған ұйыммен бірлесіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың кредиттер беру туралы қабылданған шешімдерінің негізінде кредиттік шарт (келісім) жасасады.

648. Бюджеттік кредит беру кезінде туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер жасасқан кредиттік шарттар (келісімдер) талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

4-параграф. Қаржы агенттіктерін республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттерді міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етпей алатын қаржы агенттіктерінің тізбесіне енгізу тәртібі мен өлшемдері

649. Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттерді міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етпей алатын қаржы агенттіктерінің тізбесіне енгізу үшін агенттік бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне мынадай құжаттарды жібереді:

- 1) тізбеге енгізуге арналған өтініш;
- 2) Жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) соңғы қаржы жылындағы қаржылық есептілік (бухгалтерлік теңгерім, табыстар мен шығындар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба);
- 4) Салық кодексінің 100-бабының 1-тармағына сәйкес есебі мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екені туралы мәліметтер.

Ескерту. 649-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 01.07.2019 № 663 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

650. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі 5 жұмыс күнінің ішінде осы Ереженің 649-тармағында көрсетілген құжаттарды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

651. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, мемлекеттің жүз пайыз қатысуы бар банктер мен ұйымдар үшін республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттерді міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етпей алатын қаржы агенттіктерінің тізбесіне енгізу өлшемдері осы Ереженің 128-қосымшасына сәйкес, өзге қаржы агенттіктері үшін осы Ереженің 129-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару және ұлттық экономиканы дамыту үшін басқару мен оңтайландыруға құрылған ұлттық басқарушы холдингтері үшін, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары үшін маусымдылыққа байланысты қаржылық тәуелсіздік коэффициенті мен ағымдағы өтімділік коэффициентінің ұсынылған мәнінен артуына жол беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген нормалар қорғаныс-өнеркәсіп кешені саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттің жүз пайыз қатысуы бар ұйымдарға қолданылмайды.

Ескерту. 651-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.12.2023 № 1344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

652. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламаның әкімшісінен осы Ереженің 649-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне осы Ереженің 128 және 129-қосымшаларына сәйкес қаржы агенттігін тізбеге енгізу туралы ұсыныс енгізеді.

5-параграф. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша кірістіліктің орта мөлшерлі ставкасын анықтау тәртібі

653. Кірістіліктің орта мөлшерлі ставкасы бағалы қағаздардың қайталама нарығында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган эмитенттеген тиісті мемлекеттік орта мерзімді индекстелмейтін бағалы қағаздармен жасалған тиісті тоқсандағы операциялардың нәтижелері бойынша анықталады.

654. Тиісті мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша жасалатын операциялардың нәтижелері бойынша "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) есепті тоқсаннан кейінгі айдың бес күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган эмитенттеген тиісті мемлекеттік орта мерзімді индекстелмейтін бағалы қағаздармен бағалы қағаздардың қайталама нарығындағы операциялардың нәтижесіндегі кірістіліктің қалыптасқан орта мөлшерлі ставкасының көлемі туралы ақпаратты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

6-параграф. Жергілікті атқарушы органнан бюджеттік кредит бойынша берешегінің (мерзімі өткен берешегінің) сомасын және/немесе мақсатқа сай пайдаланылмаған бюджеттік кредит сомасын өндіріп алу жөніндегі рәсімдер

Ескерту. 6-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

655. Жергілікті атқарушы органның мақсатқа сай пайдаланбаған бюджеттік кредит бойынша берешегінің (мерзімі өткен берешегінің) сомасын және/немесе бюджеттік кредит сомасын өндіріп алу жөніндегі іс-шараларды бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 655-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

656. Бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының соңына қарай тиісті жергілікті органның Әкіміне өтеу мерзімін көрсете отырып, мақсатқа сай пайдаланылмаған бюджеттік кредит бойынша берешекті (мерзімі өткен берешекті) өтеу және/немесе бюджеттік кредит сомасын қайтару қажеттігі туралы ескерту жібереді.

Ескерту. 656-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

657. Жергілікті атқарушы орган ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бюджеттік кредит бойынша берешек (мерзімі өткен берешек) сомасын қайтармаған жағдайда, бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган қазынашылықтың тиісті аумақтық бөлімшелеріне тиісті жергілікті атқарушы орган Әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ететін азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу және бюджеттік бағдарлама бойынша төлемдерді жүргізу жөніндегі операцияларды тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Ескерту. 657-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

658. Бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органнан нұсқау алғаннан кейін келесі жұмыс күні аумақтық қазынашылық бөлімшесі мыналар:

1) тиісті жергілікті атқарушы орган Әкімі аппаратының қызметкерлеріне төленетін жалақы және басқа да ақшалай төлемдер;

2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

3) іссапар шығыстары;

4) міндетті зейнетақы жарналары;

5) ерікті зейнетақы жарналары;

6) әлеуметтік аударымдар;

7) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар;

8) банктің көрсеткен қызметіне ақы төлеу жөніндегі операцияларды қоспағанда, тиісті жергілікті атқарушы органның Әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарлама бойынша операцияларды тоқтата тұруды жүзеге асырады.

Ескерту. 658-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

659. Егер тиісті жергілікті атқарушы орган әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарлама бойынша операцияларды жүзеге асыруды тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті орган бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен жергілікті бюджетке түзету жүргізбесе және аумақтық қазынашылық органдарына берешектің барлық сомасын өтеу бойынша төлеуге берілетін шоттарын ұсынбаса, бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган, мыналарды:

1) тиісті жергілікті атқарушы орган әкімі аппаратының қызметкерлеріне айлық жалақы және басқа да ақшалай төлемдер;

2) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары;

3) ерікті зейнетақы жарналары;

4) әлеуметтік аударымдар;

5) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар;

6) банктің көрсеткен қызметіне ақы төлеу жөніндегі операцияларды қоспағанда, тиісті жергілікті атқарушы орган әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарлама бойынша барлық операцияларды (азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу және төлемдерді жүргізуді) тоқтата тұруды жүзеге асырады.

Ескерту. 659-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

660. Тиісті жергілікті атқарушы орган Әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарлама бойынша операцияларды жаңарту берешектің (мерзімі өткен берешектің) барлық сомасын өтеу жөніндегі төлеуге шоттар ұсынылғаннан кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесі басшысының бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жазбаша өтінімі бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 660-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

7-параграф. Бюджеттік кредит бойынша берешекті (мерзімі өткен берешекті), оның ішінде мерзімінен бұрын өндіріп алу есебінен өндіріп алынған және (немесе) өтеу есебіне берілген мүлікті сату және (немесе) мемлекеттік меншікке айналдыру, сондай-ақ бюджеттік кредитті өтеу бойынша кредит берушінің талаптарын тоқтату тәртібі

Ескерту. 7-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

661. Бюджеттік кредит бойынша берешекті (мерзімі өткен берешекті) өтеу есебіне өндіріп алынған мүлік сенім білдірілген өкілдер (агенттер) және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган арқылы сатылуға жатады.

Сенім білдірілген өкілдер (агенттер) конкурстық негізде мамандандырылған ұйымдарды немесе тиісті лицензиялары бар өзге ұйымдарды тарту жолымен мүлікті ашық аукционда конкурстық негізде сатады және сатудан түскен қаражатты республикалық бюджеттің кірісіне аударады. Сенім білдірілген өкілге (агентке) тапсырманы орындағаны үшін шығыстарды төлеуді бюджеттік бағдарлама әкімшісі тиісті бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Кредит берушімен келісім бойынша бюджеттік кредитті, оның ішінде мерзімінен бұрын өтеу инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыру пайда болған қарыз алушының немесе түпкі қарыз алушының мүлігімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Мүлікті сату кезінде кредит беруші талаптарының мөлшері республикалық бюджет кірісіне түскен қаражат сомасына азаяды.

Ескерту. 661-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

662. Кейбір жағдайларда берешекті (мерзімі өткен берешекті) өтеу есебіне және (немесе) бюджеттік кредитті өтеу есебіне, оның ішінде мерзімінен бұрын берілетін өндіріп алынған мүлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік меншікке айналдыруға жатады.

Ескерту. 662-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

663. Мүлікті мемлекеттік меншікке айналдыру кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган құқық белгілейтін және өзге де меншік құқығы туындағанын растайтын (ауыртпалық салу құқығы) құжаттардың негізінде сенім білдірілген өкілмен (агентпен) және/немесе сот орындаушысымен, банкроттық басқарушымен, бюджеттік кредиттер бойынша берешекті (мерзімі өткен берешекті) өтеу есебіне мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдауды ұйғаратын қарыз алушымен және/немесе өзге де мүдделі тұлғалармен келісім жасасады.

Ескерту. 663-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.02.2020 № 194 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

664. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 663-тармағында анықталған жасасқан келісімге сәйкес мүлікті қабылдауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 664-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.02.2020 № 194 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

665. Бюджеттік кредит бойынша берешекті (мерзімі өткен берешекті) өтеу есебіне мүлікті мемлекеттік меншікке айналдыру кезінде немесе мерзімінен бұрын өтеу кезінде кредит беруші талаптарының мөлшері мүлік құнының сомасына азайтылады. Бюджеттік кредиттер бойынша берешекті (мерзімі өткен берешекті) өтеу есебіне мемлекеттік меншікке айналдырылатын мүлікті бағалау қарыз алушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 665-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.04.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

665-1. Бюджеттік кредит бойынша борышты аударуға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе тиісті жергілікті атқарушы орган шешімінің негізінде кредиттік шарт тараптарының келісімі бойынша жол беріледі.

Борышты аудару бюджеттік кредит бойынша борышты өтеу есебіне өндіріп алынған (ұсынылған) мүлікті берген кезде жүзеге асырылады.

Бюджеттік кредит бойынша борышты аудару кредитор, қарыз алушы және жаңа қарыз алушы арасында келісім жасасу арқылы ресімделеді.

Бюджеттік кредит бойынша сыйақыны есептеу бюджеттік кредит бойынша борышты аудару туралы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе

тиісті жергілікті атқарушы орган шешімі қабылданған сәттен бастап тоқтатылады. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе тиісті жергілікті атқарушы орган шешімі қабылданған сәтте бюджеттік кредит бойынша мерзімі өткен берешек болған жағдайда, өсімпұлды (айыппұлдарды) есептеу мүлікті мемлекеттік меншікке іс жүзінде қабылдағанға дейін тоқтатылмайды.

Кепілдік қамтамасыз етуден босату кредитор, қарыз алушы және жаңа қарыз алушы арасында жасалған Келісім бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 665-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.02.2020 № 194 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Қаржы министрінің 28.08.2023 № 908 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

666. Бюджеттік кредитті өтеу бойынша кредит берушінің талаптарын тоқтатуды Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 666-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509 бұйрығымен.

667. Олар бойынша талаптар кредит берушінің талап-арызы қанағаттанудан немесе ішінара қанағаттанудан бас тартылғаны туралы заң күшіне енген сот шешімдері негізінде таратылған қарыз алушылардың берешегі (мерзімі өткен берешегі), сондай-ақ берешек (мерзімі өткен берешек) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредит берушінің есептен шығаруына жатады.

Ескерту. 667-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

12-тарау. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар және мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздар

Ескерту. 12-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу тәртібі

668. Осы тарауда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Арнайы несие шоты – Банкте тек МЖӘ объектісін, оның ішінде концессия объектісін, құру үшін пайдалана алынатын инфрақұрылымдық облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты есепке алу үшін ашылған арнайы несие шотында ақша бөлігінің кезеңді төлемдері арқылы қарыз алушының міндетті жинағы;

бағдарламалық сыртқы қарыз – бағдарламалық жобаны қаржыландыруға тартылатын сыртқы үкіметтік қарыз түрі;

бағдарламалық жоба – институционалдық дамуға бағытталған, сондай-ақ республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру шеңберінде бюджеттік қолдау ретінде сыртқы қарыздар қаражаты есебінен іске асырылатын іс-шаралар жиынтығы;

банк – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет кепілдік берген қарыздарға, мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарға қызмет көрсетуге өкілеттік берілген банк немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

банк-кепілгер – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі немесе шетелдік банк. Қазақстан Республикасының кепілдік беретін екінші деңгейдегі банкін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган ұсынатын ақшалай нысанда атқаруды көздейтін банктік кепілдемелер беруге заңды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктердің атауын қамтитын тізбеден бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган анықтайды;

бизнес-жоспар – алдағы қарыз жылындағы төлемдер мен кіріс көздерінің түрлері туралы кесте қамтылатын алдағы қаржы жылына арналған қарыз алушы әзірлейтін құжат;

институционалдық жоба – саланы (аяны) институционалдық дамытуға бағытталған, бюджеттік бағдарлама әкімшісі белгілі бір уақыт кезеңі ішінде тікелей іске асыратын, аяқталған сипатқа ие және қарыз шартын жасасу жолымен мемлекеттік қарыз алу арқылы қаржыландырылатын іс-шаралар жиынтығы;

жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің жергілікті атқарушы органы;

кепілгерлік шарты – тараптардың мемлекет кепілгерлігін беру туралы құқық қатынастарын, міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілейтін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мен мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыз бойынша облигациялар ұстаушылардың өкілі арасындағы жазбаша келісім;

концессия мәселелері бойынша мамандандырылған ұйым – концессия мәселелері бойынша қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған ұйым;

қарыз алушы – негізгі борышты өтеу және сыйақыларды, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелер жүктелген қарыз қаражатын алған қарыз шартының тарабы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қарыз алушы болып бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган әрекет етеді;

мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығы – мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша алдағы төлемдерді қамтамасыз ету жүйесі – қарыз алушының бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша арнайы шарты салым шотын ашуы, сондай-ақ қарыз алушы тиесілі соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша берешекті өтеу туралы қарыз алушының бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның алдында банктің кепілдігін беруі;

мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім – бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның, сенім білдірілген өкілдің (агенттің) және қарыз алушының арасындағы мемлекеттік кепілдік беру туралы тараптардың құқықтық қатынастарын белгілейтін мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді атқарған жағдайда оқшауландырылған республикалық бюджеттің қаражатын қайтару бойынша мемлекет кепілдік берген қарыз шартына сәйкес міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі келісім;

облигациялар ұстаушылардың өкілі – бағалы қағаздардың қайталама нарығында инфрақұрылымдық облигацияларды айналдыру, облигациялар бойынша сыйақылар төлеу және оларды өтеу үстінде эмитентпен жасалған шарт негізінде қарыз берушілер мүддесінде әрекет ететін ұйым;

шартты салымның арнайы шоты (қызмет көрсету шоты) – қарыз алушының сенім білдірілген агент ашқан және тек қана мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыз бойынша алдағы төлемдерді өтеуді қамтамасыз етуге ғана арналған арнайы шартты салым шотында ақшаның бөлігін мерзімді төлеу арқылы міндетті жинақтамасы;

шартты салымның арнайы шотындағы (қызмет көрсету шоты) қаражат қарыз туралы шартқа (келісімге) сәйкес алдағы төлем күніне дейінгі отыз бес күн бұрын негізгі борыштың, есептелген пайыздардың (сыйақының), сондай-ақ өзге де төлемдердің алдағы төлемдерінің жүз пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 668-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 10.07.2020 № 666 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

669. Қабылданған макроэкономикалық көрсеткіштерге сүйене отырып, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен республиканың жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік өлшемдері, жинақталған мемлекеттік және мемлекет кепілдік

берген борыштың көлемдері мен құрылымының негізінде үкіметтік қарыз алу мен борыштың алдағы болжамды кезеңіне арналған жыл сайынғы жай-күйін бағалау және болжауды жүргізеді.

670. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 3-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу көлемдерін, нысандарын және шарттарын, ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте бекітілетін үкіметтік борышты өтеу және қызмет көрсету көлемдерін анықтайды.

Ескерту. 670-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

670-1. ҚР Үкіметінің жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қарыз алуына жол берілмейді.

Ескерту. 670-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

2-параграф. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару жолымен қарыз алуы

671. Ішкі нарықта мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі қаулысымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Несие капиталының сыртқы нарығында орналастырумен байланысты мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте, сыртқы капитал нарығында мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырғаннан кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қарыздың сәйкес келуі туралы заңды қорытынды ресімдейді.

Ескерту. 671-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

672. Халықаралық капиталдар нарықтарына мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару үшін:

1) елдің кредиттік рейтингін жаңарту, инвесторларды тарту мақсатында мемлекеттік бағалы қағаздар шығару нарығы мен әріптестерін анықтау жөнінде іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

2) осындай мәміле үшін белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттамалар дайындау жүзеге асырылады.

3-параграф. Қарыз шарттарын жасасу жолымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы

673. Қарыз шарттарын жасасу жолымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында:

- 1) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру үшін;
- 2) институционалдық жобаларды іске асыру үшін;
- 3) мемлекеттік бағдарламаның бекітілген көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында мемлекеттік бағдарламалардың іс-шараларын іске асыру үшін;
- 4) қарыз қаражатының бюджетке тікелей түсуі арқылы жүзеге асырылады.

Қаражаты бюджетке тікелей түсетін сыртқы қарыздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан сыртқы қарыз тартуды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мыналар:

- 1) бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне оң экономикалық қорытынды;
- 2) бюджеттік инвестициялық жоба үшін бекітілген техникалық-экономикалық негіздеме не институционалдық жоба үшін бекітілген қаржылық-экономикалық құжаттама;
- 3) бекітілген мемлекеттік бағдарлама;
- 4) үкіметтік сыртқы қарыз есебінен қаржыландыруға болжанатын әрбір жоба бойынша республикалық бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде жүзеге асырады.

Жоғарыда санамаланған құжаттардың көшірмелерін мүдделі мемлекеттік орган қарыз жөнінде келіссөздер жүргізгенге дейін 30 жұмыс күн бұрын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Республикалық бюджеттік комиссия шешімінде үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен қаржыландыруға болжанған жобаны қаржыландыру көздері белгіленеді.

Ескерту. 673-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 10.07.2020 № 666 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

673-1. Республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру шеңберінде бюджеттік қолдау ретінде тартылатын сыртқы қарыздар бағдарламалық құжатты әзірлеуді және республикалық бюджеттік комиссия шешімінің қабылдануын талап етпейді.

Ескерту. 673-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202 бұйрығымен.

674. Бағдарламалық сыртқы қарыздар әкімші іс-шараларды іске асыру басталатын бірінші жылдың алдындағы қаржы жылында бюджеттік өтінімнің құрамында берген және жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіндегі іс-шаралардың тізбесі мен есептеулерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сараптамаларды және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның экономикалық қорытындысын ұсына отырып, іс-шаралардың жүзеге асырылуын және тиімділігін зерделеу нәтижелерін қамтитын бағдарламалық құжатының іс-шаралары бойынша іске асырылады.

675. Бағдарламалық жобалар бюджеттік бағдарлама әкімшісі бекітетін бағдарламалық құжат негізінде іске асырылады.

Бағдарламалық құжатты бюджеттік бағдарламалар әкімшілері әзірлейді және жобаны әзірлеудің барлық кезеңіне арналған іс-шаралар мен есептер тізбесін, сондай-ақ пайдалар мен шығындардың экономикалық талдамасы негізінде жүргізілетін жобаның жүзеге асырылуын және тиімділігін зерделеу нәтижелерін қамтиды.

Бағдарламалық құжат салалық сараптамаға және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да сараптамаларға жатады.

676. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бағдарламалық құжаттың негізділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікті артады.

677. Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз шартын жасасу нысанында қарыз алу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мыналарды:

1) қаржыландыруға ұсынылған жоба, күтілетін қарыз шарттары бойынша кредит берушілермен келіссөздер ұйымдастыруды және өткізуді;

2) қарыз шарты мен ілеспе құжаттардың жобаларын дайындауды;

3) қарыз шарты жобасының бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне, институционалдық жобаның қаржылық-экономикалық құжаттамасына немесе мемлекеттік бағдарламаға сәйкестігін бағалауды қамтитын дайындықтарды жүзеге асырады.

Ескерту. 677-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 10.07.2020 № 666 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

678. Үкіметтік қарыз бойынша құжаттамаларды келісуді мүдделі мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

679. Ресімделген қарыз шартына қол қою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

680. Қарыз шарты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің ратификациялауына жатады.

681. Қол қойылған қарыз шарттары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда тіркеуге жатады.

Қарыз шартын ратификациялау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қарыздың сәйкес келуі туралы заңды қорытынды ресімдейді.

Ескерту. 681-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

682. Сыртқы үкіметтік қарыздар бойынша алынған қаражат республикалық бюджетте көрсетіледі және Қазақстан Республикасының жоспарлы жылға арналған республикалық бюджет туралы Заңына сәйкес оның атқарылу ретіне қарай пайдаланылады.

Ескерту. 682-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

683. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндетті түрде ұсынған, және кредит берушілерден алынған ақпараттар негізінде сыртқы қарыздардың қаражатын мониторинг алуды жүзеге асырады.

Ескерту. 683-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

684. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп міндетті түрде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері беретін ақпараттың негізінде және қарыз берушілерден алынатын ақпараттың негізінде үкіметтік сыртқы қарыздардың есебінен қаржыландырылатын жобалардың қаражатын пайдалану мониторингін жүзеге асырады.

Мемлекеттік сыртқы қарыздар мен республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну Бюджет кодексінің 203-бабының 3-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 684-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 10.07.2020 № 666 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыру

685. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі:

1) белгіленген штат саны шегінде жобаны іске асыруға жауапты құрылымдық бөлімшені анықтайды;

2) кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде жобаны қаржыландыру көлемін белгіленген тәртіппен жоспарлайды;

3) қарыз шартында көзделген рәсімдерге сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жолымен жобаны іске асыруды жүзеге асырады;

4) қарыз берушімен келісілген конкурстық комиссияның шешімі негізінде тауарларды, жұмыстарды және көрсететін қызметтерді сатып алуға келісім-шарттар жасасады;

5) жасасқан келісімшарттардың мониторингін, сондай-ақ сыртқы қарыз қаражатының және қазақстандық тарапының бірлесіп қаржыландырған қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен негізделген себептері мен қажетті растайтын құжаттарды ұсына отырып, қарыз шартына өзгерістер мен

толықтырулар енгізуді, оның ішінде қарыз санаттары бойынша қаражатты қайта бөлу, қарыздың қаражатына қол жеткізу және қарыз қаражатын жою мерзімін ұзартуды келіседі.

Егер қарыз шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе мемлекеттік бағдарламаға өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді талап еткен жағдайда бюджеттік бағдарлама әкімшісі бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне, бағдарламалық құжатқа немесе мемлекеттік бағдарламаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу бойынша рәсімдер өткізеді.

Техникалық-экономикалық негіздемеге немесе бағдарламалық құжатқа енгізілетін өзгерістер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісі бекітуі тиіс.

Ескерту. 685-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің м.а. 10.07.2020 № 666 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

686. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қарыз алушы ретінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

- 1) сыртқы қарыздар қаражаттарын пайдалану мониторингін жүзеге асырады;
- 2) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің сұрауы негізінде қарыз шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша, оның ішінде қарыздар санаттары бойынша қаражатты қайта бөлу, қарыз қаражатына қол жеткізу және қарыз қаражатын жою мерзімдерін ұзарту бөлігінде ұсыныстарды қарайды.

Ескерту. 686-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

5-параграф. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурстарды қарыз қаражаты есебінен өткізу

Ескерту. 12-тараудың 5-параграфының атауы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2016 № 597 бұйрығымен.

687. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша конкурстар өткізу кезінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі:

- 1) қарыз берушімен сатып алынатын тауарлардың, консультанттар үшін техникалық тапсырмалардың, сондай-ақ мердігерлер үшін техникалық құжаттамалардың техникалық ерекшеліктерін әзірлейді және келіседі;
- 2) конкурсқа қатысушылардың конкурстық ұсыныстарын бағалау үшін конкурстық комиссия құрады. Төрағаны қоса алғанда, конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемі үш адам болуы тиіс;
- 3) қарыз берушінің рәсімдерін және тәртібін басшылыққа алады;
- 4) жоба шеңберінде жасалған келісім-шарттардың орындалуын бақылайды.

688. Конкурса қатысушылардың біліктіліктеріне, сатып алынатын тауарлардың, мердігерлер үшін конкурстық құжаттамалардың, сондай-ақ атқарушы агенттердің консультанттары үшін техникалық тапсырмалардың техникалық ерекшеліктеріне қойылатын талаптарды әзірлеу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен қарыз берушінің алдын ала келісімі бойынша отандық компаниялардың қатысу мүмкіндіктері ескерілуі тиіс.

689. Белгіленетін біліктілік талаптарының дәрежесі келісім-шарттардың уақытылы және сапалы атқарылуына ешқандай қауіп төндірмеуі тиіс, өз кезегінде отандық компаниялардың конкурса қатыспай қалуына себеп болуы мүмкін негізсіз жоғары талаптардың орын алуын жою қажет.

690. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша қарыз берушінің ережелерінде отандық мердігерлерге, тауарлар өндірушілерге (берушілерге) және консультанттарға көзделген жеңілдіктер орын алған жағдайда атқарушы агент конкурстық құжаттарда көзделген жеңілдіктерді ескере отырып түскен конкурстық ұсыныстарды бағалау және салыстыру рәсімдері сипатталған тиісті баптарды көздеуі тиіс.

691. Егер, халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, үкіметтік сыртқы қарыз шеңберінде қаржыландырылатын жобаны іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының бірлесіп қаржыландыру қаражатынан тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

6-параграф. Мемлекет кепілдік берген қарыздарды алу және пайдалану тәртібі

692. Осы параграф мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың есебінен қаржыландырылуға ұсынылатын инвестициялық жобаларды (бұдан әрі - инвестициялық жобалар) іріктеу тәртібін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер (бұдан әрі - мемлекеттік кепілдіктер) беру рәсімдерін анықтайды.

693. Мемлекеттік кепілдіктер беру процесі мынадай негізгі кезеңдерді:

- 1) инвестициялық жобаларды іріктеуді;
- 2) басым бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесін қалыптастыруды, қарау мен бекітуді;
- 3) мемлекеттік кепілдікті беруді қамтитын іс-шаралар кешенінен тұрады.

694. Мемлекеттік (үкіметтік, тәуелсіз) (бұдан әрі - мемлекеттік кепілдіктер) кепілдіктер беру процесінің негізгі қатысушылары қарыз алушылар, салалық уәкілетті органдар, экономикалық жоспарлау жөніндегі, бюджетті атқару жөніндегі, еңбек жөніндегі уәкілетті орган, әділет органы, Республикалық бюджет комиссиясы, сенім білдірілген агент болып табылады.

Ескерту. 694-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

695. Қарыз алушылар:

- 1) техникалық-экономикалық негіздемені (бұдан әрі - ТЭН) және инвестициялық жобалардың бизнес-жоспарларын даярлауды жүзеге асырады;
- 2) осы Тәртіпке және мемлекеттік кепілдіктер беру процесіне қатысушылардың талаптарына сәйкес инвестициялық жобаларды қарау үшін талап етілетін құжаттамаларды ұсынуды қамтамасыз етеді.

696. Салалық уәкілетті органдар:

- 1) инвестициялық жобаларға салалық сараптама жүргізеді;
- 2) салалық сараптаманың нәтижелері бойынша тиісті қорытындыларды ұсынады.

697. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

- 1) инвестициялық жобалардың қаржылық сараптамасын жүзеге асырады;
- 2) мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздарды беру шарттары бойынша ықтимал кредиторлармен келіссөздер жүргізеді;
- 3) мемлекеттік кепілдіктер беру туралы келісім жасасады;
- 4) мемлекеттік кепілдіктер береді.

698. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

699. Еңбек жөніндегі орталық уәкілетті орган ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында инвестициялық келісім-шарттар жобаларының сараптамасын жүзеге асырады.

700. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

- 1) инвестициялық жобаларды қарау процесінде ұйымдық басшылықты қамтамасыз етеді;
- 2) инвестициялық жобалардың экономикалық қорытындысын жүзеге асырады;
- 3) мемлекет кепілдік берген қарыздарды тарту үшін несие капиталының нарықтарын (ішкі және сыртқы) айқындайды;
- 4) жоспарланып отырған мерзімге мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті бойынша ұсынысты, инвестициялық жобалардың тізімінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;
- 5) жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін мемлекеттік кепілдікпен жаңа мемлекеттік емес қарызды тартуға қорытынды береді.

Ескерту. 700-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 03.06.2019 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

701. Әділет органы мемлекеттік кепілдіктермен жасалатын қарыз шарттарына заң сараптамасын жүргізеді.

702. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

703. Республикалық бюджет комиссиясы:

- 1) жоспарланған кезеңге мемлекеттік кепілдіктер беру лимитін анықтайды;

2) инвестициялық жобалардың тізілімін анықтайды;

3) әр инвестициялық жоба үшін жоспарланған жылға мемлекеттік кепілдіктерді беру шегінде мемлекеттік кепілдік Заңына анықтайды.

704. Мемлекеттік кепілдіктер беру үстінде өз құзыретінің бөлігінде заңнамаға сәйкес инвестициялық жобаларды бағалауды (сараптаманы) жүргізуге өкілеттік берілген уәкілетті басқа мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар қатысады.

7-параграф. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес қарыздар қаражатының есебінен қаржыландыру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу

705. Мемлекеттік кепілдік алуға үміткер заңды тұлғалар мынадай құжаттарды:

ТЭН;

салалық сараптаманың және заңнамаға сәйкес қажетті басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын қоса бере отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 наурызынан кешіктірілмеген мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға өтінімді ұсынады.

Ескерту. 705-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

705-1. Жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін ішкі нарықта мемлекеттік кепілдікпен жаңа мемлекеттік емес қарызды тарту инвестициялық жобаның ТЭН-ін түзету және жаңа ТЭН әзірлеу үшін негіз болып табылмайды.

Бұрын мемлекеттік кепілдік берілген инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылған, сондай-ақ тиісті қорытындылар берілген инвестициялық жобаның ТЭН негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы беріледі.

Бұл ретте, қарыз алушы ішкі нарықта мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылғаннан кейін бір ай ішінде мемлекеттік кепілдікпен бұрын тартылған қарызды толық көлемде өтеуді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 216-бабына сәйкес бекітілетін тиісті жылдың мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізу үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы негіз болып табылады.

Ескерту. 7-параграф 705-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 03.06.2019 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2021 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

705-2. Жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін несие капиталының сыртқы нарықта

мемлекеттік кепілдікпен жаңа мемлекеттік емес қарызды тарту инвестициялық жобаның ТЭН-ін түзету және жаңа ТЭН әзірлеу үшін негіз болып табылмайды.

Бұрын мемлекеттік кепілдік берілген инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылған, сондай-ақ тиісті қорытындылар берілген инвестициялық жобаның ТЭН негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы беріледі.

Ескерту. 7-параграф 705-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 10.06.2021 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

706. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес толық емес құрамдағы құжаттармен ұсынылған өтінімдерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қарамайды.

Ескерту. 706-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

707. Осы Ереженің 705-1 және 705-2-тармақтарында көрсетілген инвестициялық жобаларды қоспағанда, осы Ереженің 705-тармағына сәйкес өтінімді ұсынғаннан кейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады және екі ай ішінде экономикалық сараптамасын әзірлейді.

Ескерту. 707-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2021 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

708. Инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасы қорғаныс мұқтаждарына, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіптік қамтамасыз етуге арналған әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің импорты кезінде инвестициялық жобаны қоспағанда - жоба ТЭН әзірлеу шеңберінде, осы Ережеде көзделген сараптамалар бойынша қорытындылар негізінде жүргізілген инвестициялық жобаны экономикалық талдауды кешенді бағалау, ол мыналарды:

жоба Мақсаттарының басым мемлекеттік инвестицияларға сәйкестігін бағалауды;
экономикалық талдауды бағалауды;

инвестициялық жоба іске асырылған жағдайда республикалық және жергілікті бюджеттерге салық түсімдерінің ағынын талдауды қамтиды.

Ескерту. 708-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 16.08.2021 № 813 бұйрығымен.

708-1. Инвестициялық жоба сараптамасының экономикалық қорытындысы қорғаныс мұқтаждарына, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіптік қамтамасыз етуге арналған әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери

мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің импорты кезінде орталық және арнаулы мемлекеттік органдардың оң салалық қорытындыларының болуын бағалауды қамтуы тиіс.

Ескерту. 708-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 16.08.2021 № 813 бұйрығымен.

709. Мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобалар бойынша ТЭН әзірлеуге немесе түзетуге және экономикалық сараптамаға талаптарды Бюджет кодексінің 217-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган анықтайды.

Мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобаларға экономикалық сараптаманы Бюджет кодексінің 217-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған заңды тұлға жүзеге асырады.

Ескерту. 709-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

710. Осы параграфта көрсетілген сараптамаларды жүргізу туралы қажетті құжаттардың тізбесін тиісті мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдар ұсынады.

Ескерту. 710-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2015 № 509 бұйрығымен.

711. Осы Ереженің 705-1 және 705-2-тармақтарында көрсетілген инвестициялық жобаларды қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобалар бойынша ТЭН экономикалық сараптаманы есепке ала отырып қарайды және олар бойынша экономикалық қорытындыны мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер заңды тұлғаларға жібереді.

Ескерту. 711-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2021 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

712. Осы Ереженің 705-1 және 705-2-тармақтарында көрсетілген инвестициялық жобаларды қоспағанда, мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер заңды тұлғалар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобалар бойынша бекітілген ТЭН-ді, ол бойынша оң экономикалық қорытындыны және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет басқа да қорытындыларды ұсынады.

Ескерту. 712-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2021 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

713. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеуді жүзеге асырады.

714. Осы Ереженің 705-1 және 705-2-тармақтарында көрсетілген инвестициялық жобаларды қоспағанда, осы Ереженің 705-тармағында көрсетілген сараптамаларға оң

қорытындылардың бары-жоғы мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне инвестициялық жобаны енгізу үшін шарт болып табылады.

Ескерту. 714-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2021 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

714-1. Осы Ереженің 705-1 және 705-2-тармақтарында көрсетілген инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы және республикалық бюджет комиссиясының шешімі тиісті жылдың мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 7-параграф 714-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 03.06.2019 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2021 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8-параграф. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға арналған инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру, қарау және бекіту

715. Республикалық бюджет комиссиясы жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде жоспарланып отырған үш жылдық кезеңге мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитін анықтайды.

716. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган экономикалық қорытындылар негізінде жобалар бойынша экономикалық қорытындыларын қоса, мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Ескерту. 716-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

717. Республикалық бюджет комиссиясы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынған инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қарау кезінде кезекті жылға арналған мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитіне енетін, бір жылға арналған инвестициялық жобалардың тізбесін айқындайды.

718. Республикалық бюджет жобасын қалыптастыру барысында мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет комиссиясының

шешімі бойынша инвестициялық жобалардың тізбесін пысықтайды және әрбір инвестициялық жоба бойынша мемлекеттік кепілдіктердің сомасын қайта қарайды.

719. Республикалық бюджет комиссиясының қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесі Бюджет кодексінің 216-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жеке шешімімен бекітіледі және жариялануға жатады.

Ескерту. 719-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

9-параграф. Мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру рәсімі

720. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялық жобалардың тізбесін бекіткеннен кейін және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен және әділет органымен келісілген қарыз шартының жобасы не облигациялар шығарылымы проспектісінің жобасы бар болған кезде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қарыз алушылармен және сенім білдірілген агентпен мемлекеттік кепілдіктер беру туралы келісім жасасады.

Ескерту. 720-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 03.06.2019 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

721. Қарыз алушылар ТЭН жобасын, салалық сараптаманың, экономикалық сараптаманың және заңнамаға сәйкес қажетті басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын ұсынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық жобаның сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады және 2 ай ішінде тиісті қорытындыны әзірлейді.

Ескерту. 721-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

721-1. Жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін мемлекеттік кепілдікпен ішкі нарықта жаңа мемлекеттік емес қарызды тарту кезінде қарыз алушы бұрын мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылған инвестициялық жобаның ТЭН-ін, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын, сондай-ақ бұрын берілген салалық сараптаманың және заңнамаға сәйкес қажетті басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын ұсынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тиісті қорытындыны әзірлейді.

Бұл ретте, қарыз алушы мемлекеттік кепілдікпен ішкі нарықта мемлекеттік емес қарыз тартылғаннан кейін бір ай ішінде мемлекеттік кепілдікпен бұрын тартылған қарызды толық көлемде өтеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 9-параграф 721-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 03.06.2019 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 10.06.2021 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

721-2. Жобаны іске асыру үшін, оның ішінде мемлекеттік кепілдік берілген бұрын тартылған мемлекеттік емес қарызды өтеу үшін мемлекеттік кепілдікпен несие капиталының сыртқы нарығында жаңа мемлекеттік емес қарызды тарту кезінде қарыз алушы бұрын мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыз тартылған инвестициялық жобаның ТЭН-ін, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын, сондай-ақ бұрын берілген салалық сараптаманың және заңнамаға сәйкес қажетті басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын ұсынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тиісті қорытындыны әзірлейді.

Ескерту. 9-параграф 721-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 10.06.2021 № 555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

722. Инвестициялық жобаның сараптамасы бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы мыналарды:

мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыздың қаржылық шарттарын ;

мемлекеттік кепілдіктерді алғаны туралы өтініш білдіргенге дейін үш жылдан кем емес кезеңде қарыз алушының қаржылық жай-күйін және заңды мәртебесін;

қарыз алушы беретін мемлекеттік кепілдіктер бойынша қамтамасыз етуді;

қаржылық және өзге де тәуекелдерді;

мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын Бюджет кодексінің талаптарына қарыз алушының сәйкестігін бағалауды қамтиды.

Ескерту. 722-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

722-1. Бюджет кодексінің 215 және 216-баптарына сәйкес ол үшін жеңілдететін шарттар көзделген қарыз алушы іске асыратын инвестициялық жобаның сараптамасы бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы мыналарды:

мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыздың қаржылық шарттарын ;

республикалық бюджеттен қаражат бөлу жолымен қарыз беруші алдында мемлекет кепілдік берген қарыздары бойынша қарыз алушы міндеттемелерін қамтамасыз ету тетігін;

мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын Бюджет кодексінің талаптарына қарыз алушының сәйкестігін бағалауды қамтиды.

Ескерту. 722-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен; жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 16.08.2021 № 813 бұйрығымен.

722-2. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бұрын мемлекеттік кепілдік берілген инвестициялық жоба бойынша қорытындысы мемлекеттік кепілдікпен тартылатын жаңа мемлекеттік емес қарызды тартудың мүмкіншіліктерін бағалауды қамтиды.

Ескерту. 9-параграф 722-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 03.06.2019 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

723. Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық операторды, автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторды және тізбесін Бюджет кодексінің 215-бабының 3-тармағына сәйкес айқындайтын, инвестициялық жобаларды іске асыру үшін астананың көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын компанияны, қорғаныс мұқтаждарына, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге арналған әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің импортын жүзеге асыру жөніндегі ұйым, және мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарызды өтеу көздерінің бірі республикалық және жергілікті бюджеттерден төлемақылар (төлемдер) болып табылатын әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобаларды және (немесе) инвестициялық бағдарламаларды іске асыру кезінде квазимемлекеттік сектордың басқа да субъектілерін қоспағанда мемлекеттік кепілдік қарыз берушіге қарыз шартын, мемлекеттік кепілдіктер беру туралы келісімді жасасқаннан, облигациялар шығарылымынан кейін, сондай-ақ бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы болған кезде қарыз алушының мемлекеттік кепілдікті бергені үшін алдын ала біржолғы төлемді (алымды) төлегенінен кейін беріледі.

Ескерту. 723-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2020 № 1094 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

724. Мемлекеттік кепілдікті беру туралы келісім мыналарды:

1) қарыз алушыға қойылатын талаптарды:

а) қарыз бойынша ағымдағы міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін қажетті алдағы төлемдер мөлшерінде шартты салымның (қызмет көрсету шотының) арнайы шотында ақша сомасын жинауды жүргізуді;

б) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға және сенім білдірілген агенттігіне бар, оның ішінде Қазақстан Республикасының ҰБ-дағы, екінші деңгейдегі банктердегі,

шетелдік банктер мен заңнамада белгіленген тәртіппен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы банктік шоттар туралы мәліметтерді ұсынуды;

в) қарыз толық өтелгенге дейін сенім білдірілген өкілге (банк-агентке) жыл сайынғы бизнес-жоспарды ұсынуды;

г) ай сайын қаржылық есептіліктің үлгілік нысанын (бухгалтерлік балансты, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепті) және қаржылық жай-күйді анықтайтын басқа да қажетті құжаттарды сенім білдірілген агенттігіне ұсынуды;

д) денсаулық сақтау саласындағы ұлттық операторды, автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторды және тізбесі осы Ереженің 723-тармағына сәйкес айқындалатын инвестициялық жобаларды іске асыру үшін астананың көліктік инфрақұрылымы объектілерін басқару функцияларын жүзеге асыратын компанияны, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерден қаржыландыруды көздейтін жобаларды, немесе Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы заңнамаға сәйкес азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру үшін ұлттық холдингтер мен олардың еншілес ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 216-бабының 3) тармақшасына сәйкес белгілейтін қарыздардың қайтарылуын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын екінші деңгейдегі банк кепілдігінің не сақтандыру шартының болуын.

Банк кепілдігі қарыз шарты қолданылатын тұтас мерзімге бір рет беріледі және негізгі борыштың сомасын, сондай-ақ қарыз шартына сәйкес қарыз алушы жүзеге асыратын сыйақылардың, комиссиялардың, тұрақсыздық айыптарының (өсімпұл, айыппұл) және өзге де төлемдердің барлық сомаларын жабады.

Сақтандыру шарты қарыз алушыны дефолтқа және мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді мемлекеттің орындауына әкеп соқтыруы мүмкін жобалар бойынша тәуекелдерді сақтандыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Бұл ретте банк кепілдігін беру және/немесе сақтандыру шартының және банк кепілдігіне және/немесе қарызды қайтаруды қамтамасыз ету жөніндегі сақтандыру шартына талаптарды беру мерзімі мен талаптарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік кепілдікті беру туралы келісімде белгілейді.

2) шартты салымның арнайы шотындағы (қызмет көрсету шотындағы) қаражаттың есебін жүзеге асыруды, сондай-ақ акт жасай отырып ұсынылатын құжаттамаларға кезең-кезеңде салыстыру жүргізуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органнан талап етуді;

3) сенім білдірілген агентке жүзеге асыру бойынша талаптар:

а) қарыз алушының қаржы-экономикалық жай-күйін талдауды және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға тиісті талдау нәтижелері туралы ақпаратты ұсынуды;

б) шартты салымның арнайы шотында (қызмет көрсету шотында) ақшаны мерзімді шоғырландыруды.

4) қарыз алушымен және сенім білдірілген өкілмен (банк-агентпен) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесе отырып келісіммен анықталатын шартты салымның арнайы шотына ақша аударудың нормасы мен кезеңділігін (кестесін) жүзеге асыру жөнінде қойылатын талаптарды қамтиды.

Ақшаны қарыз алушы шартты салымның арнайы шотына салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін келісімге сай тиісті соманы тұрақты аударым жасау жолымен аударады.

Шартты салымның арнайы шотының (қызмет көрсету шотының) қаражатын жинау мен қалпына келтіру мерзімдерін бұзған жағдайда қарыз алушы әрбір жолсыздық жағдайы үшін алдағы төлемдер сомасынан мерзімі өткен әрбір күн үшін нөл бүтін оннан бір пайыз мөлшерінде айыппұл төлейді.

Ескерту. 724-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87; өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 07.09.2020 № 827 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - 13.11.2020 № 1094 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

725. Мемлекеттік кепілдіктер алуға үміткер тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған талаптарға сай болуы тиіс.

Мемлекеттік кепілдіктер әрбір инвестициялық жоба бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары негізінде беріледі.

726. Кепілдік міндеттемелер нысанында берілген мемлекеттік кепілдіктер бір данада мемлекеттік кепілдіктердің арнайы бланкілерінде ресімделеді.

Мемлекеттік кепілдіктердің бланкісі қатаң есептілік бланкісі болып табылады.

727. Кепілдік туралы шарт нысанындағы мемлекеттік кепілдік 2 данада ресімделеді.

728. Банк кепілдігін беру және/немесе сақтандыру шартының мерзімі мен беру шарттарын және банк кепілдігіне және/немесе сақтандыру шартына қойылатын талаптарды мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыздың шарттарына байланысты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

729. Банк кепілдігінің және сақтандыру шартының нысаны мен мазмұнын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша банк-кепілгер және/немесе сақтандыру ұйымы Бюджет кодексінің 218-бабына сәйкес анықталады.

Ескерту. 729-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2015 № 586 бұйрығымен.

730. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджет кодексінің 218-бабына сәйкес қарыз берушімен және әділет органымен келісім бойынша мемлекеттік кепілдіктің мазмұны мен нысанын анықтайды.

Ескерту. 730-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

731. Мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар қарыз алушылардың міндеттемелерін қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында реттеледі.

732. Қарыз берушінің талабы бойынша әділет органы Қазақстан Республикасының кепілдігімен жасалатын қарыз шарттарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кепілдігімен облигациялар шығарылымының заңды қорытындысын ұсынады.

Ескерту. 732-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 03.06.2019 № 533 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-параграф. Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу тәртібі

733. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер алу және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің тапшылығын қаржыландыруға ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының шығаруы түрінде мемлекеттік бағдарламаларды, саланы (аяны) дамыту тұжырымдамаларын, ұлттық жобаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу объектілерінде тұрғын үй және (немесе) пәтерлер салуды және (немесе) алуды, сатып алуды қаржыландыру үшін, сондай-ақ кәріздік тазарту құрылысжайларын салу мен реконструкциялауды қаржыландыру үшін, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі жекелеген іс-шараларды белгіленген тәртіппен қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы түрінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарыз алуы "Астана" Халықаралық қаржы орталығының алаңында айналыс үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздар шығару жолымен, сондай-ақ орнықты даму мақсатын іске асыру шеңберінде "жасыл" жобаларды қаржыландыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарымен қарыз шартын жасасу жолымен жергілікті атқарушы орган борышының белгіленген лимиті шегінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 733-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының м.а. - Қаржы министрінің м.а. 20.03.2023 № 285 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 286 (08.06.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

734. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

- 1) кезекті қаржы жылына арналған борыш лимитінің және тиісті жергілікті органның борышын өтеуге және қызмет көрсетуге жіберілетін жергілікті бюджет қаражаты көлемінің шегінде қарыз алуды шектеуді белгілеу;
- 2) қарыз алудың басым инвестициялық бағыттарын анықтау;
- 3) басым (республикалық немесе жергілікті) бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

735. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы жергілікті атқарушы органның борыш лимитін және басым (республикалық және жергілікті) бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін ескере отырып, тиісті бюджет комиссиясының қарауына ішкі нарықта айналысы үшін мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жолымен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қарыз алуы жөніндегі ұсыныстарын жібереді, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларды, саланы (аяны), ұлттық жобаларды дамыту тұжырымдамаларын іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу объектілерінде тұрғын үй және (немесе) пәтерлер салуды және (немесе) алуды, сатып алуды қаржыландыру үшін, сондай-ақ кәріздік тазарту құрылысжайларын салу мен реконструкциялауды қаржыландыру, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі жекелеген іс-шараларды белгіленген тәртіппен қаржыландыру, орнықты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде "жасыл" жобаларды қаржыландыру үшін "Астана" Халықаралық қаржы орталығының алаңында сыртқы нарықта айналысқа түсетін мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару үшін және белгіленген тәртіппен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кезекті қаржы жылына арналған бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын жасайды.

Ескерту. 735-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 13.05.2024 № 286 (08.06.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

736. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы қарыз шарты, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ішкі нарықта айналысы үшін мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару нысанында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарыз алуы "

Астана" Халықаралық қаржы орталығының алаңында айналыс үшін ұлттық валютада мемлекеттік бағалы қағаздар шығару, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарымен ұлттық валютада қарыз шарты нысанында жүзеге асырылады.

Ескерту. 736-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының м.а. - Қаржы министрінің м.а. 20.03.2023 № 285 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

737. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Бюджет кодексінің 210-бабы 2-тармағына сәйкес жоспарланған жылға арналған жергілікті атқарушы органдардың борыш лимитін белгілейді.

Ескерту. 737-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 06.06.2016 № 248 бұйрығымен.

738. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 06.06.2016 № 248 бұйрығымен.

739. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 06.06.2016 № 248 бұйрығымен.

740. Бюджет комиссиясының шешімі және бекітілген жергілікті бюджеттер тапшылығы өлшемдерінің негізінде, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының және Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздарын Бюджет кодексінің 209-бабына сәйкес шығару үшін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Бюджет кодексінің 211-бабына сәйкес қарыз алу көлемі, шарттары мен нысаналық мақсаты, сондай-ақ кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілетін борышты өтеу мен оған қызмет көрсету мөлшерін айқындайды және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келіседі.

Ескерту. 740-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының м.а. - Қаржы министрінің м.а. 20.03.2023 № 285 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

741. Ресімделген қарыз шартына қол қою Бюджет кодексінің 187-бабына сай қабылданатын қарыз берушінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

742. Қол қойылған қарыз шарттары өтеу, сыйақыларды төлеу кестесімен және басқа да қосымшалармен бірге бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тіркеуіне жатады. Бұл ретте қарыз алу шарты тіркелгеннен кейін ғана күшіне енеді.

743. Жергілікті атқарушы органдар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға кредит қаражаты бойынша борыштарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі есепті осы Ереженің 130, 131-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне дейін табыс етеді.

10-1-параграф Қарыз шартын жасасу жолымен "жасыл" жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарыз алуы.

Ескерту. 12-бөлім 10-1-параграфпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының м.а. - Қаржы министрінің м.а. 20.03.2023 № 285 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

743-1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының орнықты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде "жасыл" жобаларды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының сыртқы қарызды тартуы мынадай:

1) бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе қаржылық-экономикалық негіздемесіне оң экономикалық қорытынды;

2) жергілікті бюджеттік инвестициялық жоба үшін бекітілген техникалық-экономикалық негіздеме немесе қаржы-экономикалық негіздеме;

3) халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз есебінен қаржыландыруға болжанатын әрбір "жасыл" жоба бойынша бюджеттік комиссияның оң шешімі;

Бюджеттік комиссияның шешімінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы қарызының шарттары, көлемі және нысаналы мақсаты белгіленеді.

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар Республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы қарызының шарттары, көлемі және нысаналы мақсаты туралы мәслихат шешімдері негізде жүзеге асырылады.

743-2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы қарыз шартын жасасу нысанында қарыз алған кезде жергілікті атқарушы орган мыналарды:

1) қаржыландыруға ұсынылатын жоба, қарыздың болжамды шарттары бойынша қарыз берушілермен келіссөздерді ұйымдастыру мен жүргізуді;

2) қарыз шартының жобасын және ілеспе құжаттарды дайындауды;

3) қарыз шартының жобасының техникалық-экономикалық негіздемеге немесе бюджеттік инвестициялық жобаның қаржы-экономикалық негіздемесіне сәйкестігін бағалауды қамтитын даярлауды жүзеге асырады;

743-3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы растайтын құжаттаманы қоса бере отырып, қарыз шартының жобасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға келісуге және қарауға жібереді.

743-4. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының сыртқы мемлекеттік қарыздарының талаптары, көлемі және нысаналы мақсаты тұрғысынан қарыз шартының жобасын қарайды.

830. Несие шоты - қарыз беруші-бейрезидентте ашылған ағымдағы шот, онда тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушіге, сондай-ақ арнайы шотты толықтыруға тікелей төлемдер жүзеге асырылатын үкіметтік сыртқы қарыз немесе грант сомасы орналастырылады.

831. Қазақстан Республикасы Үкіметінің одан әрі қарыз алуын көздемейтін бірлесіп қаржыландырумен байланысты гранттарды қоспағанда, және грант туралы шартта өзгеше айтылмаған болса, үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар есебінен қаржылық операциялар бюджеттік бағдарлама әкімшісі қаражатты алуға арналған өтінімдердің негізінде шетел қарыз берушісінің немесе донордың атына жіберілетін нысан бойынша және қарыз шартына немесе байланысты грант туралы шартқа сәйкес, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады. Бұл ретте, үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар қаражатын бюджеттік бағдарлама әкімшісі тиісті қарыз немесе байланысты грант туралы шартта көзделмеген мақсаттарға ала алмайды.

832. Несие шотынан қаражатты алуға арналған өтінімдерге 2 қойылатын қолдар тобы бұрыштама соғады, онда қойылатын қолдың бірінші тобы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға қойылған қолдың екінші тобы бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне бекітілген. Бұл ретте, қойылған қолдың бірінші тобы мәртебесіне ие болу бюджеттік бағдарламалар шеңберінде үкіметтік сыртқы қарыз қаражатын немесе байланысты грантты пайдалануды реттеумен және олардың мақсатты пайдаланылуын бақылаумен, екінші қойылатын қолдар тобы иегерлерінің мәртебесі - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың мақсатты пайдаланылуына, сондай-ақ төлемді алушы - ақшаны алушы деректемелерің дұрыстығына және растығына толық жауапкершілікпен анықталады.

833. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған шоттан сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотынан үкіметтік сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың қаражатын алуға арналған өтінімде бірінші топтың қолын алу және бірлесіп қаржыландыру үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қаражат алуға арналған өтініммен бірге бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мыналарды:

осы Ереженің 136-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сыртқы қарыз шотынан қаражат алуға арналған өтінім бойынша төлемнің мақсатын, не сыртқы қарыз/

байланысты грант шотынан қаражатты немесе қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінімдер тізілімін көрсете отырып, ілеспе хатты;

Бірлесіп қаржыландыру бойынша қаржылық операциялар жүргізген кезде аумақтың қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт және келісімді тіркеу туралы хабарлама;

қарыз алу шарты немесе байланысты грант туралы келісімнің шеңберінде жасасқан келісімшарттарға төлемдер жүргізілген жағдайда осы келісімшарттарға сәйкес төлем жүргізілетін құжаттардың (орындалған жұмыстардың сертификаттары және/немесе сол немесе өзге қызметтердің берілгені туралы инвойстар, оның ішінде келісімшарттың талаптарында бұл көзделген жағдайларда, банктік кепілдіктердің көшірмелері) көшірмелері, олар бойынша бастапқы төлемдер жүргізу кезінде, одан кейінгі кез келген өзгерістер мен толықтырулары бар көшірмелерін қоса алғанда, осы келісімшарттардың көшірмелері, сондай-ақ егер, бұл қарыз алу шарты және байланысты грант туралы келісім бойынша рәсімдермен көзделген болса, келісімшарттар жасасуға арналған шетелдік қарыз берушінің ресми мақұлдамалар көшірмелерін;

келісімшарт жасалмай жүргізілетін шығыстар бойынша біржолғы төлемдер жасалған жағдайда бастапқы құжаттардың көшірмесін (шот-фактураларды, жөнелтпе құжаттарды, кіріс кассалық ордерлерді, түбіртектерді, қолхаттарды және өзге де құжаттарды);

үкіметтік сыртқы қарыздарды және байланысты гранттарды бірлесіп қаржыландыру жөніндегі қаржылық операцияларды қоспағанда, қарыз шарты бойынша немесе байланысты грант туралы келісім бойынша қабылданған қаржы рәсімдеріне сәйкес шетел қарыз берушісіне немесе донорға ұсынуға қажет құжаттардың көшірмесін;

мемлекеттік бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыруға бағытталған үкіметтік сыртқы қарыз қаражатын несие шотынан алу бойынша қаржы операцияларын жүргізу кезінде (аванстық төлемді қоспағанда) қарыз шартымен анықталған көрсеткіштеріне қол жеткізуді растайтын қарыз шартымен көзделген уәкілетті органның (ұйымның) оң қорытындысын;

бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның сұрау салуы бойынша есеп беретін сомалар жөнінде қосымша ақпаратты, оның ішінде келісімшарттардың, жұмыс көлемі ведомостарының, инвойстердің, сертификаттардың электрондық нұсқасын;

тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурстық комиссияның шешімін ұсынады.

Ескерту. 833-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 10.07.2020 № 666 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

834. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде шоттан үкіметтік сыртқы қарыз қаражатын немесе байланысты грантты алуға арналған өтінімнің үкіметтік сыртқы қарыздар және байланысты гранттар шеңберінде жасасқан келісімшарттарға және қарыз шартының талаптарына немесе байланысты гранттар

туралы келісімге сәйкестігін тексереді, қол қояды және оны шетелдік қарыз берушіге немесе донорға беру үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне қайтарады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының соңғы айында үкіметтік сыртқы қарыз қаражаттарын немесе байланысты грантты алуға арналған өтінімдерді ағымдағы қаржы жылының 15 желтоқсанына дейін қабылдайды.

835. Осы Ереженің 831-833-тармақтарына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қарау үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ұсынған несие шотынан, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған арнайы шоттан және бірлесіп қаржыландыру шотынан қаражат алуға арналған өтінімді мынадай жағдайда:

егер жүргізілетін қаржы операциясы қарыз шартының немесе байланысты грант туралы келісімнің талаптарына немесе қарыз шартының немесе байланысты грант туралы келісімнің шеңберінде жасалған келісім-шартқа қайшы келген;

республикалық немесе жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісін қаржыландыру жоспарында көзделген жоспарлы тағайындаулар жоқ немесе жеткіліксіз болған;

бюджеттік бағдарлама әкімшісі Қазақстан Республикасының заңнамасында, қарыз шартында немесе байланысты грант туралы келісімде көзделген тиісті ережелер мен рәсімдерді бұзған;

жүргізілетін қаржы операциялары бойынша құжаттарда сәйкессіздік және қателік орын алған жағдайда оларды бюджеттік бағдарлама әкімшісі жойғанға дейін қабылдамауы мүмкін.

836. Үкіметтік сыртқы қарыздар қаражатын немесе байланысты гранттарды несие шотынан алу бюджетті атқару кезінде мынадай түрде:

Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы түсімдерінің бюджеттік сыныптамасына сәйкес түсімдер ретінде сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына аударған кезде;

ҚР ББС кірістер сыныптамасына сәйкес түсімдер мен шығыстар (бір мезгілде) ретінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) тікелей берушілерге аударған кезде ескеріледі.

Осы Ережеде көзделген сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шотына қаражат аудару шетел қарыз берушілерінің немесе Қазақстан Республикасы Үкіметіне қарыз қаражатын немесе байланысты грантты беретін донорлар қарыз немесе байланысты грант туралы шарт талаптарына сәйкес шоттардан қаражат алуға бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінің өтінімі негізінде жүргізіледі.

837. Сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына осы шоттан бұрын жүргізілген шығыс операциялары бойынша қаражатты қайтару жағдайларын қоспағанда, қарыз немесе байланысты грант туралы шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген шотты толықтыруға арналған үкіметтік сыртқы қарыз қаражаттарынан немесе байланысты гранттан басқа өзге де қаражаттар есепке алынбайды.

838. Сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарынан жобаларды іске асыруға байланысты бюджеттік бағдарламалар ұлттық немесе шетел валюталарында қаржыландырылады.

839. Сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына арналған шоттарға тек сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотынан айырбасталған қаражат есепке жазылады.

Ескерту. 839-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.03.2015 № 202 бұйрығымен.

840. Екінші деңгейдегі банк пен бюджеттік бағдарлама әкімшісі арасында жасалған шартқа сәйкес екінші деңгейдегі банк есептейтін сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шотындағы немесе сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шотының шотындағы қалдыққа есептелген сыйақылар, сондай-ақ екінші деңгейдегі банк төлейтін өсімақылар түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша республикалық бюджетке есептеуге жатады.

841. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерімен сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шоттарын ашуға шарттар жасасқан кезде мынадай тармақтарды:

бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның қарыз немесе байланысты грант туралы халықаралық шарттарына сәйкес ашылған сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шотындағы қаражаттың қозғалысы туралы үзінді көшірмелерді алу құқығын;

банктің төлем күніне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша арнайы шоттан төлемдер жүргізу міндеттемесін көздеуі қажет.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелердің екінші деңгейдегі банктердегі шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

842. Үкіметтік қарыздарды және байланысты гранттарды бірлесіп қаржыландыру қаражатын жұмсау бюджеттік бағдарлама әкімшісі/мемлекеттік мекеме төлеуге берілген шоттың және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынылатын осы Ереженің 98-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінімнің негізінде жүргізіледі. Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған қағаз жеткізгіштегі өтінім екі қойылған қол тобымен куәландырылады, онда бірінші топқа бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, ал екінші топқа – мөр бедері бар жобаны іске асыруға жауапты бюджеттік бағдарламаның әкімшісі/мемлекеттік мекеме қол қояды. Қол қойылатын кезде жарыққа төзімді сия пайдаланылады, ұшып кететін сиялар құйылған фломастермен және автоқаламмен қол қоюға және қолды факсимильді көшіру құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

Елтаңбалы мөрді қойған кезде ("Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі" ММ қоспағанда), қызыл, қара және жасыл түсті мастиканы пайдалануға тыйым салынады, кескін дәл және анық болуы тиіс.

Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға өтінімді он жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылына және келісілу рәсімінен кейін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелерін қабылдауға жоспарлы тағайындаулардың келісімшарттар талаптарына сәйкестігін қарайды, қол қояды ("Қазынашылық-клиент" АЖ келіседі) және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсыну үшін оны бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне/мемлекеттік мекемеге қайтарып береді.

Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға қағаз жеткізгіште өтінімді келісу рәсімі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының қолымен және жауапты орындаушы мөртабанының бедерімен расталады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ пайдалану кезінде мемлекеттік мекеме басшысы және бас бухгалтер қол қойған ЭЦҚ, 833-тармақта санамаланған құжаттардың түпнұсқасынан сканерленген түрін тіркеп, осы Ереженің 98-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қоса қаржыландыру қаражатын алуға өтінімнің электрондық түрі қалыптасады, өтінімнің растамасы бюджетті атқару жөніндегі органның уәкілетті органының уәкілетті тұлғасының келісімі болып табылады.

Үкіметтік қарыздарды және байланысты гранттарды бірлесіп қаржыландыру қаражатын шетел валютасында жұмсауды бюджеттік бағдарламаның әкімшісі/мемлекеттік мекеме осы Ереженің 98-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынатын ақшаны шетел валютасында аударуға өтініштің және бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінімнің негізінде жүргізеді.

Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінім бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісуден кейінгі күнтізбелік он бес күн ішінде жарамды болады.

Ескерту. 842-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 11.11.2016 № 597 бұйрығымен.

843. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған Үкіметтік сыртқы қарыздың немесе байланысты грант қаражатын жұмсау үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісі/мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне шетел валютасында ақша аударуға арналған өтінішті және осы Ереженің 133-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотынан үкіметтік сыртқы қарыз немесе байланысты грант қаражатын алуға арналған өтінімді ұсынады.

Сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шотынан үкіметтік сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың қаражатын алуға арналған өтінім қойылған қолдардың екі тобымен куәландырылады ("Қазынашылық-клиент" АЖ келіседі), онда

бірінші топқа бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, ал екінші топқа - жобаны іске асыруға жауапты бюджеттік бағдарламаның әкімшісі/мемлекеттік мекеме қол қояды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шотынан үкіметтік сыртқы қарыз немесе байланысты грант қаражатын алуға арналған өтінімді бес жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шарттар мен келісімшарттардың талаптарына сәйкестігін қарайды және келісілу рәсімінен кейін қол қояды және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсыну үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне/мемлекеттік мекемеге қайтарып береді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шотынан үкіметтік сыртқы қарыз немесе байланысты грант қаражатын алуға қағаз жеткізгіште өтінімді келісу рәсімі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының қолымен және жауапты орындаушы мөртабанының бедерімен расталады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ пайдалану кезінде мемлекеттік мекеме басшысы және бас бухгалтер қол қойған ЭЦҚ, 833-тармақта санамаланған құжаттардың түпнұсқасынан сканерленген түрін тіркеп, осы Ереженің 98-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотынан үкіметтік сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың қаражатын алуға арналған өтінімнің электрондық түрі қалыптасады, өтінімнің растамасы бюджетті атқару жөніндегі органның уәкілетті органының уәкілетті тұлғасының келісімі болып табылады.

Ескерту. 843-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

844. Ұлттық валютада сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың қаражатын жұмсау қажет болған жағдайда, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне сыртқы қарыздың немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған байланысты гранттың арнайы шотынан сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шотына шетелдік валютаны қайта айырбастауға арналған өтінімді сағат 10-00-ге дейін береді. Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың қаражатын жұмсау қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне бюджеттік бағдарлама әкімшісі беретін сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотынан үкіметтік сыртқы қарыз немесе байланысты грант қаражатын алуға төлеуге берілетін шоттың және өтінімнің негізінде жүзеге асырылады.

Сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың қаражатын, қарыз немесе байланысты грант валютасынан өзгеше шетелдік валютада жұмсау қажет болған

жағдайда бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өтінімімен бірге қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне сағат 10-00-ге дейін сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан шетелдік валютаны қайта айырбастауға өтінімді береді. Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан қарыз немесе байланысты грант валютасынан өзгеше шетелдік валютадағы сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына ашылған шотқа шетелдік валютаны айырбастауға төлеуге берілетін шот пен өтінім бір мезгілде ұсынылады.

Сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына арналған шоттан сыртқы қарыз немесе байланысты грант қаражатын жұмсау шетел валютасындағы ақшаны аударуға арналған өтініш және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ұсынатын сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шотынан үкіметтік сыртқы қарыз немесе байланысты грант қаражатын алу өтінімі негізінде жүзеге асырылады.

845. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шотында (сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шотындағы шотта) ашылған сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шотынан қайта айырбасталған ұлттық (шетел) валютасындағы ақшаларды бюджеттік бағдарлама әкімшісі мақсаттылығы бойынша бес жұмыс күні ішінде пайдалануы тиіс.

Көрсетілген мерзім ішінде ұлттық (шетел) валютасындағы ақшаны пайдаланбаған не түгел пайдаланбаған жағдайда, бюджеттік бағдарлама әкімшісі ұлттық (шетел) валютасындағы қайта айырбасталған (айырбасталған) сыртқы қарыз немесе байланысты гранттың арнайы шотындағы шетел валютасындағы соманы кейіннен қалпына келтіре отырып, оларды айырбастау үшін құжаттарды аумақтық қазынашылық бөлімшесіне береді.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі осы тармақта көрсетілген құжаттардың уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

19-параграф. Мемлекет кепілгерлігімен қарыздар алу және оларды пайдалану, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтару тәртібі

846. Мемлекет кепілгерлігін алудың және пайдаланудың осы параграф (бұдан әрі - параграф) мемлекеттік емес қарыздар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет кепілгерлігін беру рәсімін (бұдан әрі - мемлекет кепілгерлігі) анықтайды.

847. Мемлекет кепілгерлігін беру процесі мынадай негізгі кезеңдерінен тұратын іс-шаралар кешенін қамтиды:

МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды іріктеу;

МЖӘ жобалары, оның ішінде концессиялық жобалардың тізбесін қалыптастыру, қарау және бекіту;

мемлекет кепілгерлігін беру.

Ескерту. 847-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

848. Мемлекет кепілгерлігін беру процесінің негізгі қатысушылары қарыз алушылар, салалық уәкілетті органдар, экономикалық жоспарлау жөніндегі, бюджетті атқару, қоршаған ортаны қорғау, Республикалық бюджет комиссиясы, Банк, МЖӘ дамыту орталығы, концессиясы мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым немесе қарыз беруші болып табылады.

Ескерту. 848-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

849. Қарыз алушылар:

1) ТЭН және облигацияларды шығару проспектісінің жобасын конкурстық өтінімдер құрамында дайындауды жүзеге асырады;

2) осы Ережеге және мемлекет кепілгерлігін беру процесіне қатысушылардың талаптарына сәйкес МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды, қарау үшін талап етілетін құжаттама беруді қамтамасыз етеді;

3) жыл сайын қарыз берушіге және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға алдыңғы сақтандыру шартының мерзімі өткенге дейін кемінде бір ай қалғанда сақтандыру шартын береді;

4) МЖӘ шартың, оның ішінде концессия шартын жасасады;

5) облигацияларды ұстаушылардың өкілімен облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарт жасасады.

Ескерту. 849-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

850. Салалық уәкілетті органдар:

1) ТЭН дайындауды жүзеге асырады;

2) МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың салалық сараптамасын жүргізеді;

3) салалық сараптама нәтижелері бойынша тиісті қорытынды береді;

4) мемлекет кепілгерлігін, инфрақұрылымдық облигациялар шығару проспектісінің жобасын, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның концессиялық өтінімі сараптамасының оң қорытындысын алуға үміткер әлеуетті жекеше әріптес немесе концессионер конкурсқа ұсынған МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның ТЭН және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті сараптамалардың басқа да қорытындыларын қамтитын құжаттаманы жібереді;

5) МЖӘ шартың, оның ішінде концессия шартын жасасады.

Ескерту. 850-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

851. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың қаржылық сараптамасын жүзеге асырады;

2) кепілгерлік шартын жасайды;

3) мемлекет кепілгерліктерін ұсынады.

Ескерту. 851-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

852. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық уәкілетті орган жоспарланған қызметті іске асыруға, оларды іске асыру туралы шешім қабылдау алдындағы кезеңдегі жоспарланған қызметтің экологиялық талаптарына сәйкестігін бағалауға байланысты ықтимал теріс салдарлардың алдын алу және өндіргіш күштерді орналастыру және дамыту салдарынан экологиялық жағдайдың болжамданған өзгеруін сараптамалық қамтамасыз ету мақсатында МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүзеге асырады.

Ескерту. 852-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

853. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

бюджеттік инвестициялар мен концессия сауалдары бойынша құжаттамаға сараптама және бағалау жүргізу үшін концессия мәселелері бойынша мамандандырылған ұйымды, немесе МЖӘ мәселелері бойынша құжаттамаларға сараптама және бағалау жүргізу үшін МЖӘ-ні дамыту орталығын тартады;

МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның, конкурстық құжаттамасын және МЖӘ шартын, оның ішінде концессия шартын келіседі;

жоспарланған кезеңге мемлекет лимитін беру немесе кепілгерлігінің лимит көлемінің ұлғаюы бойынша ұсынысты, кезекті қаржы жылының лимиті шегінде олар бойынша мемлекет кепілгерлігі лимитінің берілуі немесе көлемінің ұлғаюы мүмкін МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың тізбесінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Ескерту. 853-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

854. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі:

1) қарыз берушілер алдында облигацияларды шығару проспектісімен белгіленген міндеттемелерді эмитенттердің орындауын бақылайды;

2) шартты салымның арнайы шотында (қызмет көрсету шоты) эмитенттің қаражат жинау мониторингін жүзеге асырады;

3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға шартты салымның арнайы шотында (қызмет көрсету шоты) эмитенттің қаражат жинау бойынша міндеттемелерін орындауы туралы ақпарат береді;

4) қарыз берушінің құқығы мен мүддесін қорғауға бағытталған шараларды қолданады;

5) осы тармақтың 1)-3) тармақшаларына сәйкес өз іс-әрекеттері туралы және осындай іс-әрекеттердің нәтижелері туралы қарыз берушіге ақпарат береді;

6) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен кепілдік беру шартын жасасады;

7) қарыз алушымен облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарт жасасады;

8) облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шартты бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға береді.

855. Республикалық бюджет комиссиясы:

жоспарланған кезеңге мемлекет кепілгерлігін беру немесе лимит көлемінің ұлғаюы лимитін;

МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың тізбесін;

әрбір МЖӘ жобасы, оның ішінде концессиялық жоба үшін жоспарланған кезеңге мемлекет кепілгерлігін беру немесе лимит көлемінің ұлғаюы лимиті шегінде мемлекет кепілгерлігінің мөлшерін анықтайды.

Ескерту. 855-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

856. Мемлекеттің кепілгерлігін беру процесінде басқа мемлекеттік органдар және заңнамаға сәйкес МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды, бағалауды (сараптауды) жүргізуге өкілеттік берілген өзге ұйымдар өз құзыреті бөлігінде қатысады

Ескерту. 856-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

857. Кепілгерлік бойынша міндеттемелерді мемлекет орындаған жағдайда республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты орындау сақтандыру шарты негізінде жүргізіледі.

858. Мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен Банк арасында жасасқан тапсырма шарты негізінде Банк жүзеге асырады.

20-параграф. Қазақстан Республикасының мемлекет кепілгерлігін беру рәсімі

859. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекетті емес қарыз есебінен қаржыландыруға ұсынылатын МЖӘ жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың, тізбесін бекіткеннен кейін салалық уәкілетті орган қарыз алушымен МЖӘ шартын, оның ішінде концессия шартын жасасады.

Ескерту. 859-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

860. Салалық уәкілетті орган (жекеше әріптестің не концессионердің айқындауы бойынша конкурсты ұйымдастырушы) мемлекет кепілгерлігін алуға үміткер қарыз алушы конкурсқа ұсынған МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның ТЭН-ін, инфрақұрылымдық облигацияларды шығару проспектісінің жобасын, конкурстық немесе концессиялық өтінімінің салалық сараптамасының және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның экономикалық сараптамасының және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын ұсынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның қаржылық сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады және екі ай ішінде жекеше әріптестің не концессионердің айқындауы бойынша конкурсты ұйымдастырушыға жіберетін тиісті қорытындыны дайындайды.

Ескерту. 860-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

861. Жекеше әріптестің не концессионердің айқындауы бойынша конкурсты ұйымдастырушы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобасының қаржылық сараптамасының оң қорытындысы негізінде жоспарланған кезеңге мемлекет кепілгерлігін ұсыну лимитінің шегінде МЖӘ жобасы, оның ішінде концессиялық жоба бойынша мемлекет кепілгерлігін беру туралы ақпаратты дайындайды және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 861-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

862. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган МЖӘ жобасы, оның ішінде концессиялық жоба бойынша мемлекет кепілгерлігін беру туралы мәселені Республикалық бюджет комиссиясына шығарады. Республикалық бюджет комиссиясы жоспарлы кезеңге мемлекет кепілгерлігін ұсыну лимитінің шегінде МЖӘ жобасы, оның ішінде концессиялық жоба бойынша мемлекет кепілгерлігінің мөлшерін айқындайды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган конкурс ұйымдастырушысына жекеше әріптестің не концессионердің айқындауы бойынша Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің хаттамасынан үзінді көшірмені алған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде жібереді.

Ескерту. 862-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

863. Қарыз алушы МЖӘ жобасы, оның ішінде концессиялық жоба құрылысының құнын ұлғайту ТЭН-ін, инфрақұрылымдық облигацияларды шығару проспектісіне енгізілетін өзгерістер жобасын, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган сараптамасының және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын ұсынғаннан кейін, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган МЖӘ жобасы, оның ішінде концессиялық жоба бойынша мемлекет кепілгерлігінің мөлшерін ұлғайтуға қаржылық сараптама жүргізуді ұйымдастырады және 30 (отыз) жұмыс күні ішінде тиісті қорытынды дайындайды.

Ескерту. 863-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

864. Мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту:

1) егер мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер немесе конкурс өткізу кезінде ескерілмеген толықтырулар енгізілсе және осындай өзгеріс немесе толықтыру сомасын қосымша қаржыландыру туралы МЖӘ шарты, оның ішінде концессия шарты, тараптарының бірлескен шешімі қабылданса;

2) егер ұлғайту құрылыс жұмыстарының ұзақ мерзімділігіне және жобалау-сметалық құжаттамада ескерілмеген МЖӘ объектісінің, оның ішінде концессия объектісінің, құрылысы құнына жекеше әріптеске немесе концессионерге тәуелді емес объективті себептердің (форс-мажорлық жағдайлар, инфляция, дағдарыс, салық саясатының өзгеруі және басқалары) ықпал етуіне байланысты болса, МЖӘ жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны, қаржыландыру көлемін ұлғайту қажет болған жағдайларда, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 864-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

865. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның қаржылық сараптамасы бойынша қорытындысы мыналарды:

мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздың қаржылық шарттарын;

мемлекет кепілгерлігін алғаны туралы өтінім білдіргенге дейін үш жылдан кем емес кезең ішіндегі қарыз алушының қаржылық жай-күйін және заңды мәртебесін;

қарыз алушы берген мемлекет кепілгерлігі бойынша қамтамасыз етілуін;

қаржылық және техникалық тәуекелдерді;

мемлекет кепілгерлігін алуға үміткер тұлғаларға қойылатын Бюджет кодексінің талаптарына қарыз алушының сәйкес келуін бағалауды қамтиды.

Ескерту. 865-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

866. Мемлекеттің берілген кепілгерлігінің көлемін ұлғайтудың міндетті шарттары мыналар:

1) мемлекет кепілгерліктерінің жоспарланған кезеңге арналған жалпы лимитінің болуы;

2) МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның, экономикалық өзін-өзі өтеу параметрлерінің сақталуы (оның ішінде болжамды кассалық айырмашылықтардың болмауы, таза келтірілген құнның оң көрсеткішінің болуы, МЖӘ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның ішкі кірістілік нормасын сақтау) және МЖӘ шартында, оның ішінде концессия шартында көзделген қаржы ковенанттарын орындау (қарыз алушының кейбір қаржылық көрсеткіштерді белгілі бір деңгейде ұстау міндеттемелері) ;

3) МЖӘ объектісі, оның ішінде концессия объектісі құрылысының ұлғаю құны кемінде 20 (жиырма) пайыз құрайтын мөлшерге дейін МЖӘ объектісінің, оның ішінде концессия объектісінің құрылысына/ қайтажаңартылуына жекеше әріптес немесе концессионер салатын жеке қаражат мөлшерін тепе-тең ұлғайту;

4) сақтандыру шарты ұсынылмай мемлекет кепілгерлігі берілген жағдайларды қоспағанда, мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту сомасына мемлекет кепілгерлігі жөніндегі міндеттемелерді орындауға алынған республикалық бюджет қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шартының сомасын ұлғайту болып табылады.

Ескерту. 866-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

867. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган кезекті қаржы жылының лимиті шегінде МЖӘ жобасы, оның ішінде концессиялық жоба бойынша мемлекет кепілгерлігін ұлғайту туралы мәселені қалыптастырады және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Ескерту. 867-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

868. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының шешімін алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде бюджет комиссиясының шешімі хаттамасынан үзінді көшірмені және қаржылық сараптама қорытындысының көшірмесін салалық уәкілетті органға (мемлекеттік әріптеске не концедентке) жолдайды.

Ескерту. 868-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

869. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген барлық қажетті талаптар қанағаттандырылған кезде, бюджет заңнамасында белгіленген жағдайларды

қоспағанда, мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға алынған республикалық бюджет қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шарты ресімделген және берілген, қарыз алушы мемлекет кепілгерлігін ұсынғаны үшін біржолғы төлемді (алымды) алдын ала төлеген соң, мемлекет кепілгерлігі кепілгерлік шартын жасау арқылы беріледі.

Бұл ретте, сақтандыру шартын беру мерзімдері мен шарттары және қарыз қайтарымын қамтамасыз ету жөніндегі сақтандыру шартына қойылатын талаптар кепілгерлік шартында көзделеді.

Кепілгерлік шартының мерзімі МЖӘ шартын, оның ішінде концессия шартын, қолдану мерзімінен аспайды.

Қарыз алушы МЖӘ шартын, оның ішінде концессия шартын жасасқан сәттен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде сақтандыру шартын жасайды.

Ескерту. 869-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

870. Республикалық бюджет комиссиясының шешімі негізінде салалық уәкілетті орган (мемлекеттік әріптес немесе концедент) тиісті шешім қабылдау үшін қаулы жобасын әзірлейді және оны мүдделі мемлекеттік органдармен келіседі және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

Ескерту. 870-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

871. МЖӘ шартына, оның ішінде концессия шартына, өзгерістер мен толықтырулар жобасына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның келісімдерін алғаннан кейін және егер МЖӘ жобасы, оның ішінде концессиялық жоба табиғи монополиялар саласында реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның табиғи монополиялар салаларында және реттелуші нарықтарда іске асырылатын болса, МЖӘ шартына, оның ішінде концессия шартына қосымша келісім жасалады. МЖӘ шартына, оның ішінде концессия шартына қосымша келісім заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады.

Ескерту. 871-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

872. Мемлекет кепілгерлігінің көлемін ұлғайту Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген барлық қажетті талаптар қанағаттандырылған кезде МЖӘ шартына, оның ішінде концессия шартына қосымша келісім жасалған, мемлекет кепілгерлігін ұлғайту сомасына мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға алынған республикалық бюджет қаражатының қайтарымдылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын сақтандыру шарты ресімделген және берілген, қарыз алушы мемлекет кепілгерлігінің ұлғайған бөлігі үшін біржолғы төлемді (алымды) алдын ала төлеген соң, кепілгерлік шартына қосымша келісім шарт жасау арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 872-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

873. Облигацияларды ұстаушыларының мүдделерін білдіру туралы шарт мыналарды қамтиды:

Қарыз алушыларға қойылатын талаптарды:

а) инфрақұрылымдық облигациялар бойынша ағымдағы міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін қажетті алдағы төлемдер мөлшерінде шартты салымның (қызмет көрсету шотының) арнайы шотында ақша сомасын жинауды жүргізу;

б) МЖӘ объектісін, оның ішінде концессия объектісін, құру үшін ғана пайдаланыла алатын инфрақұрылымдық облигацияларын орналастырудан арнайы несие шотына ақша сомасын жинауды жүргізу;

в) банктік шоттардың, оның ішінде ҚР ҰБ және екінші деңгейдегі банктердегі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мен облигацияларды ұстаушының өкіліне бар-жоғы туралы мәліметтерді заңнамада белгіленген тәртіппен ұсыну;

г) облигацияларды ұстаушының өкіліне мемлекеттік емес қарыз толық өтелгенге дейін жыл сайынғы бизнес-жоспарды ұсыну;

д) қаржылық есептіліктің үлгілік нысанын (бухгалтерлік балансты, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепте) және қаржылық жай-күйін анықтайтын басқа да қажетті құжаттарды облигацияларды ұстаушының өкіліне ай сайын ұсыну.

Облигацияларды ұстаушының өкілі қарыз алушының қаржы-экономикалық жай-күйіне талдау жүргізуі және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға тиісті талдау қорытындылары туралы ақпараты ұсынуы қажет.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қарыз алушымен және облигацияларды ұстаушының өкілімен бірлесіп анықтайтын шартты салымның арнайы шотына (қызмет көрсету шоты) ақша аударудың нормасы мен кезеңділігін (кестесін) қамтиды.

Ақшаны қарыз алушы шартты салымның арнайы шотына (қызмет көрсету шоты) келісімге сәйкес тиісті соманы тұрақты аудару арқылы аударды.

Шартты салымның арнайы шотының (қызмет көрсету шотының) қаражатын жинау мен қалпына келтіру мерзімін бұзған жағдайда қарыз алушы жолсыздықтың әрбір жағдайы үшін алдағы төлемдер сомасынан мерзімі өткен әрбір күн үшін нөл бүтін оннан бір пайыз мөлшерінде айыппұл төлейді.

Ескерту. 873-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

874. Мемлекет кепілгерлігін алуға үміткер тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған талаптарға сәйкес болуы тиіс.

875. Мемлекет кепілгерлігі әрбір МЖӘ жобасы, оның ішінде концессиялық жоба бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары негізінде беріледі.

Ескерту. 875-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

876. Республикалық бюджет комиссиясының шешімі негізінде МЖӘ шартының, оның ішінде концессия шартының жобасы мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісілгеннен кейін салалық уәкілетті орган (конкурсты ұйымдастырушы) қаулы жобасын әзірлейді, мүдделі мемлекеттік органдармен келіседі және тиісті шешім қабылдау үшін оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

Ескерту. 876-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2016 № 87 бұйрығымен.

877. Кепілгерлік шарты нысанындағы мемлекет кепілгерлігі 2 данада ресімделеді.

13-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді тіркеу және олардың мониторингі және мемлекеттік міндеттемелері жоқ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша шарттарды тіркеу

Ескерту. 13-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді және мемлекеттік міндеттемелері жоқ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша шарттарды тіркеу тәртібі

Ескерту. 1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

878. МЖӘ шарттарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың концессияларын, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерді тіркеуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі жүзеге асырады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен тіркелген МЖӘ шарттарына (оның ішінде концессияларын) әлеуеттік өнім берушіні таңдауға негіз болып табылған сапасы мен басқа да талаптары өзгермеген жағдайда, қосымша келісімдер мынадай өзгерістер:

МЖӘ шарттарының атауы (оның ішінде төлем кестесі өзгергенде), саны немесе шарт қатысушыларының ауысуы, соммасы мен іске асырылу мерзімі;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен және жасалған шарттың талптарымен қарастырылған жағдайлары мен тәртібінде шарттың бұзылуы болғанда тіркеледі.

Тиісті бюджет комиссиясының қарауынсыз МЖӘ шарттарымен белгіленген мемлекеттік міндеттемелердің мөлшерінің өзгертіліне жол берілмейді.

МЖӘ шарты тараптарының келісімі бойынша оның мерзімі 2015 жылы 31 қазанда "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2)-тармақшасымен бекітілген мерзім шегінде ұзартылуы мүмкін.

МЖӘ шартының мерзімі мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамаға сәйкес МЖӘ шартында белгіленген тәртіппен сот шешімінің негізінде ұзартылуы мүмкін.

МЖӘ шарты тараптарының келісімі бойынша МЖӘ шарты өзгертілуі және бұзылуы мүмкін.

Мемлекеттік әріптестің немесе жеке әріптестің талап етуі бойынша МЖӘ шарты сот шешімімен бұзылуы мүмкін.

МЖӘ, оның ішінде концессия шарты тіркеу туралы куәлік болған жағдайда жарамды.

Бұл ретте, МЖӘ шарты, оның ішінде концессиялық, бекітілген болжамдалып отырған төлемдер МЖӘ жобасын іске асырудың орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді кезеңі (МЖӘ жобасының ерекшеліктеріне қарай үш жылдан отыз жылға дейін) белгілерінен қарастырылады.

МЖӘ жобасы мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының тараптары өздеріне алған барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін аяқталды деп есептеледі.

Концессия шарттары концедент және концессионермен шарт шеңберінде алынған міндеттемелерді толық орындаған және мерзімі өткен кезде өзінің күшін жояды.

Ескерту. 878-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.03.2020 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

879. МЖӘ шарттары/қосымша келісімдер, оның ішінде концессиялар тиісті бюджет комиссиясының шешіміне, сондай-ақ ерекше маңызы бар жобалар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, МЖӘ әрбір жеке жобасы бойынша мәслихат шешіміне, оның ішінде концессиялық жобаға сәйкес шартпен белгіленген сомалар мен мерзімдер шегінде тіркеуге жатады.

Ескерту. 879-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

880. МЖӘ шарттарын/қосымша келісімдерді, оның ішінде концессия шарттарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне тіркеуге ұсынуды орталық мемлекеттік органдар – мемлекеттік әріптестер және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар оларды "е-Қаржымині" ИААЖ жасағаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырады.

Бұл ретте, МЖӘ шарттары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің бекітілген лимиттері, "е-Қаржымині" ИААЖ-ға мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган енгізеді.

Ескерту. 880-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

881. МЖӘ жобалары шарттары/қосымша келісімдер, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқару органдардың концессияларын тіркеу орталық уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне "е-Қаржымині" ИААЖ арқылы берілетін тіркеу өтінімі негізінде жүзеге асырылады.

МЖӘ шарттарын/қосымша келісімдерді, оның ішінде концессияларды тіркеу осы Ережеге 137-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Ескерту. 881-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

882. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

883. Қазақстан Республикасы Үкіметінің МЖӘ шарттарын/қосымша келісімдерді, оның ішінде концессиялық шарттарын тіркеу үшін орталық мемлекеттік органдар әрбір МЖӘ, оның ішінде концессиялық шарт бойынша:

осы Ережеге 137-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеуге арналған өтінімді;
МЖӘ/қосымша келісім, оның ішінде концессия шартын;
республикалық бюджет комиссиясының шешімін;
мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын (ерекше маңызы бар МЖӘ жобалары бойынша) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға "е-Қаржымині" ИААЖ арқылы ұсынады.

Ескерту. 883-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

884. Жергілікті атқарушы органдардың МЖӘ, оның ішінде концессиялық шарттарды/қосымша келісімдерді тіркеу үшін бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар әрбір МЖӘ, оның ішінде концессиялық шарты бойынша:

осы Ережеге 137-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеуге арналған өтінімді;
МЖӘ/қосымша келісім, оның ішінде концессия шартын;
тиісті бюджет комиссиясының шешімін;
облыс мәслихаты, республикалық маңызы бар қала және астана шешімін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне "е-Қаржымині" ИААЖ арқылы ұсынады.

Ескерту. 884-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

885. МЖӘ, оның ішінде концессиялық шарттарын/қосымша келісімді тіркеуді растау (шарттарды бұзу жағдайларын қоспағанда) осы Ережеге 139-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу туралы куәлік болып табылады.

Ескерту. 885-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

886. Бюджетті атқару бойынша орталық уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері тіркеуді бес жұмыс күн ішінде өтінімдер мен растау құжаттарын қарастыру, келісу жолымен кейінен тіркеу туралы куәлікті әзірлеумен (шарттарды бұзу жағдайларын қоспағанда) жүзеге асырады.

Ескерту. 886-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

887. Куәлік осы Ережеге 139-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада жасалады.

Куәліктің бір данасы бюджетті атқару бойынша орталық уәкілетті органда немесе оның аумақтық бөлімшесінде қалады, басқа данасы мемлекеттік әріптеске (концедентке) немесе тиісінше бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынылады.

Ескерту. 887-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 269 бұйрығымен.

888. 139-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлік бюджетті атқару бойынша орталық уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесімен қол қойылады, жауапты орындаушының құжатты өндеу күнін көрсете отырып қойылған қолымен ресімделеді.

Ескерту. 888-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

888-1. МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелері жоқ МЖӘ шарттарын тіркеуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі жүзеге асырады.

МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелері жоқ МЖӘ шартын тіркеу тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның (республикалық жобалар бойынша) немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның (жергілікті жобалар бойынша) МЖӘ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелері жоқ екені туралы растау хатын ұсынған жағдайда тиісті бюджет комиссиясының шешімінсіз жүзеге асырылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен тіркелген мемлекеттік міндеттемелері жоқ МЖӘ шарттарына әлеуеттік өнім берушіні таңдауға негіз болып табылған сапасы мен басқа да талаптары өзгермеген жағдайда, қосымша келісімдер мынадай өзгерістер:

мемлекеттік міндеттемелері жоқ МЖӘ шарттарының атауы, саны немесе шарт қатысушыларының ауысуы, соммасы мен іске асырылу мерзімі;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен және жасалған шарттың талптарымен қарастырылған жағдайлары мен тәртібінде шарттың бұзылуы болғанда тіркеледі.

Мемлекеттік міндеттемелері жоқ МЖӘ шарттары бойынша мемлекет ешқандай қаржылық міндеттемелер қабылдамайды.

Ескерту. Ереже 888-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 14.03.2019 № 226 бұйрығымен.

